



«МӘДЕНИ МҰРА»
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
КІТАП СЕРИЯЛАРЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҮНҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ
НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ
БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

АСТАНА
2005

«МӘДЕНИ МҰРА»

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ

КІТАП СЕРИЯЛАРЫ

БАС РЕДАКЦИЯСЫНЫҢ АЛҚАСЫ

Тасмағамбетов И.Н., *бас редактор*

Тәжин М.М., *бас редактордың орынбасары*

Тәуекел С.Т., *жауапты хатшы*

Әбділдин Ж.М.

Әуезов М.М.

Байпақов Қ.М.

Зиманов С.З.

Кәлетаев Д.А.

Кекілбаев Ә.

Кенжеғозин М.Б.

Қасқабасов С.А.

Қойгелдиев М.Қ.

Қосыбаев Е.М.

Құл-Мұхаммед М.А.

Мағауин М.М.

Мәмбеев С.А.

Нұрпейісов Ә.К.

Нысанбаев Ә.Н.

Рахмадиев Е.Р.

Сұлтанов Қ.С.

Сүлейменов О.О.

Хұсайынов Қ.Ш.

БАБАЛАР СӨЗІ

ЖҮЗ ТОМДЫК

Діни дастандар



ББК 82.3 (2 Қаз)

Б12

**«Мәдени Мұра» Мемлекеттік бағдарламасының
Фольклортану, әдебиеттану және өнертану секциясының мүшелері:**

Қасқабасов С. (*төраға*), Қорабай С. (*төрағаның орынбасары*),
Жұмасейітова Г. (*жауапты хатшы*), Өзібаева Б., Егеубаев А.,
Күзембаева С., Қирабаев С., Мамыраев Б.

Томды басуға М.О.Өуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
Ғылыми кеңесі ұсынған

Томның редакция алқасы:

Өзібаева Б. (*жауапты редактор*), Қасқабасов С.,
Қирабаев С., Қорабай С., Ақан А.

Томды құрастырып, ғылыми қосымшаларын дайындағандар:

Өзібаева Б., филология ғылымдарының докторы,
Өбжет Б., Жұмәділова М., филология ғылымдарының кандидаттары,
Ақан А. (*жауапты шығарушы*)

Б12 Бабалар сөзі: Жүз томдық.—Астана: «Фолиант», 2005.
Т. 16: Діни дастандар.—2005.—328 бет, суретті.

ISBN 9965-35-020-5

«Бабалар сөзі» сериясының он алтыншы томына «Қисса Сейітбаттал», «Қисса Гүлжәмила қыздың хикаясы», «Диуана шейх Бұрқы», «Қисса хазірет Әли разы Алла анһудың шаһ Барбарға құл болып сатылғаны туралы», «Хазірет Әлидің Жанәділ шаһарында төбелескені», «Қисса Сәдуақас», «Қисса Зейнеп пен Зайдтың уақиғасы», «Қисса Мәлікаждар» және т.б. діни дастандар енді.

Б 4702250105
00(05)—04

ББК 82.3 (2 Қаз)

ISBN 9965-35-020-5 (т. 16)
ISBN 9965-619-60-3

© Әдебиет және өнер институты, 2005
© «Фолиант» баспасы, көркемдеу, 2005

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАРДАН

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты «Бабалар сөзі» атты көп томдық басылымды дайындап, жариялау жұмысын жалғастыруда.

«Бабалар сөзі» сериясының томдары жанр бойынша топтастырылады. Серияның алғашқы тоғыз томы хикаялық дастандарды қамтыды. Оныншы томнан бастап діни дастандар жарияланып келеді. Он алтыншы том діни дастандар тізбегінің соңғысы. Демек, бұлар жеті томды құрайды. Бірақ бұл томдарда жарияланған шығармалармен діни дастандар түгел қамтылды деуге болмайды. Біздің пайымдауымызша, кейінірек осы іспеттес шығармаларды қамтитын тағы бір-екі том дайындалып, баспаға ұсынылады.

Он алтыншы томға ірілі-ұсақты он жеті дастан еніп отыр. Олар: «Қисса Сейітбаттал», «Қисса Наушаруан», «Жүһүдтің баласы пайғамбарға ғашық болғаны», «Қисса Көдек баланың хикаяты», «Қисса Гүлжәмила қыздың хикаясы», «Диуана шейх Бұрқы», «Қожа Баһауидин хазіретінің қиссасы», «Қисса хазірет Әлидің Сараңбайды жолға салғаны», «Қисса хазірет Әли разы Алла анһудың шаһ Барбарға құл болып сатылғаны», «Хазірет Әлидің Жанәділ шаһарында төбелескені», «Қисса хазіреті Оспан разы Алла анһудың қонаққа шақырғаны», «Қисса Сәдуақас», «Қисса Тамимдер», «Қисса Үхүд», «Қисса Бәдір», «Қисса Зейнеп пен Заидтың уақиғасы» «Қисса Мәлікаждар».

Бұл шығармалардың тақырыптары мен сюжеттері сан алуан. Біреулері өмірде нақты болған тарихи оқиғаларды баяндаса, енді біреулері ел арасында тараған діни аңыз, әңгімелерге негізделген, ал тағы біреулерінде көне мифтік, ертегілік мотивтер мен хикаялық сюжеттер кеңінен пайдаланылған.

Мысалы, «Қисса Үхүд», «Қисса Бәдір» дастандарында хижраның 3-5-жылдары аралығында ислам тарихында елеулі орын алған оқиғалар баяндалады. Жырлаушылар тарихта болған жайттарды сол қалпында сипаттап өткендігін көреміз. «Қисса Сейітбаттал» көне «қаһармандық үйлену» сюжетіне, ал «Наушаруан» дастаны ана еркі дәуірінде пайда болған «күйеу таңдау» сюжетіне негізделген. Томға енген бірнеше шығармаларда есімдері тарихтан белгілі сопылардың өнегелі, үлгілі іс-әрекеттері дәріптеледі. Мысалы, «Диуана шейх Бұрқы» дастанының кейіпкері Бұрқы бүкіл адамзаттың қамын жеген таза ниетті адам. «Қисса Көдек баланың хикаяты» мен «Жүһүдтің баласы пайғамбарға ғашық болғаны» атты дастандарда «Пайғамбар туралы дерек Тауратта берілген» деген аңыз көркем баяндалған. Ал «Қисса Тамимдер», «Қисса Сәдуақас», «Қисса хазірет Әли разы Алла анһудың шаһ Барбарға құл болып сатылғаны», «Хазірет Әлидің Жанәділ шаһарында төбелескені», «Мәлікаждар» атты шығармалар әділетті халифалардың бірі, пайғамбардың күйеу баласы хазірет Әлиге арналған. Мұнда Әли тек батыр, алып күш иесі, ислам дінін таратушы, орнықтырушы ретінде ғана емес, ол балаларын жан-тәнімен сүйетін адал әке, жарлыларға қамқоршы ретінде бейнеленеді. Аталған дастандарда көптеген ертегілік мотивтер шебер пайдаланылған.

Бұл том басқалары секілді қосымшалармен қамтылды. Қосымшаларда ең алдымен, томға енген нұсқалардың түсініктемелері және олардың варианттары жөнінде мәлімет берілді. Сондай-ақ бұған сөздік, жер-су атаулары, мәтіндерде кездесетін тарихи тұлғалар мен діни есімдерге арналған түсініктер кірді. Ең соңында дастанның жинаушылары мен оның жырлаушылары туралы деректер және ағылшын, орыс тілдеріндегі резюме жазылып, пайдаланылған әдебиеттердің тізімі көрсетілді.

XIX ғасырдың аяғы, XX ғасырдың басында араб әрпінде жарық көрген кітаптардан еш өзгертусіз дайындалып, томға ұсынылып отырған бұл мәтіндер Қазан төңкерісінен кейін тұңғыш рет жарық көріп отыр.

Томның көлемі—20,5 б.т.



МƏТИНДЕР



قصة سيد بطال

Қисса Сейітбаттал

Өлеңде бисмилла етпек бұйрық жоқ,
Азырақ өлең айтсам, көңілім тоқ.
Намаз бенен рузаны күтсең керек,
Бір күні алдап тұрар, бұ дүния боқ.

Әуелі жад етелім Төңірім атын,
Мен өлсем де, өлмей-дүр жазған хатым.
Қырық беске келе-дүр менім жасым,
Тобольский губерния—асыл затым.

- Ялутар оязының туған жерім,
10 Синпольский болыс-дүр тұрған жерім.
Қазақта он екі жыл бала оқытып,
Семиполат, Омскі—жүрген жерім.

Жұмашық ұғлы Мәулекей болар атым,
Бұ қиссаны қазақтан көріп алдым.
Қазанға печат баспа үміт еттім,
Заказной почтальон айдап салдым.

- Кейбір адам сөйлейді жалған сөзді,
Мен де айтамын көңліме алған сөзді.
Тыңласаңыз, жамағат, мен сөйлейін,
20 Сейітбаттал батырдан қалған сөзді.

Мұстафа пайғамбарға кітап енді,
Сахабалар баршасы оқып білді.
Жоқ-барды көп сөйлеп не қылайын,
Сейітбаттал қиссасы енді келді.

Сейітбаттал Миланаға барған жері,
Диюға қылышын салған жері.
Түркістаннан ақ пілді алып келіп,
Әмір Омар қызын алған жері.

30 Әбул Мұтхаф шаһының риуаяты,
Көп қылды Сейітбаттал ғиззаттары.
Үш ұғлы бар еді ол Сейіттің—
Ғажап, көркем, құб еді суреттері.

Бірінің аты—Бөшір, бірі—Әли,
Бірінің аты Нәзір дедім, бөлі.
Әмма Әли бек көркем жігіт екен,
Ұстазға берді ғылым үйреткелі.

Балаларын молдаға елтіп берді,
Бір күнде балалары қайтып келді.
—Әй, ата, жұмалық берші бізге,
40 Молдамызға бергелі керек,—деді.

Оңға, солға қарады Баттал ғазы,
Қандай Баттал палуан, ғаяр, ғазы.
Іздеп-іздеп таппады нешбір нәрсе,
Оны беріп, ұстазын қылса разы.

Таба алмай үйдің ішін ақтарады,
Шапан менен сәлдесін шығарады.
Үстіндегі шапанын шешіп алып,
Әли, Нәзір молдаға апарады.

Шапан менен сәлдесін берді дейді,
50 Балалар молдасына келді дейді.
Қуанысып екеуі алып барып,
Келтіріп, молдасына берді дейді.

Қатыны—Гүлөндам Тарион қызы,
Ақылы кәміл, бойы зипа, гүлдей жүзі.
Көңліне келіп малының жоқтығына,
Айтады Батталға арыз сөзі.

- Әй, Баттал, дүниеде жоқ сендей адам,
Бұл істің лайығы жоқ енді саған.
Шапан менен сәлдеңді шешіп бердің,
60 Бар ма екен бізден пақыр, айтшы маған?

Бұ дүниеде өлім бар, тіріклік бар,
Боламын бұ ниетке мен енді зар.
Үш нәрсе жимадың дүние-малдан,
Өзіңнен соң балаларға нең қалар?

Сейіт айтты:—Әй, никарым, есіт менен,
Айтайын хикаятты Расулымнан.
Келер екен көп алтын Пайғамбарға,
Көп алымдар алар екен көпірлерден.

- Бәрін де пақырларға үлестірген,
70 Қайда пақыр бар болса, бәрі келген.
Пайғамбарым дүниеде мал жимаған,
Енді бізге мал жимақ харам екен.

Ол Хамза Расулдың ағасы еді,
Хазірет Әли һәм күйеу баласы еді.
Олар да жимаған дүние-малын,
Бұ дүние бәрімізден қаласы еді.

- Ұрыста қолдарына көп мал түскен,
Малын алып, көпірдің басын кескен.
Нәпсіге олар көңіл бермегендер,
80 Алланың ризасына жаннан кешкен.

Әй, Гүлөндам, айтайын есіт менен,
Мен дағы олардың нәсілінен.
Не қылсам да, Құдай үшін мен қылармын,
Қолыма мал жимақ келмес менен.

Қатыны айтты:—Асылың әмір Омар
Не үшін дүниелік көп мал жияр.
Мұнша қазына, бұйымы толып жатыр,
Һәр күнде түрлі-түрлі киім киер.

- Сейіт айтты:—Әй, қатын, сөзім болар,
90 Сұрасам әмір Омар қызын берер.
Қатын айтты Гүлөндам:—Бір пұлың жоқ,
Падиша қызын саған қашан берер.

Аты-дүр Малатия—үшбу шаһар,
Шаһардың падишаһы—әмір Омар.
Баттал еді—шаһарда ләшкер басы,
Һәммасына бар еді көп ғазылар.

- Фатима—әмір Омар шаһтың қызы,
Туған айдай болады оның жүзі.
«Нәсіп болса сол қызын алармын» деп,
100 Сейіт айтты қатынға үшбу сөзді.

Сейіт айтты:—Ол қызды мен тілермін,
Осы малсыз үйіме әпкелермін.
Гүлөндам айтады:—Барып көрші,
Берсе жақсы, мен дағы хош көрермін.

Сейіт енді орнынан түрегелді,
Әмір Омар үйіне жүре берді.
Қол қусырып құрметлеп, сәлем беріп,
Әмір Омар қасына кіріп келді.

- Сейіт айтты:—Падиша әмір Омар,
110 Мен келдім, саған айтар бір сөзім бар.
Естідім дүние-малдан көп жиыпсың,
Аһ! Алла малға мейіл қылмағанлар.

—Не болар, көп болса менім малым,
Бір қызым бар үйімде, менім жаным.
Жақсы күйеу табылса, мен берермін
Қызымменен ұзатып жүмлө малым.

- Әй, Баттал, күйеу тап, мен көрейін,
Егер білсең хабарын келтіресің.
Бұ қызыма лайықтап күйеу тапсаң,
120 Тамаша етіп, жақсы той мен қылайын.

—Жақсы күйеу керек болса, мен табайын,
Іздеп тауып, мен саған білдірейін.
Әмір Омар айтады:—Жақсы болар,
Жарардай жақсы тапсаң, құп көрермін.

—Сейітбаттал сәруар, ғазы мен емес пе?!
Шаһымыз әмір Омар сен емес пе?!
Ол қызың маған берсең нешік болар?!
Ол қызыңа мен өзім тең емес пе?!

130 —Қатының—Тарион қызы бар үйіңде!
—Не болар жалғыз қатын мендей ерге?!
Сен маған екі қатын көп көресің,
Тоғыз қатын бар екен Пайғамбарда.

—Үншқайда қыз бермеслер бір тіл бірлән,
Мен кеңес қылайын жұртым бірлән.
Әй, Баттал, осы жерде тұра тұршы,
Барып кеңес қылайын қатын бірлән.

Сейітбаттал сөзіні тамам қылды,
Әмір Омар тез барып, үйге кірді.
Қатынға мәлім қылды үшбу сөзді,
140 Естіген соң қатыны фариад қылды.

—Аһ, дариға, ол қызды нешік қарар,
Үйінде тұрмас өзі, ел қыдырар.
Өзі жарлы, малы да жоқ, пұлы да жоқ,
Һәр жерде, жүрген жерде қатын алар.

Фатима қыз есітіп мұны білді,
Анасының қасына жетіп келді:
—Батталдай ер жаһанда теңі болмас,
Мені соған берің,—деп жауап берді.

150 Әй, ана, жаман сөзің неге керек,
Баттал-ғазы, ғаяр-дүр, өзі зерек.
Өзі ғалым мұнаууар, өзі көркем,
Һәрбір буын сайын оған қатын керек.

Естіген соң анасы ашуланды,
Қол көтеріп, қызының жүзін ұрды,
«Араңызда бір сұмдық бар екен» деп,
Қызының аузы-мұрны қанға толды.

Қатынға сөз айтады әмір Омар:
—Қызым дағы Батталды жақсы көрер.
Палуанды қайтармақ жақсы болмас,
160 Ойласам, берсек бізге жақсы болар.

Қатын айтты:—Тез енді Батталға бар,
Көп сұрағыл қалыңға һәр түрлі мал.
Малы жоқ, көп сұрасаң малдан қашар,
Біз дағы құтылармыз, тілімді ал.

—Әй, қатын, олай болса мен барайын,
Қалың малға не шақлы мал сұрайын?
Таба алмастай мал сұрап амалменен
Батталдың бұ сөзінен құтылайын.

Қатын айтты:—Түркістан шаһарында
170 Бір ақ піл бар екен, білдім анда.
Қызыл-алтын үстінде күннен жалтыр,
Алтын таға құйылған аяғында.

Ол ақ пілді келтірсін, барсын дағы,
Жүз ақ түйе, жүз қызыл түйе дағы.
Жүз ат болсын рұми, өңкей қара,
Үстіне салып келсін бар жарағы.

Жүз бөдәуи һәм жүзі һинди болсын,
Һәр қайсысы зинат бірлән ерленсін.
Алтынды ер-тоқым ерлетіп,
180 Үстіне жүз көркем қыздар мінсін.

Жарымына жүз бала тағы мінсін,
Аттанып қыздар бірлө бірге келсін.
Мұны есітсе Батталың таңға қалар,
Мұндай қылып сұрарды қайдан білсін.

Сен енді кешікпей-ақ Батталға бар,
Мұны естіп, Батталың таңға қалар.
Іздеп таппас жер жүзін қыдырса да,
Андан соң жанымыз тыныш қалар.

Әмір Омар орнынан түрегелді,
190 Сейітті көрейін деп жүре берді.
... * менен аттарын бәрін дағы
Сейітбаттал ғазыдан талап қылды.

—Жақсы сөз, раст айттың, мен кетейін,
Осы айтқан сөзіме мен жетейін.
Бұ аттарды пілменен, қыздарменен,
Іздеп тауып бәрін де келтірейін.

«Бір жылда келермін» деп уағда берді,
Амандасып үйіне қайтып келді.
Әмір Омар шаһтың айтқан сөзін,
200 Бәрін де қатынға мәлім қылды.

Қатын айтты:—Мен саған айтпадым ба,
Ол қызын саған бермес демедім бе.
«Қызын берер маған» деп кетіп едің,
Уа, мақтаншақ, сертіңе жетпедің бе?

Мұны естіп келділер жаранлары,
Мәлүл болып жиылды анлар бөрі.
«Сейітіміз, бұл іске қам жемеңіз» [деп],
Насихатты қылдылар баршалары.

Баршалары айттылар:—Иә, палуан,
210 Ол нәрселер табылар қашан саған?
Бізді тастап кетерсіз, панаһымыз,
Сен кеткен соң бізлерге—ақырзаман.

Сейіт айтты:—Уағдамыз болып қалған,
Айтқан сөзден айрылмас ер атанған.

* Түпнұсқада жыртылып қалған.

Мен бұ малдың бәрін де мойныма алдым,
Ер болар ма, уағдасы болса жалған.

Қош қалыңыз енді сіз, жаранларым,
Мен енді hindустанға сапар барам.
Хақ Тағала жазғанын мен көрермін,
220 Дұғада болыңызлар, жаранларым.

Жаранлар баршалары зар қылдылар,
Түн ортасы болғанша отырдылар.
Қасына шақырды балаларын,
Қатыны Гүлөндамды келтірділер.

Гүлөндамменен екеуі амандасты,
Балаларын құшақтап, көп жыласты.
Жаранлар баршасыменен амандасып,
Түн ортасы болғанда жолға түсті.

Тәуекел деп Құдайға, жолға түсті,
230 Аң аулап, таулардан өте кешті.
Отыз үш күн тоқтамай жүріп еді,
Бір теңіздің жанына келіп түсті.

Теңіздің жанында ағаш бар-ды,
Ағаштардың алдына келіп қонды.
Хош сахара, жасыл шөп, құстар сайрар,
Отын жағып, пісіріп тамақ қылды.

Ауқатын пісіріп, тамақ қылды,
Таһарат алып, сол жерде намаз қылды.
Мінәжат қылды жүзін көкке тұтып,
240 «Жәрдем қыл» деп, Құдайға зарлық қылды.

—Иләһим, құдіретіңнен қуат бергіл,
Тілеген тілектерім қабыл қылғыл.
Жүзіне қолын тұтып, зары қылды:
—Әй, Құдая, жәрдемің қыла көргіл.

Зарлық қылды Құдайға ол палуан,
Ұйқысы келіп жатыпты біраз заман.
Ұйықтаймын деп сол жерде жатып еді,
Құлағына дауыс кірді ат кісінеген.

Сескеніп, орнынан тұра келді,
250 «Кім екен?» деп жан-жаққа қарай берді.
Көрсө Хызыр пайғамбар келген екен,
Қарсы келіп Сейітке сәлем берді.

Хызыр келген екенін Сейіт білді,
— Уа аләйкумассалам, — деп сәлем алды.
Хызырдың аяғына келіп түсті,
Қолын өбіп, Хызырға қызмет қылды.

Хызыр айтты: — Білдің бе мені танып,
Айдалада жатырсың мұнда нағып?
Шапшаң бол, атыңа мін, қамшыңды ал!
260 Көзіңді жұм, кетемін сені алып!

Сейітбаттал орнынан тұрды дейді,
Шапшаң келіп атына мінді дейді.
Атына мініп алып, қамшы ұрып,
«Жұм» деген соң көзін жұмды дейді.

Қайтадан тағы да ашты көзін,
Теңіздің ар жағында көрді өзін.
Бір сахара һеш адам жүрген емес,
Шүкір қылып, сәждеге ұрды жүзін.

Бір сахараға келіп түсті ол палуан,
270 Сахараның оттары хош зағыпыран.
Қалампыр, санжаби бәрі сонда,
Һәмма бәрін көрді де, болды қайран.

Баттал ғазы қарайды жоғары-төмен,
Хызырды көре алмайды, қалды қайран.
Ғайыптан әуез келді құлағына:
«Іздеп келген жерің-дүр бұ һиндустан».

Аллаға тәуекелді қылады енді,
«Көп істерді қыларсың мұнда» дейді.
Сейіт енді бұ сөзді естіген соң,
280 «Тәуекел» деп атына мінеді енді.

Аң аулап екі күн кетті дейді,
Бара-бара бір сахараға жетті дейді.
Көрінді бір шарбақ айдалада,
Жүре-жүре ол шарбаққа жетті дейді.

Ол шарбақтың ішіне кірді дейді,
Тамы биік бақты көрді дейді.
Ортасында тағы да бір сарай бар,
Сол сарайдың жанына келді дейді.

Есігін найза бірлән ашты дейді,
290 Ол бақтың ішіне кірді дейді.
Ғеш жанның өзі де жоқ, ізі де жоқ,
Айналып жан-жағына жүрді дейді.

Жемісті көрді, түсті ашқарақтан,
Жемістерді жеді һәрбірінен.
Атыны байлап қойып шарбағына,
Сарай таба келеді ол жерінен.

Дүнияда не көрінбес әзиз жанға,
Сарайдың басқышынан шықты тамға.
Ғешбір жан жоқ, хабарын сұрар еді,
300 Ғеш адам жоқ ішінде, қалды таңға.

Басқыш бірлән сарайға мінеді енді,
Сарайда ғеш адам жоқ, кірді, көрді.
«Бұ неткен жәй жатқан сарай екен»,
Қайтадан басқыштан төмен енді.

Қойған жерде атын көре алмады,
Қайда кеткен екенін біле алмады.
Тысқа шығып, жолменен іздеп келді,
Ақшамғаша іздеді, таба алмады.

- Келүр еді жолменен шам уақытында,
310 Үлкен шаһар көрінді тап алдында.
Бір тамның үстінде намаз оқып,
Құдайға дұға қылып, жатты сонда.

Ұйықтады, таң атқан соң түрегелді,
Таң намазын тағы да сонда қылды.
Қараса бір жақтан кісі келер,
«Бұ қандай шаһар?» деп хабар сұрды.

- Сұрасаң шаһар аты—Тантания,
Шаһар атын білмесең, келдің неге?
Сейіт енді орнынан түрегелді,
320 Жетіп келді шаһардың қапуына.

Сейіт көрді жиылған көп адамлар,
«Мехрасып—падишаның аты» дерлер.
Падишаның қасында уәзірлері,
Баршасы кеңеске жиылғандар.

Сол жерде Сейітбаттал тұрып еді,
Төрт құлменен падиша жетіп келді.
Көрсө қақпа түбінде бір адам тұр,
Жүзін, бойын Батталдың көркем көрді.

- Таң қалды Батталдың тал бойына,
330 Көркемдігі бар еді падишаға.
Бір құлын қасына шақырып айтты:
—Сол кісіні алып бар біздің үйге.

Апарғыл біздің үйге ізет қылып,
Біз келгенше сақтай-дүр қызмет қылып.
Мехрасып жөнелді «Келемін» деп,
Батталға сөз айтты ол құл барып.

- Батталға құл айтты:—Әй, кари адам,
Падишаһым жіберді мені саған.
Мехрасып өз үйіне шақырады,
340 Апарам деп мен келдім сені соған.

Сейіт айтты:—Сөзім бар менім сенде,
Мехрасып падишаңыз қайсы дінде?
—Падишаны сұрасаң пұт параст-дүр,
Қызыл-алтын пұттары бар алдында.

Пұтының үлкендігі қырық батпан,
Інжуден көзлеріне гауһар таққан.
Ғеш патшаның мұндайын төңірісі жоқ,
Біздің патша сондайын Құдай тапқан.

Сейіт айтты:—Бұ сөзің қатты жаман,
350 Пұтты құдай деп айттың, ғапыл надан.
Адам қылған пұт қашан құдай болсын,
Бұ сөзіңді есіттірме енді маған.

Әй, ақымақ, ақылсыз, бермен қара,
Ол пұтты құдай дейсің, жүзің қара.
Сол пұтты балтаменен біреу ұрса,
Сынып кетер ол, болар екі пара.

Әй, ақымақ, айтайын, сөзімді есіт,
Ақылменен бұ сөзге құлағың тұт.
Біреу ұрып, сындырса балтаменен,
360 Құдайлыққа не жарар, ол шірік пұт.

Құдай ол-дүр, тыңдашы, болмас оның,
Ғеш жан бірлән кеңесі болмас оның.
Жер мен көкті, ай мен күнді ол жаратқан,
Сипатын тілмен айтып болмас оның.

Кәпір-дүр падишаң, мен көрмеймін,
Кәпірдің қапуына мен бармаймын.
Падишаның пұттарын адам қылған,
Ол пұттардың қасына мен бармаймын.

Ашуланып, жаман құл боқтап салды,
370 Мұны естіп Сейіт һәм ашуланды.
Сейітбаттал орнынан тұрды дағы,
Құлдың екі құлағын үзіп алды.

—Неге сен боқтадың мені бұлай,
Адам жонған тақтаны дедің құдай.
«Алып бар» деп құлақтарын құлға берді:
—Құдай болса түзетсін бұрынғыдай.

Құл бұ халді көрді де, фариад қылды,
Құлды көріп, жамағат көп жиылды,
—Неге үздің бұ құлдың құлағын?—деп,
380 Халайық жан-жағынан ғауға салды.

Сейіттің ашуы енді келді,
Қолыменен он сегіз кісі өлтірді.
Құлағын қолына алып құл жөнелді,
Падишаға хабарды тез келтірді.

Құл жүріп, падишаға жетіп келді,
Келді де уақиғаны мәлім қылды.
Құлақсыз құлын көргеннен соң,
Сейітбаттал қасына шапшаң келді.

Сейіт сонда кісілерді ұрар ерді,
390 Бір қолменен бәрін де қырар ерді.
Көп адамлар өлтірді ол күн Сейіт,
Бір ұрғанда, он кісі өлер ерді.

Мехрасып сол арада келіп көрген,
Сейітті көрген жерде қайран қалған.
Қайсысының аяқ-қолы сынып жатыр,
Көп кісі сол арада өліп қалған.

«Оқ атың!» деп бұйырды Мехрасып:
—Неге бұлай тұрасыз жәй қарасып.
Оқпенен өлтірмесе, сірә, болмас,
400 Өлтірді ғой бәріңді басып-басып.

Кәпірлер баршасы оқтар атты,
Сейіттің денесіне келіп батты.
Барша жері Сейіттің жара болды,
Қандары кеудесінен судай ақты.

Не амал бар, әл-қуат кеткеннен соң,
Қашпақ болды қараңғы болғаннан соң.
Кеш болғаннан соң ләшкерден Сейіт шықты,
Тұла бойы қызыл қан болғаннан соң.

Сейіт кетті, көпірлер білмей қалды,
410 Жүріп барып бір дәреге жақын барды.
Тамам төні ауырып, науқас болды,
Жалғыз тамның түбінде жатып қалды.

Қарайды шаһар халқы іздеп аттан,
Шам жанып, іздеділер шындан-шындан.
Қанша іздеді болмады, таба алмады,
Меһрасып падиша болды қайран.

Падиша ордасына жүрді дейді,
Бір уәзірі бар ерді, көрді дейді.
Падиша ордасына кіргеннен соң,
420 Уәзір келіп, қасына кірді дейді.

Падиша уәзірі Банһам атты,
Ол келіп Меһрасыпқа сөзін айтты.
— Иә, падиша, бұ қандай адам екен?
Дүниеде көре алмадым мұндай затты.

Білмеймін бұ кісі дию ма екен,
Болмаса дию түгіл пері ме екен?
Адамзаттан мұндай жан көргенім жоқ,
Адам болып танытпай жүре ме екен?

— Көре алмадым мұндай жан тіпті, — дейді,
430 Һәй бұл адам қай жерге кетті, — дейді.
«Көрсем, білсем, танысам мен оны» деп,
Қайтып келіп үйіне жатты дейді.

Уәзір сол кеш үйінде жатыр ерді,
Расул хазіретті түсте көрді [дейді].
Пайғамбардың алдына жақын барып,
Мұсылман болып, иман арыз қылды дейді.

Түсінде уәзірге айтты Расулымыз:
—Сіз менім әуладыммен ұрыстыңыз.
Жігер-күшім Сейітбаттал ол күн келген,
440 Сізлер оның үстіне оқ аттыңыз.

Тамда жатыр ол ауырып, тез барыңыз,
Оның халін, хабарын тез біліңіз.
Ұғлың менен екеуің бірге барып,
Іздеп оны шаһарға келтіріңіз.

Орныңыздан тұрған соң, жылдам барың,
Дәру қылып, байлаңыз жараларын.
Таңда махшар күнінде шапағатымнан
Мақрұм қалмағайсыз, балаларым.

Оянып тұра келді уәзір Банһам,
450 Қараса үйдің іші нұрға толған.
Таң қалып үй ішінде отыр еді,
Баласы келіп кірді қапусынан.

—Әй, әке, бұ кеш бір түс көрдім,
Түсімде Пайғамбардың жүзін көрдім.
Ұрыс қылған Пайғамбардың баласы екен,
Пайғамбар хабар берді, айта келдім.

Бұ да көрген әкесінің көрген түсін,
Бәрін көрген әкесінің көрген ісін.
Әкесіне айтқан сөзді бұған да айтқан,
460 Келіпті әкесіне айтпақ үшін.

Уәзір дахи түсіні баян қылды,
Көргенін баласына аян қылды.
Ұғлыменен екеуі үйден шығып,
Шаһардың қапуына таман келді.

—Әй, жамағат, тыңдай көрің, ғапыл қалма,
Уәзірменен екеуі келді тамға.
Бір тасты жастық қылып жатқан екен,
Бұл екеуі көрген соң қалды таңға.

- «Алланың Расулының ұғлы», — дейді,
470 Алдына сәлем беріп келді дейді.
Сейітбаттал орнынан тұрды дейді:
— Сіз кімнен білдіңіз мені? — дейді.

Айттылар: — Түсте көрдік Пайғамбарды,
Пайғамбар түсімізде хабар берді.
Атыңызды, затыңды содан білдік,
«Осы тамның түбінде жатар» деді.

- Сейітті алып шаһарға келтірділер,
Байлап ол жараларын бітірділер.
Гүл майын сұрттілер жарасына,
480 Алдына түрлі тағам келтірділер.

Сейіт ол тағамдарын татты дейді,
Ас жеген соң ұйқыға батты дейді.
Таң атқан соң қараса денесіне,
Барша жерін саламат тапты дейді.

Ғеш ауруы қалмады, таза болды,
Құданың хүкіміне разы болды.
Аллаға шүкірін қылып енді,
Сол заман таһарат алып, намаз қылды.

- Бір уақытта уәзірі анда келді,
490 Сау-саламат Батталды анда көрді.
Бір түнде оңалғанын көргеннен соң,
Бұрынғыдан Батталды жақсы көрді.

— Білдім енді, Құдай-дүр сенің жарың,
Бұйырсаң падишаға мен барайын.
Хақ Тағала тұғры жол нәсіп етсе,
Оны һәм көпірліктен шығарайын.

- Уәзір жүріп, патшаға келді дейді,
«Бал аштым» деп хабарды берді дейді.
«Кешегі адам Пайғамбар нәсілі екен,
500 Балым сондай хабарды берді» дейді.

Мехрасып патша айтты:—Бұ заманда,
Ол нәсілдер табылар қайсы жанға.
Уәзір айтты:—Пұтқа олар табынбайды,
Табынар жер-көкті жаратқанға.

Патша айтты:—Сөзіме құлақ тұтың,
Жаратпады ма бұ көкті менім пұтым?
Ол пұттардан басқа да Тәңірі бар ма,
Растығын айырып маған айтың.

Уәзір айтты:—Ол пұтты кісі жасар,
510 Тілеселер аяққа салып басар.
«Мені аяқпенен бастың» деп, айта алмайды,
Тілсіз пұт құдайлыққа нешік жарар.

Құдай ол-дүр ілгері-соңы жоқ-ты,
Ақылды пенде Құданың хүкімін тұтты.
Құран енді Мұхаммед пайғамбарға,
Мұхаммедтей пайғамбар, сірә, жоқ-ты.

—Тамаша сөздер айттың, шын сөз бе екен,
Бағанағы жігітті көрсем екен.
Ол жігіт болса, бір сөз айтар едім,
520 Андан дахи бір хабар білсем екен.

Уәзір ұғлын жіберді, жүгіріп барды,
Сейітті Мехрасыпқа алып келді.
Сейітбаттал есіктен кіргеннен соң,
Уәзір Банһам орнынан тұра келді.

Сейіт берді сәлемін, уәзір алды,
«Жоғары оз» деп Сейітке орын берді.
Дағыменен падиша отыр екен,
Падишаның жанына бірге отырды.

Бас көтеріп, патшаға сөзін айтты,
530 Айтқан сөзі Батталдың балдай төтті.
Көп уағыздар сөйледі падишаға,
Падиша бұл сөзіне құлақ салды.

—Ол құлыңнан бір құлды сатып алсаң,
Сақтасаң кішкенедең, асырасаң.
Қадірлі заттан кигізіп түрлі киім,
Түрлі тағам жегізіп, сыйлап жүрсең,

Соңынан ол сенен жүз өкірсе,
Сенен безіп, екінші шаһқа барса.
Сенен безіп, қасыңнан кеткен құлың,
540 Қайтадан қолыңа дахи келіп кірсе.

Қайтадан қолыңа түссе қайтер едің,
Қандай сөздер ол құлға айтар едің?
Патша айтты:—Қайтадан қолға кірсе,
Терісін сойып, қанын төгер едім.

—Алла сені жаратты топырақтан,
Падишалық, бақ берді түрлі жақтан.
Алла сені сыйлады, біле алмадың,
Білмесең, түсерсің алтын тақтан.

Нығмет берген Алланы өзің қойдың,
550 Кәпір болып, өзіңді өзің жойдың.
Мүмін болып қайтпасаң ол Аллаға,
Бір күні бағланұр сенің мойның.

Өз қолыңмен ол пұтты сен түзерсің,
Тілесек таспен атып сындырарсың.
Бір адам жерге көмсе, шіріп қалар,
Сол пұтты Құдай деп жүз ұрарсың.

Сейітбаттал сөзіні тамам қылды,
Мұны естіп, падиша қайран қалды.
«Қызық сөздер сөйлейді осы жігіт,
560 Пұтымды келтірің!» деп айғай салды.

—Менім пұтым тағы да не сөз сөйлер,
Шапшаң барып, пұтымды келтіріндер.
Падишаның жарлығын қабыл қылып,
Пұт алмаққа бардылар жұмыскерлер.

Пұт үйіне бардылар жұмыскерлер,
Ол пұтқа жақсы тондар кидірділер.
Қызыл-алтын атластан перде қылып,
Көтеріп падишаға келтірділер.

Мехрасыпқа шауып келіп көп уәзірлер
570 Пұт жүзінен пердені көтерділер.
Падиша пұттың жүзін көргеннен соң,
Табындылар, жүздерін жерге ұрдылар.

Сейіт бақты көзлерін, гауһар көрді,
Ерні лағыл, тістері інжу ерді.
Ішіне хош бой қылып, қуыс қылған,
Сейітбаттал көрді де, қайран қалды.

Мехрасып сөйледі:— Һәй, Төңірім,
Бір сөзді сұрамаққа мен келемін.
Қанша жылдар уәзірлер, беклерменен,
580 «Құдай» деп, мен саған табынамын.

Осы күнде бір кісі келді маған,
«Кәпір, дейді, табынба» дейді саған.
«Ол маған кәпір дейді», не айтарсың,
Не жауапты берейін енді соған?

Мехрасып бұ сөздерді айтып ерді,
Көтерілді, сол заман пұт сілкінді.
Падиша сөзін тыңдар, пұт сөйлейді,
Батталға қарады да жауап берді.

— Өй, Баттал, қатал деп сені білдім,
590 Аярлықпен Рұмды хараб қылдың.
Рұмның шаһарларын аздырған соң,
Бұ жерді аздыруға тағы келдің.

Пұт сөйледі, Сейіт һәм естіп тұрды,
Аятул күрси сөзін оқып тұрды.
Алланың әмірі бірлөн пұт сөйлемей,
Сейітбаттал алдында тітіреп тұрды.

Балшықты пұттың жүзі түсті төмен,
Пара болды, мың сынды күлдей күйген.
Һәр бөлек сынығынан әуез келді,
600 «Лә илаһа илла Алла, Мұхаммед расул Алла» деген.

Меһрасып бұ халді көрді дейді,
Уәзірінің қасына келді дейді.
—Әй, уәзір, бұ кісі не сөз айтты?
Менім пұтым не үшін сынды?—дейді.

—Алланың атын оқып тұрды,—деді,
Оқыған соң пұт сынып, түсіп қалды.
Падиша айтты:—Белгілі, олай болса
Бұ кісінің діні хақ болып қалды.

Отыр еді құлақсыз құл анда және,
610 Келіп түсті Сейіттің аяғына.
—Әуелі сол пұтқа оқыған аятыңды
Оқы-сәна бұл менім құлағыма.

Бұ құл енді Сейітке ғұзыр қылды,
Сейітбаттал әлхамд* оқып, бір дем салды.
Қара-сәна Құданың құдіретіне,
Құлағы бұрынғыдай бүтін болды.

Бұ құлдың құлағы жақсы болды,
Патша енді Сейітті жақсы көрді,
Бұ құлдың құлақтары түзелген соң,
620 Халайықтар, уәзірлер қайран қалды.

Сейіт айтты:—Иә, падиша, не тұрарсың,
Енді менен тағы да не сұрарсың?
Иман келтіргіл енді, мұсылман бол,
Дүния ақырет, азаптан құтыласың.

—Әй, Баттал, саған айтар бір сөзім бар,
Дахи сенен бір қиын тілегім бар.

* Мәтінде Сейітбатталдың «Фатиха» сүресін оқығаны айтылып отыр.

—Тілегенің бар болса, маған айтшы,
Тілесең Құдай өзі жәрдем қылар.

Патша айтты:—Үшбу-дүр, менім сөзім,
630 Бар еді үйімде жалғыз қызым.
Сол қызымды бір залым дию алды,
Бейшара болып қалдым енді өзім.

Мен бейшара болып қалдым, не қылайын,
Сол қызымды келтірсең мен көрейін.
Сол қызым көзіме бір көрінсе,
Ел-жұртымменен мұсылман мен болайын.

—Қай жерде екен ол дию, мен барайын,
Жолдас тауып берсеңіз, мен жүрейін.
Уәзір Банһам Сейітке келіп айтты:
640 —Ол диюға мен сені апарайын.

Екі зәңгі бар жолда мислә пері,
Бірісі Ғазраф атты, Ғанжаф пері.
Жолымыз зәңгілерден өтіп барар,
Зәңгілерді өткен соң—дию, пері.

Сейіт айтты:—Ендеше мұнда қалма,
Үйретуші Қадір-дүр, өзі Алла.
Менім бірлән бірге жүр, уәзір Банһам,
Һешбір қайғы, көңліңе уайым алма.

Төрт күн жүріп, жеттілер жаман жерге,
650 Екеуі уәзірменен жүрді бірге.
Келер еді зәңгінің жолы бірлән,
Жолықтылар сол жерде ол кәпірге.

Уәзір фариад қылады:—Құдауанда,
Жетіп қалдық зәңгіге енді мұнда.
Сейіт айтты:—Құдайым жолықтырды,
Мен барайын, сен отыр осы жерде.

Тұрып еді сөйлесіп анда бұлар,
Естіділер бір адам фариад қылды.
— Менен қорқып, бұл жерден құс өтпейді,
660 Келдің бе қаныңызға сусағандар.

Сейіт көрді бір зәңгі қара жүзді,
Қырық аршын бойы бар, жаман сөзді.
Бір таудай тас қолына көтеріпті,
Уәзір көріп, жанынан үміт үзді.

Ағаштан бір қолында күрзі бар-ды,
Көтеріп, Сейітке табан тұрды.
Сейітбаттал уәзірге атын беріп,
Өзі Ғанжаф қасына жаяу барды.

Ғанжаф зәңгі күрзисін қолына алды,
670 Сейітті ұрамын деп жерге салды.
Сейітбаттал шашырады кейін секіріп,
Зәңгінің күрзисі тимей қалды.

... * зәңгі жерге ұрды дейді,
Сейітбаттал кейін секіріп тұрды дейді.
Уәзір Сейіт есенін білмей қалып,
«Сейітбаттал өлді» деп, жылап тұрды.

Шоқпары жетпеді, Сейіт тұрды,
Жасындай дауыс қылып, қайшы барды.
Екіншілей күрзисін көтергенше,
680 Жұмырықпенен мұрнына салды дейді.

Жеті адым жер басып құлап қалды,
Арқасы билән жығылып, құлап қалды.
Көкірегінің үстіне Сейіт шығып,
Сақалыны қолына шұлғап алды.

Қанжарын бұғазына қойды дейді,
Ғанжаф зәңгі көз ашып көрді дейді.

* Түпнұсқада өшіп қалған

«Жұмырықпенен бір ұрып, мені жықтың,
Әй, палуан, сен кім?» деп тұрды дейді.

690 «Баттал ғазымын мен» деп қылды аян,
Мұсылман болды зәңгі айтып иман.
—Әй, палуан, мен сенің құлың болдым,
Бұ жерге неге келдің, айтшы маған?

—Малатия шаһарым алыс қалған,
Мехрасыптың бір қызын дию алған.
Сол диюды мен іздеп, мұнда келдім,
Адам ұғлы бар ма екен онда барған?

—Құдауанда, ол диюды адам көрмес,
Кари-дүр, ол диюды кісі көрмес.
Құдай саған жәрдемін қылса қылар,
700 Бұ жердегі адамлар анда бармас.

Ол кеште Сейітбаттал анда қонды,
Таң атқан соң, «жүрем» деп, атқа мінді.
«Арыз сөзім бар менім, әй, палуан»,
Ғанжаф келіп Сейітке жауап берді.

Ғанжаф айтты:—Барарсың енді анда,
Бір інім бар, тұрар тап алдыңда.
Аты—Ғазраф, оны да дінге шақыр,
Иманын таза қылсын өз алдыңда.

Сейітке жол көрсетті, жүре берді,
710 Уәзірменен екеуі бірге барды.
Үш күнгеше тоқтамай жол жүрділер,
Төртінші күн Ғазрафқа жетіп келді.

Ғанжафтай Ғазраф дінге кірді,
Мұсылмандық дініні қабыл көрді.
Сейітке құл болды қайратынан,
Банһам уәзір Сейітке дұға қылды.

Андан соң жүрділер айдалаға,
Сегізінші күн жеттілер бір қалаға.
Қаланың ортасында бір сарай бар,
720 Биіктігі жетіпті ол хауаға.

Жеткеннен соң кірділер ол қалаға,
Жақын жүріп келділер ол сарайға.
Қараса, бір қыз көрді терезеден,
Көркемдігі ұқсайды толған айға.

Сарайға Сейіт жақын келді дейді,
Терезеден қыз қарап көрді дейді.
Түсінде Пайғамбар айтқан екен,
Сейітбаттал екенін білді дейді.

«Сейітбаттал екен» деп, төмен түсті,
730 Бұ сарайдың қақпасын түсіп ашты.
Қақпаны ашып, алдына қарсы шығып,
Сейіттің аяғына келіп түсті.

—Раст айттың, иә, Расул, мұны маған,
Есен-аман келдің бе, иә, палуан?
Бұ малғұн дию басын сен кесерсің,
Асирлар құтылар есен-аман.

Сейіт айтты:—Сен білдің мені қайдан?
—Пайғамбар түсімде айтты, қалдым қайран.
Қарун патшаның қызы-дүр мен,
740 Бұ диюдың қолында асир қалған.

Жеті жыл бұ диюда тұтқын болдым,
Құдайыма бүгін кеш көп жалындым.
Жылай-жылай, ұйқыға кетіп едім,
Мұхаммед пайғамбарды түсте көрдім.

«Жылама» деді маған ол Пайғамбар,
—Көрерсің, ертең ұғлым Баттал келер.
Көрсет оған диюдың тұрған жерін,
Еңш қорықпа, диюды ол өлтірер.

Қыз Сейітті сарайға алып жүрді,
750 Уәзірменен үшеуі бірге кірді.
Қырық қадам басқыштан жоғары шығып,
Жеті қабат есіктен өтіп келді.

Сейіт көрді екі тақ анда тұрған,
Шаддад пенен Сүлеймен оны құрған.
Бөлек-бөлек үйлер жан-жағында,
Алтын менен күміске бәрі толған.

Сейіт сұрды:—Ол дию қайда тұрар?
Қыз айтты:—Тақ астында бір құдық бар.
Сол құдыққа кіреді келген сайын,
760 Біле алмаймын, ол жерде неме қылар.

Сейіт тақтың астына келіп кірді,
Тақ астында құдық бар, оны көрді.
Қырық қадам басқыштан төмен түсіп,
Бір заман ол тұрып ойлап тұрды.

Сейітбаттал жан-жағына қарай берді,
Алдында бір үлкен дария көрді.
Дарияның үлкендігі сондай екен,
Бір шеті бір шетінен көрінбейді.

Үлкен дария алдында көрді анық,
770 Бұ дарияны неш адам көргені жоқ.
Бір жағы бір жағынан көрінбейді,
Дарияда мініп өтер кеме де жоқ.

Қараса да нешбір кеме табылмайды,
Сейіттің көңілі бек мәлүл болды.
«Иләһи қарамыңнан кері қайтсам,
Қорықты деп айтар» деп, ойлап тұрды.

Құдаға көп мінәжат қылды дейді,
Сол заман дария қайнап толды дейді.
Сейіт көрді бір үлкен таудай балық,
780 Дарияның жағасына келді дейді.

Әдеппенен Сейітке сәлем берді,
Сейіт «қандай балық» деп қарап тұрды.
— Иә, Сейіт, мені білсең, сол балықпын,
Жүніс менім қарнымда қырық күн тұрды.

Жүністің тәсбиһы бірлән қарным толды,
Құдайдың құдіреті сондай болды.
Соның үшін балықтың пірі болдым,
Барша балық өзіме хадим болды.

Дауыс келді отырсам су түбінде:
790 «Сейіт келді, дарияның жағасында.
Шапшаң барып, дариядан оны өткіз,
Диюдy өлтірмекке келді мұнда».

«Кел, менім арқама мін енді» дейді,
Сейіт балық жанына келді дейді.
Естіген соң сүйініп Сейітбаттал,
Ол балықтың үстіне мінді дейді.

Балыққа мініп алып жүрді дейді,
Алдында бір сарайды көрді дейді.
Ол сарайдың тұсына жеткеннен соң,
800 Есік ашып, ішкері кірді дейді.

Басқышпенен сарайға кірді дейді,
Он сегіз қыз отырған көрді дейді.
Һәрқайсысы диюдан қорыққаннан,
Гүл жүзі зағыпырандай солды дейді.

Көрділер Сейітті қыздар бәрі,
Алдына келділер баршалары.
— Кім боласың? Сен келдің мұндай жерге,
Келмейді мұнда адам балалары.

— Тұтылыпсыз диюға, сізді білдім,
810 Құтқарам деп сізлерді мұнда келдім.
Атымды Сейітбаттал ғазы дерлер,
Диюдy өлтірмекке мұнда келдім.

Бұлар айтты:—Келіпсің мұнда бұлай,
Кари дию емес сен ойлағандай.
Жүзіні көрген болсаң астық оның,
Шәррінен сақтасын Жаппар Құдай.

Бұлар бұ сөз үстінде тұрып еді,
Аңсыздан бір дауыс пайда болды.
Бұ дауыс диюдың ауазы екен,
820 Қорқудан қыздардың жүзі солды.

Құлақтары ол пілдің құлағындай,
Бармақтары бұл барыс бармағындай,
Басы доңыз басындай Сейіт көрді.
Дауыс қылып, Батталға қарсы тұрды.
Құйрығын айырмассың аждаһадан,
Тырнақтары арыслан тырнағындай.
Екі қолына екі арыслан тұтып тұрды,
Аяқтары өгіздің аяғындай.

Қолындағы арыслан екеуін де
830 Бірісін біріне кетіріп ұрды.
Батталға келіп айғай салды дейді,
Пәре-пәре бөлініп өліп қалды.

Батталға келіп айғай салды дейді,
—Өлтірем деп келдің бе мұнда,—деді.
Мен саған көрмегенің көрсетейін,
Өлтірермін мен сені мұнда,—деді.

Бір қолына бір таудай тасты алды,
Бір қолына күрзісін ұстап алды.
Жерге салды Сейітті ұрамын деп,
840 Сейітбаттал кейін шашырап тұрып қалды.

Күрзі тимей Батталың қалды аман,
Тимегенін білмеді дию надан:
—Өлтірем деп келіп едің, өзің өлдің,
Әй, Баттал, сол керек енді саған.

Сейітбаттал бір нағра ұрды дейді,
Аң-таң қалып ол дию тұрды дейді.
«Һәй, Баттал, өлмегенсің» дегенінше,
Қолтығынан қылышпенен ұрды дейді.

850 Қылышпенен сондайын шалды дейді,
Екі пәре бөлініп қалды дейді.
«Әй, Баттал, сен мені жалғыз ұрдың,
Тағы да ұр» деп бір дауыс қылды дейді.

«Саған біреу жетер» деп айғай салды,
Заманнан соң ол дию өліп қалды.
Бұ диюдың өлгенін көргеннен соң,
Бұ қыздардың ақылы келіп қалды.

860 Қыздардың бәрі көрді, өліп қалған,
Екі пәре бөлініп жатып қалған.
Диюды өлтіргенде бұ қыздардың
Бастарына ақылы келіп қалған.

Қыздар келді Сейіттің жандарына,
Сейіт сұрады:—Менрасып қызы қайда?
Арадан бір қызды көрсеттілер,
Келіп түсті Сейіттің аяғына.

Диюдың бас терісін сойып алды,
Қыздар бәрі мұсылман болып қалды.
Он сегіз қызды алып өзіменен,
Сол дарияның бойына келді дейді.

870 Құдірет бірлән ол балық шығып келді,
Қыздарменен баяғы жерге келді.
Балық айтты:—Аманат сөзім бар-ды,
Сейітбаттал ғазыға арыз қылды:

—Мұнан енді үйіңе сен жүрерсің,
Пайғамбардың қабіріне сен барарсың.
Қиямет күн шапағатынан ұмытпасың,
Менім бұл сәлемімді тигіргейсің.

Сейіт балық сөзіні қабыл қылды,
Балық енді дарияға рауан болды.
Сейіт ол қараңғыда басқышпенен,
880 Бағанағы сарайға шығып келді.

Отыр еді Банһам уәзір мәлүл болып,
«Һәй Сейітке қандай хал болды екен» деп.
«Келмеді» деп, уайым жеп отырғанда,
Он сегіз қызбенен келді шығып.

Уәзір көрді он сегіз қыздың түсін,
Сойып алған диюдың бас терісін.
Уәзір Банһам қуанды көргеннен соң,
Ақылын басына алды жиып есін.

Сейіттің аяғына түсті Банһам,
890 —Бү істерді сен қылдың, иә, палуан.
Дүнияда һешбір адам мұндай қылмас,
Уәлаятты құтқардың ол залымнан.

Сейіт айтты:—Ат керек енді мұнда,
Қыздар атсыз қайтіп барсын анда.
Қарадылар сарайдың жан-жағына,
Бір қақпаны көрділер бір жағында.

Ол қақпаны ашып, әуел анда кірді,
Бір сахара жасыл шөп анда көрді.
Жүздеп ат бар ішінде оттап жүрер,
900 Арасында Асқарды бірге көрді.

Қуанды Асқарды анда көрді,
Асқар Сейіт алдына таман келді.
Сейіт сүйді Асқардың көзлерінен,
«Мұнда нешік келді?» деп қайран қалды.

Бұ аттарды тұттылар, жүк салдылар,
Көтергенше һәрқайсы мал алдылар.
Артып андан алдылар бар жарағын,
Он тоғыз қызбенен жөнелділер.

- Келділер Ғазрафқа тоғыз күнде,
910 Диюдың басын көрді найза ұшында.
Сейіттің аяғына келіп түсті,
Көп дұғалар қылып, ол тұрды сонда.
- Кеминер қызын Ғазраф көрді дейді,
«Әй, тақсыр, маған бер» деп тұрды дейді.
Қыздың көңлі дағы сонда екен,
Некаһ қылып, Ғазрафқа берді дейді.
- Андан соң Ғанжафқа жүріп жетті,
Ол дахи аяғына түсті дейді.
Ол дағы Қаруан қызын сұрап,
920 Сейіттен тілек тілеп тұрды дейді.
- Қуанып қалды, ол Ғанжаф қызды көріп,
Олар дахи қосты некаһ қиып.
Уәзірді ілгері жібереді,
«Меһрасыптан сүйінші ал, алдан барып».
- Уәзір енді ілгері жүрді дейді,
Тантания шаһарына келді дейді.
«Келе жатыр Сейіт пенен қызыңыз» деп,
Падишаға хабарды берді дейді.
- Падиша көп шаттық қылды дейді,
930 Бай, пақыр алдына келді дейді.
Барша халық жиылып қуанысып,
Сейітбатталдың алдына қарсы жүрді [дейді].
- Меһрасып падиша өзі күшті,
Сейіттің аяғына келіп түсті:
«Сен қылғанды Құдайым өзі қылар,
Адам ұғлы қылмайды мұндай істі».
- Сейітті шаһарға келтірділер,
Жан-жағынан құрметлеп отырдылар.
Келтірділер әуел кәрі дию басын,
940 Астылар, жоғары көтерділер.

Он тоғыз қыз тұтқында болып еді,
Баршасының жұртына хабар берді.
Сейітбаттал қызын келтірген соң,
Он сегіз падишаға хабар барды.

Келділер қыздарын алмақ үшін,
Дию басын тамаша қылмақ үшін.
Он сегіз падишаның бәрі келді,
Сейітбаттал ғазыны көрмек үшін.

Қанша патша, уәзірлер бәрі келді,
950 Иман айтып, мұсылман бәрі болды.
Екі патша қызын беріп еді,
Олар да риза болып, қабыл көрді.

Уәзір Сейіт қасына келді дейді,
Сейітке арыз аян қылды дейді.
—Бұнлардың тілеуі бәрі болды,
Менім де бір тілеуім бар-ды,—деді.

—Не-дүр сенің тілеуің тілейтұғын?
Уәзір айтты:—Балама қайғы толған.
Бір ұғлым бар еді, Мағас атты,
960 Меһрасыптың қызына ғашық болған.

Не болар сол қызды тілесейсіз,
Біздің үшін патшаға иласаңыз.
«Әй, падиша, сен енді бұ қызыңды,
Уәзір ұғлы Мағасқа бер» десеңіз.

Сейітбаттал патшаға жүрді дейді,
Үшбу сөзден хабарды берді дейді.
Жеті күндей той қылып ол падишаһ,
Меһрасып қасына келді дейді.

Андан соң Сейітбаттал тұрды дейді,
970 Ол қызды Мағасқа берді дейді.
«Бұ жерге ақ піл үшін келіп едім,
Ол ақ піл қайда екен?» деп сұрды дейді.

Мехрасып айтады:—Әй, палуан,
Бір падиша бар мұнда, аты—Милан.
Ол ақ пілді сонда деп есітемін,
Анда барсаң, аларсың оны деген.

Сейіт айтты:—Барармын ол шаһарға,
Падиша айтты:—Барармын мен де бірге.
Мен дағы ләшкер жиып бір жүрейін,
980 Жалғыз сені жібермен ол шаһарға.

Сейіт айтты:—Барармын өзім жалғыз,
Жалғыз жүрмек біздердің әдетіміз.
Соңымнан таза жолдас жіберіңіз,
Тілесеніз, өзіңіз соң барыңыз.

Сейіт енді амандасып жолға кірді,
Жеті күндей тоқтамай жүре берді.
Сегізінші күн бір төбеге шығып алып,
Төбенің үстінен қарап көрді.

Төбеден қарап көрсе екі ләшкер
990 Қарсыласып екеуі ұрысарлар.
Екі жүз мың ләшкері бар біреуінің,
Және бірінің сексен мың ләшкері бар.

Қарап тұрса аз ләшкер мұсылманлар,
Кәпірменен ұрысқа келген олар.
«Аллаһу акбар» деп, тәкбір көтерділер,
Дауысы он шақырым жерге барар.

Бір кісіні алдында Сейіт көрді,
Көрген соң, сөйлесем деп оған барды.
Ілгері барып оған сәлем берді,
1000 «Бұ қандай ләшкер?» деп, онан сұрды.

—Бұл Мысыр падишаһы мынау келген,
Кәпір Милан шаһ-дүр қарсы тұрған.
Жеті жүз мың ләшкері бар ол кәпірдің,
Мысырдың патшасына қасадты қылған.

Кәпірлер құлдығын пұтқа қылған,
Хасад қылып падишаға мұнда келген.
Бұ падиша ол кәпірдің келгеніне
Сексен мың ләшкер жиып қарсы барған.

1010 Сейіт енді бұнларға қарап тұрды,
Кәпір жақтан майданға біреу келді.
Ол кәпір лағнет сондай күшті екен,
Он жеті мұсылманды шаһид қылды.

Мұсылманнан Халуд деген біреу келді,
Ол Халудты тағы да шаһид қылды.
Ішегін шығарып, қарнын жарып,
Мұсылманлар алдына тастай берді.

Сейіттің қаһары келді оны көріп,
Ат секірітіп, майданға келді кіріп.
Жасындай дауыстап шығып келді,
1020 Айғай салып жер-көкті тебірендіріп.

Екі ләшкер мұны көріп қайран қалды,
Сейіт қалың кәпірге қарсы барды.
«Малғұн адам жүрегін жаймақ керек,
Көрсетейін саған» деп, хамла қылды.

Найзасын қарсы тұтып, нағра ұрды,
Найза ұшынан от шықты, жалын болды.
Қап-қара күйдірді ол кәпірді,
Піл менен екеуі де күйіп қалды.

1030 Кәпірлерге Сейіттің қаһары қатты,
Бір-бір жетпіс кәпірді отқа жақты.
Бағанағы піл мінгенді ішін жарып,
Кәпір жаққа найзаменен алып атты.

Сейіт ол кәпірлерді шапты дейді,
Кәпірлердің қандары селдей ақты [дейді].
Ғешбір адам алдына келе алмайды,
Ләшкерден Сейітбаттал енді қайтты [дейді].

Ақшам болды ләшкерден Сейіт шықты,
Бір таудың етегіне келіп шықты.
«Мұндай неткен палуан жан екен!» деп,
1040 Ләшкердің екеуі де тамаша етті.

Сейіт жүріп ол тауға келді дейді,
Асқарды бір жерге қойды дейді.
Мысыр патша[сы], аты—Қайсар екен,
Жүріп Қайсар шатырына келді дейді.

Түнделетіп шатырға жаяу келді,
Падиша тақта отырған оны көрді.
Сейітбаттал ерлігін сөйлейді екен,
Шатырдың тыс жағынан тыңдап тұрды.

Бәрі мақтап, Сейітті сөйлер еді,
1050 «Жәрдем бүгін мұсылманға болды» дейді.
Қайсар патша бұл іске қуанғаннан,
Көзінен аққан жасқа жайды қолды.

Қайсар айтты:—Ол жігіт адам болса,
Қолға түссе ол жігіт, мұнда келсе.
Тәж-тақтымды, бәрін де берер едім,
Мүлкімнің бәрін де қабыл қылса.

Білмеймін, бұ кісі адам ба екен,
Болмаса адам түсті пері ме екен.
Я болмаса бұ кісі періште ме,
1060 Не болса да Құдайдың жәрдемі екен.

Бұларды тыңдап-тыңдап тұрды дейді,
Андан Милан шатырына келді дейді.
Ол малғұн ұзын басты, қара жүзді,
Шатырда отыр екен, көрді дейді.

Сейіт көрді оның да бір пұты бар,
Жүзін түсіріп, ол пұтқа сөжде қылар.
—Әй, Тәңірім, мен сені Құдай білдім,
Табындым мен саған қанша жылдар.

- Маған келді бір кісі мұнда,— деді,
1070 Отқа жақты беклерім, бәрі күйді.
Ертең дағы майданға кірер болса,
Не жауапты берейін оған,— деді.

«Дию ма» деп, ол Милан жылап тұрды,
Сейітбаттал тысқарыдан тыңдап тұрды.
Енді өнер көрсетер уақыт болды,
Найзасын қолына алып, үйге кірді.

- Ол пұттың арасы қуыс еді,
Найза бірлән бір қабат оны ұрды.
Ұшынан от шықты найзасының,
1080 Миланға тұтасты, фариад қылды.

Милан тез тонын шешіп, пұтқа жапты,
Сейіт шықты, сонда пұт күйіп қалды.
Түніменен жүреді шатыр сайын,
Түн ішінде бәрін де отқа жақты.

Сейітбаттал үш қабат нағра ұрды,
Ләшкердің бір-бірін біріне ұрды.
«Мұсылманлар келді» деп, қылыш тартып,
Таң атқанша біреуі бірін қырды.

- Таң атқан соң кәпірлер бәрі өлген,
1090 Мұсылман жоқ, бәрі де кәпір өлген.
Атасы баласын өлтіріпті,
Ағайынды біреуін бірі өлтірген.

Милан мұны көрген соң, ашуланды,
Ол ақ пілді ерттеп мініп алды.
Ол Милан қаһарына мініп алып,
Ол Қайсар патшаға қарсы жүрді.

- Қайсар тағы бұнларды көрген екен,
Түнде ұрыс болғанын білген екен.
Түнде бұнлар бір-бірін қырғанында,
1100 «Бұ не дауыс, ғауға?» деп тұрған екен.

Милан енді майданға өзі келді,
Сейтбаттал тағы да таудан енді.
Миланға қарсы жүріп келгенінде,
Кәпір жақтан қарсы жүріп, біреу келді.

«Әй, палуан ғазы» деп қызмет қылды:
—Мұсылманмын, төрт жүз жыл тамам болды.
Әмирул мүминин хазірет Әли,
Төрт жүз жыл бар бұ жерге келді,—деді.

Осы пілдің үстіне мінді,—деді,
1110 Қырық күн жүріп соғыс қылды,—деді.
Қайсардың ағасы—Ғанқа һинди,
Ол Әлидің алдына келді,—деді.

Хазірет Әли алдына Ғанқа келді,
Иман айтып, мұсылман таза болды.
Ғанқа һинди мұсылман болғаннан соң,
Хазірет Әли бұ пілді сыйлап берді.

Миланның әкесі кәпір еді,
Мәнкүш һинди атыны дерлер еді.
Пұт парасттық ол өзі кәпір еді,
1120 Ғанқаны өлтіріп, пілді алды.

Мәнкүш өлді, Миланға мирас қалды,
Сейіт енді бұ сөзді естіп алды.
Ол кісіден бұл сөзді естіген соң,
Жүзіні пілге қарап дауыс қылды.

—Әй, піл, сол кісі—мен, таны,—деді,
Менім атам арқаңа мінді,—деді.
Қырық тоғыз күн үстіңе мініп еді,
Сол Әлидің ұғлы мен-дүр,—деді.

Әй, піл, маған жар бол сен енді,—деді,
1130 Мұны естігеш құдіретпенен піл сілкінді.
Ол пілің сонан соң қаһарланып,
Көтерді де Миланды жерге ұрды.

Мұрныменен һауаға лақтырды,
Келіп жерге түскен соң пәре болды.
Аяғының астында паймал қылып,
Сейітбаттал алдына келіп тұрды.

Сейітбаттал атынан түсіп алды,
Пілді көріп, үстіне мініп алды.
Жасындайын күркіреп, айғай салып,
1140 Шағырды, көпірлерге хамла қылды.

Милан ұғлы әкесінің халін көрді,
Және ләшкер тұрмады кері төнді.
Баршасы қашпаққа жол тұттылар,
Мұсылман ләшкері қуып қырды.

Бұ жақтан сұлтан Мысыр хамла қылды,
Қылышпенен алпыс мың көпір өлді.
Сейітбаттал ұрыстың арасында,
Миланның ұғын тұтып, байлап алды.

Қайсар шаһ уәзірге хабар қылды,
1150 Баршалары Сейітке қарсы барды.
Шат болдылар Миланның ұғын көріп,
Сейіттің қолын өбіп, хабар сұрды.

«Құдауанда, дүнияда сен қандай жан»,
Сейітбаттал өзіні қылды аян.
Жасырмай өзінің атын айтты,
Баршалары есітіп, қалды қайран.

Милан ұғлы мұсылман анда болды,
Қайсар сұлтан қызын оған берді.
Сейітке мың жүк алтын, күміс, жүз құл,
1160 Жүз қарабас ат-тұрман тамам берді.

Мейрасып сол арада шығып келді,
Сейітке қайран қалып, тахсин қылды.
Сейітті үйіне алып жүре берді,
Тахайырсыз жеті күн қонақ қылды.

Және берді Сейітке көп малдарды,
Жөнелмекке кемелер әзір қылды.
Мейрасыппенен амандасып жолға кірді,
Жеті күн су ішінде өтті дейді.

1170 Жеті күн-түн суменен жүрді дейді,
Сегізінші күн құрғаққа шықты дейді.
«Бұ қандай жер екен?» деп ойлап тұрса,
Шығып келді бір кісі анда, көрді.

Сейітбаттал ол кісіден жол сұрады,
«Малатия шаһарым қайда болды?».
Андан көшіп жүрділер әуел жол бірлән,
Малатия шаһарға жақын келді.

Сейіт енді ілгері жүріп еді,
Шаһарды жағылған келіп көрді.
Жалғыз ағаш, жалғыз адам шаһарда жоқ,
1180 Сейітбаттал көрді де қайран қалды.

Шарбақтардың ішінде Сейіт жүрді,
Әбулфатих деген бір кісі көрді.
Сейіт сұрды хабарды ол кісіден,
—Не уақиға шаһарға бұлай болды?

Жауап берді:—Ғиндустан өзің барған,
Сен кеткен соң, Қайсарға хабар болған.
Екі жүз мың көпірді жиып алып,
Бұ шаһарды жағып, ол хараб қылған.

Жаранлар ұрыстан жүз өкірді,
1190 Әмір Омар шаһтан жүз төндірді.
«Сәруарымыз палуанды жібердің» деп,
Ашуланып, бәрі де жүз төндірді.

Тұрып еді сөйлесіп анда бұнлар,
Алдына жиылды бар жаранлар.
Уақиғаны сөйледі Сейітбаттал,
Баршалары қылдылар көп дұғалар.

Әмір Омар шаһқа хабар барды,
Сейітбаттал алдына жүріп келді.
У-шуласып көрісті Сейітпенен,
1200 «Келдің бе, палуан» деп зарлық қылды.

Сейітбаттал қасында жылап тұрды,
Әмір Омар сол жерде зарлық қылды:
—Қызымды саған уағда қылып едім,
Қайтейін, көпірде тұтқын болды.

Сейіт айтты:—Мен келдім көп малменен,
Шаһарды жасатыңыз бұ мал бірлөн.
Бұрынғыдай таза қылып түзетіңіз,
Тағы да ұрыс қылам оларменен.

Рұм қайсар жеріне мен жүрермін,
1210 Көпірлерді қырармын, өлтірермін.
Алып кеткен көпірдің басын кесіп,
Әлбетте, болса қызыңды келтірермін.

Рұмша киім киіп, Рұмға кетті,
Жетпіс екі қалғаны қыдырып өтті.
Он алты шаһардан іздеп тауып,
Барқия шаһарына келіп жетті.

Барқия шаһарына келді дейді,
Шаһарда ғауға шығар, көрді дейді.
Атын, тонын бір жерге қойды дағы,
1220 Өзі жалғыз шаһарға келді дейді.

Сейіт көрді, алдында кісі келер,
Ол кісіден сұрады:—Бұ не хабар?
Көп ғауға шаһарыңызда есітемін,
Не себепліден мұндайын дауыс қылдылар.

Сұраған соң ол кісі жауап берді:
—Қайсар барып Малатияны хараб қылды.
Сейітбаттал айттырып қойған екен,
Әмір Омар қызыны алып келді.

- 1230 Барып анлар Малатияны сындырдылар,
Ұстап алып, ол қызды келтірділер.
Уәзір ұғлы Паһминге беріп оны,
Тамаша етіп, жақсылап той қылдылар.
- Бұ ғауға—сол ғауға-дүр, оны білсең,
Алдыңнан кімлер келер қарап тұрсаң,
Бүгін кешке қосылар екеуі де,
Бүгін әлі қызықтар болар көрсең.
- 1240 Сейіт көрді, келінді келтірділер,
Ойыншы, домбырашы ап келділер.
Түрлі қызық, тамаша, ойын қылып,
Сейітбаттал алдынан жөнелділер.
- Қыздың көзі Сейітке түсті, білді,
Сейіт қызға көз қысты «сабыр қыл» деді,
Жүре берді қыз енді үндемейін,
Соңынан Паһмин күйеу келді енді.
- Қыз өтті, артынша күйеу келді,
Сейіт күйеу қасына жақын жүрді.
Рұмша Сейіт бір өлең айтты,
Әуезі Паһминге хош көрінді.
- 1250 Жүрді ол Паһмин таңға қалып,
—Бұ жігітті апарың сарайға алып.
Барған соң өлеңді айттырамыз,
Сейітті келтірділер сарайға алып.
- Сейітті сарайға келтірділер,
Бәрісі асап, ішіп отырдылар.
Жамандап-жамандап ғайбат қылып,
Сейітті сөйлесіп отырдылар.
- 1260 Қара-сөна бұ ақымақ надандарды,
Білмейді арасында Баттал бар-ды.
Арасында Батталдың барын білсе,
Мақтамаса қояр еді жамандауды.

Біреу айтты:—Сейітбаттал—жәй тұрмас адам,
Қандай зерек, дүниеде өлмес адам.
Бірі айтты:—Оның жары сен екенсің,
Не үшін мақтап қойдың оны, надан.

—Мен Ғақбаның ұғлымын—Уәлид зерек,
Баттал менім нем-дүр, неге керек.
Кітап ашып, кітапта көріп едім,
Баттал енді үйіне келсе керек.

Сейіт үшбу сөзлерді тыңлар еді,
1270 Уәлид бұ сөзді айтып жүре берді.
Сейіт дағы соңынан бірге шығып,
Уәлидтің артынан бірге келді.

Артына қарады Уәлид, көрді,
Сейітбаттал екенін танып-білді.
Сейіттің келіп түсіп аяғына,
Қызмет қылып, Сейітке ғұзыр қылды.

Аяғына түсіп айтты:—Әй, палуан,
Мен мұсылман, құл болдым енді саған.
Мұсылмандық дініне мені көндір,
1280 Азап қыла көрмегіл енді маған.

Сейіт айтты:—Мен сені раст білейін,
Тұғры жол маған көрсет, мен қылайын.
Маған бір қызмет қыл осы жерде,
Жақсылықты мен сенен бір көрейін.

—Қызметің бар болса бұйыр, барсам,
Сейіт айтты:—Сол қызды қолыма алсам.
Паһминның басын кесіп, қызды алып,
Малатия шаһарға қайтып барсам.

«Уағдасы маған» деп Уәлид жүрді,
1290 Сейітті алып сарайға тез келтірді.
Сейітті есікте, тысқа қойып,
Өзі сарай ішіне келіп кірді.

Жәрдем қылса, адамзат қылар істі,
Уәлид көрсе, Паһмин жатыр мас-ты.
Мас болғанын бұ Уәлид көрді дағы,
Паһминның сол жерде басын кесті.

Паһмин басын Сейітке алып келді,
«Қыз анда жоқ екен» деп жауап берді.
Қызды іздеп, ол жерде көре алмай,
1300 «Қайда екен?» деп, Сейіт һәм мәлүл болды.

Бұлардың сөйлескенін естіді қыз,
Отыр екен бір үйде өзі жалғыз.
Сейіттің дауысынан танып-білген,
Айтайын, құлақ салып есітіңіз.

Қыз бір үйдің ішінен шығып келді,
Сейіт пенен Уәлидті бірге көрді.
Келіп түсті Сейіттің аяғына,
Ғұзыр қылып, Сейітке зарлық қылды.

Қанша жиған сарайда мал бар еді,
1310 Алтын-күміс, бәрін де теріп алды.
Үш атты жетелеп келтірділер,
Біреуіне қыз өзі мініп алды.

Сол малды жүктеттілер және бірге,
Келділер ол Асқарды қойған жерге.
Сейіт енді Асқарды мініп алды,
Уәлидпенен үшеуі жүрді бірге.

Сейітбаттал Асқарды мініп келді,
Уәлидпенен үшеуі жүріп келді.
Он жеті күн тоқтамай жүріп еді,
1320 Малатия шаһарға келіп жетті.

Естіп келділер жаранлары,
Алдына қарсы жүрді анлар бәрі.
Сейіт пенен Уәлидке көрістілер,
Қуандылар көрген соң жұрттың бәрі.

Көрген соң баршалары қуандылар,
Жеті күн тамаша етіп, той қылдылар.
Әмір Омар Сейітке қызын беріп,
Некаһ қылып, екеуі қосылдылар.

Екеуінің тілеуі қабыл болды,
1330 Хақ Тағала жәрдемі уасил болды.
Хақ Тағала бізге де жәрдем берсін,
Нешік Сейітбаттал ғазыға жәрдем берді.

Көп заман бұныңменен өтті дейді,
Сейітбаттал ол пілді тұтты дейді.
Көп малменен жіберді халифаға,
Піл барып, халифаға жетті дейді.

Халифа ол пілді көрді дейді,
Көрген соң шат болып тұрды дейді.
Көп тұхфалар жіберді Сейітбатталға,
1340 Тағы да көп дұғалар қылды дейді.

Бихамдилла, бұ қисса тамам болды,
Біздей шариф жанменен ғалам толды.
Білер-білмес жазғаным қатасы көп,
Ғаріп басқа тағы да жаман болды.

Сейітбаттал ғазыдай адам қайда,
Зұбанылық ғаламда болды пайда.
Бір көңлім сағынғанда оқи көрсем,
Жүрегіме болар-ды осы пайда.

Әуелі, Құда, жарылқа ата-анам, ұстазымды,
1350 Дін мұсылман жарылқа аға-інімді.
Оқығанлар бір дұға қылып қойың,
Бұны жазған күнәһар бейшараны.

Сондай-сондай өтіпті жақсы заман,
Сенерміз бар сұм заман бізге қалған.
Оқығанлар, — дұғадан тастамаңыз,
Бұ қисса осылайша болды тамам.

Кітапқа жазған сөзді рас білің,
Оқығандар бұ сөзден ғибрат алың.
Атымды не жазайын, не жазбайын,
1360 Бұны жазған адамға дұға қылың.

Байғабыл Бөкеевте үш жыл тұрдым,
Бұ кітапты әуелде сонда көрдім.
Оқығандар бір дұға қыла ма деп,
Әуелінде, ақырында атым салдым.

Балалары Ахмет, Салых, Нұрахмет-ті,
Үш жылда бірталай сабақ оқыды.
Құдайым сол кісіге ұжмақ берсін,
Өзімді сондай қылып жақсы күтті.

Мұны жазған Мәулекей болар атым,
Жұма күннің түнінде жазып болдым.
Сол түнде он бір сағат, бес минутта,
1372 Март жұлдыз алтысында тамам қылдым.

قصه نوشروان

Қисса Наушаруан

Иман келтір әуелі «Алла бір» деп,
Мұхаммед—хақ расул, Пайғамбар деп.
Дін үйрете жіберген елшісі-дүр,
Құлдарымды хақ жолға көндірер деп.

Ол Расул Жәбірейілден хабар алды,
Қисабы жоқ дұшпанды дінге салды.
Және жүһүд болған соң амал бар ма,
Әбу Жәһіл хақ дінге көнбей қалды.

- Алпыс жасқа келіпті Пайғамбарым,
10 Бір күні шақырыпты жұрттың бәрін.
Әбубәкір, Омар, Оспан, Әли Арыслан,
Хасан менен Хүсейін балаларын.

Насихатын айтыпты жұртын жиып,
Сахабалар отырды уайым жеп.
—Менен соң дау қылмаңыз, жарандарым,
Әбубәкір Сыдық—халифаңыз.

- Сол сөзбенен Пайғамбар көшті дейді,
Таққа Әбубәкір Сыдық шықты [дейді].
Қырық күн әділдікпенен хүкім етіп,
20 Әбубәкір дүниеден және көшті [дейді].

Сонан соң Пайғамбарым айтқан екен,
Сол сөзбенен дүниеден қайтқан екен:
«Әбубәкір соңында Омар болсын,
Ешқайсыңыз таласпаң» деген екен.

Сонан тақсыр Омар таққа мінді,
Насихатын жұртына айтады енді.
Оспан менен Әли де риза болып,
Сахабаның бәрі де құрмет етті.

- 30 Жазбасам да мәшһүр болды менім атым,
Мағлұм-дүр һәр жерде жазған хатым.
«Салсал» менен «Ғұқбаны»* қарасаңыз,
Көрерсіз сонда менім салтанатым.

Төрт жарға Пайғамбардан қалды хабар,
Олардың сөзін бұзбай ұғып алар.
Өзінің патша болған заманында,
Шаһарға жар шақырды хазірет Омар.

- Мініпті әділ Омар қаһарына:
«Асхабтың құт бердім баһарына,
Бір айтқан Пайғамбардың сөзі бар
40 Аттан, — деп, — Наушаруан шаһарына».

Сонда Омар әділдікпен сөз сөйлейді,
Жалықпай күні-түні көп сөйлейді:
— Ғараб деген шаһардың падишасы,
Мәлікаждар бас болсын, — деп көп сөйлейді.

Сонда Омар батасын бермек болды,
Алланың бұйырғанын көрмек болды.
Он екі мың кісіге жолдас болып,
Аллаға төуекел қылып жүрмек болды.

- 50 Сәдуақас, Мәлікаждар екі батыр,
Дұшпанға салайын деп заманақыр.
Он екі мың әскерге басшы болып,
Мәлікаждар бас болып келе жатыр.

Оларға Құдай берген таудай талап,
Келеді аз кісі көпке балап.

* Қазан төңкерісіне дейін араб әрпінде жарық көрген шығармалар.

Хабарын бір-біріне білдірместен,
Шаһарын Наушаруанның алды қамап.

- Әскер түсті шаһардың жандарына,
Жібермейді, ұрысты, жандарына.
«Алыстан жер қапсырып қол келді» деп,
60 Хабар берді Наушаруан хандарына.

Наушаруан хан есітіп састы дейді,
«Неге түнде шаһарымды басты» дейді.
«Оларға ұрлық қылған жөн бе екен?!» деп,
Бұ хабарды әскеріне шашты дейді.

—Жиылып, көңілі болса, келер,—деді,
Қор болып, бас көтерсе, өлер,—деді.
Әулие Пайғамбардың әулетіміз,
Тілімді алса, дініме кірер,—деді.

- Сол сөзге қаһары келді дейді,
70 Шаһарына хабарды берді дейді.
Неше жүз мың әскерін жиып алып,
Бөлек-бөлек һәр жерге қойды дейді.

Сансыз қол шаһарынан шықты дейді,
Көптігі бұ ғаламнан өтті [дейді].
Аяғына бір-бірінің қарамай-ақ
Бет-бетімен соғысып кетті дейді.

- Он екі мың палуан барды дейді,
Күрзі, семсер қолына алды дейді.
Мінәжат қылып Алладан тілеген соң,
80 Шаһар халқы таусылып қалды дейді.

Ұстап алып Наушаруан кесті басын,
Қырады байбаламдап кәрі-жасын.
«Қалғанымыз дініңізге кіреміз» деп,
Өзгесі аяғына қойды басын.

Құдайдың бұл ісіне шүкір қылып,
«Бұ шаһарды кетелік,—деп,—дінге салып,»
Мұнысын қабыл көрді батыр Мәлік,
Қырылмай кіргеннен соң тілін алып.

90 Мұсылман қылды дұшпанның қалаларын,
Көкірегінен шығарды сәналарын.
Наушаруанның бір ұлы, екі қызын,
Өлтірмей алып қалды балаларын.

Фарбоз деген бір ұлы сондай қатты,
Ұйреткелі келеді шарифатты.
Кіші қызы Шаһарбан сұлу екен,
Үлкен қызын сұрасаң Нәжміш екен.

Батыр Мәлік мінеді қаһарына,
Сәдуақастың кім шыдар заһарына.
Алтын, күміс, мал-жанын жиып алып,
100 Ырғап-жырғап жөнелді шаһарына.

Бүтін шаһар мұсылман болып қалды,
Сахабалар дәулетке толып қалды.
«Батырларың олжалы келеді» деп,
Хазіреті Омарға хабар барып қалды.

Сонда Омар қуанды судай тасып,
Тәңірім сондай һәрқашан берсін нәсіп.
Көңілі өскен батырлар әзілдесіп,
Шаһарға келіп жатыр елдей көшіп.

—Өз қолыңнан бөліп бер бізге,—дейді,
110 Таласар деп үмітің үзбе,—дейді.
Патша малын патшаға лайық көріп,
Патша малын шығардық сізге,—дейді.

Сонда Омар әділдікпенен бөліп берді,
Хүкіміне көндірді тамам елді.
Үш жүз түйе қазынаменен
Балаларын Омарға алып келді.

- Өліп кетті ата менен аналарың,
Соғысам деп таусылды қалаларың.
Соның бәрі тамұқтық жүһүд болды
120 Кел енді мұсылман бол, балаларым.

Мұны қабыл көрмеді Фарбоз бала,
Жаны жүһүд болған соң не-дүр шара.
Патшамыз «дарға ас!» деп бұйрық қылды,
Солайынан еткізді Алла Тағала.

Насихатын айтады тілін безеп,
Жұрты көнбей қалған жоқ бойын түзеп.
«Енді, қызым, мұсылман болыңыз» деп,
Шаһарбан мен Нәжмішке келді кезек.

- Атаң сенің соғысқан жұртын жиып,
130 Құдай үшін өлмеді жанын қиып.
Сіз де солай боларсыз, балаларым,
Екі қыздың тұрады іші күйіп.

Бол десе де мұсылман болмайды енді,
«Бізді неге қинайды» деп жылайды енді.
Көз алдында ағасын өлтірсе де,
Сөзін қабыл Омардың қылмайды енді.

- Екі қыздан Омардың сағы сынды,
Көп дұшпанды мұқатып көңілі тынды.
«Қыз басымен сағымды сындырды» деп,
140 Жендерттерге «дарға ас» деп бұйрық қылды.

Дарға асарға жендеттер жөнеледі,
Бара жатып бір жерде бөгеледі.
Сұлуды көзі қимай келе жатса,
Алдынан хазіреті Әли кез келеді.

—Бұлардың көңілі толған уайымменен,
Айрылған бірге жүрген жолдасынан.
Әйелдердің басында не күнә бар,
Бұларды дарға асасың қалайынан?

—Біз де қиын десеміз қыздың ісін,
150 Тоқтатуға келмейді менің күшім,
Патшамыз «дарға ас!» деп бұйрық қылды.
Біз де қимай келеміз оның үшін.

—Сендер аял қылыңыз енді,—дейді,
Мен разы болайын саған,—дейді.
Мен барсам қалай шамам келмес екен,
Ренжімей тұрыңыз, балам,—дейді.

Сонда қыздар қаранып қалды дейді,
Әли Хайдар Омарға барды дейді.
«Ақылменен мұсылман қылсаңшы» деп,
160 Толы ақыл Омарға салды дейді.

—Ақылменен айтсаңшы балаңызға,
Қыздардың қанын жүктеп қаламыз ба.
Ақылменен шарифат үйретің деп,
Айталық Үммусәлім анамызға.

Әлидің өзі батыр, ақылы бар,
Арыслан деп ат қойды Құдай жар.
Үммусәлім дейтұғын дана кісі,
Пайғамбардың бір алған қатыны бар.

«Омар, тапсыр бұл сөзді маған» дейді,
170 «Қыздар, маған еріңдер, балам» дейді.
Ертіп алып қыздарға ақыл айтты,
«Мен бір ана табайын саған» дейді.

Ер Әли сөз үйретті баласына:
—Қыздар, иә, менім тілім аласың ба?
«Менім тілім алсаңыз—арымассыз» деп,
Ертіп алып келеді анасына.

—Екі қызды алып келдім, анам,—деді,
Әлі дінге кірмеген надан,—деді.
Өзіңе деуші еді бабам,—деді,
180 Дін үйретсең сауап қой саған,—деді.

Өлім бар, тамұқ бар деп үйрете көр,
Бұрынғы өткендерді тербете көр.
Омардың қаһарынан айырып алдым,
Әдеппенен шарифат үйрете көр.

Қыздар шоқ келеді анасына,
Қарашы ақылының данасына.
Өзі әулие кісі екен кереметті,
Дін үйрете бастады баласына.

Сонда қыздар иманға келді дейді,
190 Енді исламның асылын білді дейді.
Ақылменен сөз айтып қорқытқан соң,
Кешікпей-ақ дініне кірді дейді.

Енді екі қыз мұсылман болып қалды,
Иман келіп кеудеге толып қалды.
«Екі қызың мұсылман болды ғой» деп,
Хазіреті Омарға хабар барып қалды.

Ана сөзі балаға болды тары,
Судай тасып қуанды жұрттың бөрі.
«Әли себеп бұл қызға болды ғой» деп,
200 Қайран қалған секілді жұрттың бөрі.

—Сөзің қабыл болды ғой, Әли,—дейді,
Кереметің бар екен, бөлі,—дейді.
«Ерге ти» деп айта көр қызыңызға,
Батырларың қуансын бөрі,—дейді.

Әбубәкір баласы Махмұд атты,
Аттанарға дұшпанға уақыт жетті.
«Махмұдқа барыңыз, тиіңіз» деп,
Әли қызға хабарды салды дейді:

«Балам менің тілімді алсын,— дейді,
210 Біреуі Махмұдқа тисін,—дейді.
Берейін Махмұдқа некаһ қылып,
Дұшпандарға мақтанып барсын» дейді.

Әли үйірді Омардың жауабына,
Мен қалайын қыздардың сауабына.
«Махмұдқа біреуін қоса көр» деп,
Анасының айтыпты құлағына.

Омар ұрыс қылдырған дұшпанменен,
Ақылдасып Махмұдтай батырменен.
«Махмұдқа біреуіңіз тиіңіз» де[п],
220 Қыздарға айтты анасы ақылменен.

Ренжіді Омардың сөздеріне,
Қайғы түсті қыздардың өздеріне.
«Ер іздей тұрған біздерде күй бар ма?» деп,
Екі сұлу жас алды көздеріне.

—Омар жұртты мұсылман қылған,—деді,
Пайғамбардың төрт жары сүйген,—деді.
Кімде-кім Омардың сөзінен шықса,
Пайғамбардың сөзінен шығар,—деді.

Достық қылып айтамын саған,—деді,
230 Қабыл көрмей жүргендер надан,—деді.
Омар менен Пайғамбардың сөзінен шықсаң,
Күнәһар боларсыз ғой, балам,—деді.

Пайғамбардың күйеуі Әли Арыслан,
Фатимамен екеуін Құдай қосқан.
Әйелге жұфұт болмақ сүннет екен,
Адам жоқ Фатимадан құрметі асқан.

—Құдай салды, Омарға жалынамыз,
Сөзден шығып тәубеден жаңыламыз.
Бұрынғыдай салтанат киім бар ма,
240 Жетім жүріп ер іздеп не қыламыз.

Сөй деген соң Омарға хабар барды,
Қыздың сөзін падиша қабыл алды.
«Олай болса, киім менен тамақ бер» деп,
Бұйырып Сәдуақасқа хабар салды.

Түрлі тамақ береді астарына,
Өзі келді Омардың қастарына.
Қазынадан һәртүрлі киім алып,
Алтын тәжін кидірді бастарына.

—Қыздарың бұ киімді кисін,—деді,
250 Жоқ болса да, бар болар білсін,—деді.
Шығарсын көңілінен қайғыларын,
Біреуі Махмұдқа тисін,—деді.

Сонда қыздар қуанып қалды дейді.
Қабыл көріп қуанып алды дейді.
«Малсыз, жансыз күйеуді қайтеміз» деп,
«Омарда тілегіміз бар-ды» дейді.

—Балам, саған берейін мен де бата,
Көп қайғырып болмас-ты, сөзің қата.
Тілегіміз Омарда бар-дүр десең,
260 Қандай нәрсе сұрайсың атын ата.

—Омар жұрттың көтерер بازیнасын,
Әділ қылып жаратқан жалғыз басын.
Наушаруан атамның мүкәммалын,
Бізге бұйрық қылсашы қазынасын.

Үш жүз түйе атамның малын берсін,
Жетімдердің тілегін қабыл көрсін.
Махмұдты біреуіміз қабыл көрдік,
Сонан соң біреуімізге таңдау салсын.

Бұ сөз тиді Омардың құлағына,
270 Жұрт таң қалды ол қыздың жауабына.
Жетімдердің тілеуін қабыл көрді,
Өз малдарын өзінен аясын ба.

Наушаруанның малы бар үш жүз түйе,
Данышпан қылып жаратқан Жаппар Ие.
«Көңілі сүйген біреуге қармақ салсын,
Мен ерлерім жияйын жүйе-жүйе».

Үш жүз түйе қазына малын алды,
Шапшаңынан екі қыз байып қалды.
«Махмұдқа біреуіміз тиеміз» деп,
280 Жылы хабар Омарға барып қалды.

Нәжміш жүр Махмұдқа ғашық болып,
Оспан қосты екеуін некаһ қылып.
Хазіреті Омар беріпті оң батасын,
Отыз үш мың асхабтан таңдасын деп.

Шаһарбанға ой берді Алла Тағала,
Ғашықтық кірді Омардай падишаға.
«Өзім бас боп алдынан өтейін» деп,
Хазіреті Омар шығыпты сахараға.

Үш жүз мыңнан жиылды сахараға,
290 Сол қызға қызықтырды Алла Тағала.
«Кезекпенен ерлерім таңдасын» деп,
Анасы менен қыз шықты сахараға.

Ішінде Омар, Оспан, Әли де бар,
Жастары да көп ішінде, кәрі де бар.
Ер Әлидің он сегіз баласы бар,
Асхабтардың ұғлының бәрі де бар.

Қарсы алдында жүр еді батырлары,
Шаһарбанның артық-ты ақылдары.
Ол қыздың ақылына қайран қалып,
300 Жиылған сахабаның қатындары.

Көп халайық келеді алдарына,
Мал айтып келеді Хақ жолына.
Қайсымызға бұ нәсіп болады деп,
Ерлер қарсы келеді алдарына.

Падишалық киімін киіп алды,
Арғымағын астына мініп алды.
Хазіреті Омар алдынан өте берді,
Шаһарбан «бұ кім?» деп көзін салды.

Үмітім бар асхабтың сірәсінан,
310 Ескі емес қартайған, жаңасынан.
«Патшадай салтанатты бұ кім-ді?» деп,
Шаһарбан сұрайды анасынан.

— Мұны саған сөйлесін анаң, — деді,
Сырын баян қылайын саған, — деді.
Он сегіз мың ғаламның сырын ашқан,
Әділ Омар падиша, балам, — деді.

— Әділдігі ғаламға барған, — деді,
Уағдалы кісі, емес жалған, — деді.
Сүйегіме тамғаны салған, — деді,
320 Қор қылып шаһарымды алған, — деді.

Шаһарбанның ақылы жұрттан асқан,
Бұ сөзбенен Омардың көңілін басқан.
Тақсыр Омар сол сөзбенен өтіп кетті,
Артынан ер келеді хазіреті Оспан.

— Сәлде салған кім еді бастарына,
Ақсақалдар ұсынбай ма жастарына.
Қартайғанда қыз іздеп не қылады?
Көрінің қыз бара ма қастарына.

— Шаһариардың біреуі молда Оспан,
330 Ғалымдығы сұрасаң жұрттан асқан.
Құранда нұр иесі деп аталады,
Пайғамбар екі қызын бірдей қосқан.

— Әй, ана, таң қаламын жауабыңа,
Мақтап хасыл боласың сауабына.
Қатынға анда-санда жатады деп,
Тақуа деп жетеді құлағыма.

Мұныменен өтіп кетті хазіреті Оспан,
Артынан ер келеді Әли Арыслан.
Ұжмақтан пайда болған зұлпықары,
340 Дүлдүлі бар айшылықты алты басқан.

Әлиді артық қылған бір Құдай-ды,
Көрді дағы Әлиді қыз сынайды.
«Нұры көкке тірелген кім еді?» деп,
Анасынан сонда қыз сөз сұрайды.

—Пайғамбардың сүйікті данышпаны,
Әлсіздерге һәр жерде әл болғаны.
Пайғамбардың Фатима қызын алған,
Бұ шер Әли, Алланың Арысланы.

—Әли екенін танып едім келбетінен,
350 Артық кісі Пайғамбар үмбетінен.
—Пайғамбардың жалғыз қызы Фатимаға
Күндес боп барамын не бетімменен.

Оныменен өтіп кетті Әли батыр,
Фатима үшін сұлудан қалды ғапыл.
Ғараб деген шаһардың падишасы,
Мәлікаждар артынан келе жатыр.

—Бастаған бір жолға Алла Тағалам,
Барлық сырым белгілі, Тәңірім, саған.
Падиша салтанатты адам екен,
360 Мұның сырын баян қыл, анам, маған.

—Жер жүзіне шықпаған жаман аты,
Омардан кейін емес салтанаты.
Ғараб деген шаһардың падишасы,
Мәлікаждар болады мұның аты.

—Аса мақтап жеткіздің бауырыңызды,
Жас тұрғанда мақтайсың көріңізді.
Омардың жарлығыменен жұртын жиып,
Бұ да ойран қылғандай шаһарымызды.

Үлкендерден Шаһарбан тартады бас,
370 Қандай адам шығады бұған жолдас.
Оқышылардың бөрінен артық туған,
Артынан ер келеді Сәдуақас.

Бұ себептен Шаһарбан тапты сауап,
Пайғамбардың қабіріне қылған тәуап.
«Атқа еңкейіп отырған неткен жан?» деп,
Анасынан сонда қыз сұрды жауап.

—Төрт жардан соң асхабтың бәрі де жас,
Шек келтірсең жаныңа қыласың қас.
Он сегіз мың ғаламның бәрін кезген,
380 Бұ Әлидің жолдасы Сәдуақас.

Анаға тік тиді ме қыздың сөзі,
Жақпайды жастықпенен қыз мінезі.
—Атқа еңкейіп отырған ақсақал-ды,
Бейнет көрген кісі екен мұның өзі.

Бұ сөзді ките қылды Сәдуақасқа,
«Олар өтті кім шығар маған жолдасқа?»
Сәдуақас бұ халменен өтіп кетті,
Енді нәубет келеді өңкей жасқа.

Асхабтың бәрі келді бойын түзеп,
390 Адам бармай қалған жоқ бойын тежеп.
Бір Әлидің он сегіз баласы бар,
Асхабтардың ұғлына келді кезек.
Өңкей жастар келеді тұлпар мініп,
Қайсымызға тиер деп көзі қиып.
Бір-біріне қиыспай тамам жігіт,
Төбелесіп сол жерде салды бүлік.

«Қайдан қалдық бұ қызға қызғылықты?»
Бір-бірінен қорықпай бәрі мықты.
Омар, Оспан, Әлиге хабар барды,
400 «Жастардың арасынан ұрыс шықты».

—Бір-бірімізден бір қыз үшін түңілмелік,
Бар еді ұятымыз мың теңгелік.
Үлкендер естісе ұят болар,
Баршамыз падишаға жүгінелік.

Бәрі де мұны қабыл көрді дейді,
Жүгінгелі патшаға барды дейді.
— Бұрын жүру біздерге қиын болды,
Бұған төре беріңіз, тақсыр, — дейді.

— Сіз түгіл біз де бардық бойды түзеп,
410 Адам бармай қалған жоқ бойын тежеп.
Бәрің ағаң алдыңда Хасан жүрсін,
Сонан соң жүре берің кезек-кезек.

Таласарсыз мәнісін білмей, — дейді,
Қаларсыз ба дүниеде өлмей, — дейді.
Бәрің ағаң алдыңда Хасан жүрсін,
Иазид пенен Хүсейін жүрсін, — дейді.

Жанжал қылып жүрмеңдер, балаларым,
Құдай білер сүйінгенменен кім аларын.
Елден бұрын алдыңда Хасан жүрсін,
420 Үлкенің жүре бер, балаларым.

Қарсы алдынан жүреді Хасан батыр,
Ербір сөзі Хасанның балдай татыр.
Ербір түрлі қаруын жарқыратып,
Арғымағын секіртеп келе жатыр.

— Ай секілді кім еді, анам? — деді,
Тағат қылмай барады балаң, — деді.
Бір тағатым қалмайын есім кетті,
Шапшаң маған баян қыл, анам, — деді.

— «Хасаным» деп Пайғамбар сүйер, — деді,
430 Сүйген кісі бұларға тиер, — деді.
Фатиманың тұла бойы тұңғышы еді,
Тәңірім досты Пайғамбар жиені еді.

Көріп-дүр қыз Хасанның салтанатын,
Жалғыз өзі алыпты үш жүз қатын.
«Көп күндестің күйігін тартсам дағы,
Қызықсам да қалмайды тоқал атым».

Батырларға батып тұр қыздың назы,
Қатарласып келеді Хүсейін ғазы.
Үлкендерден бұ нәубет өтіп кетті,
440 Хүсейін бірлән келеді Иазид өзі.

Хүсейін ғазы Иазид пенен барды дейді,
Сұлу көзін бұларға салды дейді.
Қызға жақын жеткенде қаза болып,
Аты сүрініп Иазидтің қалды дейді.

Иазид аты жығылды омақасып,
Бозбалалар күлкіге қалды батып.
Сонда қыз Хүсейінге көзін салды,
Ғашық қылды бір Тәңірім таңырқатып.

— Хүсейіннің таң қалдым қылығына,
450 Қыздан жақсы қылығы, сыйлығына.
Тезірек баян қыл, анам, маған,
Ұрмақ исі кіреді мұрыныма.

Жаман кісі жақсыға таласыпты,
Таласам деп қор болып басы кетті.
Ғашықтық кіріп кетті көңіліме,
Бір тағатым қалмайын есім кетті.

Құдайым Пайғамбарға болған қорған,
Суретін ол кісінің нұрдан қылған.
Әли менен Фатиманың сүйер ұғлы,
460 Сол екі асыл заттан пайда болған.

— Бұған ғашық болдың ба, балам? — деді,
Тағдырда жазған шығар саған, — деді.
Пайғамбардың жиеніне тиген жанға,
Әууәл минге тамұқ оты харам, — деді.

Сонда қыз Шаһарбан састы дейді,
Құдай оны Махфузда қосты дейді.
Қыздың іші қайғысыз нұрға толып,
Жуан табақ жауһарды шапты дейді.

- 470 Шаһарбан Хүсейінге шашу шашты,
Сүйгеніне Құдайым өзі қосты.
Хүсейінге шашқанын көргеннен соң,
Иазидтің ыза болып құты қашты.
- Ей, балам, ақылың асты тірі жаннан,
Сонда қыз бетін басты ұялғаннан.
«Мүбәрак болсын, балам» —деп дұға қылды,
Анасы қасындағы қуанғаннан.
- Қайтып келді төрт жар менен батырлары,
Кәміл екен ол қыздың ақылдары.
Фатиманы жад етіп көп жылады,
480 Қасындағы асхабтың қатындары.
- Сонда Омар патшаға хабар барды,
«Хүсейінді Шаһарбан сүйді» деді.
Пайғамбардың құрметтеп жұрағатын,
Қасына аттан түсіп жаяу келді.
- Қуанғанға төрт жардың көз жетпейді,
Хүсейіннің атын Омар жетелейді.
Құдай берді біздерге бұ дәулетті,
Мұхаммед Мұстафаны құрмет етті.
- Сонда жұрт Пайғамбарды есіне алды,
490 Пайғамбар болмады деп қайғыланды.
Мұхаммед-Ханафия Хасан менен
Омардан Хүсейіннің атын алды.
- Жұрт жиылды Хүсейіннің қастарына,
Тәңірім ғұмыр берсін жастарына.
Алтын таққа мінгізіп Шаһарбанды,
Омар, Оспан көтерді бастарына.
- Тақ көтерді Омар менен Оспан молда,
Әли Хайдар қуанып келді сонда.
Бір қызды төрт жарға құрметтеткен,
500 Бір хабиби досты үшін жалғыз Алла.

Әлидің төрт баласы жетіп келді,
Төрт жарлардың қолынан атын алды.
Олар қызды көтеріп бастарына,
Әли Арыслан үйіне алып барды.

Қызды көріп жылайды тамам қатын,
Құрметтеп Пайғамбардың жұрағатын.
Фатима тірі болса қайтер еді,
Бұ тойдың қылар еді салтанатын.

Сонда Әли жұрт жиып қылды тойды,
510 Киіт жауып сыйлады тамам биді.
Бұ тойда тамам асхаб көп жиылды,
Сол жерде хазірет Оспан некаһ қылды.

Бір алтынды үйі бар Арысланның,
Басын жойған кісі екен көп дұшпанның.
Шаһарбанға шақырып сөзін берді,
Ошал үйге қояды данышпанын.

Бұ қызықтан кетпейді жас пен көрі,
Мал-жаннан түңілді жұрттың бөрі.
Фатима, Пайғамбардың құрметі үшін,
520 Он күндей той қылады Арыслан Әли.

Сонда Әли қуанып судай тасқан,
Фатима есіне түсіп көп жылаған.
Пайғамбар, Фатиманың құрметі үшін,
Аямай барлық малын судай шашқан.

Алтынды үйде ол екеуі үш күн жатқан,
Бір-бірінен бұйрықты дәмін татқан.
«Іздеген жоқ біздерге кез келді» деп,
Хасанға Хүсейін батыр хатты жазған.

Хасан бір күн мешітке барған екен,
530 Көп кітапқа көздерін салған екен.
Бұ шаһарға бір сұлу келеді деп,
Оның үшін көп қатын алған екен.

Сонда Хасан бекітті өнебойын,
Өзі бас болып қылдырды ойын-тойын.
Ұжмақ есігі ашылды Шаһарбанға,
Құдай артық жаратқан ақыл ойын.

Жұрт тарқады Әлидің тойын жиып,
Бұ қызға Құдай берген артық нәсіп.
Әлидің баласына тиген үшін,
540 Қызға сегіз ұжмақтан есік ашық.

Наушаруанға Мәліктің барған жері,
Хүсейін Шаһарбанды алған жері.
Үш жүз алпыс қатынды бұрын алып,
Хасанның сұлудан қалған жері.

Сонда да қыз кеткен жоқ бөтен жаққа,
Хүсейін[мен] бірге мініпті алтын таққа.
Біз Құданың достарын ауызға алдық,
Дұға қылып қойыңыз әруаққа.

Сөйлейді һәрбір адам көрген жерін,
550 Һәр жерде тамаша етіп жүрген жерін.
Асығып бұ қиссаны жаза салдым,
Түзетің ойыңызбенен қалған жерін.

«Молдеке, қисса сөзін қойма,— деген,
Һәр жерден дұға тілеп тойма» деген.
«Тауфиқ бер» деп сонда да дұға қылың,
Ғайып дұға мұстажап болар деген.

Бар ма екен бұ дүниеде мендей болған,
Надандықтан кеудеме қайғы толған.
Оқу оқып, дін күтіп жатсам нетті,
560 Мәнжірдің медресесі жерім тұрған.

—Әй, бейшара қиссаны не қыларсың,
Соныңменен оқудан жаңыларсың.
Қойсаңшы, қисса сенің неңді алған,
Соң күні оқуыңды сағынарсың.

Өзіңнің медресе екен тұрған жерің,
Бұлай болса жақсы емес сенің түрің.
Екенсің мақсұтыңды хасыл қылған,
Толып жатыр һәр жерде өлең, жырың.

Мұнан соң сөкпеңіз, жарандарым,
570 Һәр жерге мағлұм болды өлеңдерім.
Жарамаса қояйын бұ күннен соң,
Әуре болып не қылам, жарандарым.

Өзімнің енді жасым қырық жеті,
Туғаным мың сегіз жүз отыз төрт-ті.
Мешін жылы мен өзім туған екем,
576 Числосы туғанымның асад* деді.

* Арыстан шоқ жұлдызында туылған.

جهودننك بالاسى پيغمبركا عشق بولغانى

Жүһүдтің баласы пайғамбарға ғашық болғаны

Әуелі сөз бастайын «аузубилла»,
Мұхаммед Құдай досты, Хабиб Алла.
Шерменде күнәһі көп біз бір жазған,
Иә, Мұхаммед Мұстафа, өзің қолда.

Дұғада сөз бастаймын «бисмилла» деп,
Жаратқан барша жанды «Құдайым» деп.
Намаз бенен рузаға біз салақпыз,
Бейшарамыз бір жүрген, күнәміз көп.

10 Әуелі жаратыпты досты нұрын,
Ғеш нәрсе жаратқан жоқ онан бұрын.
Мұхаммед Мұстафадан сөз бастаймын,
Шерменде күнәһі көп біз бір құлың.

Бұйрық қылды Құдайым бес намазын,
Әуелі жаратыпты досты нұрын.
Азырақ құлақ салып тыңдасаңыз,
Айтайын көпір жүһүд бір баласын.

Бір күні көпір жүһүд оқыр кітап,
Баласы жеті жасар отыр тыңдап.
Бір жерден Мұхаммедтің аты шықты,
20 Сұрайды:—Ей, жан баба, осы кім?—деп.

—Ей, балам, не қыласың бұ бір жауды,
Сиқырлап жердің жүзін бұл жүреді.

Қылған ісі сиқырлық жадулық пенен,
Бізге дұшпан болады мұның өзі.

Кәпір жүһүд қолына қалам алды,
Жазылған Мұхаммедтің атын жойды.
Болғанда екінші күн кәпір жүһүд,
Оқыпты қолына алып ол Тауратты.

- Баласы атасының қасында отыра,
30 Мұхаммед аты тағы жазулы тұра.
Ол бала атасына сөз айтады:
—Ей, ата, бұзғансың бұл атты, ақымақ-дүр.

Бұл атты және бұздың қалам алып,
Бұ тағы жазылып тұр өзіндей боп.
«Мұхаммед» деп көзінің жасын төкті,
Атасы қарап отыр ұғлын көріп.

- Кәпір жүһүд қолына пышақ алды,
Тағы да Мұхаммедтің атын бұзды.
Үшінші күн болғанда кәпір жүһүд,
40 Қолына алып оқыды ол Тауратты.

Атасының жас бала қасында отыр,
Мұхаммедтің аты тағы жазулы тұр.
Алтынменен жазғанын көргеннен соң,
Қайтерін неш білмейін қарап отыр.

Ол бала Мұхаммедтің атын көрді,
Сол жерде есін білмей талып қалды.
Түрегеліп айтады:—Ақымақ бабам,
Құдайым артық қылған адам,—деді.

- Ей, ата, осы атты айтшы маған,
50 Бұл атты іздеп таппай, сірө, тынбан.
Жанымды үшбу атқа құрбан қылдым,
Жемеймін тіпті, сірө, енді тағам.

Ол бала «Мұхаммед» деп зар жылайды,
«Көрмесем Мұхаммедті өлем» дейді.
Мұхаммедтің атына ғашық болып,
Ол бала «Дүния маған харам» дейді.

Ұғлы неге ант ішкенін білді дейді,
Ол бала «Мұхаммед» деп жылайды енді.
Баласының тоқтамасын білгеннен соң,
60 Бекітіп аяғына кісен салды [дейді].

Байлаулы жалғыз үйде бала жатты,
Айтқан сөзі аузында Мұхаммед-ті.
«Ғашық қылдың Мұхаммедке Жаппар Құдай,
Мені сен бұл көпірден құтқар» деді.

Ол бала жылап енді көзін ашты,
Аяғынан кісені түсіп қапты.
Қарап тұрса, есігі ашулы тұр,
Ол бала қаранғыдан шыға қашты.

Ол бала айдалаға шығып кетті,
70 Көруге Мұхаммедті ашық бопты.
Барады қарайғанды Мұхаммед деп,
Жас бала жөнін білмей жүгіреді.

Құдайдың кімге жетпес құдіреті,
Пайғамбар бізге қылған шапағатты.
Бірталай керуендер келе жатса,
Жүгірген жас баланы тауып алды.

Жалаң бас, жалаң аяқ бір жас бала,
Жүгірген олай-бұлай бұ бірдеңе.
Көзінен қан, жас ағып ол жылайды,
80 Керуендер мұны көріп қалды таңға.

Жалаң бас, жалаң аяқ жүгіреді,
Үш күн, үш түн ол бала ас ішпейді.
Аузынан көбік ағып, айқай салып,
Айтады тоқтамастан Мұхаммедті.

Керуендер сөз сұрайды жас баладан.
— Жүгіріп жап-жалаңаш жүрсің қайдан?
Аузыңнан көбік ағып көзің жасты,
Сен өзің Мұхаммедті не қыласың?

— Мұхаммедке ғашық болған бейшарамын,
90 Бар болса, Мұхаммедті көрсем деймін.
Мен үйімнен шыққалы үш күн болды,
Аузыма бір қасықтай дәм салмаймын.

Жөндерін қайдан шыққан сұрап алды,
«Мұхаммед» деп зар қылып жылайды енді.
Ашықтығын Мұхаммедке білгеннен соң,
Алдына жас баланың тағам қойды.

— Айрылған ата-анамнан жас баламын,
Жөнімді балалықпен біле алмаймын.
Көргенше Мұхаммедті ант ішкенмін,
100 Өлсем де бір қасықтай дәм салмаймын.

Айтады жас балаға керуендер:
— Мұхаммедтің шаһары жеті күн-дүр.
Қаларсың ас ішпесең орта жолда,
Ей, балам, жете алмассың жол ұзын-дүр.

Жас бала сөйдеген соң зар жылайды,
Не дерін балалықпен біле алмайды:
— Мұхаммедті көргенше ант ішкенмін,
Жан шықпас ажал жетпей тәуекел-ді.

Сонан соң керуендер жүрді дейді,
110 «Түйеге, ей, жас бала мінші» дейді.
— Атсыз жаяу іздейтұғын уәде бар,
Жолыма кесел болар маған, — дейді.

Бұ сөзге керуендер бөгеледі,
Түйесіз тоқтамастан жөнеледі.
«Расул Алла Мұхаммед медет бер» деп,
Соңынан керуеннің жаяу жүрді.

Ол керуен жеті күн жүрді дейді,
Ол арада жас бала зар жылайды.
Жетінші күн болғанда керуендер,
120 Қасына Мәдиненің келіп қонды.

—Ей, балам, Мәдинеге келдік,—дейді,
Шаһары Мұхаммедтің осы,—дейді.
Қонамыз бүгінгі күн осы жерге,
Кіреміз ертеменен елге,—дейді.

Ол бала сөйдеген соң зары қылды,
«Шаһарға бүгін мені апар» дейді.
—Кеудемнен шыбын жаным шығып кетсе,
Көре алмай Мұхаммедті қалам,—дейді.

Қарашы, ол жүһүдтің жас баласын,
130 Ғашық болып Мұхаммедке қылған ісін.
Ойыңа Мұхаммедті бір алмайсың,
Дүниеде қой-қозым деп шу жанасың.

Жемейді әлі тағам, ойында жоқ,
Айтқанда Мұхаммедті көңіліне тоқ.
Жөнелді Мұхаммедтің шаһарына,
Ойламас Мұхаммедті ақылы жоқ.

Керуендер баланы қоя берді,
Көрсетті Құдайым һәр бір жөнді.
Жүгіріп жалғыз бала келе жатып,
140 Күзетші[сі] Мұхаммедтің кез келеді.

Ол бала күзетшіге сәлем берді,
Көрген соң «Мұхаммед» деп жүгіреді.
Білмейді ғашықтықпен ол жас бала,
Кім көрінсе, Мұхаммед осы дейді.

Кім кірер оныменен барып көрге,
Бұл дүние ақыр бір күн желге.
Жігіттер, білсең керек шариятты,
Ашық болды ол бала біздің дінге.

Жаратқан өз нұрынан Мұхаммедті,
150 Күзетшіге қара басын құрбан етті.
Баланың зар қақсаған дауысынан,
Жығылып ат үстінен талып қалды.

Көтерді бала жылап оның басын,
Көзінен ағызады қанды жасын.
Жүгірді ассыз, сусыз айдалаға,
Бала іздейді Айубтың жан-жолдасын.

«Аһ» ұрады ауызы да, көзі жасты,
Бір уақыт күзетші көзін ашты.
Боздайды ботадайын түрегеліп,
160 Бұл енді жалғыз тұрып енді састы.

Алланың құдіретіне кім көнбейді,
Пендесін өзі сүйген «құлым» дейді.
Мұхаммед өткеніне үш күн болды,
Жігіттер, есітіңдер мынау сөзді.

Күзетші ол балаға сырын айтпас:
— Балам-ау, Мұхаммедтей біздер емес.
Көңілін аулап алдайды ол баланы,
Қайғысы Мұхаммедтің естен кетпес.

Мұхаммед бұ дүниеден өтіп еді,
170 Қолынан жас баланың жетелейді.
«Мұхаммедтің үйіне апарам» деп,
Мешітке жетелеп алып келді.

— Ей, балам, осы жерде тұршы, — деді,
Кірейін мен үйіне енді дейді.
«Мұхаммедті үйінен шығарам» деп,
Баланы алдап тысқа қойып кірді.

Мешітке кіріп келді сәлем беріп,
— Алдап келдім баланы шығайын деп.
Бір жас бала, жарандар, тысқарыда тұра,
180 Келіпті Мұхаммедті көрейін деп.

Жүһүдтің ғашық болған жас баласы,
Төгеді «Мұхаммед» деп көзден жасы.
Жеті күн өзі жаяу, ас ішпеген,
Зар қылады, «Мұхаммед» — айтқан сөзі.

Һәр іске Құдайым өзі салған,
Бұл бала Мұхаммедке ғашық болған.
Жарандар, енді бұған не айтарсыз,
Зар қылып «кіремін» деп жылап тұрған.

190 Мұхаммед үш күн болды дүние салды,
Опасыз бұ дүниядан кімдер қалды.
Қайғысы Мұхаммедтің еске түсті,
Отырған сахабалар сандалады.

Һеш бірісі сахабаның төзе алмайды,
Көз жасын жамағаттар тыя алмайды.
«Тысқарыдағы баланы әкелем» деп,
Шаһимардан Мұртаза түрегелді.

Әли тақсыр мешіттен шыға келді,
Ол бала сәлемін шапшаң берді.
Әлиді «Мұхаммед» деп құшақтайды,
200 Ол Әли шыдай алмай талып қалды.

Қайғысы Мұхаммедтің жанға батты,
Ол Әли шыдай алмай талып қапты.
Көзінен қан, жас ағып түрегелді,
Жетелеп ол мешітке алып келді.

Мешітке алып кірсе, Мұхаммед жоқ,
Не дерін біле алмайды жиылған көп.
Мұхаммедтің балалары құшақтайды,
«Айрылған атамыздан біз жетім» деп.

210 Ол бала мешітке келді, кірді дейді,
Өлгенін Мұхаммедтің білді дейді.
Жас бала «Мұхаммед» деп зарланғанда,
Төрт жар менен сахабалар талып қалды.

Ол бала «Мұхаммед» деп жылайды енді,
Көзінің жасын төгіп бұлайды енді.
«Ақ жүзін Пайғамбардың көрмедім» деп,
Төрт жар менен сахабадан сұрайды енді.

— Мұхаммед өтіп кетті бұ дүниядан,
Тағдыр жетті көрсетпей бір Құдайдан.
Көзіне бұ дүниеде көрінбеді,
220 Ақыретте көрмесе көрсін қайдан.

Мұхаммед аманатын берді дейді,
Ұрмақтан пырақ атын мінді дейді.
Ол бала «Мұхаммед» деп зар жылайды,
Сол күні бала дағы дүние салды.

Екі деп ойламаңыз, Құдай бір-ді,
Үшеу деп ойласаңыз күн мен айды.
Жігіттер, қағаз ұста, хатқа қара,
Жаратқан жаннан бұрын жалғыз нұрды.

Құдайым өзі жалғыз не-дүр шара,
230 Құдайым құдіретпенен бақи қала.
Намаз бенен рузаны біз күтпейміз,
Ғафу қыл күнәмізді, Хақ Тағала.

Мекені жерде де емес, көкте де емес,
Мекенін бір Алланың адам білмес.
Мекені сондай жерде деген адам,
Аллаға құл, Мұхаммедке үмбет емес.

Ұстағаным қолыма күміс қалам,
Күнәһім кешіре гөр, Алла Тағалам.
Қағазға енді жазып тамам болды,
240 Бітірдім бұ кітапты таммат-тамам.

Медреседе азырақ мен де тұрдым,
Екі жүз оқып тұрған бала көрдім.
Сақалым ағарғанша байғұс басым,
Екі ортада қаңғырып текке жүрдім.

Қырық беске менің енді жасым келген,
Ғаламдық һешнәрсе жоқ хасыл қылған.
«Не оқудан-шоқудан жоқ» деген сөз бар,
Со сөздің өзі маған тура келген.

Мәулекей бет алдына қуанады,
Білмейді ақырында не болады.
Диуананың қылғаны өңкей бекер,
252 Болар-болмас іспенен жұбанады.

قصه كوداك بالاننك حكاياتى

Қисса Көдек баланың Хикаяты

Бір күні жүһүд бір кітап оқыр,
Қасында жас баласы қарап отыр.
Жасырса да, баласы аңлай берді,
Жаққан соң құлағына тыңдай берді.
Жер мен көктің арасы нұрға толды,
«Атаке-ау, бұл не аят?» деп тыңдай берді.

- Өлденеше сұрады үшке дейін,
Сұраса да, айтпады түске дейін.
«Мұхаммед пайғамбарды жасырдың» деп,
10 Бала жатып жылады кешке дейін.

—Атаке, аят мағынасын айтшы бізге,
Жақсы дұға қылар ем атам сізге.
Атаке-ау, аят мағынасын айтпасаңыз,
Мен-ай лағып кетермін құла түзге.

—Білген кісі, ей балам әулие емес,
Нанған кісі әулие тіптен емес.
Кітапқа бір жәдігөй аты түскен,
Мағынасын менен басқа адам білмес.

- Мұхаммед пайғамбарды мен іздермін,
20 Екі көзің ағарып отыр атам.
Бала шыға жөнелді үйден тұра,
Баланы ұстай алды тұра қуа.
Баланы темір қорған үйге салды,
Қол аяғын кісендеп мықтап буа.

Баланың қол аяғын кісендеді,
Кетеді деп балаға инанбады.
Атасы мен анасына күш бермеді,
Және біреу келді де үшеуледі.

- 30 —Құдай-а, көзім жасын қабыл қылсаң,
Дем алмастан жылайын, аңырайын.
Ей, Құдай-а, біз құлға есігің аш,
Мендей ғаріп құлыңа рахматың шаш.
Құдай үшін жанымды қылдым құрбан,
Мұхаммедтің жолына байладым бас.

Әй, Құдай-а, ашшы маған есігіңді,
Есік ашсаң, көрер ем нәсібіңді.
Ақыреттен үмітуар болар едім,
Мұхаммедті бір көрсем, осы күні.

- 40 Ей, Құдай-а, күшті білдім құдіретіңді,
Өзің ғафу қылмасаң бұ дертіңді.
Құдай-а, бұ дертіме дәрмен берсең,
Та өлгенше қылар ем қызметіңді.

Құдайым Жәбірейілге қылды пәрмен,
Пәрменіне Құданың не-дүр дәрмен.
—Бар, Жәбірейіл, Көдектің қолын босат,
Көдегімді мен жақсы жарылқармын.

- 50 Уай, Жәбірейіл, бара көр Көдек ұғылға,
Мен рахматым салармын мұндақ құлға.
Бар, Жәбірейіл, Көдегімнің қолын босат,
Екі ортада бірдемеге обал қылма.

Құдайым Жәбірейілге жарлық етті,
Шапқан ат, атқан оқтан жылдам жетті.
Жәбірейіл аспаннан ұрып еді,
Темір үй талқан болып тарс-түрс кетті.

Үй қалды бұзылып, кісен сынды,
Ғаріп Көдек баланың көңілі тынды.

Үй бұзылып, кісені сынғаннан соң,
Құдайым рахматын салғанын бала білді.

- Үйден шығып лағып кетті бала,
60 Ел жоқ, күн жоқ беталды құла дала.
Бет алдына-ай лағып келе жатса,
Көрінді қарсы алдында бір шоқ қара.

Шоқ қара керуен екен Мекке жүрген,
Жылда барып саудасын ете жүрген.
Жақын емес, алыс жол Мекке жолы,
Бір жарым ай дегенде жете жүрген.

- Бір бала келе жатыр бебеу қағып,
Аузынан бурадайын көбік ағып.
«Елсіз, күнсіз далада немене» деп,
70 Керуендер таң қалып тұр оны бағып.

Жетіп келіп керуенге берді сәлем,
Керуен айтты:—Не болды жаным бала?
Өзің теңді балалар ойнасып жүр,
Жас басыңнан не салды Құдай Тағалаң.

—Жақсы айтасың бұ сөзді, ағаларым,
Ақсақал, қарасақал бабаларым.
Өзге бала ойнаса, ойнай берсін,
Мұхаммедтің жолында шықсын жаным.

- Бұл бала асық екен Мұхаммедке,
80 Түскендей асықтықтан мұндай дертке.
Қайыр қылсақ біздерге сауап болар,
Берелік аяқ лау біраз күнге.

Керуен тұра жөнелді түннен көшіп,
Бала жылап келеді жаннан кешіп.
Һәр қайсысы айтады «ас іш» десіп,
«Айналайын жарқыным ат мін» десіп.

- Мін деменіз көлікке, түс деменіз,
Сірә маған ас беріп «іш» деменіз.
Ас ішпесем қарным сірә ашпайды,
90 Жаяу жүрсем шаршаман, сіз білмейсіз.
- Аш, балам, жүре көр олай болсаң,
Не салғанын көрерсің қалай болсаң.
Һәр қашанда бізбенен бір барасың,
Қырық бес күндей бізбенен бірге қонсаң.
- Мен жас бала Меккеге барғаным жоқ,
Алыс-жақын болжауын алғаным жоқ.
Қырық бес күндік болмақтан, жүз күн болсын,
Осы жолда жан берсем арманым жоқ.
- Жеткізелік Мұхаммед әулиеңе,
100 Шыныңменен жылай бер жан иеңе.
Қырық бес күндік болады Мекке жолы,
Жүре алмассың, міне ғой бұ түйеңе.
- Айналайын жаратқан, Құдайым-ай,
Құдайыма жыламай тұрайынба-ай.
Қияметте Мұхаммед үмбет десе,
Бұ жалғанды басыма ұрайын ба.
- Жетіп келді Меккеге қырық бес күнде,
Бала асығып жылайды күндіз-түнде.
—Жан балам, асықпай тұр осы жерде,
110 Таң атқан соң барасың бізбен бірге.
- Мен келдім қырық бес күнде асық болып,
Қырық бес күндей сіздермен бірге қонып.
Іздеп келген Пайғамбар өліп кетсе,
Мен арманда болармын ішім толып.
- Мен келдім қырық бес күнде өліп-талып,
Қырық бес күндей сіздермен бірге қонып.
Іздеп келген Мұхаммед пайғамбарым
Өліп кетсе, қайтамын дүние салып.

- Бала асығып жөнелді шыдай алмай,
120 Керуен қалды отырып жылай-жылай.
Керуеннен ол бала былай шыға берсе,
Бір сахаба жолықты онан былай.

— Ей, атаке-ау, таң қаларсың сөзімізге,
Тым-ақ жақсы көріндің көзімізге.
Атаке-ау, есім шарифың кім болады,
Мен іздеген Пайғамбар өзіңіз бе?
— Үш күн болды Пайғамбар қасынан кетпейміз,
Бар еді Пайғамбарым көп кеңесі.

- Үш күн бұрын Пайғамбар өлген екен,
130 Сахабалар бөрі жиылып келген екен.
Хасан, Хүсейін—Пайғамбар перзенттері,
Молдаларға Құранын берген екен.

— Балам, осылай тұра тұр, мен қайтайын,
Мұхаммедтің шын үмбеті келіп тұр деп
сені айтайын.
Жырақ жерден келіп тұр бір бейшара,
Қырық бес күн болып тұр деп тағы айтайын.

- Сахаба қайтып келді көп ішінде,
Бір демге сыймады сөз ішіне.
140 «Сахаба бір сөзді есітті» деп,
Көптер қарап аңдады пішініне.

— Ей, сахаба, не аңладың тысқа шығып,
Ішіңнен не тыңдадың жалғыз бағып.
Бір нәрсеге көңілің бұзылыпты,
Аузың барып біздерге айта алмадың.

— Әлде қалай далаға шығып едім,
Келіп тұрған жас қана бала көрдім.
«Пайғамбар қайда?» деп жылай берді,
Көңілім қатты бұзылып мүсіркедім.

- 150 Сахаба айтты:—Ол бала өлмей қалмас,
«Қой жылама» дегеннің тілін алмас.
«Пайғамбарым қайда?» деп жылай берді,
Өлетұғын сияқты тірі қалмас.

Әли айтты:—Ол балаға мен барайын,
Үйге келсе, ертіп ап келейін.
Әлдекімнің баласы жылап өлсе,
Пайғамбардың соңынан мен де өлейін.

- Әли шықты, есіктен бала көрді,
«Пайғамбар» деп Әлиге сәлем берді.
160 —Жан балам, мен Пайғамбар емес,—деп,
Жас баланың қолынан жетеледі.

Баланы жетелеп алып үйге кірді,
Пайғамбарды өлді деп сендірді.
Ынтық болып келді де көре алмады,
«Айналайын Мұхаммед, ойбай» деді.

—Пайғамбарым, жүзіңді көрмей қалдым,
Жүзің көріп қолымды бермей қалдым.
Та өлгенше алдыңда қызмет қылып,
«Қияметте шапағат қыл» демей қалдым.

- 170 Пайғамбарым, көрмедім нұр жүзіңді,
Ынтық болдым бір басқан бір ізіңді.
Бұ дүниеде жүзіңді көрмесем де,
Қияметте маған сал бір көзіңді.

Ата-анамнан айрылдым сіздің үшін,
Үш күн тұрсаң нетеді менің үшін.
Іздеп келген Мұхаммед пайғамбарым,
Қайтейін Құдайымның қылған ісін.

- Ей, Құдай-а, ал менен аманатың,
Нетейін бұ дүнианың салтанатын.
180 Пайғамбарды көрмей қалдым деген сөзді,
Есіттірме һәр кімге мәлім етіп.

Жылай тұра жас бала түсті талып,
Басын сүйеп отырды Әли барып.
Құдайымның тағдыры солай болды,
Өтіп кетті жас бала дүние салып.

Өтіп кетті дүниеден қаза болып,
Сахабалар жыла деді ара қылып.
«Шариғаттың бұйрығы осылай» деп,
Шомылдырды баланы таза қылып.

- 190 Жаназасын оқысып көрге қойды,
Топырағы бұйырған жерге қойды.
Бала іздеп жүр еді, иман тапты,
«Еңбек қылсаң жетерсің» деген сөз-ді.

Хазірет Әли түс көрді үйіне барып,
Пайғамбарға жолықты бала ғаріп.
Түсінде Пайғамбарым үйір екен,
Ғаріп Көдек баланы қасына алып.

- Жігіттер, аңладың ба сөзім қандай?
Кім қалды Пайғамбардан бұрынғыдай.
200 Біз күмра пендеде ықылас жоқ,
Ықылас қылсақ табар ек біз де сондай.

Қиямет алыс емес, бұ күндей-ақ,
Қайырсыз мал, доңыздың түгіндей-ақ.
Біз күмра пендеде ықылас жоқ,
Ықылас қылсақ жетер ек жүгірмей-ақ.

- Мен шығарған сөз емес мұның өзі,
Бұрынғы бір ақынның айтқан сөзі.
Бұ да баспа болсын деп жаза салдым,
209 Жарандар, айып етпе енді бізді.

Қисса Гүлжәмила қыздың Хикаясы

Әлхамдулла, салауат Пайғамбарға,
Жүзін көрген шаһариар, асхабтарға.
Қанша жүз мың болса да табғинанлар,
Рахматулла аләйһи бас имамдарға.
Әр ісімді тапсырдым бір Аллаға,
Қабыл қыл тілімдегі хамду сөнам.

- Уассалауат уассалам Пайғамбарға,
Шапағат қыл сүннетің қылған жанға.
Әнбие, әулиеге сиынайын,
10 Медет қыл біздей асы күнәһарға.

Һәр елдің Дәуіт сынды ұстасы бар,
Өткен ердің өзі жоқ, нұсқасы бар.
Жарандар, құлақ салып тыңдасаңыз,
Гүлжәмила деген қыз қиссасы бар.

Мәулекей* шығарыпты бұрын мұны,
Оқысам еш сөзінің келмес жөні.
Қарасам сөздерінің қисыны жоқ,
Түсініп оқымады қазақ оны.

- Сонан соң түзеп жаздым «Жәмиланы»,
20 Қадірлі болады, ердің болса малы.
Ақымақ адам бұ сөзге құлақ салмас,
Жаратар кімде-кімдер болса халы.

* Мәулекей Жұмашұлы

Мәулекей жазған екен алпыс жаста,
Сөзінің қисыны жоқ басқа-басқа.
Қайтадан түзеп жаздым көре салып,
О дағы жазушы еді-ау бұрын жаста.

Жүсіпбек түзеп қойған қайта жазып,
Жаманға жақсы кісі болады азық.
Иә, Алла, біз шерменде асы құлың,
30 Өзің жолға салмасаң кеттім азып.

Жарандар, оқып көргіл жазған хатым,
Көерсіз молдалықтың шарапатын.
Бұрын өткен бір патша қызы менен
Жазайын бір жігіттің хикаятын.

Бұрын патша өтіпті бір заманда,
Кітапқа оның атын жазбаған ба.
Дейтұғын Гүлжәмила бір қызы бар,
Қарамай өскен екен неш адамға.

Айтайын, тыңдасаңыз, біраз кеңес,
40 Жүзін көрген адамдар тамақ жемес.
Өзі молда, әдепті, тақуа екен,
Асылы, бөтен жанды көрген емес.

Мұндай сопы болмайды қызда тіпті,
Өзі тақуа, әдепті, дінге мықты.
Жүзіне еш адамның қарамаған,
Қылыпты қыз да болса сопылықты.

Жаратқан осылайша бар Құдайым,
Сіздерге жақсы қылып тыңдатайын.
Данышпан екен бұ қыз өзі молда,
50 Айтайын біраз ғана оның жайын.

Осындай осы қызға ақыл берген,
Айттырып қанша, неше патша келген.
Атасы «бара ма?» деп сұратқанда,
Бұлайша атасына жауап берген.

Қызы жауап береді атасына,
Қараңыз ақылының данасына.
Атасы насихат қып көп сөз айтты,
«Барғын, — деп, — падишаның баласына».

Жауабы анасына қыздың берген:
60 «Ай, ана, жарамайды дүниеге ерген».
Жамағат, «қалай сөз» деп ойламаңыз,
Кітаптан осылайша көзім көрген.

—Мені, ата, бересіз бе малы көпке,
Мал мұқтаж болып тұр ма сіздей бекке.
Патшаның баласына қызықпаймын,
Теңімді тауып бермеу сізге айып па.

Мал үшін беремісіз, ата, мені,
Не үшін патша, бай қылды Тәңірім сені.
Дүниелік малыңыз бар бір басыңда,
70 Ей, ата, алданбаңыз, дүние—пәни.

Дүниенің опасы жоқ, сүйме оны,
Біздерден бұрын өткен адам қані?
Мал-мүлкің дүниелік өзіңде бар,
Сізді құрмет қылады жанның бөрі.

Бұрын да өткен неше падиша, хан,
Айтайын мен бір сөзді, ата, саған.
Мал үшін патшаларға мені берме,
Қызыққан бұ жалғанға болар жаман.

Сізге лайық—теңімді тауып бермек,
80 Надан кісі сайтанның тіліне ермек.
Ізгі пақыр, шапағатты ер табылса,
Маған уәжіп ол ердің халін білмек.

Маған лайық дін күткен, жақсы пақыр,
Ей, ата, болар бір күн заманақыр.
Мал жимас дінін күткен ерді тапқын,
Бұл қызың ахиретін ойлап жатыр.

Тергелер қияметте заман болса,
Ешкімнің керегі жоқ надан болса.
Өзі молда дүниені сүймейтұғын,
90 Бізге бір сондай пақыр адам болса.

Керегі болар бізге сондай ердің,
Падиша болып басын тұттың талай елдің.
Күнінен артық дүниелік жимайтұғын,
Өзі сопы адамды тауып бергін.

Патша мына сөзді ойына алды,
Қызының жауабына қайран қалды.
Алладан молда, сопы күйеу тілеп,
Шаһардағы адамға көзін салды.

Патша қуанады баласына,
100 Қыз да болса ақылы данасына.
Мұндай қай жерден табылар деп,
Падиша көзін салады қаласына.

Жақсы иман болса да бір Алладан,
Бұ дәулет еш адамға табылмаған.
Шаһарында бар екен үлкен мешіт,
Падиша бір күн өтеді сол арадан.

Биік тау, пері қонар бұлағына,
Қай пенде кәміл жетер сұрағына.
Мешіттің жанына патша келсе,
110 Жылаған дауыс келді құлағына,

Падиша естіген соң қалады таң.
Жанына тұра қалды мешіттің там,
«Жылайды бек зарланып бұл мешітте,—
Падиша ойлады,—бұл адам не қылған жан».

Патша артық тұрды бір сағаттан,
Зар қылып бір адам жылап жатқан.
Бұл неге жылайды деп тыңдап тұрса,
Бейшара қорқады екен жалғыз Хақтан.

- Құдайдан қорыққаннан жылайды екен,
120 Патша тұрып дауысын тыңдайды екен.
«Пайдалы ғылым, ізгі амал бер» деп,
Бейшара бір Алладан сұрайды екен.

Патша мұнда шақырды бір адамды,
«Алып кел, — деп жұмсады, — үйден шамды».
Ол адам барып шамды алып келді,
Шамын жағып мешітке патша кірді.

- Кірсе, жалғыз бір адам намаз оқып,
Қорқып тамам денесі тітіреді.
Бұл жігіт отыр екен намаз оқып,
130 Көңіліне бір Алланың атын тоқып.
Зікір таһлил Құдайға мінәжат қып,
Құдайдан жылайды екен жаман қорқып.

Оқып болып намазын сәлем берді,
Сәлемін патша тұрып әлік алды.
— Дауысыңыз мешіттен сыртқа шықты,
Не себептен жыладың, балам? — деді.

- Патша айтты: — Қай шаһар адамысыз,
Қайдан келдің, бір жаққа барамысыз?
Ата-анаң бар ма еді, қатын-балаң,
140 Егер сізге қыз берсем аламысыз?

Жігіт айтты: — Ей, патша, асыл задам,
Сізге айтайын сырымның бәрін тамам.
Барға — шүкір, жоққа — сабыр қылатұғын,
Жолықса алар едім ізгі адам.

Қыз болса, алар едім молда болса,
Іздегені сопылық жолда болса.
Бөтен жанға көңілін аудармайтын,
Құран менен кітап қолда болса.

- Тақсыр-ау, алар едім сондай қызды,
150 Айыпқа ала көрме құлыңызды.

Дүние жиып жалғанға алданбайтын,
Алар ем сопы болса қызыңызды.

Патша айтты:—Жалғыз қыз бар-дүр менде,
Жүрегімнің миуасы шыбын жанда.
Өзі молда, тақуа теңдесі жоқ,
Ұқсайсыз соған лайық, жаным, сен де.

Баламның дүниелікте еш көңілі жоқ,
Өзі тақуа, ас ішпей тамағы тоқ.
Айттырып неше патша келген еді,
160 Қызым разы болмады, бергенім жоқ.

Ол қызым ұнатпайды надан жанды,
Қанша көп берсе дағы дүние-малды.
Ер іздер қияметте шапағатты,
Көңілі сүйіп бармайды ешбір жанды.

Еш нәрсе іздемейді дүние жақтан,
Бір жаратқан қорқады жалғыз Хақтан.
Ер іздер шапағатты молда, сопы,
Өзін халас қылатын жанған оттан.

Ей, жігіт, сөзім қабыл қыласың ба,
170 Қара-ағын бұл сөзімнің айырасың ба?
Махшарда біздей асы атаңызға,
Көзіңнің қырын сонда саласың ба?

Қабыл қылсаң, ей, балам, айтқанымды,
Жалған емес, рас біл бұ сөзімді.
Қиямет күн шапағат қылар болсаң,
Разы болып берейін мен қызымды.

Жігіт айтты:—Жарайды сауап тапқан,
Мен де қорқып жылаймын жалғыз Хақтан.
Тәубе қабыл болмағы ғалам ғайып,
180 Жауап бермей тұрғаным сол себептен.

—Хош уақыт болдым көріп жамалыңды,
Қабыл қылсын бар Құдай амалыңды.
Фазылыменен Құдайым рахмат қылса,
Махшарда қабыл еттім жауабыңды.

Жігіт шүкір қылады бір Аллаға,
Әдеппенен сөйлейді падишаға.
Бар ма, жоқ па жігіттің қаражаты,
Білейін деп сұрайды патша және.

190 Патша айтты:—Бар ма еді дүние-малың,
Ей, жігіт, ауқатыңды қылғын мәлім.
Қанша бар, аз ба, көп бе қаражатың,
Баян қыл енді маған хал-ахуалың.

Жігіт айтты:—Дүниелік еш нәрсем жоқ,
Қанағат қылғандардың қарыны тоқ.
Мал жиып харс болып не қылайын,
Ақыры пәни дүние опасы жоқ.

Ей, тақсыр, менің екі дирхемім бар,
Алла сүйген құлына болады жар.
200 Әнбие, әулие мен ізгі құлдар,
Керек деп дүниені жимағандар.

Патша айтты:—Бар болса екі дирхем,
Бірісіне базардан сатып ал шам.
Шам жағып үйіңізді жарық қылып,
Тыңлағыл бұ сөзімнің бәрін тамам.

Және қалған біріне нан сатып ал,
Менің айтқан сөзімді жадыға сал.
Шам жағып, наныңменен аузыңды аш,
Алланың тағы берсе нығметі бар.

210 Жігіт разы болады тілін алып,
Нан сатып һәм шам алады базар барып.
Бар пұлына екі нәрсе алды дағы,
Жігіт ауызын ашады, шамын жағып.

Жігіт ашып аузын алды дейді,
Артық асты ішпейді қарны дейді.
Жалғыз адам қанша жеп оңдырады,
Жартысы дастарханда қалды дейді.

Көп қылды шүкіршілік аузын ашып,
Ғибадат қып отырды кітап ашып.
«Лайық күйеу балама табылды» деп,
220 Падиша той қылады хабар шашып.

Қыз адамға қарамас мойын бұрып.
Падиша ел жидырды ойын қылып.
Қырық күндей ат шаптырып сәулетімен,
Патша қызын қосады тойын қылып.

Жігітке сонда берді патша қызын,
Екі қылмай аузынан шыққан сөзін.
Қызды жігіт қасына алып келді,
Екеуі бір-бірінің көрді жүзін.

Патша қызын береді оқып некаһ,
230 Некаһ қылмақ Пайғамбар сүннеті хақ.
Құтпа оқып қыз жігітті қосқан күні,
Шариғатта ол күнді дейді зифаф.

Екеуінің көңілі жоқ салтанатта,
Осы күнде жоқ біздің тағиатта.
Зифаф күні қыз мәсісін жігіт шешпек,
Анық сөз дәлелі бар шариғатта.

Жігіт келді тартқалы қыз мәсісін,
Шариғаттың қылам деп тура ісін.
Қыз бермеді мәсісін шештіруге,
240 Жігіттің ұнатпады қылған ісін.

Жігіт тұрып сол жерде пікір қылды,
«Ойлап ем патша қызын не үшін берді».
Көп ренжіп айтады пақыр жігіт,
—Атаңыз қыз берем деп күлкі қылды.

Қыз берем деп атаңыз шақырды көп,
Қатын алам дегенім көңілімде жоқ.
Біздей пақыр, бейшара міскіндерге,
Патша қызын бергенін көргенім жоқ.

Неге разы болсын патша қызы маған,
250 Мазақ үшін барып кел деген саған.
Дүниеде сіздер қорлап күлсеңіз де,
Махшарда жарылқасын Алла Тағалам.

Қыз айтыпты:—Ей, жігіт, есіт сөзді,
Некаһ оқып беріпті сізге бізді.
Тамамдап сөзіңізді айтып болсаң,
Есіткіл сабыр қылып бізден сөзді.

Қыз айтты:—Ғазиз жігіт, сөзім тыңда,
Некаһ оқып берді мені мұнда.
Мұратым бұл емес деп ойлап тұрмын,
260 Кемшілік таптым сіздің амалыңда.

Жігіт айтты:—Мұратым бір Алладан,
Баян етші сырыңды қылып маған.
Сипат көріп сыр білмей сырлас болмас,
Не кемшілік таптыңыз амалымнан?

Қыз айтты:—Мұратым сол заһид ғалым,
Тауфиқ білмес мұнафиқ пасық залым.
Амалыңнан кемшілік тапқаным сол,
Бұ еді тыңдасаңыз ахуалым.

Жасыңнан тақуа болып нәпсі тыйдың,
270 Пайғамбар сүннеті деп некаһ қидың.
Нұқсандық амалың да сол емес пе,
Бір жегеннен артық қып нанды жедің.

Заһид ғалым ісі-дүр нәпсі тыймақ,
Надан пиғылы харс боп дүние жимақ.
Мақсұтым көңілдегі осы менің,
Барға—шүкір, жоққа—сабыр қылмақ.

Жоққа—сабыр жарасар, барға—шүкір,
Бұ сөзге ықылас қылар міскін пақыр.
Дастарханда наныңыз тұрғаннан соң,
280 Дүниені сүйе ме деп қылдым пікір.

Дүние сүймес адамға болар сауап,
Күші келсе Қағбаға қылар тәуап.
Қыз сөзін тамам қылып болғаннан соң,
Қызға енді жігіт тұрып берді жауап.

Жігіт айтты:—Білдің нәпсі тыйғанымды,
Сүннет деп сізге некаһ қиғанымды.
Бұл болса амалымның кемшілігі,
Айтайын артық нанды жегенімді.

Жақсы-дүр шарифаттың жолын тұтқан,
290 Мешітте жатушы едім құлшылықпен.
Кез келіп атаң менен хал сұрады,
Отыр ем сәлем беріп оқып құтпан.

Атаң айтты:—Ал деді, бір қызым бар,
Тағаты сіздіңменен болады пар.
Сіздей пақыр жігітке берем деген,—
Атаң айтты:—Осындай көңілім бар.

Мен айттым:—Өзің патша ақыл,—дедім,
Бір жүрген мен бейшара пақыр,—дедім.
Қызыңыз халалзада болған болса,
300 Иә, тақсыр, құп болады мақұл,—дедім.

—Жаратқан бәрімізді Алла,—деді,
Дүниеде иланбапсыз малға,—деді.
Дүниелік жимайтұғын көрінесіз,
Қолыңда қаражатың бар ма?—деді.

Патшаға айттым: «Екі дирхемім бар,
Қиямет қылмыстыға болады тар.
Мал дейді көп дүнияда жиғанменен,
Берінің ақыретте азабы бар».

- 310 «Дирхемге нан ал» деді атаң маған,
—Мұны баян қылайын, жаным, саған.
Бір дирхемге нан сатып алып келдім,
Өмірін атаңыздың қылдым тамам.
- Сізге, жаным, сөйлейін әуел бастан,
Сырым мағлұм қылайын жасырмастан.
Ертең ішер тағамды жимайтұғын,
Әдетім болушы еді менің бастан.
- Мағлұм қылып сырымды қылдым баян,
Құмырсқа тасқа басса Тәңірге аян.
Және бір дирхемге шамын алдым,
320 Ризықсыз қылмас деп Алла Тағалам.
- Сен әйел, патша қызы, не білесің,
Артық нан қойғанымның біл мағынасын.
Болжаусызда бір мейман келіп қалса,
Жоқ болса дастарханда не бересің.
- Артық нан қалдырғаным соның үшін,
Мейманды күтер болсаң Құдай үшін.
Мейман менен ер күткен қанша сауап,
Сауап қылсаң жаныңа өзің үшін.
- Болмаса керек емес дүние маған,
330 Насихат қып айтайын жаным саған.
Ризықты өлшеулі деген сөз бар,
Пендесін өзі асырар Алла Тағалам.
- Қыз жігіттің тақуасын енді білді,
«Иләһым мұратымды хасыл қылды».
Қуанып, күлімсіреп патша қызы,
Әдеппенен орнынан түрегелді.
- Қыз тұрып жігітке енді көріседі,
Жүзінен бір-бірінің өбіседі.
Бір жерге екі жақсы қосылған соң,
340 Қалайша айтса дағы келіседі.

Қосылып бұл екеуі дәурен сүрді,
Неше жыл ғибадат қып қызық көрді.
«Лә йадиғ аджр әл-муханина» деген сөз бар,
Қайырлы қып Құдайым ұғыл берді.

Болды бағзы баласы әулиелер,
Дүниені керек деп жимағандар.
Олардан жаман бала неғып тусын,
Бағзысы болып өтті ғұламалар.

Қисса Жүсіпбек қожаның қанағатсыздарға ишарат қылып
жазған назым хикаясы.

Әуелі шүкір ойла тілдеріңе,
350 Артық деп арман қылма ілгеріге.
Ризықты қанағат қылмаған жан,
Ұқсайды өтіп кеткен бір бөріге.

Екінші сөз сөйлейін нақыл жырдан,
Өкінер дүниені жақын көрген.
Қолында саржа, киік аулап,
Бір күні ауға шықты бір сұрмерген.

Шығыпты бір сұрмерген киік аулап,
Алдына бір топ киік келді саулап.
Бір оғын кезеп тұрып тартып қалса,
360 Оқ өтіп қос өкпеден қалыпты аунап.

Киіктің бауыздады қанын сүртіп,
Мергеннен киік кетті алысқа үркіп.
Доңыздың бір қалың жер жатағы екен,
Қарайды енді шошқа түлен түртіп.

Қасына бір қабанның жақын барды,
Қабанды кезеп тұрып тартып қалды.
Оғының саржаның ашуымен,
Мергеннің зырлап келіп өзін жарды.

370 Сол жерде мерген де өлді, қабан да өлді,
Ажалы екеуінің қарсы келді.
Тамақ іздеп сол жерде жүреді екен,
Қасына жортып жүріп бөрі келді.

Қасына жортып жүріп бөрі келді,
Үш етті бөрі келіп көріп еді.
Кіресі саржаның жұмсақ екен,
Жесем деп бұрын соны ой жіберді.

Үш етті таусылар деп аздай көрді,
Еттен де жас қайысты тез-ай көрді.
Иілген зорлықпенен екі басы,
380 Бір басын басып тұрып қажай берді.

Қасқырдың жас қайысты қыршуын-ай,
Астынан шошып кетіп ыршуын-ай.
Иілген зорлықпенен екі басы,
Шарт етіп салып кетті тұмсығынан.

Бір басы дәлдеп ұрды қақ тұмсықты,
Дірдектеп қақ тұмсықтан қаны шықты.
Туралап тұмсығынан ұрған екен,
Қаны шыққан жерінен жаны шықты.

Адамзат не көрмейді татса тұздан,
390 Қатты екен қалса көңіл қатқан мұздан.
Сол жерде мерген де өлді, бөрі де өлді,
Қанағат қылмаймыз деп ынсапсыздан.

Пендеге нәджат берсе аруақ қонар,
Ынсапсыз болса адам қайтіп оңар.
Ынсап қылмай бөрі мен мерген өлді,
396 Мысалы ынсапсыздың осы болар.

ديوانا شيخ بورقى

Диуана шейх Бұрқы

Айтайын тыңдасаңыз жақсы кепті,
Бізден бұрын көп адам өтіп кетті.
Хазіреті Мұсаның заманында,
Шейх Бұрқы диуана деген өтті.

Ертеде шейх Бұрқы диуана өтті,
Қайтармайды аузынан келген кепті.
Жақсы-жаман диуанаң сөз айтса да,
Не айтқанын Құдайым қабыл етті.

- Ертеде шейх Бұрқы диуана өтті,
10 Диуананы Құдайым «достым» депті.
Құдайым диуананы сонша сүйді,
Диуананың Құдайға арызы жетті.

Тәңірім айтты бір күні:—Ей, диуанам,
Қырық ұдай қызмет қыл енді маған.
Қызметіңді бітіріп менен тіле,
Қалағаның берейін мен де саған.

- Жарлық қылсаң қызметіңе лайық көріп,
Жан-тәнменен қылайын мен жүгіріп.
Қызметіңді бітіріп болғаннан соң,
20 Бұйымымды тілермін мен де келіп.

—Диуанам, бермейді деп ғапыл қалма,
Бір берермін деген соң қайту бар ма?
Қырық күн ұдай қызметің бітіргенше,
Ине жіптей көңіліңе харам алма.

—Тентек еткен сөзімді жұтпағансың,
Өзің кеңсің, жаман сөз кектейсің.
Пәрменіңді қылайын, падишаһым,
Береріңнің белгісін бекіткейсің.

30 —Бүгінгідей қылайын бұ жылғыңды,
Оңай қылып берейін қиыныңды.
Саған қиын болса да, маған оңай,
Таба алмай тұрам ба бұйымыңды.

Диуанам қызмет қылды Құдайына,
Қырық күн тынбай қылды ұдайына.
Қырық күн өтіп қызметін бітірген соң,
«Айтқан күн болды» деп келді алдына.

—Диуанам, бәрежелді қызмет еттің,
Азғана күн айтысқан сөзге жеттің.
Көңіліңдегі арызыңды менен қала,
40 Маған өтіп кетті ғой бұ қызметің.

—Мойныма қырық күн салған міндетіңе,
Аяғымнан тік тұрдым қызметіңе.
Қарызымды не айтайын, не айтпайын,
Бұ қызметім жақты ма екен құдіретіңе.

—Диуанам, бұ қызметің жақты маған,
Қырық күн ұдай қызметім қылдың тамам.
Көңіліңдегі қарызыңды менен тіле,
Қалағаның берейін мен де саған.

—Өзің тентек жаратқан диуанаңмын,
50 Біз өзіңе мас болған пәруанаңмын,
Тіле дедің, қоймадың падишаһым,
Мен арызымды айтуға ұяламын.

—Диуанам, мақұл емес ұялғаның,
Ұяламын дегенің не қылғаның.
Диуанам, бұ сөзіңнен ұялмағыл,
Ұялсаң рахматымнан құр қалғаның.

—Құдайым, маған берсең дозақты бер,
Дозақ отын күл қылып ұшыра көр.
Менім саған тілеуім ей, Құдайым,
60 Пенделердің күнәһін кешіре көр.

—Диуанам, дозақ па сенің қастың,
Айтқан сөзін қарашы тентек сенің.
Қалағаның берейін әлі де болса,
Дозақты қой, өзгені тіле, достым.

—Арызыңды тілеп ап өзің айттың,
Өзің айтқан сөзіңнен өзің қайттың.
Айтқан сөзге мен жеттім, сен жетпедің,
Достықтан сен қайтсаң, мен де қайттым.

Өзің айттың «диуанам, тіле» дедің,
70 Өзің тіле деген соң тілеп едім.
Шайтанға да азаттық беріп едің,
Шайтан құрлы пенденді еш көрмедің.

Сегіз ұжмақ жараттың рахматыңнан,
Жеті дозақ жараттың қаһарыңнан.
Дозақты күл қылып ұшыра көр
Мен разы болайын, Тәңірім, саған.

Күшің жетпей тұр ма екен өшіруге,
Пенделердің күнәһін кешіруге.
Он сегіз мың ғаламның падишаһы,
80 Сен кешірмей Әзірейіл кешірер ме?

Бар қыларға дозақты жеткен күшің,
Жоқ қыларға келгенде қайда кеттің.
Меккеден түзік еді менің көңілім,
Анша түзік көңілімді қалдырғаның.
Соңыра отқа пенде мені саламын деп,
Мақұл емес дозақты жандырғаның.

Бір өзіме бер-сәна дозағыңды,
Бір-ақ өзім көрейін азабыңды.

- Құдай-а, не қылсаң да өзіме қыл,
90 Дозаққа жібермегіл қарағымды.

—Диуанам, дозағымды мен берейін,
Мұсылманды дозаққа жіберейін.
Көптен аздың хақын алып беріп,
Қор менен зордың екеуін теңгерейін.

Диуанам, дозақ оты жанып тұрсын,
Пенделер қорыққан тәубе қылсын.
Бір дозақтан пенделерім қорықпаса,
Менің Құдай екенім қайдан білсін.

- Диуанам, бір уақытта ақырзаман болар,
100 Көбісі мұсылманның көпір болар.
Азға зорлық-зомбылық қылғандар бар,
Бәрі де өз алдыма мағлұм болар.

Көпір үшін дозақты жаратқан мен,
Мұсылманды пейішке қаратқан мен.
Қылмысынан мұсылман дозақ барса,
Өз обалы өзіне онан жаман.

- Диуанам, разымысың енді маған,
Немді аяп тұрамын енді сенен.
Мұхаммедтің күнәһлі үмбеттері
110 Дозақтың отынан болса аман.

Диуананың тілеуін Құдай береді,
Мұсылманды дозаққа жібермейді.
Жаратқан бір Алланың хақы үшін
Қол көтеріп, дұға қылың енді.

- Мал үшін, дүние, жаның үшін
Ораза, намаз оқығыл иман үшін.
Мұхаммед пен диуананы біз жад қылдық,
118 Бір салауат оқыңыз оның үшін.

خواجہ بہاالدین حضرتلرینک قصہ سی

Қожа Баһауидин хазіретінің қиссасы

Әуелі сиынамын бір Құдайым,
Падиша пендесінің білер жайын.
Пайғамбардың мирасқор үмбетінен,
Бір жақсыны жазуға ойланайын.

Илһам бер тіл мен жаққа, Жаппар Халиқ,
Қарайын көп кітапқа көзім салып.
Жәрдем бер үмбетіңе иә, Мұхаммед,
Қожаны мен жазайын қалам алып.

- Және медет тілеймін, шаһариарым,
10 Кім біледі дүниенің кеңі-тарын.
Илһам берсе көңілге бар Құдайым,
Һәр қисса көңілде тұр дайын-дайын.
«Рисала азизада» көріп едім,
Қожаны қисса қылып шығарайын.

Құлақ салып тыңдаңыз, жамағатым,
Өлгеннен соң қалады жазған хатым.
Жеті жылда қожаның бөрік тіккенін,
Қисса қылып сөйлейін хикаятын.

- Асыл есімі қожаның Мұхаммед-ті,
20 Өзі әулие кісі еді, кереметті.
Нақышбанди деп қойған бір аты бар,
Жаһаннан өнер қылып өтіп кетті.

Шығыпты бұл әулие Бұхарадан,
Кереметті болғаны әлденеден.

Өнерпаз бұ дүниеде болған үшін,
Атын қойған екен қожа Баһауидин.

Мұхаммед—қойған аты әуеліде,
Бек ұста деп айтады бір қолы да.
Өзінің өнерімен безек салып,
30 Бір бөрік тіккен екен жеті жылда.

Сөйлейін тыңдасаңыз мұның жайын,
Тағат қыл, болмай қалмас қиямет-қайым.
«Лә илһа иллә Алла,
Мұхаммед Расул Алла» деп
Жетпіс айтты инені шанышқан сайын.

Қожадан ұсталыққа кім өтіпті,
Ойлаған қиялына бек жетіпті.
Кімде-кім жеті тамұқ мәліктенсе,
Сол бағаға сатам деп ант етіпті.

Сұрасаң ғылым айтар шарифат жол,
40 Күнә кешсе Құданың рахматы мол.
Кімде-кім жеті тамұқ билеп сатса,
Қожа айтады бөрікді алады сол.

Әулие кереметті өзі ғалым,
Қожаның жайын білмес кейбір залым.
Қожаның бір ниетпен бөрік тіккені,
Құдайдың құдіретіне болды мәлім.

Кітаптан пайымдасаң шығар мағына,
Қожаға керек емес дүние малы.
Құдіретімен зәңгінің суретін қып,
50 Сауда қыл деп жіберді періштені.

Сол қожа уағдаға берік-ті дейді,
Не қылса да Құдайға ерікті дейді.
Жіберді зәңгі қылып періштені,
«Сатып ал сауда қылып бөрікті» дейді.

Періште бұйрықпен шығып келді,
Қожаға тағзымменен сәлем берді.
«Мен Зәңгістан жұртынан келермін» деп,
Періште Қожа істеген бөрікті көрді.

—Әй, қожа, дүние үшін керек мал ма,
60 Аузыңнан шыққан сенің сөзің бал ма?
Басымда киген тәжім тозып еді,
Сатарлық сізден бізге бөрік бар ма?

—Әй, зәңгі, дүние үшін керек қой мал,
Бәсі қымбат қолымда бір бөрікім бар.
Жеті тозақ баршасын билеп келсең,
Беремін сол бағаға, сен сатып ал.

Періштеге бөріктің бәсін айтты,
Азиз болып үйінен шығып кетті.
«Жеті тамұқ Тәңірінің өзінде» деп,
70 Жанабына Құданың қайта қайтты.

Періште кідірмей-ақ тез қайтады,
Қожадан естіген көп кепті айтады.
«Сауда қыл» деп бөрікіне жіберіп ең,
Бағасы қымбат екен ғой деп, айтады.

Тәңірім айтты:—Періште, сен мұнда кел,
Қожаның тілегенін білермін дер.
Жетісін бірдей берсем пендем қорықпас,
Бер дағы алты тамұқ сатып ап кел.

Сөзіне еселеген ерме деді,
80 Бұйырса сатып алмай келме деді.
Алтысына тозақтың берер бір күн,
Сұраса онан артық берме,—деді.

Құдайым алты тозақ берді дейді,
Періште құдіретін көрді дейді.
«Бұйырса бөрікке сауда қыламын» деп,
Қожаға және қайта келді дейді.

—Мен әуелі бөркіме сауда қылдым,
Саудагер болып келген сені көрдім.
Әй, зәңгім, халің келмей кетіп едің,
90 Тағы қайтып бұ жерге неге келдің.

—Әй, Қожа, сенің өзің білемісің,
Менің айтқан сөзіме нанамысың.
Және қайтып келгенім сауда үшін,
Берейін алты тамұқ, аламысың?

—Саудаңыз келіспеді кетші жырақ,
Жүре көр ренжідім әрменірек.
Саудамыз екеуіміздің біте алмады,
Сұрайсың сен бөркімді арзанырақ.

Қожадан періштенің сағы сынды,
100 «Бөркіңді алмаймын» деп, көңілі тынды.
Бермесең өзіңізде тұрып қалсын,
«Керегі жоқ» деп періште қымбатсынды.

Саудасы бір-бірінің бей* боп қалды,
Бөркің үшін бермеймін сізге малды.
Жеті тамұқ деген соң қымбатсынып,
Періште қайтуына оңтайланды.

Бұйырғанын Құдайдың көрмек болды,
Мұның айтқан сөзіне ермек болды.
Періште айтқанынан жылмаған соң,
110 Ғлажсыз Қожа бөрікті бермек болды.

Алмады бөркі үшін Қожа малды,
Алты тамұқ зәңгіден сатып алды.
«Бөркім үшін алтысы өз мүлкім» деп,
Падиша алтауына болып қалды.

Құдайым жарылқаса рахматы мол,
Періште бөрікті сатып әкетті ол.

* бей /п/—болымсыздық мағынаны білдіреді.

«Мұхаммед үмбеттерін кіргізбен» деп,
Қожаның бөрікті тіккен ниеті сол.

120 Тыңдасаңыз осы сөзге түсер хошың,
Өтірік емес, кітапта жазылған шын.
Қожаның бөркін сатып тамұқ алған
Себебі—Пайғамбардың үмбеті үшін.

Адамзат, бола алмайсың Қожадай ер,
Жолына нәдір айтып, садақа бер.
Өз мүлкіне өзінің халі келмей ме,
Алты тамұқ ішіне кіргізбен дер.

Берді Құдай алтысын, бірін бөліп,
Тыңдаңыздар бұ сөзімді майдай еріп.
Рахмат етті алтауын бірдей беріп,
130 Қожаның іш пиғылын дұрыс көріп.

Сұраса да бермеді тамұқ бәрін,
Қожа қабыл қылмады дүние-малын.
Бермеген жеті тамұқ себебі сол,
Қорықпас деп қаһарымнан пенделерім.

Жаратқан Жаппар Құдай рахматың мол,
Құдайға пенде болсаң, әмірінде бол.
Бағауидин бөрік тігіп сатқан екен,
Қиссасы жеңілірек болғаны сол.

Бұхарада әулие болыпты өзі,
Ғайыпты болжайды екен батин көзі.
«Рисала азиза» кітабында
142 Бір бөлек айтқан екен осылай сөзді.

قصه حضرت علی نك صر انكباينی جولغه صالحانی

Қисса хазірет Әлидің Сараңбайды жолға салғаны

Әуелі жад етейін Тәңірім атын,
Жақсылар, айып етпе жазған хатым.
Әулие Пайғамбардың атын жазсам,
Қалай теріс болады насихатым.

Құп тыңдап бұ сөзімнен мағына алған,
Көңілге фаһым әйлап қайғы салған.
Таңда махшар күніне пырақ мініп,
Ұжмақтан артық барып орын алған.

Сәна айтып сөйлейін бір Аллаға,
10 Жаратып нәсіп берген барша жанға.
Өзіңнің, Пәруардигар, құдіретіңмен
Сөйлесем, медет бергіл мен наданға.

Жаратқан Пәруардигар бұ әлемді,
Һәр түрлік қып жаратқан һәр адамды.
Он сегіз мың ғаламға патша Құдай,
Біразырақ сөйлеткіл мен наданды.

Андан соң Расул Алла—Құдай досты,
Күнә қылып жаныма қылдым қасты.
Екі дүние Сәруары шапағатшы,
20 Оларға жалынбасақ жарамас-ты.

Қылғайсыз маған шапағат, хақ Сәруары,
Сізден медет тілейді жанның бөрі.
Құр тілменен айтамыз үмбетпіз деп,
Мен ғаріп барша жанның күнәһары.

Андан соң Әбубәкір оның жары,
«Сыдық» деп ат қойыпты Пайғамбары.
Сіздерден медет тілеп сөз сөйлейін,
Мен ғаріп барша жанның күнәһары.

30 Андан соң хазірет Омар әділ өткен,
Ұғлына дүре бірлән хукім еткен.
Шапағат мен ғаріпке қыла ма деп,
Сіздерден мендей асы үміт еткен.

Біреуі шаһариардың— молда Оспан,
Құран оқып, мұсылман дінін ашқан.
Шапағат махшар күні бізге қылғыл,
Пайғамбар екі қызын бірден қосқан.

40 Андан соң Асад Алла—Әли Арыслан,
Фатимамен екеуін Құдай қосқан.
Күнәһім көп, шапағат қыла ма деп,
Қиссаға есіміңізді қылдым дастан.

Андан соң Хасан, Хүсейін шаһид етем,
Сахаба әл-асхаб жамағатым.
Дүние ақыретте жәрдем қылғыл,
Қабыл ғып мен ғаріптің мінәжатын.

Жад етіп Пайғамбарды қылдым зары,
Ғаріптің болған екен медеткері.
Сіздерден медет тілеп сөз сөйлейін,
Әулие, пайғамбардың баршалары.

50 Жад еттім біразырақ әзиз атын,
Я, Рахман, қабыл қылғыл мінәжатым.
Бұ дүниеде адамға ғибрат үшін,
Сөйлейін ер Әлидің риуаятын.

Риуаят имамдардан бізге қалды,
Сахаба Пайғамбардың тілін алды.
Атыңнан айналайын, Шаһимардан,
Наданды талай-талай жолға салды.

Билеген жердің жүзін Пайғамбары,
Өткен соң патша болды шаһариары.
Жазайын ер Өлидің бір қиссасын,
60 Не болғай қалса менен жәдігері.

Пайғамбар үмбетіне дін үйреткен,
Өлиді «Арысланым» деп еркелеткен.
Өлидің патша болған заманында,
Бай болып Мәдинеде бір жан өткен.

Ол байдың тамам жаннан дәулеті мол,
Қызметінде жүгірген бірнеше құл.
Өзі сараң һешкімге дәм бермейді,
Шариғатты ойламай жүргені сол.

Алдаған сараң байды дүние боқ,
70 Жинаған алтын, күміс қисабы жоқ.
Аулына мейман келсе жолатпайды,
Баста қайыр, малында зекеті жоқ.

Өзінің мұсылмандық белгісі бар,
Есіткен бұрынғыдан үлгісі бар.
Намаз, руза, зекетпен бір ісі жоқ,
Болмады сол уақытта бір кісі пар.

Бір екенін біледі бар Құдайды,
Көңліне салды Құдай осындайды.
Ауылына қонамыз деп келгендерді,
80 Ұрып, сабап жіберген бірталайды.

«Сараңбай» деп атанды тамам жанға,
Мінезін есіткендер қалды таңға.
Қайыршы келсе, сабайды байлап қойып,
«Ұқсапты,—деп айтысты,—Қарынбайға».

Айтады қайыршыға:—Нең бар мұнда,
Менен басқа ел жоқ па өз алдыңда?
Келген қонақ, сұраушыдан мазам кетті,
Анау жақта ел болса, барғын сонда.

- Жоламастан түңілді жанның бөрі,
90 Бай, кедей, қатын, бала, жас пен көрі.
Молдалар шарифаттан сөз сөйлесе,
Ақымақтығы артады онан әрі.

Бір күні бір сахаба барды дейді,
Пиғылы Сараңбайдың тар-ды дейді.
«Ұры сенбі уақытта қаңғырған» деп,
Мүсәпірдің бастарын жарды дейді.

- Байғұсты ұрып-байлап салды дейді,
Бөлеге құтылмастай қалды дейді.
—Сен мұнда неге келдің сұраусыз?—деп,
100 Қысымға бейшараны алды дейді.

Сахаба түк айтпайды жаман сасып,
Сараңбай ашуланды қара басып.
«Ұры» деп байлаған боп қойған екен,
Бейшара ел жатқан соң кетті қашып.

Сахаба өзі батыр, асқан ер-ді,
Сараңнан байқаусызда қорлық көрді.
«Қонба,—деп,—мені мұндай сабады,»—деп,
Әлиге ертең келіп арыз қылды.

- Естімеген таң қалды жанның бөрі,
Сахаба қайран қалды баршалары.
110 Басы-көзі қан болып келгеннен соң,
Бұл хабарды есітті хазірет Әли.

Әли ойлайды ол байға барайын деп,
Сараңбайды бір сынап қарайын деп.
Үстіне жаман-жұман киім киіп,
Бір қайыр тым болмаса сұрайын деп.

Бір шапағат ол байғұсқа қылайын деп,
Әуелі қайыр сұрап алайын деп.
Дұға қылып халіне бейшараның,
Жолына шарифаттың салайын деп.

120 Әли айтты:— Ашуланба оған,— дейді,
Дұға қылып тұрыңыз маған,— дейді.
Құдайым бейшараға тауфиқ берсе,
Жолдас қылып берейін саған,— дейді.

Мұны айтып бір есекке мінді дейді,
Ақылы тақсыр ердің кең-ді дейді.
Қайыр сұрап жүрген бір мүсәпір боп,
Ауылына Сараңбайдың келді дейді.

Ауылына қайыр сұрап Әли келді,
Ол байға тыста жүрген сәлем берді.
Қараса киімі жаман, жүзі көркем,
130 Кісіні келіп тұрған көрді дейді.

Қасына жақынырақ жетіп кепті,
Тақсыр ерді көрген соң есі кетті.
—Өзіңнің киімің жаман, түсің жақсы,
Шаһарда мен көрмеген кімсің?—депті.

—Мен жүрген мүсәпірі елдің,— дейді,
Байлығыңды есітіп білдім,— дейді.
Құдай үшін бір нәрсе бере ме деп,
Мен сізді әдейі іздеп келдім,— дейді.

Үйіне кіріп кетті жауап алмай,
140 Сөзіне Құдай деген құлақ салмай.
Үйінен шыға алмады ашуланып,
Әлидің айбатына шыдай алмай.

Сонда Әли сөйлейді тыста тұрып:
—Менің бір батамды ал, қайыр беріп.
Ұруға бұрынғыдай бата алмайды,
Балалары қорқады оны көріп.

Маған бір хабар бергіл тілімді алсаң,
Сөзіме зекет бергіл құлақ салсаң.
Ей, сорлы, ақыретте азық болар,
150 Қайыр беріп, ей, байғұс, батамды алсаң.

Ей, сорлы, қайыр берші маған деймін,
Мен разы болайын саған деймін.
Қимасаң бұ малыңды Құдай үшін,
Барғанда ақыретке жаман деймін.

Әзірейіл бұ жаныңды алар деймін,
Қобалың көр астында қалар деймін.
Бұ малың жылан менен шаян болып,
Жабылып сол уақытта талар деймін.

Аулына келген екен кешке таман,
160 Бұл сөздің Сараңбайға бәрі жаман:
—Беретұғын нәрсе жоқ, жүре бергін,
Бейуақта қақсап тұрған неткен адам.

Көп сөйлемей жүре бер, сөзің құрсын,
Саулатып жарапазан нағып тұрсың?
Батаңменен кісіні жарылқасаң,
Тентіреп елден елге нағып жүрсің?

Сөзіне Сараңбайдың қайран қалды,
Ерлігі тағы қысып қайран қалды.
Бір сойқан енді саған салайын деп,
170 Ер Әли «шапшаң шық» деп, айқай салды.

Даусынан қорыққан соң, шыға келді,
Шыдай алмай жарты тілім нанды берді.
Ішінен бір мың теңге бергендей боп,
Үйіне қайғы тартып кіреді енді.

Сараңбай танымады Әли ерді,
Бұ байдың көңілі сараң, көзі көр-ді.
«Құдіретіңмен қыласың, Құдай-ау» деп,
Қайран боп батыр Әли жүре берді.

Құдай-ау, жаратыпсың мұндай жанды,
180 Қорыққан соң жарты тілім берді нанды.
Малынан зекет, басынан қайыр бермей,
Қайтеді ақыретте жиған малды.

Әли тақсыр үйіне қайтып келді,
Бастан-аяқ көргенін айтып келді.
«Бір күн көрге жатқанға мың тіллә беремін» деп,
Жар салып жиып алды тамам елді.

—Жан қалмай шақырған соң келсін,—дейді,
Менің бұл патшалығым білсін,—дейді.
Көрге жатқан кісіге сый беремін,
190 Салтанат тамашамды көрсін,—дейді.

Жар салды осылай деп хазірет Әли,
Бұл хабарды есітті жанның бөрі.
«Көрге жатып мың тіллә аламын» деп,
Жиылған айта алмады жас пен көрі.

Бұл хабарды естіді ол Сараңбай,
Үйінде сараң қылған патша Құдай.
«Тегін жатқан олжаны алсам ба?» деп,
Толқиды байдың көңлі олай-бұлай.

Падиша тамам елге хабар шашты,
200 Ерінген осы олжадан жарамас-ты.
«Тегін жатқан олжаны алсам ба?» деп,
Сараңбай қатынымен ақылдасты.

—Ей, қатын, падишаға барсам ба екен,
Ерлік қып қалың топты жарсам ба екен.
Бір күн көрге жатқанға нем құриды,
Тегін жатқан тілләні алсам ба екен?

Қатын айтты:—Отырсаңшы көтің қысып,
Тірідей не қыласың көрге түсіп.
Тілімді алсаң қызықпа осы олжаға,
210 Барма, тек отырсаң да ішің пысып.

Ғеш адам падишаны жеңе алмайды,
Не айтса, патша сөзін кек алмайды.
Шаһарда сенен батыр толып жатыр,
Көрге түсіп оңай болса неге алмайды.

—Олардың бәрі қорқақ, жүрегі жоқ,
Көңілі асып туған зерегі жоқ.
«Тегін жатқан олжаны алма» деген,
Сөзіңнің былшылдаған керегі жоқ.

Адам деп сөз айтып ем сені,—дейді,
220 Қорыққанның келе ме екен жөні,—дейді.
Тегін жатқан олжаны алма дейсің,
Құртарсың бүйте берсең мені,—дейді.

Бір күн көрге жатқанға қылман қауіп,
Барайын,—деп бай жүрді көңлі ауып.
Нем құриды жатқанға бір күн көрге,
Тегін олжа алайын ебін тауып.

Сараңбай ақша алғалы келді дейді,
Бұрын мұндай көрмеген елді дейді.
«Падиша, тілләң қайсы?» дегеннен соң,
230 Түсерін мұның көрге білді дейді.

Сараңбай осы топқа келді жетіп,
Көрмеген адамдарды тамаша етіп.
Падишаға келді де, сөз сөйлейді,
Ойында «тіллә алам» деп, үміт етіп.

—Падиша, тағыңызда ағар,—дейді,
Ғарібің талап қылып бағар,—дейді.
Жатайын деп мен келдім бір күн көрге,
Көні, тақсыр, тілләні шығар,—дейді.

Бұл байдың қайран қалды сөздеріне,
240 Һеш неме көрінбейді көздеріне.
«Көрге жатсаң бермегім мінеки» деп,
Бір мың тілла көрсетті көздеріне.

Әли айтты:—Патшалығым менің,—дейді,
Алғанға бір мың тіллә тегін,—дейді.
Көрге қорқып түспеді өң жамандар,
Көрелік ерлігіңді сенің,—дейді.

—Падиша, разымын саған деймін,
Қылайын қызметіңді тамам деймін.
Бір күн тамам біткенше қасымызда,
250 Кісілер өзiр ғып қой маған деймін.

—Қызметің асырмалық күннен әрі,
Бұ іске қайран болды хазірет Әли.
—Бір күн тамам біткенше жібермеймін,
Тұрады осы жерде жанның бәрі.

Мақұл көріп ол көрге жатпақ болды,
Бір күнін мың тілләға сатпақ болды.
Жатқан соң көр ішіне ол Сараңбай,
Ауызын кәдімгідей жаппақ болды.

Бір күн көрге жатуға ерінбейді,
260 Өз малы биттей көзге көрінбейді.
Өзге ел қайран қалып қорқып тұрса,
Сараңбай «тіллә алам» деп күлімдейді.

Ол көрге «тіллә алам» деп жатты дейді,
Беттерін қараңғы қып жапты дейді.
Қараңғы көр ішіне жалғыз жатып,
Алаңдап жан-жағына бақты дейді.

Көрге қойып қырық қадам кетті дейді,
Әли Арыслан шартына жетті дейді.
Жан-жағына ол байғұс қарап жатса,
270 Бір нәрсе жарқ-жұрқ етіп кетті дейді.

Ол нәрсе келе жатыр түсі суық,
Мұндай нәрсе көрмеген өзі туып.
Бір ерні жер, бір ерні көк тірейді,
Тілімен бұл дүниені алды буып.

Қараса жылан екен, келді жетіп,
Тілдерін олай-бұлай жалаңдатып.
Тіліне жарты тілім нан жабысты,
Оныменен ол жылан қалды кетіп.

- Мұнан соң Мәңкүр, Нүңкүр келді жетіп,
280 Күрзісі таудай екен, қолға тұтып.
Көздері жалғыз екен бір табақтай,
Көрген соң бай қорықты есі кетіп.
- Көзінен от шашырап тұрды дейді,
«Мән раббук?» деп жауабын сұрды дейді.
«Аулақ жүр, қондырмаймын» деген екен,
Күрзімен ашуланып ұрды дейді.
- Күрзі тиіп, дал-дал боп кетті сонда,
Салмағы қара жерге жетті сонда.
Періштелер бөлегін жиып алып,
290 Ақылы әуелгідей етті сонда.
- Сараңбай ойбай салды сонда шошып,
Періштелер сұрайды тосып-тосып.
Дауысы талай жерге кетті дейді,
Жер келді екі жақтан тағы қысып.
- Сараңбай көрде жатып салды ойбай,
—Қандай іске жолықтым,—дейді,—Құдай.
—Біз малың зекет бермей аздырған,—деп,
Жылан мен шаян келді таудай-таудай.
- Түк бермей неш адамға жүрдің бағып,
300 Берген нан жарты тілім кетті нағып.
Біздерді дүниеде қор қылдың,—деп,
Жылан менен шаяндар жатыр шағып.
- Сараңбай көрде жатып азап тартты,
Азаптың неше түрлі дәмін татты.
Періштелер ұрады күрзіменен,
Шаққаны жылан, шаян онан қатты.
- Сараңбай есектей боп бақырады,
«Ойбай, Әли, өлдім» деп шақырады.
Әли десе тоқтайды азаптары,
310 Періште «Мән раббук?» деп ақырады.

Сөзіне жауап таппай жатыр сасып,
Дауысы нашарлады халі қашып.
«Мен түйең, қойың, мен жылқың» деп,
Жылан менен шаяндар кетті басып.

Мұндай түрлі азаптың көрді бәрін,
Ойбай салып білмейді не қыларын.
Әлидің қасындағы тамам жандар,
320 Бәрі қорқып жылады есі қалмай.

Періште неше түрлі азап етті,
Құдайым оған берді мұндай дертті.
Неше түрлі шығады көрден даусы,
Есіткен адамдардың есі кетті.

Жамағат сонда тұрып жалынды көп,
Бәрісі ақыреттің қайғысын жеп:
—Ей, тақсыр, енді қорқар қияметтен,
Байғұсты енді көрден алыңыз,—деп.

Дауысы сонда шықты тым-ақ жаман,
330 Қорыққаннан соң жығылды талай адам.
Ащы дауыс шыққан соң, Әли батыр,
Шыдамай енді жүрді көрге таман.

Ащы дауыс шыққан соң, халі қашты,
Баршасы көрге қарай қадам басты.
Құлатып үстіндегі топырағын,
Сағат жарым болғанда аузын ашты.

Қараса шала-жансар болған екен,
Көріне жылан-шаян толған екен.
Болжалсыз жан шыға ма, жамағаттар,
340 Азапты шыбын жанға қылған екен.

Біреуі тыста тұрып қолын берді,
Иә, Алла, асан қылғыл ондай жерді.
Құдайдың құдіретімен ол Сараңбай,
Бір сағатта қырық жылдық азап көрді.

Талқан қып бұзып алып қара көрді,
Барша жұрт қайран қылды Әли ерді.
Сараңбай есін танып құлап қалды,
Сонан соң көтеріп үйге алып келді.

350 Бір күн, бір түн ол байғұс жатты талып,
Жаны бар кеудесінде, қойды салып.
Әли батыр бір дем салып қойған екен,
Отырды сонда басын көтеріп алып.

Ол байғұс бір күн, бір түн талған екен,
Құдайым мұндай күйге салған екен.
Қозғала алмай отырды қайран қалып,
Қалжырап есі кетіп қалған екен.

Жарадан сау жері жоқ тұла бойы,
Жабылып шаққан екен «жылқы, қойы.»
Сол бойымен Сараңбай өліп кетсе,
360 Өлгенде болар еді үлкен тойы.

Бай сөйлейді:—Жарандар, келдім қайдан,
Етімнің сау жері жоқ мынадайдан.
Төңірекке қарайды көзін салып,
Енді сөз есітіңіз Сараңбайдан.

Бай айтады:—Ауылдан келдім мұнда,
Түбіме менің жетті бір мың тіллә.
Есіме жаңа түсті, мен сөйлейін,
Қандай күйге мен түстім көр астында.

Жарандар, көрге түсіп жаттым,—дейді,
370 Өз жаныма жамандық еттім,—дейді.
Шапағат қыл, иә, тақсыр, мен ғаріпке,
Болмаса су түбіне кеттім,—дейді.

Жылап-жылап ол байғұс тағы талды,
Қорқып бір мәртебе ойбай салды.
Бір кішкене жатты да есін жиып,
«Аһ» деп, енді басын жұлып алды.

—Енді білдім бұ дүние өтеді екен,
Тақ түбіме бұ малым жетеді екен.
Бұ малды көбейет деп қимағандар,
380 Азабы қияметке кетеді екен.

Мен сорлы тілла алам деп көрге жаттым,
Қырық жылдай көр астында азап тарттым.
Жалғыз нан бір жылан кеп тимей кетті,
Азаптың онан басқа бәрін тарттым.

Малдарым жылан, шаян болды,—дейді,
Көр ішіне баршасы толды,—дейді.
Екі кісі сұрайды «Мән раббук?» деп,
Сөйлемесем күрзімен ұрды,—дейді.

—Көрмеген екеуінің түсі суық,
390 Ондай адам көрмедім өзім туып.
Маңдайында көзі бар бір табақтай,
Аузынан от шығады, кеттім күйіп.

Көп азаптың айтамын енді несін,
Қорыққаннан соң қалмады биттей есім.
Өз малым ғаріп жанға дұшпан екен,
Шіркінді жанға бермей достым десем.

Жылан мен шаян басты қазған көрді,
Баршасы өзім малым көзім көрді.
«Біз малың зекет бермей аздырған» деп,
400 Жабылып мен байғұсты талай берді.

Азапқа шыдай алмай көп жыладым,
Құтылар күн бар ма екен деп жыладым.
Енді өлсем, тағы сондай қылады деп,
Уайым соның үшін жеп жыладым.

Азапты қатты көрдім малым үшін,
Күйіп-жанып барады ішім-тысым.
Өз малым өз жаным дұшпан екен,
Иә, тақсыр, шапағат қыл жаным үшін.

Дүниеде жан жоқ екен мендей болған,
410 Ерінбей өлгенімше дүние құған.
Өкініп өз ісіне бұл бейшара,
Көзінің жасы ағып бетін жуған.

— Мен бұрын мұндай істі білмес едім,
Құлаққа айтқан сөзді ілмес едім.
Мұндай азап боларын бұрын білсем,
Бұ жерге тіллә алам деп келмес едім.

Әлидің аяғына қойды басын,
Ағызды нәдаматта көзден жасын.
Есіркеп Сараңбайдың жылағанын,
420 Алдына алып қойды мың тілләсін.

— Тіллә іздеп осы жерге келдім, — дейді,
Дүние дұшпан екенін білдім, — дейді.
Дүние керек емес, ақырет керек,
Қу дүниенің қызығын көрдім, — дейді.

«Ей, тақсыр, енді қайттім жиған малды,
Қинады дүние үшін шыбын жанды.
Бір шапағат қылғыл, — деп, — мен ғаріпке,»
Ол байғұс тағы жылап есін танды.

Һешкімнің алмаушы едім насихатын,
430 Дүние үшін көп тарттым көр мехнатын.
Ей, тақсыр, енді білдім бұл ісінді,
Көрсін деп маған қылған мархабатың.

Сонда Әли сипады басын-көзін,
Басына жастық қылды екі тізесін.
— Бейшарам, көп жылама, басың көтер,
Махкам оқы шарифаттың айтқан сөзін.

Бұл істі бір Құдайдан көргін, — дейді,
Жолына шарифаттың ергін, — дейді.
Жиған малың өзіңе досты болар,
440 Малыңнан зекет санап бергін, — дейді.

Ол байғұс пір тұтынды Әли ерді,
Айтқанының бәрін де қабыл көрді.
Қанша кедей пақырды жиып алып,
Басынан қайыр, малынан зекет берді.

Пір тұтты Пайғамбардың шаһариарын,
Айдатып, жиып алды малдың бәрін.
Шариғат айтқанынша көміл қылып,
Сахабалар шығарды зекеттерін.

450 Құлшылық күндіз-түні етті дейді,
Айтқанын шариғаттың күтті дейді.
Қаза намаз, рузасын жиып алып,
Сонан соң тақау болып кетті дейді.

Ол байғұс тақуа болып дінін күтті,
Сұрады күндіз-түні шарифатты.
Бұрынғы істеріне тәубе қылып,
Мейман күтіп, онан соң өмірі өтті.

Қазасын руза, намаз жиып алды,
Байғұсты Шаһимардан жолға салды.
Шаһриғат істеріне махкам болып,
460 Ақырда иман тауып дүние салды.

Жарандар, алдап жүр ғой дүние деген,
Жақсылар ақыреттің қамын жеген.
«Әлбәхил лә йадхулул жаннат,
 ләу кәна зәһидан»,
Көрмейді пейіш жүзін сараң деген.

Бұ айтқан Пайғамбардың бір хадисі,
Түзу жолдан азбасын һәр пендесі.
Дүниені бұ тіріде көп қимаған,
Қор болар ақыретте өзіз басы.

470 Һәркімге ғибрат үшін жаздым мұны,
Жайымыз қандай болар махшар күні.

Иә, Алла, рахматың көп, жарылқағыл,
Ғафу қып мен асының күнәһыны.

Мүмінге ғибрат үшін жазған сөзім,
Өзіме тәсір етпес айтқан сөзім.
Не амал, не ғылым жоқ біз асыны,
Иә, раббым, жарылқағыл таңда өзің.

Жарылқар сенен басқа кісім де жоқ,
Қылатын күнөдан басқа ісім де жоқ.
Айтамын асылықпен бұрынғыны,
480 Өз басыма келері есімде жоқ.

Көріп мен бір кітапта осы сөзді,
Бұлайша келтіруге салдым көзді.
Парсы сөзден шығарып өлең қылдым,
Жамағат, айып қылма енді бізді.

Бұ қисса осылайша тамам болды,
Көңіліме Қадір Алла илһам берді.
Жамағат, Құдай үшін бір дұға қыл,
Жад қылдық бұрын өткен Әли ерді.

Расулдың жаздым бұрын миғражы мен
өлген жерін,
490 Жазғаным үшіншісі Әли Шерің.
«Сараңбай» деп ат қойдым төртіншіге,
Кітапты өлең қылған мен бір серің.

Һәр нешік салдым хатқа білгендерім,
Жазып бер дегеннен соң Ахметкәрім.
Тағы жазып берермін неше қисса,
Жанымды аман қылса Бір уа Барым.

Оспанды жазып едім баяғыда,
Онан басқа жазармын мен тағы да.
Бұ қағаздың артығын ақ қойғанша,
500 Бір насихат жазайын аяғына.

قصه حضرت علی رضی الله عنه نك
شاه باربارگه قول بولیب صاتیلغانی

Қисса хазірет Әли разы Алла анһудың, шаһ Барбарға құл болып сатылғаны

Бастаймын «бисмилла» деп Тәңірім атын,
Қозғатайын өткендердің хикаятын.
Дұғаңыздан тастама Пайғамбарды,
Көрсеткен бұ ғаламға шарапатын.

Тыңдаңыз бұ қиссаны, көп әлеумет,
Құдайға жоғалмайды қылған қызмет.
Аспанда Ғаршы Күрсі, періште бар,
Жаратты жер мен көкті Жаппар Құдірет.

Алланың пендесіне рахматы бар,
10 Расулы Пайғамбардың шапағаты бар.
Мұхаммед үмбетіне мейірбан-дүр,
Білмейді осыларды асы жандар.

Мұхаммед дәруд айтқыл Мұстафаға,
Жарасар қылған қызмет падишаға.
Бір күні хақ Расул Пайғамбарым,
Насихат айтар еді сахабаға.

Жұртына көп насихат жауап берді,
Көндірді хукіміне тамам елді.
Мәжіліс қып мешітінде отырғанда,
20 Есіктен бір мүсәпір кіріп келді.

Көзінің жасын төгіп жылап тұрды,
Алдына хақ Расулдың мойынсұнды.

Бұзылды жұрттың көңлі мұны көріп,
Төрт жарға Пайғамбар мен арыз қылды.

Ғаріп айтты:—Сіз тақсыр—асыл ғауһар,
Он сегіз мың ғаламға болдың Сәруар.
Сізге оңай, маған қиын падишаһым,
Бір қажет сізден тілек жұмысым бар.

30 Үйімде, тақсыр, менің малдарым жоқ,
Сізге айтар бөтен жұмыс, жанжалым жоқ.
Жүз тіллә қарызым бар, таппай келдім,
Көңлімде мұнан басқа арманым жоқ.

Жүз тіллә қарызым бар, пұл берермін,
Малым жоқ, енді, тақсыр, не берермін.
Құтқарғыл сонан мені, падишаһым,
Таба алмай соның үшін жылап жүрмін.

40 Жаратты қажет үшін сізді Құдай,
Таба алмай алдыңызға келдім сұрай.
Бөріңнен қайыр сұрай келіп едім,
Дүниеде мұқтаж болған мен бір кедей.

Бұ сөзі есітілді Пайғамбарға,
Қарады төрт жар менен сахабаға.
—Ғаріптің мүддағасы мынау екен,
Талапкер құтқарушы кісі бар ма?

Пайғамбар төңірекке үш қарады,
Үш айтқанда жұрт жауап бере алмады.
Ер Әли қол қусырып түрегелді,
Бір адам сонан басқа жарамады.

50 Ізетпен түрегелді хазірет Әли,
Жоқ еді о кісіде дүние малы.
Отырған көп ойлайды «Не берер?» деп,
Бар еді Дүлдүлі мен зұлпықары.

Расул айтты:—Не іске тұрдың, жаным,
Бәрі де халі-шамаң бізге мағлұм.
Байлардың сенен басқа бәрі де отыр,
Табарға жүз тілләні келер ме әлің?

Көзінен жасы ағып түрегелген,
«Ей, ата, рұқсат бер» деп, Шаһимардан.
Бата алып Пайғамбардан хазірет Әли,
60 Қапа боп үйден шығып жүре берген.

Келді де жетеледі Әли Хайдар,
Алланың һәр нәрседен өзін сақтар.
—Көзің жұм, ей, ғарібім, қала көрме,
Көрерміз бір тілекті берсе Жаппар.

Сол ғаріп көзін жұмып жүре берді,
Әлимен жолдастасып жолға кірді.
Әли айтты:—Ей, бейшара, көзіңді аш,
Ғарібім бір шаһарға жеттің енді.

Көрінді ғажап сұлу келген шаһары,
70 Лағыл, жақұт, алтыннан үйдің бәрі.
Алтын менен күмістен соққан екен,
Көрген соң қайран қалды хазірет Әли.

Ұлық дария шаһардың арасында,
Бітіпті түрлі жеміс ағашында.
Кедей қорықты «Бұл мені өлтірер» деп,
Кәпірдің танымаған қаласында.

Кедей қорықты Әлиді «Не қылар?» деп,
Мен өлсем, қаным жерге төгілер деп.
Мал табам деп жолықтым бір бөлеге,
80 Қабырғам өлгеннен соң сөгілер деп.

—Тақсыр-ау, бұ жерден сөйлеп тұрсың,
Барарды елге аман Құдай білсін.
Шаһардың түрі жаман көрінеді,
Кетелік, тауып берген пұлын құрсын.

Ей, тақсыр, рұқсат бергіл енді бізге,
Мен разы болайын, Әли, сізге.
Бәрінен пұлың құрысын, жаным тәтті,
Баралық жіберсеңіз үйімізге.

— Сен бекер сөйлеп не қыласың,
90 Һәркімнен бір тиындық пұл сұрарсың.
Жаныңды кәпір алмас, Құдай алар,
Үйіңе есен болсаң бір барасың.

Жарлы айтты:— Ей, тақсыр, бұ не шаһар,
Сіз маған сөйледі деп, қылма қаһар.
— Келдің ғой кереметпен жарлым байғұс,
Кәпірдің падишасы—шаһ Барбар.

Әлиден бір керемет көрді сонда,
Жығылып аяғына болды пенде.
— Борышыңнан құтыларсың, ей, бейшарам,
100 Апарып мені сатсаң осы ханға.

Базарына бұл шаһардың мені алып бар,
Сендей адам кәпірден көрмей қорқар.
Бағаны көп кем етпе бекер қорқып,
Патшасы тіллә беріп алып кетер.

Жайыңды ханға барып сен айтқайсың,
Һәр өнер қылады деп көп айтқайсың.
Кәпірден барып тілің тартпағайсың,
Арзан баға тілләға сатпағайсың.
Құлымның мың кісілік өнері бар деп,
110 Һәр өнер қылады деп мақтағайсың.

Базарға енді мұны алып келді,
Халайық жиылған көп бәрі көрді.
— Бағасын бұ құлыңның қашырмай айт,
Алайық біреуіміз сатсаң,— дейді.

— Бұ құлым өз жұртымда бір арыстан,
Аты мұның Қашамшам, көп-ті дұшпан.

Күнбатыс, күншығыста болса жауың,
Қылады соның бәрін жермен-жексен.

- 120 Бұ құлым өзі палуан мың кісідей,
Бес мың тіллә беріп жүр ел ішінде.
Бермесең он мың тіллә мен сатпаймын,
Бір қылған қызығарсың жұмысынан.

—Білдік қой бұ құлыңды іске жарар,
Берелік патшамызға барып хабар.
Халымыз келмес біздің, қымбат екен,
Бір алса бұ құлыңды патша алар.

Бір жігіт хабар берді падишаға,
Хан алар құлды көрсе бұ бағаға.
—Он мың тіллә сұрайды сатамын деп,
Бір кедей құл апкелді бұ қалаға.

- 130 Базарға біреу құлды апкеп салды,
Көрген жан осы күнде қайран қалды.
Бағасы мың кісідей бар деген соң,
Жалладтар халі келіп ала алмады.

Сол жігіт осылайша жауап берді,
Патша мұны есітіп түрегелді.
Сол уақытта падиша зауқы келіп,
Шақыртты құлыменен келгендерді.

- «Шақыр» деп падишасы айтып салды:
—Көрелік, алып келші қандай жан-ды.
140 Алдына падишаның келтіргелі,
Сол жігіт бейшараға қайтып барды.

—Шақырса біз баралық ханыңызға,
Біздерді құлағына салдыңыз ба?
Падиша екеумізді шақыртыпты,
Иә, Әли, сіз жүріңіз алдымызда.

Алдына хазірет Әли жүріп келді,
Жарлы жүр сатайын деп Әли Шерді.
—Есікке менен бұрын сіз кіріңіз,
Жауап бер ханға өзің, тақсыр, енді.

- 150 Алдымен хазірет Әли кіріп келді,
Падиша төрде отырған мұны көрді.
Қасына падишаның отырған соң,
Жауабын бастан-аяқ айта берді.

Патша айтты:—Сен өзің қайдан жүрсің,
Мұндай құлды сатам деп не қыласың?
Өтірік айтпай шыныңды айтшы маған,
Құлың патша сипатты, өзің құлсың.

- Ей, падиша, мен айтайын саған арыз,
Мал таусылып, басыңда болса қарыз.
160 Қолыңнан дәулет кетіп борышың болса,
Сонда сіз қайтер едің, сұлтанымыз?

Беремін құлым сатып қарыздарға,
Құлсыз ылаж болмады пұл табарға.
Сұрасаң менің жұртым шаһар Сирап,
Келемін зарураттан құтыларға.

Хан айтты:—Кім болады сенің атың,
Қай жұрттан есітелік асыл затың?
Құлымның мың кісілік бағасы депсің,
Құлыңды мықты болса, маған сатың.

- 170 —Бұ құлым өз жұртында бір арыстан,
Аты мұның Қашамшам, көп-ті дұшпан.
Күншығыс, күнбатыста болса жауың,
Қылады соның бәрін жермен-жексен.

Хан айтты:—Ей, құлым, сөйлеші сен,
Қайда алысқа жұмсасам барармысың?
Менің бір қатты қиын үш ісім бар,
Сен соны бітірерге жарармысың?

- Қаптайды бір дария шаһарымызды,
Бөгейміз деп түгестік барымызды.
180 Бір дария, бір айдаһар бөле шығып,
Жеңе алмай түгесіп тұр арымызды.

Бірі сол ер шығыпты мұсылманнан,
Маңдайы қайтпайды екен тірі жаннан.
Қырып-жойып барады талай елді,
Кек алып беремісің сол палуаннан?

Қорқамын атын естіп, жүзін көрмей,
Салады жылда бүлік тыныштық бермей.
Ас батпай жүрегіме тітіреймін,
Сонан-ақ өлем бе деп ажал келмей.

- 190 Бір ылаж табамысың, құлым, оған,
Әли келсе, бұ жұртқа бермейді аман.
Бір қиын қатты қайғы жұмысым сол,
Барарға сен Әлиге бар ма шамаң?

Қыла көр дертке дәрмен, Қашамшамым,
Құрыды күнде жасып жарым жасым.
Мен дағы жырақпенен жүруші едім,
Батпайды Әли десе ішкен асым.

- Жылында ол ұрысқа келет дейді,
Мың кісіні бір кісідей көрет дейді.
200 Жүз мың ер біздің елден барса дағы,
Баршасы бір қылыштан өлет дейді.

Соны өлтірсең елімді мен берейін,
Патша қылып төбеме көтерейін.
Той қылып көп жұртымды жиып алып,
Қаласаң өз еліңе жіберейін.

Әли айтты:— Уағдада бек тұрамын,
Жауымды мен де ұрысқан көп қырамын.
Бар арманың сол болса, падишаһым,
Әлиді байлап алдыңа ап келемін.

- 210 Падиша сонда тұрып қуанды бек,
Аламын дегеннен соң дұшпаннан кек.
Хан сол жерде бұйырды қазынашыға,
«Он мың тіллә қазынадан алып кел» деп.

Он мың тіллә қазынашы алып келді,
Пақырға санамаққа бәрін берді.
—Тілләмен жердің жүзін толтырсаң да,
Сатпас ем пұлым болса мұндай ерді.

- Кем қылды мені малға бір Құдайым,
Құлымды мақтай беріп не қылайын.
220 Бір түгін бермес едім мың тілләға,
Кетірді борышым қысып менен жайым.

Хан айтты:—Ей, Қашамшам, тыңда, балам,
Жылында сендей жүз құл сатып алам.
Мың сан құл бөгей алмай жатыр соны,
Келе ме сол дарияға сенің шамаң.

—Бөгеймін дарияңды жалғыз өзім,
Падиша, осы болса айтқан сөзің.
Жалғыз өзім байлаймын дарияңды,
Нанбасаң көріп тұрсын барып көзің.

- 230 —Қашамшам, құлағың сал, сөздерім көп,
Сарғайдым түніменен уайым жеп.
Сан құлмен кернейлетіп, жер күңіrentіп,
Барып ем айдаһарды көрейін деп.

Ол тартты баршамызды бір демімен,
Көп жанды жұта берді ат-тонымен.
Қарсылық неш бір кісі қыла алмады,
Қырылып қашып келдік біз сонымен.

- Әли айтты:—Айдаһарға мен барайын,
Қуатын дұшпаныңның аңғарайын.
240 Падиша, маған разы боламысың,
Алдыңа басын кесіп апкелейін.

Он мың тіллә ол пақыр қолына алды,
Елді қашан табам деп қайғыланды.
Дүлдүлді Әли Арыслан міне беріп,
Дүлдүлдің және үстіне мініп алды.

Пақырдың тілләні алып көңілі бітті,
Еліне қайтамын деп ниет етті.
«Құдаға, Әли, сізді тапсырдым» деп,
Бейшара дұға қылып қайтып кетті.

250 Дұшпанға құл ғып сатты Әли ерді,
Құдай артық жаратқан жомарт Шерді.
«Мәдинені көрген соң, мүсәпірім,
Дүлдүлді қоя бер» деп уағда берді.

Мүсәпірді ертіп салды түстік жерге,
Әлидей кім пар болар жомарт Шерге.
«Хақ Расул бабама сәлем де» деп,
Үш айтты «разы бол» деп мүсәпірге.

—Разы бол, мүсәпірім,—деді Хайдар,
Аяған сізден менің енді нем бар.
260 —Жаһанда Әли сіздей жан бар ма,—деп,
Мүсәпір «разымын» деп, жылады зар.

Мүсәпір елге қарап қадам басты,
Көзінен қуанғаннан төкті жасты.
«Құдаға, Әли, сізді тапсырдым,—деп,—
Қош бол» деп, қолын ұстап амандасты.

Ол мүсәпір еліне қайтып кетті,
Бұл арада бірнеше күндер өтті.
Айлық жолға Дүлдүлмен бес күн жүріп,
Мәдине шаһарына жетіп кепті.

270 Әлидің кім шыдаған қаһарына,
Пақырдың қуаныш салды биһарына.*

* көңіл мағынасында алынып отыр.

Елді көріп Дүлдүлді қоя берді,
Пияда басып келді шаһарына.

Жаяулап шаһарына жүріп келді,
Көңілі шат боп қуанып күліп келді.
Бесін оқып мешітте отыр екен,
Сәлем беріп Расулға кіріп келді.

Пақыр келіп Расулға сәлем берді,
Келгенін ол пақырдың бәрі көрді.
280 Хасан, Хүсейін екеуі төрт жаста екен,
«Атам қайда?» деп, шулап жылай берді.

Екі шаһзат сол жерде жылады көп,
«Атам қайда?» деп, сонда сұрады көп.
—Сізді мұндан жетелеп алып кеткен,
Атамды қайда тастап келдіңіз?—деп.

Қайда тастап келдіңіз атамызды,
Жетім қылып қойдыңыз ба, ғаріп бізді?
Шері атамның хабарын берші жылдам,
Құтқармаққа әкеткен қарызыңызды.

290 Расул айтты:—Жылама, перзенттерім,
Пақырдан мен сұрайын не хабарын.
Қандай күйде қалғанын біле алдың ба,
Баян қылшы Алланың Арысланын?

Басшың жоқ бірге кеткен тұрсыз келіп,
Не іске Әли Арыслан қалды көніп.
Қайда қалды, Әлиді баян қылшы,
Жіберді ме қарызыңды алып беріп?

Сонда пақыр сөйлейді көргендерін,
Айтады бастан-аяқ жүрген жерін.
300 Құл болып сатылғанын Құдай үшін,
Он мың тіллә пұл алып бергендерін.

—Мені үйден ап шықты бермен жүр деп,
Артына мінгістерді көзің жұм деп.
Бір уақытта аш деген соң, көзімді аштым,
Маған айтты «Алдыңда елді көр,—деп.

Сен мені бұ шаһарға сатқын құл,— деп,
Аларсың мені сатсаң қанша пұл,—деп.
Құдай үшін бағамды халал қылдым,
Соныменен қарызыңнан сен құтыл» деп.

- 310 Аты екен ол шаһардың шаһы—Барбар,
Сат деп өзін бұйырды Әли Хайдар.
Сатпайын десем Әли Мұртазаны,
Амалым жоқ жүз тіллә қарызым бар.

Әлиді падишаға саттым сонда,
Пұл алдым қымбатына он мың тіллә.
Барбарға ер Әлиді құл ғып сатып,
Иә, тақсыр, өзім қайтып келдім мұнда.

- Шаһ Барбар қолымнан сатып алды,
«Айт,—деді,—Расулыма біздің халды.
320 Дұшпанға құл қызмет қыламын» деп,
Ер Әли сау-саламат сонда қалды.

Тыңдады мына сөзді көп жамағат,
Әлиді қалды деді сау-саламат.
Мүсәпірден хабарын есіткен соң,
Көңілі жай болды сонда екі шаһзат.

Әлидей жомарт жан жоқ жаһанда һәр кез,
Пақыр барып борышынан құтылды тез.
Бұ жақтың әңгімесі тұра тұрсын,
Енді Шаһимарданнан естіңіз сөз.

- 330 Шықты да қаһарланып жүре берді,
Әли Хайдар дарияға жетіп келді.
Мың сан құл бөгей алмай жатыр екен,
«Бөріңді азат қылдым» деп жауап берді.

Бір үлкен сол арада тау тұрыпты,
Тауға барып қылышын суырыпты.
Сол тауды зұлпықармен екі бөліп,
Жарымын суға апарып қондырыпты.

- Сол таудан аса алмады аққан дария,
Әлиге берген Құдай мың сан хайла.
340 Дарияны Әлидің байлағаны,
Дұшпанның көп жұртына болды жария.

Дарияны бөгеді де елге келді,
Құтқарған азабынан талай ерді.
Қасына падишаның келгеннен соң,
Падиша қайран болып күле берді.

«Қылайын енді, — деді, — бірін» Әли,
Айдаһарға бармаққа келді қаһары.
Соның мен апкелейін басын кесіп,
Айдаһардың бойы жүз жеті қары.

- 350 Қасына айдаһардың барып тұрды,
Айдаһар мұны көріп айбат қылды.
Ысқырып лебіменен тартқан екен,
Әли түгіл қозғалтты қара жерді.

Ақырып сонда Әли айқай салды,
Суырып зұлпықарын қолына алды.
Шапқанда зұлпықары жерге батып,
Кесуге көк өгізді жақындады.

- Құдайым Жәбірейілге өмір қылды,
«Ұста, — деп, — шапшаң барып зұлпықарды.
360 Кескен соң көк өгізді дүние болмас,
Тез барып зұлпықарды тұтқын», деді.

Қақ бөліп айдаһарды басқа салды,
Зұлпықар жеті қабат жерге барды.
Жәбірейіл көз ашқанша жерге кіріп,
Басынан зұлпықардың ұстай алды.

Жығылды қақ жарылып сол айдаһар,
Құда жәрдем қылған соң Әли Хайдар.
Аждаһаның басын апкеп салып еді,
Көрді де қайран қалды шаһ Барбар.

Соң хазірет Әлидің қайратына тамаша қалып, Барбардың айтқаны:

370 —Бөгедің дарияны жалғыз барып,
Мен тұрмын қайратыңа қайран қалып.
Қашамшам, перімісің, диюмысың,
Қайтып келдің дарияны байлап салып.

Тас байлап дарияны келдің қайтып,
Жаһанда жан бар ма екен сенен артық.
Күнінде жүз мың әскер жабылса да,
Қырып тастап кетерсің жердей тарпып.

Сан мың әскер таусылған байлай алмай,
Әбден шаршап болғанбыз хайла қалмай.
380 Қайратыңды көрген соң, қорқып тұрмын,
Дию болып жүрмеңіз адам болмай.

Қашамшам диюмысың, перімісің,
Сақыпқыран ерлердің бірімісің.
Саған берген разымын мен пұлыма,
Осындай қызмет қылып жүрермісің.

Айдаһардың апкелдің басын кесіп,
Қорқып едік һеш ылаж болмас десіп.
Бұл екеуін бітірдің жалғыз өзің,
Қуанып мен отырмын көңілім өсіп.

390 Бұ қайратпен Әлиді апкелесің,
Саған болмас дүниеде һеш адам тең.
Қашамшамым, бітірдің екеуін сен,
Сенің иең бағаңды айтыпты кем.

Енді Әлиге сені мен жіберейін,
Қайратыңның қызығын бек көрейін.
Әлиді тірі байлап алып келсең,
Не тілегің болса да, мен берейін.

— Әлиге мен жүрейін бір талай жер,
О да асқан мұсылман, бір кемеңгер.
400 Келейін ер Әлиді тірі байлап,
Жолдасқа тоқсан кісі палуан бер.

Падиша, маған тоқсан палуан бер,
Сіздер менің Әлиге барғаным көр.
Баралық жолдастасып тоқсан палуан,
Әлиді таңатұғын арба алып жүр.

Патша айтты:— Бұ тоқсан неге жарар,
Жұмысты бітіреді күнде даяр.
Әлиге қайрат қылсаң, сен қыласың,
Бұларың серік болып бірге барар.

410 Тоқсаның Қашамшамның соңына ерші,
Қылғанын ер Әлиге барып көрші.
Барыңыз Қашамшамға күш берісіп,
Әлиді таңып байлап алып келші.

Тоқсаны келе жатыр сонда дейді,
Бір алыс келе жатыр жолға дейді.
Әли айтты:— Жігіттер, құлағың сал,
Әлиді енді тұтып байла, — дейді.

Біреу айтты:— Осы құл Әли екен, — деп,
Палуан деген кісі осы екен, — деп.
420 Әлиді байлап қайта жүрді дейді,
— Әли жалғыз далада жүр екен, — деп.

Біреуің падишаға бар, — деп айтты,
Сүйінші, сұлтаныңнан ал, — деп айтты.
Бір палуан падишаға келді дағы,
«Сүйінші, біз апкелдік, хан» деп айтты.

Сүйіншіге жүз тіллә берді ханы,
Дұшпанды мұқаттық деп көрсетті оны.
Арбаға таңуменен келді дағы,
Тұрады аспанға ұшып хазірет Әли.

- 430 Арбасы тоқсан екі байлап алған,
Ақырып сонда Әли айқай салған.
Арбамен онша-мұнша ойын қылып,
Кәпірден жүз мың ләшкер өліп қалған.

Көреді кереметін жұрттың бәрі,
Жиылған тамашаға жас пен көрі.
Жұртына шаһ Барбар сөз сөйлейді:
—Япырмай, осы екен ғой Хазірет Әли.

- Суырды сонда Әли зұлпықарын,
Жад қылды Құдай менен Пайғамбарын.
440 «Ей, кәпір, мұсылман бол қырармын» деп,
Келтірді айбаттанып көп қаһарын.

Жиылып сансыз кәпір жылап келді,
Әлидің кереметін бәрі көрді.
Үстінен алтын тақтың жерге түсіп,
Барбар шаһ «дін үйрет» деп жауап қылды.

Барбарға сонда Әли дін үйретті,
Иман айтып һәр шарадан жол көрсетті.
Халайық көп жиылған мұсылман боп,
Әлиді үлкен-кіші құрмет етті.

- 450 Шаһар халқы мұсылман болып қалды,
Иман нұры көңліне толып қалды.
Жүз түйеге арттырып алтын беріп,
Әлиді шаһ Барбар ертіп салды.

Көп жанды дінге салған Әли батыр,
Салады ерегiссe заманақыр.
Далада бірнеше күн сапар жүріп,
Жақындап Мәдинеге келе жатыр.

- Қуатын ер Әлидің артық қыпты,
Ерегіскен дұшпанын жерге тықты.
460 Төрт жар мен асхабтарын ертіп алып,
Пайғамбар есіткен соң қарсы шықты.

Пайғамбар Әлиді іздеп қарсы келді,
Ер Әли келе жатыр, мұны көрді.
Жүгіріп аттан түсіп Әли батыр,
Көрісіп Пайғамбармен жылай берді:

—Көрсетті сізді аман Алла Тағала,
Амансыз ба баршаңыз, көп сахаба?
Иә, тақсыр, онша-мұнша олжа апкелдік,
Беріңіз үлестіріп бейшараға.

- 470 Олар һеш дүниені сүймейді екен,
Жомарт адам тозаққа күймейді екен.
Жомарттықпен өзінің басын сатқан,
Тірек қылып дүниені жимайды екен.

Болсашы жомарт адам осылардай,
Қаһары тақсыр ердің жауған қардай.
Талай-талай көпірді мұсылман ғып,
Мерт болды бұ жалғанда дүние жимай.

- Әлимен жомарт еді әділ Омар,
Жомарттар жақсы жерден орын алар.
480 Біреудің қажеті үшін басын сатқан,
Олардай жақсы кісі қайдан болар.

Білген сөзім, кісіден сұрамадым,
Онша-мұнша ғалатқа қарамадым.
Қате болса, Мәулекей түзетер деп,
Мұнан артық сөйлеуге жарамадым.

Жұрт асқан ақын емен менің өзім,
Халімше жаздым хатқа білген сөзім.
Мәулекей данышпанға дұғай сәлем,
Сөзіне Жүсіпбектің салғыл көзің.

- 490 Бар Құдай анық сүйер жомарттарды,
Жомартқа Рахман Ием рақымы бар-ды.
Жамағат, қол көтеріп бір дұға қыл,
Жад қылдық Пайғамбар мен шаһариарды.

Екі қисса шығардым мұнан бұрын,
Көңліме берген Алла илһам нұрын.
Үшеу болды мұнымен жазған қиссам,
Ер Мәулекей түзетіңіз қалған жерін.

- Шайхыслам қожа ұғлы—мен Жүсіпбек,
Пенде едім дүниеде бір күнәсі көп.
500 Жақсы қисса өлең ғып хатқа жаздым,
Оқығандар бір дұға қыла ма деп.

Оқыған шарифатты мен бір жәһіл,
Көңілімде бір зәредей жоқ-дүр ақыл.
Сөзімді оқыған жан ұнатсаңыз,
«Рахмет» деп, мен ғаріпке бір дұға қыл.

Сөйлеуге мұнан артық жетпес күшім,
Қайнайды өлең десе оттай ішім.
Оқыған жан бір дұға қылғыл маған,
Пайғамбар шаһариардың хақы үшін.

- 510 Дүниеде көңілімде көп-дүр арман,
Жеткізгей мұратыма, Қадір, Рахман.
Және бір қисса бұған қосайын деп,
Мәселеге қарадым кітаптардан.

- Рахман Алла, аша гөр менің бақытым,
Бұрын күміс сөздерге алтын жаптым.
Және тіркеп осыған терейін деп,
517 Ер Әлидің және бір сөзін қаптым.

حضرت علی نناك جنادل
شهرنده توبالاسكانی

Хазірет Әлидің Жанәділ
шаһарында төбелескені

Әлидің шұһраты әлемді тұтты,
Жанәділдің махалласына жетті.
Жанәділ елі һәм падишасы есітті,
Әли қорқынышынан бөрі састы.

Жиылып кеңесіп, қайғы қылыпты,
Әли үшін жиылып зар қылыпты.
Ақылдастылар ертеменен уа кеш,
Оған бір хайланы таппадылар неш.

Падиша айтыпты: «Өлтірсе біреу Әлині,
10 Мәдинеден кетірсе біреу басыны,
Шын көңілден оны жақсы көрейін,
Дәулетімнің жартысыны берейін.

Дәулетімді оныңменен көрейін,
Оған хатта қызымды да берейін».
Мұны естіп батырлары кеңесті,
Бір-біреуінің халыны сұрасты.

Қабыл атты бір балуан түрегелді,
«Әлидің басыны кесемін» деді.
Оған падишасы хошланыпты,
20 Кетірді қасына алтын-күмісті.

Жол жабдығын бөрін, керегін алды,
Және талай алтынды һәм алды.

Талай балуан қылыш алып қолына,
Жөнеліпті Мәдиненің жолына.

Мәдине екі айлық жол еді,
Жолының көбінесі шөлдік еді.
Мәдиненің қасына келіпті,
Әлиді іздеп көп жүріпті.

Мәдинеде іздеп жүргенінде,
30 Жолықты Ахтам деген сахаба.
Қабыл айтты:—Сенің атың кім бола?
Айта көр, тілеуің берсін дие мұнда.

Ахтам айтты:—Бұрын айт сен өзінді,
Онан соң айтайын мен өзімді.
Қабыл айтты:—Жанәділден боламын,
Әлиді ізденіп мұнда жүремін.

Ахтам айтты:—Әлиді не қыласың?
Не-дүр себеп оны сұрай бересің!
Қабыл айтты:—Әлиді көргіз маған,
40 Берейін жүз мың алтын саған.

Әлидің басын кесіп аламын,
Жанәділге алып жүре беремін.
Қабылды ойлады келген Әлиге,
Әли үшін келген екен бұл мұнда.

Мұнан соң Ахтам қайғырды,
Әлиді өлмесін деп ойлады.
Көңілінен ойлады бұл Ахтам,
Не қылады Әли үшін мен өлсем.

Төбелессе Әли жүз мың кісіге
50 Қарсы тұрып, бәрін бірден қыра ала.
Мен өзім бір кісіге бара-бар,
Әли үшін егер өлсем лайығы бар.

Ойланып Ахтам айтыпты:
«Мен боламын білсеңіз— Өли,—депті,
Танымайсың, Мәдиненің ері—мен,
Өли батыр дегендері өзіммін».

Қабылдың Өлиді көргені жоқ,
Естісе де көріп білгені жоқ.
Қылышын көтеріпті Ахтамға қарай,
60 Таяғын көтеріп Ахтам жүгірді.

Екеуі төбелесті осында,
Кесіпті Ахтам басын ақыры.
Кесіп Ахтам басын аса салды,
Жанөділдің шағарына бұл жөнелді.

Жанөділ шағарына қайтып жетіпті,
Халықтар бәрі мұны есітіпті.
Өли басын батыр Қабыл кесіпті,
Хабарды қала халқы есітті.

Есітіп бұл хабарды шаттанысты,
70 Домбырашылар домбырасын шерттісі.
Падишасы Қабылды тым сыйлапты,
Шаһарда жүргізіп әбден тойлапты.

Барша халықты инғам етіпті,
Өли-дүр деп басты қиял етіпті.
Қабылдың көңіліні шат қылыпты,
Қызын беріп күйеуі һәм қылыпты.

Және де айтайын Ахтамның халін,
Не болғанын кісі білмеді үш күн.
Бір намазды оқыған соң Пайғамбар,
80 Қарады Ахтамды анықтап Пайғамбар.

Мүбәрак арқасын михрабқа қойыпты,
Михрабтан есікке һәм қарапты.
«Бұл Ахтам қайда?» деп сұрапты,
«Көрінбей тұр үш күн болды» депті.

Бұйырыпты:—Барып сұра үйінен,
Не қылыпты келмес болды үйінен.
Тұра салды хазірет Біләл азаншы,
Жүгіріп барып үйінен һәм сұрады.

Қатыны айтты:—Үш күн болды енді,
90 Не болғанын білмеймін енді.
Балалары Ахтамның жыласа,
«Атамыз қайда?» деп келіп сұраса.

Азаншы аяды анларды көріп,
Жылапты жүзін жерге қойып.
Жәбірейіл періште келді жетіп,
Хабарды сөйлерге дайын етіп.

Жетпіс мың періште жолдасы
Һәм болыпты бөрі дағы қайғылы.
Пайғамбарға Жәбірейіл айтыпты:
100 «Ахтам жанын берді—депті,—

Жанәділдің қаласына басы кетті,
Әли үшін жанын пида қылыпты».
Жыласты бұл сөзді естіп сахаба
Және де жылапты Расул Алла.

Жанын берді әзиз досы Әли үшін,
Жетім қылды балаларын Әли үшін.
Расул Алла матам тұтты оның үшін,
Балалары матам тұтты оның үшін.

Балалары Расулдың тізесін құшты,
110 Олар басын Пайғамбар қойнына құшты.
Пайғамбар ноха қылып биһұш бопты,
Біраздан соң һұшыға ол келіпті.

Әлиді қайда-дүр деп сұрапты,
Хабар естіп Әли келіп жетіпті.
Келіп кірсе, мәсжидте жыласа,
Іші толған мәсжидтің сахаба.

- Расул айтты:—Әли, Ахтам басыны
Білдің бе қалайынша болғаны?
Сенің үшін пида қылған жаныны,
120 Жетім қылған қатын-бала, қызыны.

Не болғанын ізһар қылыпты,
Сенің үшін жанын беріпті.
Мұны естіп Әли таңға қалыпты,
Ақылы кетіп және талып қалыпты.

Біраз кейін һұшына ол келіпті,
Жасын төгіп көзінен бұл жылапты.
Әли айтты:—Айа, Расул Алла,
Алланың хабибі—сіз екі әлемде.

- Әзиз жанын беріпті ол менім үшін,
130 Жетім қылған ұл-қызын менім үшін.
Әгар оның өшіні алмай қалсам,
Тұрмағым нешік болар тірік болсам.

- Осылай деп рұқсатты сұрапты,
Көңілінен Расул да ойланыпты:
«Әлиге бір қате ерішсе,
Егер қызым менім жетім қалұрса.
Әли барып оныңменен соғысса,
Қалай болар осында рұқсат болса.
Әгарда рұқсатты бермесем ғой,
140 Әлидің көңілі һәм қалады ғой»
Дейүп, көп ойланыпты.
Тәуекелді Аллаға һәм қылыпты:
—Сұрап көр, Әли, жәрдем Құдайдан,
Не болса да көрерсің бір Құдайдан.
Әли Пайғамбардың тізесін құшып жылапты,
Құрмет сақтап бахилдықты тілепті.

- Қателерім көп болды, кешіргіл,
Ізгі дұғаны бізге қылғыл.
Расул Алла беріпті Дүлдүл,
150 Қайғыланды Әлидің балалары, біл.

Хасан, Хүсейін қасына келіпті
Және де Фатима һәм келіпті.

Жыласты Әлидің балалары,
Және де барша дост, даналары.
Хасан, Хүсейін аяқтарын құшыпты,
Жылап қабақтарын өзен қылыпты.

Және де Фатима көп жылапты,
Әлиге телміріп һәм бір қарапты.
Сахаба баршалары жыласыпты,
160 Үлкен-кішік бәрі дағы жылапты.
Осылайша Дүлдүлге аттандырдылар,
Артындан бәрі ұзатып шықтылар.
—Басыңа бір мүшкіл түсе қалса,
Басыңа бөле келе қалса,
Дүлдүлдің құлағына сөзің сал,
Келіп бізге хабар берер бұл Дүлдүл.

Көрісіп ол балуан хазірет Әли,
Жанәділ шаһарына жөнелді енді.
Беліне зұлпықарын асыпты,
170 Жаратқан Аллаға төуекел қылыпты.

Жанәділ қырық бес күндік жол еді,
Дүлдүлменен үш күнде жетті енді.
Жанәділге барып кірсе бұл Әли,
Отқа табынған бір кемпірді көреді.

Кемпірден сұрапты хазірет Әли:
—Еліңізде не хабар бар, кемпір,—деді.
Кемпір айтты:—Естідім бұл хабарды,
Қабыл қылды тамаша бір сапарды.
Әли батыр бір балуан бар еді,
180 Еліміз одан тым қорқар еді.

Әли басын кесіпті Қабыл батыр,
Падишамыз оған шаттанып жатыр.
Қабылды падиша сыйлапты,
Малының жартысыны беріпті.

Қазынасын патшамыз үлестірер,
Батырларымыз шаттанысып сөйлесер.
Талай күннен шаттықты еттілер,
Осылайша қатты той еттілер.

Мұнан соң Әли батыр кемпірге
190 «Иман кетір» депті осы кемпірге.
Иман дегеш кемпір ойбай салыпты,
Қылышпенен Әли басын шабыпты.

Үйіне кірді кемпірдің Әли,
Отырып тамағыны анда жеді.
Әли айтты:—Бисмилла уа билла,
Және де тағы тауаккалту алә Алла.

Осылай деп аттанды Дүлдүлге,
Дүлдүлменен барып кірді Жанәділге.
Падишаның есігіне Әли келді,
200 Көре салып біреу қасына келіпті.

Сұрады:—Бұл сіз кім боларсыз,
Нені іздеп осында жүрерсіз?
Әли айтты:—Мен бір балуан,
Келе-дүрмін һәрбір қаладан.

Ұры алды менім көп малымны,
Іздеп жүрем малымны алған ұрыны.
Әлидің ойлағаны Ахтамның жаны,
Басын кескен Қабылдың қаны.

Осында Әлиді көрген кісі,
210 Жүгіріп падишаға келді.
Көргенін бәрін бір-бір сөйлепті,
«Қапқаға бір жігіт келген» дейүпті.

Аты арғымақ, өзі де балуан,
Біздің аттан аты артық жаралған.
Айта өзі «алды малымды ұры,
Мұнда келдім ізденіп осы ұры».

- Жанәділдің падишасы мұны есітті,
«Алып кел,—депті,—мұнда ол жігітті».
Кіріп шаттығымызды білсін,
220 Әлидің басыны һәм көрсін.
- Мұнан соң күзетші шығыпты,
Құрмет қылып «кірің ішкері» депті.
Әли айтты Дүлдүлдің құлағына:
—Кіріп кешіксем мен осында,
Барып менден Расулға хабар бер,
Естісін һәм бәрі де сахабалар.
Хасан, Хүсейініме сәлем айт
Және Фатимаға менен сәлем айт.
- «Аллаһу акбар» деп айғай салсам,
230 Кетпе мұнан әгарда Дүлдүл болсаң.
Тәуекелменен ішкері кірді,
Әлиді патша уа һәм қабыл көрді.
- Падиша сұрапты:—Жігіт, қайдан жүресің
Және қайсы қаладан келесің?
Естіп-көргеніңнен бар ма?
Біздің шаттығымызды білгенің бар ма?
- Абайла, Әлиді біз өлтірдік,
Мәдинеден басын оның кетірдік.
Әли айтты:—Әлиді көргенім бар,
240 Оған һәм жолдас болғаным бар.
- Әлидің шөкірті өзіммін,
Оның қанша ойындарын білемін.
Айтадылар:—Әгар басын кетірсек,
Танырсың ба алдыңа қойсақ?
- Әли айтты:—Кетіріңдер көрейін,
Әли болса, оны танып білейін.
Кетірділер табақпенен басыны,
Яғни, шаһид Ахтам басыны.

- Көріп еді Әли Ахтам басыны,
250 Өзендей төкті көзден жасыны.
Падиша сұрапты осында:
—Жыладың қандай себеп осында?
- Әли айтты осында бір жауабыны:
—Алдырып едім бір жерде бір басыны.
Оған ұқсайды екен осы бас,
Соның үшін жылағаным менім рас.
- Олар айтты:—Осы Әли басы-дүр,
Сен көрген бас бұ емес-дүр.
Әли айтты осында тұра салып:
260 —Әлидің үш ойынын білемін,—деп.
- Падиша бұйрық қылса ойнайын,
Өнерлерін кісілерге көргізейін.
Сұрадылар:—Қалайша көргізесің,
Айта көр оны қалай білесің?
- Әли айтты:—Қырық арыстан сүйегін,
Қатар қойсалар шашырап өтемін.
Және он екі батпан теміріні,
Бір қолменен алып ұрайын оны.
- Үшінші қылыш ойынын білемін,
270 Падиша бұйрық қылса қыламын.
Падиша бұйырыпты осында:
—Үлкен-кішік жиылың осында,
- Ойыншының ойыныны көріңдер,
Ұлық-кішік бөріңіз жиылыңдар.
Үлкен-кішік бөрі де жиылыпты,
Әли ортада жалғыз қалыпты.
- Падиша тақытына шығыпты,
Және де батырлары бірге келіпті.
Әли айтты:—Қайда ол батырыңыз?
280 Әли басын кесіп келген Қабылыңыз.

Әлидің ойындарын келіп көрсін,
Осы майданда өзір болсын.
Бұл заман Қабыл аулақта еді,
Падишаның қызыменен рахатта еді.

Қабылды жылдам алып келділер,
Падишаның қасына қойдылар.
Қырық арыстанды қатар қойдылар,
Тамашаны бәрі қарап тұрдылар.

«Бисмилла» деп Әли өтіпті,
290 Бір қарғығанда қырық кездей кетіпті.
Теуіп еді аяғыменен анда,
Арыстандар сүйегін топырақ етті анда.

Осыны көріп қайран қалысты,
Ғажаптанып бәрі дағы күлісті.
Тағы екі темірді ол аспанға
Ата салып жөне ұстап алады.

Һәр екеуі темірдің он екі батпан.
Барша көргендер бәрі қалыпты қайран,
«Қайда ол Қабыл?—депті Әли,
300 Келіп менім қасыма тұрсын» деді.

Падиша хазіреті Қабылға бұйырыпты:
—Әлидің шәкіртіменен ойнап көр,—депті.
Әлидің басын алған батырдың,
Шәкіртіменен төбелесі жеңіл оның.

Осылай деп бұйрық еткеш падиша,
Қалтыранып Қабыл майданға шыға.
Қорқыңқырап Әлидің қасына келіпті,
Келмесе падишадан қорқыпты.

Әли айтты:—Әли басын кесіпсің,
310 Көрейін мен қалайынша кесіпсің.
Қабыл қылышын көтеріп келіпті,
Әли басын кесейін деп ойланыпты.

Осында Өли алды зұлпықарын,
Белінен алды, яғни Пайғамбар қылышын.
Қабылды тұтып алды белінен,
Ұстап атты аспанға құлағынан.

Көрінбес болып кетті аспанға,
Қабылды осылайша қылды ол дана.
Түсіп келе жатқанда ол Қабылға,
320 Он екі батпан темірменен ұрды және.

Мұнан соң және кетті ол Қабыл,
Аспанға қарай жаны шығып бұл Қабыл.
Түсе келе жатқанда быт-шыт болыпты,
Жүзі Қабылдың осында қара болыпты.

Өли айтты:—Батырлар келсін мұнда,
Өлидің өнерлерін көрсін мұнда.
Батырлар бір-бірден бәрі келді,
Келе салып бәрін де қырып салды.

Төрт мыңдай батырларды бәрін ол,
330 Төрт мың түрлі етіп өлтірді ол.
Кей біреуін қылышпенен кесіпті,
Кей біреуін темірменен ұрыпты.

Кей біреуін тастай алып атыпты,
Көрінбес болып аспан кетіпті.
Яғни хазірет Өли палуан, жарандар,
Жанәділде осындай іс қылғанлар.

Және де айтайын ол хазірет Өли,
Кей батырдың басын жерге ұрды.
Кей біреуінің басын анда жарыпты,
340 Миларын һәм талқан қылыпты.

Батырларын салып-салып қалғанда,
«Аллаһу акбар» деп айтты Өли анда.
Падиша бұл іске таң қалыпты,
Қарап тұрған уәзірлер аң-таң болды.

Әлидің төбелескен жерінде,
Өзендей қан болыпты осында.
Мұны көріп падиша сасыпты,
«Сұраңыз, бұ кім-дүр өзі?» депті.

Падиша өзі тұрып сұрапты:
350 —Айа, жігіт, қайдан келдің сен?—депті.
Батырларымды әбден қырып салдың,
Қабылды аспанға атып салдың.

Мұнан соң Әли Дүлдүлді шақырыпты,
Тағзымменен Дүлдүл келіп жетіпті.
Әли Дүлдүлге мініп алды,
Жүзіндегі нықапты көтеріп алды.

Әли айтты:—Алла жолында жүремін,
Кез келген батырларды қырамын.
Жолаушы жүрген бір батыр ер-дүрмін,
360 Әли ибн Әбу Тәліп өзіммін.

Әли айтты:—Алланың Арысланы,
Боламын мен өзім батыр Әли.
Пайғамбарым менім Мұхаммед болұр,
Жаратқан раббымыз Алла болұр.

Лақабым лә фатти иллә Әли-дүр,
Қылышым зұлпықар Хайдари-дүр.
Қатыным Расул қызы Фатима,
Балаларым Хасан, Хүсейін бола.

Бенім атам Мұхаммед Мұстафа-дүр,
370 Бенім атым Әли әл-Мұртаза-дүр.
Бұ сөзден білділер, осы—Әли-дүр,
Естілген Әли батыр осы-дүр.

Мұнан соң көп солдат жидылар,
Төбелесіп көрелік және деділер.
Әли айтты:—Солдат жәмиғ қылыңдар,
Жабылып бір арманнан шығыңдар.

Әли қайтып бір жерге түсіпті,
Арасында бір кеше өмір өтіпті.
Айғай салды жанәділдер:—Ойбай,
380 Әлиді өлтірелік, ойбай!

«Біздің әскеріміз көп» десіпті,
«Әли болса өзі жалғыз» десіпті.
Осылай деп жүз мың әскер жиылды,
Батыр, балуан алдағы сапқа жиылды.

Әли хазірет ерте намазын оқып,
Басына шалмасын һәм шалып,
Қылышын тағып алды беліне,
Және де міне салды Дүлдүлге.

Дүлдүлменен әскер қасына келіпті,
390 Қылышын қолына һәм алыпты.
Алланы, зікірді көңіліне салыпты,
Дүлдүлменен ұшқандай болып кетіпті.

«Бисмилла» деп әскер ішіне кірді,
Тәуекелді жаратқан Аллаға қылды.
Дүлдүлменен анда-мұнда өтеді,
Солдаттарды егін басындай қырады.

Оңға-солға қылышын соза-дүр,
Әскерлер ондан сүрлігіп қаша-дүр.
Дүлдүлменен әскердің өте шетіне,
Бір өткенде қанша мыңды қырып сала.

Осылайша соғысып кеш болыпты,
Кеш болғаш Әли қайтып кетіпті.
Яғни далада бір аулақ жерге,
404 Кетті анда ғибадатты қыларға.

حضرت عثمان رضی اللہ عنہ ننك قوناغہ چاقر غانی

Қисса хазіреті Оспан разы Алла анһудың қонаққа шақырғаны

Сөйлеймін құп тыңдасаң, көп жамағат,
Қалыпты Пайғамбардан аз насихат.
Ғаламның он сегіз мың Падишасы
Хабибі Хақ Расулдан қалды риуаят.

Риуаят қалды бізге Пайғамбардан,
Сөзіме сауап табар құлақ салған.
Шырағы екі дүние Расулыдан,
Болмай ма сөзім хараб аяп қалған.

- Насихат сөйле енді білсең тілім,
10 Харам ғой Пайғамбарсыз көрген күнім.
Ғарасат таңда, махшар майданында,
Бола гөр шапағатшы хақ Расулым.

Пайғамбар шапағатшы болсын бізге,
Кім болар шапағатшы сізден өзге.
Оспанның қонақтыққа шақырғанын,
Сөйлейін, жамағаттар, мұны сізге.

- Жігіттер, иманың күт бұ дүниеде,
Иман жолдас болады о дүниеде.
Пайғамбар Құдай досты, төрт жарменен,
20 Бір күні отыр екен Мәдинеде.

Ішінде Омар, Оспан, Әли де бар,
Жастары көп ішінде, кәрі де бар.
Ақсақалы бар еді Әбубәкір,
Көңілі жақсы асхабтың бәрі де бар.

Оспан молда төрт жардың байлары еді,
Пайдасын ақыреттің ойлар еді.
Отырса жамағаттар Мәдинеде,
Сол күні рамазанның айлары еді.

- 30 «Жан баба, жаным құрбан сізге, — деді,
Бүгін қонақ болыңыз бізге, — деді.
Қалмасын қасыңызда жамағаттар,
Ал, жүрсін халайықтар бірге» деді.

Қасына көп жамағат ермек болды,
Алланың бұйырғанын көрмек болды.
Пайғамбар Хақ Расулы бабасына
Ер Оспан қонақасы бермек болды.

- 40 Қонаққа шақыртыпты Оспан батыр,
Һәр сөзі мың тіллелық балдай татыр.
Мешітте ақшам намаз оқып алып,
Бас боп Пайғамбар қауымына келе жатыр.

Үйіне кіргізіпті Оспан молда,
Хабибі Нұр Мұхаммед, хақ Расул Алла.
Жанында көп сахаба ерлерімен,
Отырды жайланысып бәрі сонда.

— Расулы, құп келдіңіз, тақсыр бабам,
Жан қалмай халайықтан келсін тамам.
Хақ Тағала ниетімді қабыл қылса,
Келгеннен дүние-малға менің шамам.

- 50 Түрлі тағам апкеліп, қойлар сойды,
Алдына һәрбір түрлі тағам қойды.
Тағам жесіп отырған көп адамдар,
Халайық жас пен кәрі жүмлө тойды.

«Жан баба, біздің үйге келдің», — деді,
«Мөнісін хал-шамамыз көрдің», — деді.
«Жүз жетпіс қадам жер басып келіп едің,
Өр қадамыңызға бір құл азат қылдым», — деді.

- «Бөрежелді» десіпті жұрттың бөрі,
Шаттанысып отырды жас пен көрі.
Жамағат шаттанысып отырғанда,
60 Зар-зар жылап отырды хазірет Әли.

Ол жолда Оспан молда қылған қызмет,
Оған дәулет беріпті Жаппар құдірет.
Әлидің ашуланған кейпін көріп,
Отырды сонда сұрап Нұр Мұхаммед.
— Неліктен кейідіңіз, Әли батыр?
Әлидің айтқан сөзі балдай татыр.
Жаратқан Құдай артық Шаһимардан,
Сөйлеуге енді тақсыр келе жатыр:

- Жан баба, бізден дүние өтер екен,
70 Дәулетті адам сауапқа жетер екен.
Мен дәулетсіз сауаптан құры қалдым,
Дүниелік жимағаным бекер екен.

Көңіліне қайғы кірді талай-талай,
Көңілі ер Әлидің алтын сарай.
Көзінен жасы ағып, түгі шығып,
Жөнелді ашуланып үйге қарай.

- Қайғырды бұ дүниенің малдарына,
Кім шыдаған күш-қуат халдарына.
Әлидің ашуланған кейпін көріп,
80 Фатима қарсы шықты алдарына.

— Мұсылман қайыр қылдың бөрісіне,
Жолыққан жасы менен көрісіне.
Жұрттың бөрі шаттанып қайтқанында,
Шаһимардан, қайғырыпсыз—мәнісі не?

Ісіміз һәрбір қылған Аллаға аян,
Тамұқта имансызды шағар шаян.
Жұрттың бөрі шаттанып қайтқанында,
Шаһимардан, бұл ісінді қылшы баян.

- Фатима бізден дәурен өтер екен,
90 Дәулетті адам сауапқа жетер екен.
Кедейліктен сауаптан құры қалдым,
Дүниелік жимағаным бекер екен.
Алдыма бар дәулетін жиып алып,
Бабамды мен де қонақ қылсам ба екен?
- Әй, шері, ісіне Алла салған шыдалық біз,
Бұл жерде қайғы тартып тұрмалық біз.
Қайғы көрер ер ме едің бұл дүнияда?
Бабамды шақыр, қонақ қылалық біз.
- Фатима, біз көңілді дәулетті ермен тең көреміз,
100 Сауапты дәулетті ерден кем көреміз.
Біз шақырсақ жиылып жұрт келеді,
Үйде тамақ жоқ қой, не береміз?
- «Шақырсаң тақсыр бабам келер,—деді,
Жанына көп жамағат ерер,—деді.
Пендесін ризықсыз жаратқан жоқ,
Құдай бізге бір нәсіп берер» деді.
- Ақылына қараңыз данышпанның,
Һәр жерде әлсіздерге болысқанның.
Сол сөзін Фатиманың естіген соң,
110 Ұстады жомарттығы Арысланның.
- Жақсылар бұ дүниеде бойын бағар,
Һәр жерде арамзаны Құдай табар.
«Тақсыр бабам қонаққа келсінлер» деп,
Шақыртып Әли батыр салды хабар.
- «Жан бабам біздің үйге келсін,—деді,
Хал-жайын баласының білсін,—деді.
Оспанның қонағынан үш есе боп,
Жан қалмай жамағаттан келсін» деді.
- Шаһарға хабар салды хазірет Әли,
120 Жамағат есітіпті жанның бөрі.

Әлидің мал-шамасын білген адам,
Екеу-екеу кеңесті жас пен кәрі.

«Бармаса, жұртқа кінә қояр,—деді,
Не білән жұрт жиылса тояр,—деді.
Жаратқан Құдай артық Шаһимардан,
Дүлдүлін намыстанса сояр» деді.

Жарымы айтты «Біз онда барам» деді,
Жарымы айтты «Біз үйде қалам» деді.
«Нұрдан болған Дүлдүлдің етін жесең,
130 Біздерге тозақ оты харам» деді.

Қонаққа шақыртыпты Әли батыр,
Әлидің һәрбір сөзі балдай татыр.
Мешітте ақшам намаз оқып алып,
Бас боп Пайғамбар қауымына келе жатыр.

Шаһарға жұрт сыймады асқанынан,
Пайғамбар нұры көкке тасқанынан.
Пайғамбар аяғын бір ілгері, бір кейін басты,
Ер Әли ұялар деп сасқанынан.

Ер Әли өзі батыр, өзі мықты,
140 Һәр сөзін Пайғамбардың жадына ұқты.
Халайықтан ұялып айналайын,
Екеуі бибі Фатима тысқа шықты.

—Ер Әли жомарттығын тыймайды ғой,
Оспан бізден көп қонақ жимайды ғой.
Жан қалмай бұ шаһардан келе жатыр,
Қайтеміз, Фатима-ау, үйге сыймайды ғой?

—Ер Әли таң қаламын жауабыңа,
Мақтанып дахыл болдың сауабыңа.
«Үйі тар балаңыздың, қайтесіз?» деп,
150 Салыңыз бабаңыздың құлағына.

Ер Әли халайыққа қарсы кетті,
Алдына қол қусырып жетіп кепті.
«Үйі тар балаңыздың, қайтесіз» деп,
Мүбәрак құлағына сыбыр етті.

Барды да құлағына сыбыр етті,
Пайғамбар қол көтеріп бір дұға етті.
Мүбәрак Пайғамбардың дұғасымен,
Тақсырдың кішкене үйі кеңіп кетті.

Қуанды судай тасып хазіреті Әли,
160 Жәмағат үйге кірді жанның бөрі.
Жәмағат жайланысып отырғанда,
Дұға қылып отырды Пайғамбары.

Дүниенің көзі жетті тұрмасына,
Қарашы Арысланның мырзасына.
Дүлдүлді сояйын деп тысқа шықса,
Фатима намаз оқып тұр екен құжырасында.

Тұр екен Құдайдан тамақ тілеп бұ бейшара,
Жиылып келіп отыр тура қара.
Жарандар, тыңдасаңыз ғажайып сөз,
170 Алланың құдіретіне мұнда қара.

«Әумин» деп қолын жайды Әли батыр,
Әлидің айтқан сөзі балдай татыр.
Үйінің бір бұрышынан көтеріліп,
Өңшең алтын дастарқан келе жатыр.

Дастарқанмен бірге келді алтын табақ,
Ішіне бір табақтың жетпіс түрлі тағам салып.
Дастарқанды жайды да табақ қойды,
Отырды көрген адам мейірі қанып.

Дара-дара табақты алдына алды,
180 Көрген жанның бөрі де мейірі қанды.
Жер-жемесін білмейді халайықтар,
Бөрінің ұжмақ иісі мұрнын жарды.

Үйлері ер Өлидің кішкене екен,
Зөредей жарылқамақ істен екен.
Дұғасы Фатиманың қабыл болып,
Тағамы сегіз ұжмақ көшкен екен.

Фатима «тілегімді берді» дейді,
Тағамын сегіз ұжмақ көрді дейді.
Жамағат шаттанысып отырғанда,
190 Жәбірейіл пәрмен бірлән келді дейді.

«Жарандар, шырағы Фатима
екі дүние анаң,—деді,
Хақ Расул қонақ қылды балаң,—деді.
Фатимаға қонаққа келген жанға,
Бәріне тозақ оты харам» деді.

Фатиманың тілегін Құдай берді,
Тамұқтан сол жандарды азат қылды.
Бір Алланың достарын ауызға алдық,
Қол көтеріп бір дұға қылалы енді.

Жақыпқожа, Айтқожа бабам болды,
200 Ол өткелі бір талай заман болды.
Шайхыслам әкем аты, мен Жүсіпбек,
Мұнымен бұ сөзім тамам болды.

Я, Алла, қыла алмадым құл қызметін,
Күнәһім ғафу әйлап, қыл рахматың.
Жамағатым, баламды тауфиқты қыл,
206 Жолдас қыл иманымды, Құдіретім.

قصة سعدوقاص

Қисса Сәдуақас

Әуелде сөз айтайын бисмилладан,
Өлмей қалмас анадан туған адам.
Өлмей тұрып бір қисса сөйлейін мен,
Туған жан бөрі де айрылар ата-анадан.

Құлдық, тағат қылсаңыз бұ дүниеде,
Өлсең иман табарсың о дүниеде.
Тәңірі досты Пайғамбар төрт жарменен,
Бір күні кеңес қылды Мәдинеде.

- Әбубәкір, Омар, Оспан бөрі де бар,
10 Пайғамбардың күйеуі Әли де бар.
Хазіреті азаншы Біләл менен
Сүйікті асхабтардың бөрі де бар.

Сыдық* айтты:—Тілегім дін-дүр,—деді,
Сізден бұрын сөйлеймін мен де,—деді.
Тәңірінің сүйер құлы Пайғамбарым,
Сенің сүйер жомартың кім-дүр,—деді.

- Үмбет десем көзіме келеді жас,
Өтірік сөз жаныма болады қас.
Қанша ойлап айтсам да, Әбубәкір,
20 Менің сүйер жомартым Сәдуақас.

Омар айтты:—Қылкөпір тар ма,—деді,
Сізден үгіт сұрасам бар ма,—деді.

* Сыдық /а/—шыншыл, шынайы; төрт әділетті халифаның бірі Әбубәкірдің эпитеті.

Жердің жүзін араласаң, Пайғамбарым,
Сәдуақастан жомартың бар ма?—деді.

—Артынан кәпірлердің ергенім жоқ,
Ешкімге намысымды бергенім жоқ.
Көп халайық аралап жүрсем дағы,
Сәдуақастан жомартты көргенім жоқ.

Жігіттер, жаман істен сақтаныңыз,
30 Құдайға құлдық қылып мақтаныңыз.
—Сәдуақас біздерден артық екен,
Одан жомарт ізденіп таппадыңыз.

—Сіздердің қой ғарібіме бергеніңді,
Артынан жомарттардың ергеніңді.
Сәдуақастан жомартты таба алмадым,
Мен неге жасырайын көргенімді.

Жігіттер, осы сөзім еп пе деді,
Аузына һәр алуың көп пе деді.
«Жалғыз атымнан жомарттық қылсам да»
40 [деп] ер Әли бабасына өкпелейді.

«Тілесек бір Құдайдан берер нәсіп,
Кәпірді қойдай қырдым басын кесіп!»
Жомарт деп бір мәртебе айтпаған соң,
Түгі шықты артынан тесіп-тесіп.

«Жомарт деп бір айтпады мені бабам,
Менен асқан жомарттығы қандай адам.
Мені аузына «жомарт деп алмады» деп,
Өкпелеп келе жатыр үйге таман.

Тіпті жоқ ер Әлиден болған мықты,
50 Кәпірлерді ер Әли қойдай қырды.
Бабасына өкпелеп келе жатса,
Алдынан Бибі Фатима қарсы шықты:

—Тақсыр, сен ерлік қылдың жұрттан асып,
Кәпірді қойдай қырдың басын кесіп.
Бабаннан шаттық көріп келер десе,
Кімге өкпелеп келесің өңің қашып.

—Мендей болып нешбір адам жүре алмады,
Кәпірдің қорғанына кіре алмады.
Сәдуақасты «жомарт» деп үш-төрт айтты,
60 Мені жомарт деп аузына бір алмады.

Жүруші едім бабамның тілін алып,
Кетуші едім көп кәпірді дінге салып.
Жомарт деп бір мәртебе айтпаған соң,
Сол себептен келемін көңілім қалып.

—Өңіңнен тамам кәпір қойдай ығар,
Бабамнан сұрайтұғын әділ Омар.
Бабам менің өтірік сөз айтпайтұғын,
Сәдуақастың жомарт[тығы] рас шығар.

—Екі кісі таласса шығар шығын,
70 Өкпе сөзің болады неге тығын.
Жалғызы Абдулланың қанын сұрап,
Сынайын Сәдуақастың жомарттығын.

Башир құл ер Әлиге жалшы еді,
—Қолыңа бір шелекті алшы,—деді.
Үстіне көк есекті[ң] мініп алып,
Үйіне Сәдуақастың баршы,—деді.

Келдім мен сәлем сізге берейін деп,
Ойлағаным жоқ еді келейін деп.
Тақсыр, сізге келіп едім қысылғаннан,
80 Жалғыз ұғылым жатқан соң өлейін деп.

Дәрілерге баламды бердім дерсің,
Тіліне дәрігерлердің ердім дерсің.
Балама балаң қаны ем деген соң,
Мен сізге соның үшін келдім дерсің.

Башир ерттеп есегін мініп алды,
Қарына бір шелекті іліп алды.
Әлидің әлгі сөзін есіткен соң,
Жалғызын Сәдуақастың іздеп барды.

90 Алласыз айтқан сөзде мін бар дейді,
Алла деген пендеде дін бар дейді.
Келді де Сәдуақастың қақпасына,
Айқай салып:—Осы үйде кім бар?—дейді.

Есітіп Сәдуақас шыға келді,
Башир тұрып алдынан сәлем берді.
Есітіп не ғажап, сенің өңің қашты,
Үйге түсіп қонақ бол, мырза,—деді.

—Келіппін сәлем сізге берейін деп,
Ойлағаным жоқ еді келейін деп.
Тақсыр, сізге келіп едім қысылғаннан,
100 Жалғыз ұғылым жатқан соң өлейін деп.

Сөзімді аузым барып айта алмайды,
Сөйтсе де сөзім айтпай қайта алмаймын.
Басымда үлкен қатты жұмысым бар,
Тақсыр, сізге айтуға бата алмаймын.

—Қатты-қатты шығаршы дыбысыңды
Мұнша неге тар қылды тынысыңды.
Азар болса сұрарсың жалғызымды,
Қалап келген айт жомартқа жұмысыңды.

—Ендеше Башир құлмын, таны,—деді,
110 Сұрасаңыз айтайын оны,—деді.
«Алып келсең Абдулланың қанын деді,
Балаңның жаны қалар сонан» деді.

—Ендеше берейін—деп айтып салды,
Алып келіп берейін деп іздеп барды.
Анасының көңілін аулайын деп,
Баласын қимай ма деп үйге кірді.

Жөнелді беремін деп баласына,
Жолықты келе жатып анасына:
—Балаңды бір мейманға беріп келдім,
120 Алғаным, жомарттығым жараса ма?

—Маған неге қарайсың оның несін,
Бір баланың есесін Тәңірі берсін.
Бір балаң бір мейманға жарап кетсе,
Құдайдан одан артық не сұрайсың.

—Сен қатын сол сөзіңнен танба,—деді,
Ақыретте өзіңе пайда,—деді.
Берейін өз қолымнан алып барып,
Шақырып Абдулланы «қайда?»,—деді.

—Қараушы едім Абдулланың қабағына,
130 Кетіпті оқимын деп сабағына.
Қолына Құран менен кітап ұстап
Отырған «барамын» деп мана ғана.

—Тиді ме құлағына сөзім барып,
Ғайыпты болжаймын ба көзім барып.
Мейманым ренжітпей жөнелтейін,
Ізінше шақырып кел өзің барып.

—Мен сені іздеп келдім, балам,—деді,
Ішімде толып жатыр сәнам,—деді.
Ала жүр Құраның менен кітабыңды,
140 «Келсін» деп шақырады бабаң,—деді.

Абдулла еріп жүрді анасына,
Қарашы ақылының данасына.
Қасына Абдулланы шақырып алып,
Сәдуақас сөйлейді баласына:

—Сені іздеп тұра мынау Башир,—дейді,
Мен болдым осы күнде нашар,—дейді.
Сенің қаның ем дейді баласына,
Апарып баласына шашам,—дейді.

Сені мен өксіп жүріп көрдім, бала[м],
150 Тіліне бір мейманның ердім, балам.
Тілімді алармысың, алмаймысың,
Сыртыңнан сені байлап бердім, балам.

—Әй, ата, бұйрығыңнан мойным бұрман,
Тіліңізді алмасам мұнда тұрман.
Баласы ата сөзін алмай ма екен,
Қылайын жолыңызға жаным құрбан.

Баласы тілін алып көнді дейді,
Қолына Абдулланы берді дейді.
—Мейманым, енді маған риза бол,—деп,
160 Мен аяп сенен тұрмын немді,—дейді.

—Балаңның мен жемеймін қамын,—дейді,
Балаңның маған қидың жанын,—дейді.
Бауыздап өз қолыңменен басын кесіп,
Құйып бер шелегіме қанын,—дейді.

«Баламның сен білерсің санын»—деді,
Мейманға жалғызының жанын қиды.
Мейманның көңілін аулайын деп,
Шелегіне басын кесіп, қанын құйды.

Баласын кескеннен соң талып қалды,
170 Башир үйге жеткенше налып барды.
Шелегіне Абдулланың қанын құйып,
Үйіне ер Әлидің алып барды.

—Берді ме баласының қанын?—деді,
Жомарттығы рас па екен оның,—деді.
Сен барып сұраған соң кешікпей-ақ,
Қиды ма баласының жанын,—деді.

—Еш көшпей-ақ бауыздады ...*,—деді,
Көзімнен бітпей кетті жасым,—деді.

* Бір сөз танылмады.

Бауыздап шелегіме қанын құйды,
180 Қанжарменен кесіп алды басын,—деді.

—Бабамды сынаймын деп кетті санам,
Тозаққа қарық болды ғаріп жаным.
Сол жерде тақсыр Әли зар жылайды,
«Мойныма жүктедім» деп адам қанын.

Аһ ұрып, тақсыр Әли налып салды,
Тамам жұрт қойдайын шулап қалды.
Сол күні Пәруардигар Мұхаммедке
Жәбірейілден хабарды салды дейді.

«Мұхаммед сүйер достым сенсің,—дейді,
190 Жетім, пақыр, көңілін барып алсын,—дейді,
Бүгін қонақ болуға уақыт жетті,
Үйіне Сәдуақастың барсын» дейді.

Достына Жәбірейілден хабар барды,
Ендеше барайын деп қабыл алды.
Қасына асхабтарын ертіп алып,
Үйіне Сәдуақастың жетіп келді.
Тұсына қақпасының жетіп келді,
Сәдуақас «қош келдің» деп қабыл қылды.
«Пайғамбар көргеннен соң ренжір» деп,
200 Баласын шапаныменен жаба салды.

Алдынан Сәдуақас қарсы келді,
Әдеппенен Пайғамбарға сәлем берді.
Сәлемін әлік алды Нұр Мұхаммед,
Аман ба мал-жаның, мырза?—деді.

«Шүкірміз, үйге жүр» деп шақырады,
Күн сайын жомарттығын асырады.
«Пайғамбар есіткен соң ренжір ме» деп,
Өлгенін баласының жасырады.

Таң қалар жомарттығын көрген адам,
210 Осы сөзді тыңдамас кейбір надан.

Пайғамбар келгеніне құрмет қылып,
Пісіріп алып келді түрлі тағам.

Тағамын дастарқанға алып келді,
Пайғамбар қолын жайып дұға қылды.
Табақтан қолын тартты Нұр Мұхаммед,
Таң қалып тұра қалды көп жамағат.

—Суынсын тағамың, сабыр,—деді,
Ішерміз суыған соң ақыр,—деді.
Жегенім жалғыз тағам жарамайды,
220 Бірге жейік, Абдулланы шақыр,—деді.

—Құдай артық жаратқан басыңызды,
Көп жылға еріштіргей жасыңызды.
«Оқимын» деп кетіпті сабағына,
Тоқтамай-ақ ішіңіз асыңызды.

—«Соң оқырсың» деп шақыр сабағынан,
Оның үшін шытпағыл қабағыңды.
Жесін десең, тез барып шақырып кел,
Абдулласыз жемеймін тамағыңды.

Қысылып шынын айтты Сәдуақас:
230 —Өтірік жаныма болады қас.
Бүгін өлген Абдулла, қайтып келмес,
Жамағат, ренжімей асаңыз ас.

Есітіп ашуланды Нұр Мұхаммед,
«Бұрыннан неге айтпадың сен маған?» деп.
Мұнда кел бірге тағам желік деп,
Үш мәртебе шақырды «Абдулла» деп.

Абдулла сәлем беріп кіріп келді:
—Кешікті деп сөкпеңіз, тақсыр,—деді.
Қуалап, ұстаймын деп хор қыздары,
240 Күніменен әлек қылып жібермеді.

—Көп жаса, бөрекелді, балам,— деді,
Атаң менен сені берген анаң деді.
Пайғамбар қолын жайып бата берді,
Енді бірге желік тағам деді.

Асын жеп үйіне қайтты Пайғамбарым,
Қылмайды Мұхаммедтей жұрттың бөрі.
Мадақтап Сәдуақастың жомарттығын,
Жиып алып сөйлейді жұрттың бөрі.

Тыңдайды айтқан сөзін жұрттың бөрі,
250 Баршасы сөзін қоштап деді «бөлі!»
«Мен бір қатты күнәні жүктедім» деп,
Мешітке жылап келді хазірет Әли.

—Бір күні айтып ерді бабам сөзін,
Сөйлейді асхабтарға тамам сөзін.
Жүктедім мойныма адам қанын,
Инанбай сынаймын деп бабам сөзін.

Осындай—сондай қанды ісім бар,
Күнәһім кешіре гөр, Пәруардигар.
Жығылып Пайғамбардың аяғына,
260 Кешір деп қолын тұтып жылайды зар.

Пайғамбар дұға қылып Хақтан тілеп,
—Құдай кешсе күнәһің кештім,—деді.
Бұ Әлидің күнәһін шештім,—деді,
264 Айтқан сөзге инанарсың енді,—деді.

قصه تمیم دار

Қисса Тамимдер

Қиссаны өлең қылған ақын зерек,
Ойласам дүние жүзі дөп-дөңгелек.
Бұрынғы өтіп кеткен жарандардан,
Бір сөзді шариф қылып айтсам керек.

Жақсыларды жад қылсам хатқа салып,
Имансыз құл тозақта мәңгі қалып.
Тәңірім берсе адамзат не көрмейді,
Мехнатты адам дүниеден кетер озып.

10 Хатқа жаздым кітаптың сөз қырларын,
Қисса сөздің жазайын қызықтарын.
Айыпқа ала көрмең біз ғаріпті,
Қате болса түзетің бұзықтарын.

Жақсыларға сөйлейін тыңдағандай,
Жолдасы бозбала бұ заманда-ай.
Мехнат көрген біледі ғаріп жайын,
Мехнат көрген адамдар жылағанда-ай.

Мұхаммед пайғамбардың заманында
Талай көрген мехнатты бір бейшара.
Жерде, көкте көрмеген нәрсесі жоқ,
20 Тәңірім жазса не көрмес адам пенде.

Пайғамбар бізден бұрын өткен екен,
Иманды құл мұратқа жеткен екен.
Пайғамбардың Тамим деген сахабасы,
Жеті жыл ғайып болып кеткен екен.

Құдай сүйіп, дос қылған Мұхаммедті,
Пайғамбарға Алладан хабар жетті.
Алладан бұ хабарды есіткен соң,
Пайғамбар ер Әлиді «келсін» деді.

30 Шақырған соң тақсырға Әли келді,
Қол қусырып алдында сәлем берді.
— Бір насихат айтамын, Әли, саған,
Сөзімді тыңда жақсы, балам, — деді.

— Ажалды адам дүниеден кетер, — дейді,
Ажал жетсе тағдыры жетер, — дейді.
Менен соң Тамим деген сахабамды,
Жындар алып ұшырып кетер, — дейді.

Дүниедегі нәрсені көрер, — дейді,
Біраз күн мехнат көріп жүрер, — дейді.
Жақсылық, жамандықтың бәрін көріп,
40 Сіздерге сөйтіп хабар берер, — дейді.

Әли мұны естіп қайтып келді,
Алладан Мұхаммедке тағдыр болды.
Ажал жетсе, дүниеден кім құтылар,
Пайғамбар дүниеден көшіп кетті.

Пайғамбар дүниеден көшкен екен,
Тәңірім, тағдыр осылай еткен екен.
Пайғамбардың орнына патша болып,
Әбубәкір бас таққа мінген екен.

Хазірет Омар патша болып таққа мінді,
50 Омардың дариядай алды кең-ді.
Жұрт ішінде көрсетіп әділдігін,
Тәңірім өзі оңғарды енді жолды.

Омардың айтқан сөзі бәрі мақұл,
Алдына ғаріп-міскін келер жақын.
Хазірет Омар алдына арыз айтып,
Бір бейшара арыз қылып келді қатын.

Омарға арыз қылды қатын келіп,
Ербір сөзді айтады мағлұм қылып:
— Құдай қосқан қосағымнан айрылғанмын,
60 Жеті жылдан бері ол болған ғайып.

Көңіліме жеті жыл-дүр түскен сәна,
Жесір қатын біз болдық, жетім бала.
Құдай қосқан қосақтан айрылғанмын,
Қайда барып күн көрем мен бейшара.

Менің ерім ғайып болып кетті, — дейді,
Жеті жыл содан бері өтті, — дейді.
Өз алдыңда, падиша, некаһ қылып,
Біреуге біз пақырды берің, — дейді.

Омар мақұл бұл сөзді көрді дейді,
70 Некаһ қылып біреуге берді дейді.
Намазшамда некаһын қидырып алып,
Жігіт алып үйіне келді дейді.

Намазшамның уақыты болып қалды,
Жігіт намаз оқырға үйге барды.
Құдайға құлшылық қылмақ үшін,
Таһарат үшін қолына құман алды.

Таһарат үшін қолына құман алды,
Намаз үшін қинаған ғаріп жанды.
Бір таһараттық құманда су жоқ екен,
80 Жігіт суға баруға даярланды.

Жігіт суға баруға даярланды,
Түрегеліп қолына шелек алды.
«Мен барайын, сіз енді бармаңыз» деп,
Қатын келіп қолынан шелек алды.

— Сіздің суға барғаныңыз жарамайды,
Қызмет қылса керекті қатын байды.
«Ерге қызмет қатын қылсын» деген,
Естуім Пайғамбардан осылайды.

- Бұны айтты да ол қатын суға кетті,
90 Судың таман басына жақын жетті.
Су басында бір қара көрінеді,
Ұқсамас адамзатқа, дәу суретті.

Қатын жаман қорықты мұны көріп,
Қатынның шақырады атын біліп.
«Атым Тамим, мен сенің ерің, — дейді,
Жақын кел, қасыма бері жүріп».

- Қатынның сескенеді ғаріп жаны:
«Тәңірім, душар қылдың ба бұ бөлені».
Дәу болса, мұнан қорқып кете ме деп,
100 Қатын байғұс айтады бисмилланы.

Қасына ол қатынның келді Тамим,
— Ерің — мен, — деп сөйлейді, — қатын, сенің.
Әуелден Тәңірім қосқан екеуімізді,
Менің бар перзенттерім туған сенен.

Қатын айтты есітіп:—Сұбхан Алла,
Менім ерім келмейді бұ заманда.
Жеті жыл ғайып болған менім ерім,
Сен өзің диюсың ба, перісің бе?

- Тамимге ұқсамайды сенің түсің,
110 Сен өзің бір жәдігөй перімісің.
Бір жадугер, алдаушы болғаннан соң,
Балаларым білесің оның үшін.

Тамимге ұқсамайды сенің өзің,
Жын-періге ұқсайды екі көзің.
Тамим болсаң сүйікті перзентіңе
Хат бірлөн жетпес пе еді сәлем сөзің.

- Осы жерде сөзіңді білем жалған,
Өтірікті, жәдігөй, айтпа маған.
Адамзатқа ұқсамас келбетіңіз,
120 Көргенім жоқ дүниеде сендей адам.

—Хақы үшін инанғыл Пайғамбардың,
Атым—Тамим, еріңмін, қатын, сенің.
Аятпенен айтса да Тамим байғұс,
Сөзіне инанбайды қатын оның.

Қатынның тиген байы үйде қалды,
Қатын мұнда сөйлесіп тұрып қалды.
«Біреуменен зиналасып жатыр ма» деп,
Соңынан қатынының жетіп барды.

Қасына бұл екеуінің жігіт келді,
130 Қатынменен сөйлескен дәуді көрді.
«Бизауал уақытта қатынменен
Сөйлесіп тұрған адам кімсің?—деді.

—Сенің емес, менікі осы қатын,
Сен неге алдың біреудің аманатын.
«Перзенттерім анасы осы»—дейді,—
Осы қатын менікі, білдім» дейді.

—Бұ қатынды берген-ді Омар маған,
Өлсем де бұл қатынды бермен саған.
Омар айтқан жарлығын бұза алмассың,—
140 Бір-біріне сөйлесті қатты жаман.

Екеуі су басында ерегісті,
Арасына бұлардың қатын түсті.
Екеуіне айтады қатын сөзін,
Ұнатсаңыз айтайын мен бір істі.

—Бұ жерден үшеуіміз де қайталық біз,
Үшеуіміз де үш бөлек жаталық біз.
Әділ патша не жарлық қылар екен,
Ертең барып патшаға айталық біз.

Ертең барып патшаға жүгінелік,
150 Не айтса да сөзіне біз көнелік.
Осы сөзі бойынша қайтты үшеуі,
Үшеуі үш үйге жатты келіп.

Үш бөлек бұл үшеуі жатты дейді,
Жалғаншылар иманын сатты дейді.
Таң атып, күн шығардың мезгілінде,
Бұл үшеуі арызын айтты дейді.

Бұл үшеуі есіктен келді кіріп,
Патшаға тағзым бірлән сәлем беріп.
Жігіт енді Омарға арыз қылды,
160 —Қатынды маған бердің некаһ қылып.

Қатыным шелек алып суға барған,
Қатынымды осы кісі әуре қылған.
Қатынымды құшақтап жібермейді,
«Сен менің қатыным» деп азап қылған.

Дәу малғұн тұрған екен әуре етіп,
Қатыным көп кешікті суға кетіп.
Қатыным кешіккен соң шыдамадым,
Соңынан не болды деп бардым жетіп.

Қатынды некаһ қылып маған бердің,
170 Алмай жатып мен дәуден зорлық көрдім.
Не қылсаң да, тақсыр хан, енді өзің біл,
Дәу, қатынды, мінекей, алып келдім.

Естіп Омар патша қайран болған:
—Шын ба екен осы сөзің, емес жалған.
Адамзат пенен перізат бұ дүниеде,
Сұбхан Алла, бар ма екен [некаһланған].

Омар Тамим екенін танымаған,
Тамим айтты:—Мен жалған айта қалман.
«Ей, патша, бұл қатын менікі» деп,
180 Бейшара мұңын айтып зар жылаған.

—Қара болған перідей менім түсім,
Мехнат бірлән өткіздім жазы-қысым.
Мен көрдім қанша мехнат бұ дүниеде,
Періге жүзім ұқсар оның үшін.

Дүниеде ғаріптікпен не көрмедім,
Мехнат көріп дәулерде жүрер едім.
—Қатының менен балаңа Тамим болсаң,
Не үшін бір хат жазып жібермедің.

—Тәңірім салған мехнатқа мен байғұсты,
190 Мехнат бірлән өткіздім жазы-қысты.
Хат жазып жіберетұғын хал болмады,
Ойлап тұрсам Алланың әмірі күшті.

Омар сонда ғажапқа қалды дейді,
Ойына бір нәрсені алды дейді.
«Хазірет Әли Тамимді тани ма?» деп,
Баршалары жиылып барды дейді.

Жиылып ер Әлиге келді бөрі,
Қасында ер Әлидің зұлпықары.
Кітап оқып ер Әли отыр екен,
200 Омарменен кіріп келді баршалары.

Хазірет Әли Омарға сәлем берді:
—Қасыңызға жиыпсыз тамам ерді.
Көп жамағат қасыңа жиып алып,
Не жұмысқа, падиша, келдің,—дейді.

—Келгенімді айтайын, Әли, саған,
Бір кісі Тамиммін деп келді маған.
Тамимге ұқсамайды оның жүзі,
Танытуға патшаңыз келді саған.

Сонда Әли Тамимді білді танып,
210 Сұрайды ер Тамимді қасына алып.
Сонда Тамим Әлиге сөйлейді енді,
Ішінде айтпаған сыр қоймайды енді.
Әуел бастан сөйлейді ер Әлиге,
Тамимнің айтқан сөзін жұрт тыңдайды.

Сөйлейді әуел бастан жамағатқа:
—Қатын қылған бар ма екен қанағатқа.

Қатыным тынышымды алып қоймаған соң,
Келіп едім қатынымменен шарифатқа.

220 Ғұсылсыз төсегімде жатпайын деп,
Күнәға ғұсылсыз батпайын деп,
Ғұсылды құйынбаққа суға бардым,
Таһарат алып денемді пәктайын деп.

Сөйлейін енді сізге сөздің бәрін,
Насихат айтып еді Пайғамбарым:
«Қатын бірлән сұхбатқа кіргеннен соң,
Ғұсылсыз жатпа, — деген, — жарандарым».

Сол сөзі Пайғамбардың бар есімде,
Таһарат алып келем деп су ішінде.
Бір қатын жүзі көркем пайда болды,
230 Көзіме көрінеді нұр ішінде.

Қатын маған келді де көңіл етті,
Мен айттым періште ме нұр сипатты?
Өзілдесіп меніменен ойнаған боп,
Аузыменен қатын маған бір су септі.

Сол суды сепкеннен соң қалдым талып,
Алып ұшты аспаннан бір дәу келіп.
«Дарху» деген алып барып бір дарияға,
Ортасына тастай берді алып барып.

Сол арал шайтан менен жынның жері,
240 Мекен қылған аралды дию, пері.
Мұсылман періменен дұшпан екен,
Кәпір пері ұрысады ары-бері.

Кәпір пері соларменен ұрыс қылды,
Мұсылман перілерінің бәрі ер-ді.
Кәпірлердің еркіне қоя бермей,
Кәпірлердің мұсылман бәрін қырды.

Жөнелді қатын, қызын жиып алып,
Соларменен бірге кеттім мен бір ғаріп.
Құранды иман бірлән оқыр едім,
250 Менен пері сұрайды қасына алып.

—Не қылған адамзатсың сен жаһанда,
Айтқан сөзің жағады біздің жанға.
Мен айттым:—Мұхаммедтің үмбетімін,
Мен елімді көремін қай заманда.

—Айтқан сөзің жаныма кетті жағып,
Дарияға келдің, сірә, мұнда нағып.
Сені білсек ұрысқа бармас едік,
Сен бұлардың қолына түстің нағып?

Мен халімді сөйледім бастан-аяқ,
260 Ел-жұртымнан айрылып болдым саяқ.
Періге мен сырымды айтып едім,
«Бейшара» деп жылайды бәрі де аяп.

Мені пері патшасына барды алып,
—Ей, падиша, бейшара бұл бір ғаріп.
Бастан кешкен сөйледім бар мұңымды,
Жамағат, біраз тыңда тілге нанып.

Падиша енді менен сөз сұрайды:
«Қай патшаның кісісің?» деп сұрайды.
«Мұхаммедке қараған адам» дедім,
270 Менің халім есітіп көп жылады.

Алдына бір табақпен дәм алдырды,
Патша айтты:—Бұ жерден кетпе,—деді.
Барлығымды сөйлейін, әли* саған,
Ізет-құрмет қылайын, сөкпе,—деді.

Бір күні Құран оқып жылар едім,
Басыма бөле келсе Хаққа бердім.

* Әли [а]—құрметті, қадірлі.

Падишаның құрметтеп сыйлауынша,
Біраз күн сонда тұрып ғұмыр сүрдім.

— Білуші едім Құранның мағынасын,
280 Біздерге пенде болған бейшарасың.
Менім молда екенім білгеннен соң,
Жиып берді «оқыт» деп көп баласын.

Оқыт деп балаларын маған берді,
Баланы оқытқалы бес жыл болды.
Араб, парсы, нахуадан мағына беріп,
Балалардың бәрі де молда болды.

Сіздерді түсте көрдім, жарандарым,
Қатыным, бірге келген балаларым.
Түсімде Пайғамбарды көрдім дағы,
290 Ойыма алып жыладым баршаларын.

Патша мені шақырды қастарына:
— Не мехнат түсті сенің бастарыңа.
Бізден кінә таптың ба жылағандай,
Ел-жұртың түсті ме естеріңе?

— Мен айттым ел-жұртым сағынғанмын,
Қай уақытта еліме табыламын.
Бүгін кірді түсіме елім-жұртым,
Соларды ойлап, падиша, иглағаным.

— Сен біздің ұстаз болдың балаларға,
300 Қақыңды сенің жүктеп қаламыз ба.
Сол қақыңды біздерге кеше қалсаң,
Сені біз жеткізелік қалаңызға.

— Мен айттым қайтар едім елімізге,
Сен біздерді жеткізсең жерімізге.
Құдай үшін оқыттым балаңызды,
Кештім дедім хақын бөріңізге.

- Патша айтты:—Шаһарың неше жылдық?
—Есім танған, ей, тақсыр, мен бір сұмдық.
Патша айтты:—Шаһарың мен білемін,
310 Сенің шаһарың бұ жерден сексен жылдық.

Зар жыладым ғаріп болып мен бір пенде,
Падиша «жылама» деп айтты сонда.
Саған алыс болса да бізге жақын,
Жеткізелік шаһарыңа бір заманда.

Падиша уәзірлерін қасына алды,
Ішіне бір аралдың алып барды.
Мен көрдім бұ дүниеде қанша мехнат,
Төңірім мендей қылмасын бейшараны.

- Сол аралда бар екен жуан ағаш,
320 Ағаштың жуандығы мың бір құлаш.
Сол ағаштың түбінде бір темір үй,
Падиша жарлық қылды «есікті аш».

Темір үйдің есігін ашып салды,
Ішінде темір үйдің дәулер бар-ды.
Көп дәулердің ішінен бір диюды
Падиша шақырды да қасына алды.
Мұндай үлкен диюды көргенім жоқ,
Қандай үлкен Құдайым жан жаратқан.

- Падиша айтты:—Тіліме көнемісің,
330 Сен менің жақсылығым білемісің.
Жамағат, құлақ салып тыңда-сәна,
Мыңнан бірін айтайын көрген ісім.

—Білемін жақсылығың, падиша хан,
Ұмытпаспын, жақсылығың қылдың маған.
Патша айтты:—Бір қызмет тапсырамын,
Сені мен шығарайын бұ зынданнан.

Мен саған тапсырайын бір аманат,
Біздерде ғаріп болған бір адамзат.

Шаһарына жеткізсең сол ғаріпті,
340 Уәделесіп қылайын сізді азат.

Мәдине шаһарына жеткіз мұны,
Қылайын азат енді сонда сені.
Дәу айтты:—Жеткізелі шаһарына.
—Қай уақытта жеткізесің бейшараны?

Қастық қылман тапсырған аманатқа,
—Жеткізермін жеріне он сағатта.
Алды да мойнындағы шынжырларын,
Тапсырды мен ғаріпті перізатқа.

—Ей, пері, бұған зиян қылмағайсың,
350 Менім айтқан сөзімді тыңдағайсың.
Сен енді бұ көпірге ермегейсің,
Бейшара ғапыл, сірә, болмағайсың.

Сен ғаріпті қолымнан жөнелтейін,
Саған жақсы бір дұға үйретейін.
Не тасқа, не теңізге тастап кетер,
Көңіліңе жазғандай ғып хат бітейін.

Барарсың мұны оқысаң есен-аман,
Ойынға алмай ұмытпа мұны, балам.
Көрмесем де сыртыңнан қанық едім,
360 Омар, Оспан, Әлиге дұғай сәлем.

Мінгізді арқасына дәудің мені,
«Төңірім есен сақтасын, ғаріп, сені.
Тапсырдым,—деп,—Аллаға» қоя берді,
Аспанға алып ұшты дию-пері.

Ауаға сонда пері алып ұшты,
Һәр күйге Төңірім салды мен байғұсты.
Көк жүзінде мен көрдім көп періште,
Бір Құдайдың ойласам әмірі күшті.

Басым көкке жақындап сонда жетті,
370 Көрмегенді көрген соң есім кетті.
Құлақ салып тыңдай көр, жамағаттар,
Біразырақ айтайын сондай кепті.

Тыңдай көр құлақ салып, жарандарым,
Қиналған мехнат көріп өзел жаным.
Не теңізге, не тасқа тастай ма деп,
Оқи бердім үйреткен дұғаларын.

Қайсыбірін айтайын, көп күн өтті,
Нағып теріп жазайын есім кетті.
Ғаріпшілік күн туды мен байғұсқа,
380 Тәңірім енді ғаріпке не көрсетті.

Ұшырып келе жатыр дию алып,
Не дейін іс көрмедім мен бір ғаріп.
Қол қусырып тұр екен көп періште,
Мұны көріп келемін қайран қалып.

Тағы көрдім бір бөлек періштелер,
Мұны көріп ғарібін таңға қалар.
«Уассафат» сүресін шарых қылып,
Періштелер жиылып әуез қылар.

Мен көрдім періштелер тағы бір топ,
390 «Уалләйл» сүресін тұрған оқып.
Таудай үлкен жұлдызды көргеннен соң,
Мен ғаріп қорқып кеттім зәрем кетіп.

Не іс түсті мен ғаріп пақырыңа,
Жамағат, құлақ салып мұны тыңда.
Сол жұлдызды көрген соң есім кетті,
Дұғаларым келмейді хатирыма.

Дүниеде не көрінбес ғаріп жанға,
Бастан аяқ сөйлейін падишаға.

- Жын патшаның дұғасын ұмытқан соң,
400 Қорыққаннан оқыдым «Құл һуа Алла»*.

Тағы да мен көрдім бір періште,
Қолына от ұстап тұр һәрбір істе.
Қолындағы сол отты тастай берді,
Диюдың үстіне келіп түсті.

Сол диюдың үстінде мен бір ғаріп,
От тиген соң ол пері кетті жанып.
Диюдың арқасынан түсіп қалдым,
Аспаннан жөнсіз оқтай келем талып.

- Аспаннан мен құладым төмен қарай,
410 Ғаріп болып мехнатты көрдім талай.
Жеті күн, жеті түнде жерге түстім,
Не көрсетпес ғаріпке Жаппар Құдай.

Түскен жерім дарияның жағасы екен,
Маған қылған Алла панасы екен.
Құдай өзі сол жерде жәрдем берді,
Түскен жерім мақтадан жұмсақ екен.

- Һеш жерім ауырмады және тұрдым,
Бір күн түскен жерімде сонда тұрдым.
Қарап тұрсам дарияның ортасында,
420 Толқынменен келе жатқан бір құс көрдім.

Құсқа жақын мен келдім қадам басып,
Құс маған су береді аузын ашып.
Рақымшылық көп қылды сол құс маған,
Ғаріп болып жүргенде қарыным ашып.

Берген суы ол құстың балдай тәтті,
Тәңірім ғаріп қылмасын адамзатты.
Ұжмақтың шәрбатына ұқсайды екен,
Майдан жұмсақ су екен, емес қатты.

* Құл һуа Алла—[«Ыхлас» сүресінің бірінші аяты]—«Ыхлас» сүресін оқығаны айтылып отыр.

Ол құсқа тіл берді Жаппар Алла,
430 Маған айтты:—Қайғырма, ей, бейшара.
Өз жеріңе барарсың есен-аман,
Ғаріп болып жүрерсің біраз ғана.

Хақ жазғанын, бейшара, көрерсің сен,
Азырақ меһнат көріп жүрерсің сен.
Жер мен көктің арасын бәрін көріп,
Жұртыңа барып хабар берерсің сен.

Мен айттым:—Әй, жақсы құс, атың кім-ді,
Маған жәрдем қылдырды Тәңірім сені.
Баян қылсаң атыңды білер едім,
440 Тәңірім душар етті ғой екеуімізді.

Маған атын сөйледі бейшара құс,
Мен көрдім ғаріптікпен бірқатар іс.
Ысхақ деген құс екен ұжмақтағы,
Қайдан теріп айтайын бәрін тегіс.

Адамға сол құс қызмет қылған екен,
Ұжмақта қызмет қылып тұрған екен.
—Ей, жігіттер, ұжмақтың іштерінде,
Бір таудай ағаш бар, жуан екен.

Есітіп құстан мұның бәрін білдім,
450 Сол құстың қастарында қырық күн тұрдым.
Амандасып жөнелдім құс қасынан,
Келе жатып бір үлкен жылан көрдім.

Жылан таудан, қарасам, үлкен екен,
Оны көріп жүрегім тітіреген.
Тәңірім жазса адамзат не көрмейді,
Ғаріп адам не көрмес тентіреген.

Барар жолды білмедім сол арада,
Ысқырып жылан айтты:—Адамзада.
Жылан аты—Дәббәт әл-Арз екен,
460 Не көрмедім дүниеде мен бейшара.

Жол сұрадым жыланнан мен бір ғаріп,
Жылан мені жіберді жолға салып.
Бір үлкен тау алдымда көрінеді,
Жыланнан сұрап алдым бәрін қанып.

Жылан айтты:—Сол тауда бір кісі бар,
Соған барсаң ол саған жол көрсетер.
Жыланнан осы сөзді есіткен соң,
Тамим байғұс аяңдап келе жатыр.

Ақырындап, аяңдап тауға келдім,
470 Тау басында бір үй бар, оны көрдім.
Бір көрі адам сол үйде отыр екен,
Қорыққаннан тағзым қылып сәлем бердім.

Сәлемді қабыл алды ол көрі адам,
—Бұ жерге ей, бейшара, келдің неден.
Бұ Иса пайғамбардың үмбеті екен,
Бастан аяқ сырымды айттым соған.

Төрт жүз жыл мұнда тағат қылған екен,
Тағат қылып сол тауда тұрған екен.
Мұхаммедтің сипатын көрген екен,
480 Мұхаммедке бек ғашық болған екен.

«Тірі ме?» деп сұрайды Мұхаммедті,
Мен айттым:—Мұхаммедке тағдыр жетті.
«Аһ, дариға, көрмедім» деп зар жылайды.
Жылай-жылай ғаріптің есі кетті.

Аты екен ол адамның—Әбу Жүніс,
Мехнат көрген бейшара мен бір байғұс.
Тәңірі жазса адамзат не көрмейді,
Ғаріптікпен һәркімге болдым таныс.

Ол адамнан сұрадым мен жыланды,
490 Шал есітіп бұл сөзді қайғыланды:
—Заманақыр болғанда осы шығып,
Һәлак қылар ол жылан талай жанды.

Ол шықса, Мекке адам бармас дейді,
Ел ішінде берекет қалмас дейді.
Түрлік-түрлік ғаламат болар дейді,
Өз малына қанағат қылмас дейді.

Ол білән соны сақтап тұрған дейді,
Ей, ұлым, неш болмас бұған дейді.
Заманақыр болғанда осы шығып,
500 Имансызды жұтады тамам дейді.

Ол адамнан есітіп мұны білдім,
Түрлік-түрлік ол жерде жеміс көрдім.
Шал маған түрлік жеміс алып берді,
Шалменен бірге отырып тағам жедім.

Шал бейшара бір сөзді айтты маған,
Асаған соң тойғанша түрлі тағам:
—Бұ дарияның жүзінде бүгін дейді,
Бірталай келе жатыр кемеші адам.

Кемешіге сені мен тапсырайын,
510 Ей, бейшара, көңіліңе алма уайым.
Шал маған сол сөзді айтып отырғанда,
Бірталай кемешілер болды аян.

Кемешіге тапсырды мені апарып:
Мұхаммедтің үмбеті бұл бір ғаріп.
«Мұхаммедтің үмбеті» деп айтса дағы,
Кемешілер білмейді мені танып.

Шал бейшара маған бір сәлде берді,
Керуен айтты кемеge міндірелі.
Кемешіге тапсырып Құдай үшін,
520 Кемешіге тапсырып қоя берді.

Керуен есті кемесін оңды-солды,
Айрылған ел-жұртынан мен бір мұңды.
Кемелері дариядан бір күн шықты
Теңізден шығардылар керуен мені.

Мен шықтым дарияның жағасына,
Көзім түсті көп жеміс миуасына.
Қандай жерді Құдай жаратпаған,
Алланың құдіретіне қара-сөна.

530 Кеме бірлән теңізден шығып келіп,
Көңілім менің қызады жеміс көріп.
Құдайдан өзге жаннан жәрдем болмас,
Ол жерде рахат көрдім біраз тұрып.

Сонда тұрсам, бір жақтан от жанады,
Төңірім мендей қылмасын һешбір жанды.
Шаһардың оты екен деп мен ойладым,
Жарық болып көрінді раушаны.

540 Сол жарыққа қарсы енді жүрдім,
Бір сахара үстіне шыға келдім.
Құдайым қандай жерді жаратпаған,
Алланың құдіретіне мойынсұндым.

Жақұт, гауһар, лағыл тас жаратылған,
Асыл тастай тастары інжу-маржан.
Бағасын біле алмады адамзаты,
Шам-шырақтар қасында жанып тұрған.

От дегенім бұлардың жарығы екен,
Оттай болып көрінген сағым екен.
Мехнат көрген дүниеде ғаріп адам,
Ойлап тұрсам Алланың әмірі екен.

550 Жатыр екен сол жерде бір айдаһар,
Көрген соң, Аллаға бір қылдым зар.
Мен көрдім ғаріп болып талай мехнат,
Төңірім жазған әуелден жазмышы бар.

Құйрығыменен бір салып мені жықты,
Жығылып байғұс болып есім кетті.
Есім жиып Құранды оқып едім,
Қорқып жылан дарияға қашып кетті.

Есім жиып отырдым сол арада,
Бір жақсы дауыс келді құлағыма:
«Құранды оқымасаң ғаріп басқа,
560 Жетіп еді тағдырың ей, бейшара».

Дауыстады бір адам мұнда маған:
«Өз жеріңе барарсың есен-аман.
Қайғырмағыл, бейшара, қорқуменен»,
Қай жағымнан шықты деп болдым қайран.

Мен Мұхаммед үмбеті, бейшарамын,
Ғаріп болған дүниеде әуарамын.
Бұ меһнаттан мені сіз құтқарғайсыз,
Дауысыңнан танымын мұсылмансың.

Нұх пайғамбар үмбеті екен үшбу адам,
570 «Бір жолды көрсет» дедім сонда оған.
Ол айтты:—Алдыңда бір адам бар-ды,
Соған барсаң көрсетер жолды саған.

Сөй деген соң ілгері жүре бердім,
Үш күн, үш түн жолменен тентіредім.
Қарным ашып қалмады һешбір тағат,
Үш күннен соң бір үйге ұшырадым.

Қарным ашып жығылдым сол арада,
Шөп жедім аштықтан мен бейшара.
Ғаріптікпенен ...* жия алмадым,
580 Наза болып жыладым біраз ғана.

Бұ адам айқай салды сонда маған,
Қарным ашып жығылдым, кетті шамам.
—Ей, Тамимжан, бейшара, сау-саламат
Өз еліңе барарсың есен-аман.

Сол арада бір адам пайда болды,
Бір табаққа асын салып маған берді.

* Бір сөз танылмады.

Ас жеген соң, мен келдім өз халіме,
Бір аяқ мен тағы да іштім суды.

Біреу айтты «кетпе» деп сонда маған,
590 Ол барып алып келді тағы тағам.
Алып келіп тағамды маған берді
Бергеннен соң тойғанша жедім тамам.

—Ей, Тамим, қызмет қыл патшаларға,
Білсең қызмет қыларсың біраз ғана.
«Бұл арадан кетпе» деп жарлық қылды,
Қызмет қылар білем дедім мен бейшара.

Көп тағамды тағы да берді маған,
«Көп жақсылық қылайын,—дейді,—саған».
—Менің айтқан тілімді алып тұрсаң,
600 Жақсылыққа жетерсің, бейшара адам.

Пері сонда сілкініп бір құс болды,
«Менің екі аяғымды тұтқыл» деді.
Аяғын перінің тұттым мен бір пақыр,
Тағы да айтты «көзіңді жұмғыл» деді.

Бір уақытта мен ғаріп аштым көзді,
Мен көрдім сондай үлкен бір теңізді.
Сол дария мұхиттың теңізі екен,
Төңірім есен сақтасын ғаріп бізді.

Іші толған мұхиттың арал екен,
610 Дию менен перінің мекені екен.
Сол аралға құс мені алып келді,
Осы құс дию, перінің патшасы екен.

Мен көрдім сол патшадан жақсылықты,
Сол пері маған берді бір сандықты.
Сол сандықтан көп қылып үйіп алды,
Дию маған көрсетті көп қызықты.

Сандық [іші] дәрі екен кереметті,
Жақсы дәрі болмасты мұнан тіпті.
Құлақ салып тыңдаңыз, жарандарым,
620 Біразырақ айтайын көрген кепті.

Имансыз жан ұжмақтан төгіледі,
Ғаріп болған дүниеде мен бір мұңды.
Өлген жанның аузына мұны салса,
Бұ сандықтан өлгендер тіріледі.

—Бұны есіңе, бейшара, алғайсың сен,
Менің айтқан тіліме нанғайсың сен.
Ажал жетіп, мен өлсем қаза жетіп,
Бұ сандықты аузыма салғайсың сен.

Дию мені бір тауға алып барды,
630 Тәңірім есен сақтайды ғаріп жанды.
Тау түбінде бар екен бір темір үй,
Есігіне жазыпты бұ дұғаны.

Жазыпты «Лә иләһа илла Алла» деп,
Мен ойладым бұл үйде жан бар ма деп.
Сандықтың есігіне салып едім,
Кілт ашылды, ішіне кеттім кіріп.

Ақырды «Бұ кімсің, —деп, —есік ашқан?»,
Даусынан қорқып, зәрем ұшқан.
Кім екен деп қарасам ақырғанға,
640 Күзетшіге тұр екен екі арыслан.

Мені көріп арыслан қарсы ұрды,
Тәңірім есен сақтады мен сорлыны.
Сандықты аузына тастап едім,
Сандықты жұтты дағы екеуі өлді.

Бір бөлек бір жағында тағы да үй бар,
Сандықпенен кілтін аштым мен зор.
Сол үйге кілтін ашып кіріп едім,
Ішінде жатыр екен екі айдаһар.

Айдаһар қасап қылды мені көріп,
650 Аузына сандық салдым тастай беріп.
Бұл сандық тигеннен соң өліп қалды,
Ішіне ол сарайдың кеттім кіріп.

Ол үйге кіріп келдім мен бір пақыр,
Алтын таққа құрыпты асыл шатыр.
Тақ алдына қарасам көзім салып,
Бір жыланның қасында жігіт жатыр.

Екеуі мені көріп түрегелді,
Жылан мені жұтам деп қасап қылды.
Сандықты аузына тастап едім,
660 Бұл сандық тигеннен соң, олар да өлді.

Диу кәпір сол жерге барған екен,
Сүлейменнің жүзігін алған екен.
Сүлейменнің жүзігін алғаннан соң,
Диу патша сол жерге болған екен.

Сол диудың жүзігін қолыма салдым,
Мұхиттың дариясына қайтып бардым.
Отыр екен бір қатын о дарияда,
Жүзінің көркеміне қайран қалдым.

Қатын мені сөйлетті қасына алып,
670 Бар сырымды сөйледім мен бір ғаріп.
Насихатын көп айтты қатын маған,
Айтқан сөзі жанымға кетті жағып.

Қатын айтты:—Сіз диуға барма,—деді,
Енді мехнат басыңа алма,—деді.
Тағы да ол диуға барамын деп,
Құтылмастай бөлеге қалма,—деді.

Ол қатын айтқаннан соң тілін алдым,
Ел-жұртым еске түсіп қайғыландым.
Қатын айтты:—Бейшара, жылама,—деп,
680 Мен дағы баласы едім сендей жанның.

Жерімнен алып келді бұ дәу барып,
Неше жылдан сергелдең қайран болып.
Бір диюды қасыма қосып берді,
Қатын мені жіберді жолға салып.

Дию алып аспанға ұшты мені,
Шықпайды екен ажалсыз адам жаны.
Бір бөлеге жолықты ғаріп басым,
Тыңдасаңыз айтайын сіздерге оны.

690 Қатын қылды жақсылық мен бейбаққа,
Дию келіп түсірді бір уақытта.
Бір тауға келді де қоя берді,
Мен жыладым сиынып жалғыз Хаққа.

Қатынға жүзік бердім сәлемдеме,
Амандасып дәу қайтты өз жеріне.
Ажал жетпей адамға тағдыр жетпес,
Ажал жетпей адамзат өлер деме.

Бір таудың қасына жақын бардым,
Бір адам отыр екен қайран қалдым.
Аяқ-қолы шынжырмен байлаулы тұр,
700 Жамағат, біразырақ құлақ салың.

Хайуан пілге ұқсайды денелері,
Қасында толып жатыр әскерлері.
Аузынан от шығады ол адамның,
Тамашаға қарадым әрі-бері.

Біраз тұрып сол жерден тағы кеттім,
Күйге салды һәр түрлі Құдіретім.
Ғеш жерде тоқталмастан жүре бердім,
Бір ағаштың түбіне жақын жеттім.

Ол ағаштың түбінде бір адам бар,
710 Пәруардигар, пендеге бола көр жар.
Дәу періге ұқсайды денелері,
Маңдайының үстінде бір көзі бар.

Мұндай адам көрмедім бұ жаһанда,
Бұл көпірден сақтай көр, Құдауанда.
«Бұ жерге қайдан келдің?» деп айтады,
Мен сиындым Аллаға дембе-демде.

Шынжырменен адам ағашқа байлаулы тұр,
Қасына жақын бардым мен бір пақыр.
Мен қасына жақындап барғаннан соң,
720 «Жақын ба,—деп сұрайды,—заманақыр?».

Мен білмеймін дедім де жауап бердім,
Тажал малғұн екенін ойлап білдім.
Өз-өзінен сөйлейді Тажал малғұн,
Тамаша қылып азырақ қарап тұрдым.

—Патшаларың әділ ме жұрт ұстаған,
Бар ма екен елдерінде хайыр-ахсан.
Ораза, намаз оқи ма молдаларың,
Сөйлей ме молдаларың өтірік жалған.

Мен жад еттім сиынып бір Құдайды,
730 Тажал малғұн ақырып, сөз сұрайды.
Мен шығатын мезгілім болыпты деп,
Шынжырын үзейін деп оңтайланды.

Құдайым Жәбірейілге бұйрық етті,
Жәбірейілді көрген соң зығыры кетті.
«Әлі шығар мезгілің болған жоқ» деп,
Күрзіменен ұрып-ұрып байлап кетті.

Жалғыз көз қорыққаннан зар болды,
«Мезгілің болған жоқ» деп жаман ұрды.
—Көтерілсе шығарсың хатым Құран,
740 Сабыр қылғын, ей, малғұн, [әлі],—дейді.

Тажалдан қорыққаннан кетіп қалдым,
Жүре-жүре алтынды үйге жеттім.
Мен көрдім көп ғажайып нәрселерді,
Жаратқаны көп екен Құдіреттің.

Жазыпты алтын үйге бұ дұғаны,
Ықыласпенен оқыдым сол дұғаны.
Ашылды алтын үйдің есіктері,
Ішіне кіріп бардым сол заманы.

Ол үйде толып жатыр алтын, күміс,
750 Толып жатыр ішінде түрлі жеміс.
Көрмеген нәрселерді көрдім сонда,
Бір кісілер таянып отыр қылыш.

Үстіне киген тоны қып-қызыл қан,
Одан өтіп ілгері бастым қадам.
Табақ-табақ жемістер түр екен,
Тойғанша ол жемістен жедім тағам.

Жатыр екен бір үлкен онда жылан,
Отыр екен ішінде тағы да адам.
Осы үйдің иесі деп мен ойладым,
760 Мен пақыр қорыққаннан бердім сәлем.

Қабыл қылып сәлемімді алды сонда,
Жол сұрадым мен сонан ғаріп пенде.
Ол адам айтты маған «жүре бер» деп,
—Бір адам жол көрсетер ілгеріде.

Тағы да ол арадан енді кеттім,
Жүре-жүре адамға тағы жеттім.
Намаз оқып ол адам отыр екен,
Тағзым бірлән мен ғаріп сәлем бердім.

Сәлемімді қабыл алды ишан адам,
770 —Бұ жерге Тамим ғаріп келдің неден?
—Мен түстім түрлі-түрлі машақатқа,
Тәңірім жазса не көрмес ғаріп адам.

Бұ сарайдың ішінде жүрдім дедім,
Ғажапты түрлі-түрлі көрдім дедім.
«Тәубе бұған қылдың ба?» деді маған,
Мен айттым тәубе бұған қылдым дедім.

Ғаріп болған дүниеде мен бір мұңлы,
Мен сұрадым ишаннан түзу жолды.
—Ілгеріде бір адам сол білетін,
780 Сол адам көрсетер саған жолды.

Сөйдеген соң жолменен жүре бердім,
Ғеш бағы ашылмайды мендей ердің.
Бір кеші-күндізімен жүріп едім,
Бір адамның қасына тағы келдім.

Ол адам отыр екен намаз оқып,
Қасына мен бейшара келдім жетіп.
Сәлем бердім мен ғаріп тағы да оған,
Сөйлеспестен қасынан кеттім өтіп.

Олардың ар жағында бір кәрі шал,
790 Ақ шалмалы қожа екен бұ бір ишан.
Қастарында көп құстар сайрап отыр,
Баршасы машғұл болып зікір бірлән.

Сәлем беріп, олардан жол сұрадым,
Бұлардың не екенін біле алмадым.
«Тамим деген сен бе?» деп, сөз сұрайды,
«Тамим деген менмін» деп, жауап бердім.

Тағы да онан өтіп жүре бердім,
Дүниеде ғаріптікпен не көрмедім.
Көп ғажайып іс көрдім мұнан басқа,
800 Қыдырға жүре-жүре ұшырастым.

Қыдыр айтты:—Әй, адам келші,—деді,
Менің айтқан тілімді алшы,—деді.
Көп ғажайып көрерсің, Тамим ғаріп,
Сен тауға сол көрінген баршы,—деді.

Ол тауға жетіп бардым мен бір батыл,
Тау басында жүр екен сұлу қатын.
Қатын айтты:—Жөніңе жүре бергіл,
Қыдырға қайтып келдім мен бір пақыр.

Қыдыр маған айтады насихатты,
810 Қасына отырғызып мен бейбақты.
Мен көрдім жақсылықты сол Қыдырдан,
Ойлап тұрсам Алланың өмірі қатты.

Не қылмайды адамға Жаппар Алла,
Қатын екен ойласам жалған дүние.
Қыдыр маған баршасын мағлұм қылды,
Бастан аяқ көндірді жөн жолына.

Хайуан піл секілді Ібіліс екен,
Құстары жанындағы шәкірті екен.
Маңдайында көзі бар дәу секілді,
820 Ағаштағы байлаулы Тажал екен.

Көп тағамдар пейіштің тағамы екен,
Шаһид болған басы жоқ адам екен.
Жендерінен қолдары шығып тұрған,
Нәресте іштен түскен ұғлан екен.

Ақ сақалды ол ишан—Ілияс екен,
Бағанағы Тамимге қол сілтеген.
Қыдыр маған баршасын мағлұм қылды,
Не көрмейді адамзаты тентіреген.

Қыдыр айтты:—Жеріңе барасың ба,
830 Неше жылдық шаһарың білесің бе?
Мен айттым:—Білмеймін қанша екенін,
Тақсыр, өзің—пайғамбар, білесің де.

Қыдыр айтты:—Бұ жерден тоғыз жылдық,
Ғаріп болған дүниеде мен бір мұңлық.
Естіген соң Қыдырдан зар жыладым,
Ел-жұртыма келуге болған ынтық.

Қыдыр айтты:—Бейшара, зар жылама,
Үйіңе бармаймын деп ойға алма.
Аспаннан бір ақ бұлт пайда болды,
840 Бұлт айтты:—Барамын Мәдинеге.

Қыдыр мені тапсырды ақ бұлтқа,
Төңірі рақым қылды мен мұңдыққа.
Бұлт әкеліп шаһарға енгізді де,
Су басында ұшырадым бұ қызыққа.

Омар сонда қатынын қайтып берді,
Есітіп қайран болып жігіт тұрды.
Бейшара алғанынан қызық көрмей,
Тамим алып қатынымен дәурен сүрді.

850 Тамам болып қиссаның болған жері,
Тамимнің өз қатынын алған жері.
Бір жігіт бұ қатынды некаһ етіп,
Бір кеш қонбай мақұрым қалған жері.

Мәулекей бұ қиссаны тамам қылды,
Бір қатар сәйір қылып жұртты білді.
Ақымаққа жұрт білгенде не пайда бар,
Қиссадан басқа нәрсені де білді.

862 Сонда да тауфиқ тілеп дұға қылың,
Ғайып дұға қабыл-дүр, иақин білің.
Үміт-дүр дұғаңыз қабыл болса,
Бұ бейшара наданға рақым қылың.
Нығметулла қажыда жүрген жерім,
Мәнжілдің медресесі тұрған жерім.

قصهٔ احد

Қисса Үхүд

Бұйрықпенен Расул Алла көшіп кетті,
Өзіне Мәдине Мұнаууара мақам етті.
Хижрадан үшінші жыл болған уақыт,
Уақиға болды бір соғыс Үхүд атты.

Бәдірде мүшіріктер мағлұб болды,
Жиылып Әбусуфиан және келді.
—Интиқам алмақ біздерге зарури—деп,
Исламдар шарифтарымызды өлтірді,—деді.

Осында керуендегі малдарыны
10 Иелеріне бермеңіз болар,—деді.
Баршасы осылайша ақылдасып,
Әскерге сарп етеміз енді деді.

Бұл сөзді бастады Әбусуфиан,
Ойланып осында лайық көрген.
Керуендегі қайтқан малдарын
Сатарға осында әмір қылған.

Омар менен ол Һубайра,
Және де екі кісі мұнан басқа,
Соғысқа жияр үшін баршалары,
20 Шықтылар әрбірісі әр жаққа.

Ел ұруға баршасы бұлар барды,
Мың қадары әскерді және жиды.

Меккенің және де өз ішінен,
Мың шақты әскері және болды.

Мүшіріктер және де бір жиылды,
Он үш мың бәрі де бұлар болды.
Осылайша бәрі де ол Меккеден
Соғысқа жиылып бұлар шықты.

Әбусуфианның бір қатыны,
30 Жазайын Ханд [оның] аты.
Мұнан басқа он төрт қатын
Әскерменен бірге шықты.

Бұл қатындар өлең айта,
Бәдірде өлгендерді зікір ете.
Өлең айтып бұл қатындар,
Халықты соғысқа тахриз ете.

Хазірет Аббас осы заман
Меккеде екен, бұл бармаған.
Бір қағазға жазу жазып,
40 Пайғамбарға кісі жіберген.

Пайғамбарымызға жазу барып жетті,
Осында халді һәм біліпті.
Анықтан бұл халді білер үшін,
Хабабты һәм жіберді енді.

Бұл Хабаб жылдам барды,
Құрайыштар Ұхұд тауына жақын жетті.
Бұл істі Хабаб біле салып,
Расулға тез заман келіп жетті.

Осында көргенін бұл сөйледі,
50 Расул Алла асхабына ақылдасты:
—Соғысарға біздерге енді мұнда,
Мәдинеден шықмайын лайық,—деді.

Бұ сөзге асхабтан кейбіреуі:
«Жарайды осы іс, тақсыр»,—дейді.
Кейбіреуі айтады:—Мәдинеден,
Шығамыз соғысқа, тақсыр,—дейді.

Бұ сөзді сөйлеуші көп болды,
Расул да осыған қарар берді.
Хазірет Расулменен барша асхаб
60 Осында соғысқа әзірленді.

Осында мың шақты сахабалар
Мәдинеден соғысқа бір шықтылар.
Мәдиненің қасында Үхүд тауы
Жақынына жиылып бір келділер.

Үхүд тауы жақынында екі әскер
Бір-біріне қарсы келістілер.
Екі әскер бір-бірін енді көріп,
Саптарды түзетісе бастадылар.

Айтайын исламның әскерін,
70 Үхүд тауын арттарына бұлар қойды.
Осылайша жиылып баршалары,
Мәдинеге қарсы бұлар тұрды.

Әскердің сол жағында бір аралық,
Елу кісі белгіледі мұны біліп.
Жәбірұғлы Абдолланы бастық етіп,
—Кетпейін тұр,—дейді,— бұ аралық.

Мұнан кейін Расулымыз қылыш алды:
—Ада қыла қылыштың кім хақыны.
Бұл сөзді естіп сахабалар,
80 Бәрі де «мен алам» деп айқай салды.

Пайғамбар Расул Алла және айта:
—Қылыштың хақыны кім опа ете.
Осында хазірет Әбу Дажана,
—Иә, тақсыр, қылыштың хақы не?—деп айта.

Осында Расул Алла жауап айта:
— Қирап біткенше қылыш, — деп айта,
Соғыспақ осында қайратпенен,
Қылыштың хақы осы, — деп айта.

Осында хазірет Әбу Дажана,
90 Жан-тәнменен бұ сөзге разы бола.
— Олай болса, қылышты маған бер, — деп,
Расулдан қылышты қолына ала.

Осында айтады: — Иншалла,
Хақын шығарармын бұл майданда.
Хазіреті Расулдың мұраты екен,
Қылышты бермегі Әбу Дажана.
Әбу Дажана ғайтта батыр болған,
Мысалы дүниеде нәдір болған.
Бұрынғы қылыш кедейлігінен,
100 Бұл уақыт майданда өтпес болған.

Мұны біліп Расул Алла қасад еткен,
Өткір қылыш беруді лайық еткен.
Қылыштың иесін тауып бұ майданда,
Мүбәрак қолынан айырып берген.

Мүшіріктердің әлемі осы уақыт
Талһенің қолында болған уақыт.
Әскердің оңында тұрады екен
Уалид ұғлы мәшһүр Халид.

Солында Әкірам бин Әбу Жәһіл,
110 Исламның әлемі осында, біл.
Әмірұғлы Масаптың қолында еді,
Осылайша соғыстылар бәрі де, біл.

Ислам әскерінің оң жағында,
Хазірет Хамза тұрған мұнда.
Солында хазірет Әли,
Расулымыз әскерінің ортасында.

- Жараһұғлы Әбу Үбайда хазіреттері,
Сағид бин Әбу Уақас хазіреттері.
Мақдад, Акаша хазіреттері,
120 Абдаласадұғлы Әбу Салма хазіреттері.

Осылардың баршалары,
Расулымыздың атырапта сақшы болды.
Мұнан соң екі әскер қатарласып,
Бір-біріне тақасып тамам болды.

Бұл уақыт мүшіріктерің әлемді тұтқан,
Екі саптың ортасында Талһе тұрған.
Бұ Талһе саптың ортасында тұрғанында,
Осында хазірет Әли қарсы шыққан.

- Осында хазірет Әли келіп шықты,
130 Талһенің қылышпенен мойнын үзді.
Басы кесіліп бұ майдан ол Талһе,
Жанын дозаққа елітіп қойды.

Мұндан соң мүшіріктердің әлеміні
Осман бин Әби Талһе алды оны.
Бұл Османды хазірет Хамза шыға салып,
Осында пара-пара қылды оны.

- Мұндан кейін мүшіріктердің әлеміні
Әбу Сағид майданда алды оны.
Мұнда шыға салып ибн Әбу Уақас,
140 Оқты атып осында өлтірді оны.

Ондан кейін мүшіріктердің әлеміні
Талһеұғлы Рафиһ алды оны.
О дағы әлем тұтып бұл майданда,
Денесі пара-пара болып қалды.

Ондан кейін екі жақтан екі әскер
Осында соғыспаққа тұтындылар.
Исламдардан Алланың Арысланы
Хазірет Хамза саптарды бір бұздылар.

- Екінші жақтан тым батыр хазірет Әли
150 Бұзыпты мүшіріктердің саптарын.
Және де Әбу Дажана хазіреттері
Мүшіріктерді жапырақ-жапырақ етер еді.

Осылайша Үхүдтің бауырында
Исламдар қырады әбден мұнда.
Кейіннен құрайыштардың қатындары
Болдылар соғысқа әзір мұнда.

- Бұл күнде Әбу Дажана хазіреттері,
Жүреді өлтіріп арыслан кебі.
Бір жақтан хазірет Хамза мүшіріктерді
160 Бөдірдегідей қырады арыслан кебі.

Хазіреті Хамзаға ыза болыпты,
Мүшіріктер баршасы жиылыпты.
Матамауғлы Жабирдің бұл майданда
Уахша атты бір құлы бар болыпты.

Жабир айтты бұ құлына хатаб етіп,
«Хамзаны өлтірсең—азатсың» деп.
Осында Ханд атты бір қатын да,
Айтыпты «Мен дағы көп ақша берермін» деп.

- Мұндан кейін баяғы Уахша құл болған,
170 Хазірет Хамзені өлтірмекті талап қылған.
Хамзаға қанша-қанша ұмтылса да,
Мұратына бұ Уахша жетпей қалған.

Ақырында исламдар ғалиб болған,
Мүшіріктер қашарға жүзін тұтқан.
Соғысқа қыздырушы ол қатындар,
Тауларға бөрі де қашып кеткен.

- Исламдар соғыстың мұқамында
Мал, сайманнан бөрін де алды мұнда.
Мүшіріктер қашқан соң қалып еді,
180 Ғанимат исламдар алды мұнда.

Мұнан кейін исламдар көшіп кеткен,
Аралықта әскердің қасына жеткен.
Абдолла ибн Жабир «кетпе» десе де,
Исламдар аралықтан кете берген.

Исламдар бұ Жабирден кетіп қалыпты,
Аралықтан сегіз кісі бәрі қалыпты.
Мүшіріктерден баяғы мәшһүр Халид
Аралықтан келуді мұрат етті.

Халидтің қасында елу кісі,
190 Ибн Жабирдің қасында сегіз кісі.
Аралықтан ол Халид келіп шықты,
Жолдастарыменен өлтірді ибн Жабирді.

Мұнан соң және де осы Халид
Исламдар артына түсті барып.
«Соғысам» деп осында әлгі Халид
Исламдар артынан жетті барып.

Исламдар бұ Халидтен қайран қалды,
Осында соғысып бәрі қалды.
Осында мүшіріктер ғалиб болып,
200 Исламдар осында бір таңқалды.

Бұл уақыт Жабир құлы баяғы Уахша,
Хазірет Хамзаны шаһид етті.
Пайғамбар Расулымыз Алла досты,
Асхабыменен орнында тұрып қалды.

Мүшіріктер көп уақыт қасад қылдылар,
Мүшіріктерге хазірет Әли қарсы тұрдылар.
Кім келсе онысын ұстай алып,
Бір-бірден аспанға лақтырдылар.

Сөйтсе де Үхүдтің соғысында
210 Еріні жарылып, бір тісі түсті мұнда.
Мүбәрак жаңағының бір басы,
Аз ғана жарақат тапты мұнда.

Бұ күні хазірет Әли көп соғысқан,
Батыр әммі Хамзадай бір арыслан.
Бұл күні малғұн бин Қамие
«Пайғамбар қайда?» деп бір сөз айтқан.

Осылай деп бұл малғұн ізденіпті,
«Өлтірем» деп осында көп жүріпті.
Пайғамбарға Масап сахаба ұқсағаннан,
220 Пайғамбар деп осында шаһид етті.

Мұнан соң жүгіріп ол кетіпті,
«Пайғамбарды өлтірдім» деп айтыпты.
Осылайша Әбусуфиан қасына барып,
Ол надан бір мақтаныпты.

Бұ сөзі осылайша таралыпты,
Исламдардың құлағына естіліпті.
Мұнан кейін исламнан кейбіреуі,
«Пайғамбар болмағаш» деп қашысыпты.

Айтыпты исламнан кейбіреуі:
230 «Расул өлсе де, Алла бақи».
Осылайша десіп баршалары
Майданда және де бір соғысты.

Халбүкі Пайғамбар Расул Алла,
Қозғалмай тұрыпты ол орнында.
Сахабадан қасында батырлары
Тұрыпты Пайғамбар атырабында.

Осында қасындағы сахабадан
Хазірет Әбубәкір, Омар болған.
Және де Әбдірахман бин Әуіф,
240 Хазірет Әли, Әбу Дажана болған.

Бұл заттардан басқалары
Он бес сахаба болған бәрі.
Мүшіріктердің әскерінен,
Ұсынды қылышпенен келгендерді.

Хазірет Әли менен Әбу Дажана
Мүшіріктерді етер еді пара-пара.
Үхүдтің осы соғысында
Исламнан шаһид болды жетпіс дана.

Үхүдтің қиссасы бұл орында,
250 Қысқаша тамам болды енді мұнда.
Қысқа ғана болса дағы бұ кітабым,
Көріп жаздым кітаптар тахқиқында.

Жазбақ болдым осында бір замима,
Қысқа болғаш кітабым бір аз ғана.
Оны да жазайын жыр хақында,
256 Анығы болғанын бұл заманда.

قصة بادر

Қисса Бәдір

Жазайын бұл кітапты хамдуменен,
Пайғамбар Мұстафаға салауатпенен.
Салауат айтамын баршасына,
Табғин болғанға сахабаменен.

Пайғамбар Расул Алла көшіп кеткен
Меккеден, Мәдинеде мақам тұтқан.
Хижраттан екінші жыл болған уақыт,
Бәдір атты қариада соғыс еткен.

10 Жарандар, жазайын бұл соғысты,
Құрайыштардың болғанын керуенді.
Осының Шамнан Меккеге қайтқанын
Жазбасам да, көп кісі білер мұны.

Бұ керуен бастығы Әбу Суфиан,
Жолдасы қырық кісі және болған.
Осыларға Расул Алла тағриз қылған,
Нурани сахабалар және кеңес қылған.

Мұнан соң Расул Алла әзірленді,
Қасында барша асхаб әзірленді.
Керуеннің келе жатқан жол үстіне,
20 Рамазанның он үшінде қарсы шықты.

Бұл уақыт болыпты сенбі күні,
Білмекке жіберді керуен халі.

«Шам жұртының тарапына барыңыз» деп,
Хазіреті Талқы менен ол Сейітті.

Осында Расул Алла әзір болған,
Әскері үш жүз де он үш болған.
Сексен үші осында мұхажирин,
Қалғаны баршасы ансар болған.

30 Меқдат пенен Забир сахабадан,
Осында екеуі атқа мінген.
Басқасы сахабаның бұл соғыста,
Жетпістей түйеменен бірге келген.

Бұл соғыста баршасы сахабадан,
Төрттері бір түйеге бірге мінген.
Пайғамбар Расул Алла уа хазірет Әли,
Заид пенен үшеуі бірге мінген.

Осында Әбу Суфианға керуенбасы,
Расулымыздың шығуы мәлім болды.
Тездікпенен Меккеге ол жіберді,
40 Әмір ұғлы Зәмзәм Әлғифариді.

Осында сөз айтыпты кісісіне:
—Шықсынлар Бәдірдің тарапына.
Шықпасалар біздерді аһли ислам,
Баршамызды бір-бірден һөлак қыла.

Бұл заман Пайғамбардың әммісі,
Түсінде көреді бұл бір кісі.
Бұл кісі аттаныпты бір түйеге,
Түйенің үстінен һәм қышқырады.
Айтады:—Ей, адамдар, үш күннен,
50 Соғысқа әзір болың бар болған.

Әбу Қабистің тауына және мініп,
Қолына осында бір тас алған.
Бұл тасы Меккеде парша болған,

Жұрттардың үстіне атып салған.
Уақтанып бұ тастың кесегінен,
Өр жұртқа бірісі тиіп қалған.

Атакенің бұл түсі ол Меккеде,
Білінген Меккенің һәр халқына.
60 Әбу Жәһіл бұл түсті есіте салып,
Бір сөз айтты хазірет Аббасына:

—Сіздердің ерлеріңіз дәуи қыла,
Пайғамбар лек келеді деп баян қыла.
Жетпесе және де қатындар уа қыз,
Осындай түсті де дәуи қыла.

Бұ сөзді хазірет Аббас естіп еді,
Әбу Жәһілменен осында жанжал қылды.
Осылайша екеуі ұстасқанда,
Шам жақтан түйе мінген біреу келді.

Бұл кісі айтыпты:—Құрайыштар,
70 Соғысқа баршаңыз тез болыңдар.
Әйтпесе Әбу Суфиан ағамызды,
Исламдар ұстап алып һәлак етер.

Осылай деп бұл кісі қышқырады,
Айтайын аты Зәмзәм еді.
Мұнан соң Әбу Жәһіл жанжалдасып,
Зәмзәмнан дұрысын біліп еді.

Халықты соғысқа бұл қыздырды,
Баршасы мүшіріктің әзір болды.
Тоғыз жүз елу кісі бәрі болып,
80 Меккеден осылайша бұлар шықты.

Бұлардан жүз кісі атқа мінген,
Басқасы баршасы түйе мінген.
Бұл заман Пайғамбар расул Алла,
Шығыпты мүбәрак ол Меккеден.

Жолында Сафра атты бір ауылға,
Осы ауылдың қасына келгенінде,
Керуенді білер үшін екі кісі,
Жіберді бір хабарды кетіруге.

90 Сафраны қалдырып Расул Алла,
Жүреді қалдырып сол жағында.
Баяғы екі кісі қайтып келіп,
Берділер ол Нұрға хабар мұнда.

Хабарды айтады бұл екеуі,
Әбу Суфиан Бөдірге жеткенін.
Құрайыштардың әскерінің қисабынан,
Білмеді Пайғамбар хабарын.

Пайғамбар расул Алла және айтқан:
—Бөдірде қалай екен Әбу Суфиан?
«Халын біліңдер» деп сахабадан
100 Әли, Забир, Сағитты арсал қылған.

Бұл заттар Бөдірге жақын келген,
Ұшырап екі бала тура келген.
Балаларды осында ұстай алып,
Пайғамбардың қасына алып келген.

Расул Алла сұрады балалардан:
—Қалайша тұрады Әбу Суфиан?—
Балалар айтыпты:—Әбу Суфиан
Соғысқа әзір тұр әскерменен.

110 Пайғамбар сұрады балалардан
Әбу Суфиан әскерінің қисабынан.
Балалар осында жауап берген:
—Білмейміз әскерінің қисабынан.

Расул Алла сұрады балалардан:
—Әр күнде қанша түйе соя Суфиан?
Осында балалар жауап берген:
—Әр күнде тоғыз түйе сойдыра Суфиан.

- Мұнан соң фаһым етті Расул Алла:
«Әбу Суфиан әскері қанша бола?
Болса керек әскердің қисабтары,
120 Мың менен тоғыз жүздің арасында».

Осында Пайғамбарымыз расул Алла,
Құрметті асхабпенен кеңес қыла:
—Қайсысын тілейсіз сіз осында?
Айтқанымды баршаңыз тыңдап қара.

Керуенге қарсы шықпақ тілейсіз бе?
Құрайышпенен соғыспақты тілейсіз бе?
Раббымыз Алла Тағала уәде қылды,
Біреуінде жәрдемді бермек-ті.

- Осында асхабтан кейбіреуі,
130 «Керуенге тағризды қылың» деді.
«Керуенге қарсы бармақ бізге лайық»
Десіп, сырларын сөйлей берді.

Хазірет Әбубәкір Омар менен,
Соғысты екеуі лайық көрген.
Осында екеуі тұра салып,
Халықты соғысқа бір қыздырған.

- Расул Алла осында—ол ансары
Хаттаб айтты:—Сіздер қалай бола?
Мағаз ұлы Сағдидің хазіреттері
140 Тұра салып осында жауап бере.

Айтыпты:—Иә, Расул, біз жолыңда,
Жанымызды қыламыз біздер пидә.
Бұйырыңыз біздерге, иә, тақсыр,
«Алла Тағала сіздерге өмір қыла».

Мұнан соң Пайғамбар расул Алла,
Осында соғысқа мамур бола.
Періштелерден әскер де қосылып,
Бұларға осында жәрдем қыла.

- Осында үш жүз де он үш кісі,
150 Пайғамбармен баршасы қарсы шықты.
Бұл уақыт құрайыштар жиылыпты,
Баршасы тоғыз жүз елу кісі.

Осылайша үш жүз он үш сахабалар,
Бөдірдің қасына келіп түстілер.
Мүшіріктердің бастығы Әбу Жәһіл,
Олар да Бөдірдің жақын жеріне түстілер.

- Осылайша екі әскер жақындасты,
Бұл уақыт рамазан шариф айы.
Он жетінші күні еді рамазанның,
160 Екі әскер саптанғанда жұма күні.

Осында Пайғамбарымыз расул Алла,
Мүбәрак таяғыменен ишара қыла.
Яғни түзік қылды әскерді:
—Бұйрығымнан басқа неш біреуің соғыс қылма.

Мүшіріктердің жағынан шақырып алды,
Әтба, Уәлид пенен Шейбаны.
Екі саптың ортасына қарсы шығып:
—Қайсыңыз келеді бізге?—деді.

- Бұдан соң Пайғамбар расул Алла,
170 Ансардан шығарды батырларға.
Сафаранам қатынның балаларын,
Ауф, Мағаз уа Хазраж қабиласынан Абдолла.

Әтба бұларға бір айтыпты,
—Қайсы қабиладансыздар?—депті.
Сахабалар айтқан соң «біз ансардан»,
—Келсін бізге құрайышымыздың батыры,—депті.

- Әтба осылайша сөз айтады,
«Сіздіңменен соғыс қылмақ арлық» деді.
Әтба осылайша көп сөйлене,
180 Пайғамбар расул Алла бұйрық айтты.

Бұйрықты айтады бұл орында,
Құрайыштың қабиласынан шықсын мұнда.
Мұхажирден Әбида, хазіреті Хамза,
Хазіреті Әли үшеуі шықты мұнда.

Бұлардың үшеуі де батыр болған,
Батырлықта ұқсастары нәдір болған.
Бұл үшеуден Әбида, Әтбаға,
«Ұрысам» деп бір-біріне қарсы келген.

Және хазіреті Хамза ол Шейбаға,
190 Және де хазіреті Әли ол Уәлидке.
Екі саптың арасында бұл батырлар,
Шабыстылар қатты мықты бір соғысқа.

Соғысты бастадылар бұлар мұнда,
Бәдір атты қарианың жақынында.
Хазірет Хамза ол Шейбаны
Қылышпенен тураған еттей мұнда.

Хазірет Әли ол Уәлидті
Зұлпықарын басына қойып жапырақтады.
Хазіреті Әбида Әтба менен,
200 Екеуі ешбірісі жеңісе алмады.

Бұдан соң хазірет Хамза, хазірет Әли,
Қасына Әтбаның бұлар келді.
Келе салып Әтбаның құлағынан,
Ұстай алып аспанға лақтырды.

Әбида соғысқанда Әтбаменен,
Қылыштан аяғы жарақаттанған.
Пайғамбар расул Алла шатырына,
Халі кетіп осында жетіп барған.

Әбида сұрады:—Бұл шатырда,
210 Өліп қалсам болам ба шаһид мұнда?
«Шаһидтердің қожасы боларсың» деп,
Осында шат қылды Расул Алла.

Расулдан бұл сөзді есіткенден,
Аяғының ауырғанын ұмытып қалған.
Соғысу күшінен келмесе де,
Халықты соғысқа бұл қыздырған.

Үш күннен кейін хазірет Әбида
Опат болған Мәдиненің жолында.
Мүшіріктердің батырлары үшеуі де,
220 Жапырақтай болып еді соғыстың майданында.

Батырларының үшеуі де өлгеннен,
Мүшіріктер осында қатты қысылған.
Қысылып баршасы жиылып келіп,
Исламдарға хұжімге шорұғ қылған.

Мұнан соң мұсылмандар жүгірісті,
Осында қатты соғыс болар басты.
Пайғамбар расул Алла шатырында,
Жаратқан Аллаға дұға басты.

Пайғамбар расул Аллаға білінген еді,
230 Алладан уәде келген еді.
Періштеден әскердің келешегін,
Расул Алла Пайғамбар білген еді.

Расул айтты:—Асхабым, ей, жарандар,
Бұ күнде қайсыңыз шаһид болғандар,
Фирдоус атты ол пейішті
Өзіне мәңгілік орын қылғандар.

Мұнан кейін сахабадан әрбірісі,
Қайратпенен осында бір соғысты.
Хазірет Хамза бұл соғыста,
240 Арысландай өкіріп қыар еді.

Хазірет Әли әскердің бір жағында,
Жалғыз мүшіріктерді бір қирата.
Періштелер аспаннан түсіп келіп,
Мүшіріктерді біткенше бір қирата.

Мұнан соң исламдар ғалаб болды,
Мүшіріктер қашарға жүзін тұтты.
Құрайыштардың осында өлгендерін,
Көбінесін исламдар қатыл етті.

Осында Әбу Жәһілді тіледілер,
250 Тұрармыз тұтып алсақ бір деділер.
Мағаз, Мағұз екеуі сахабадан,
Әбу Жәһілді осында қатты іздеділер.

Бұл заман Әбу Жәһіл байқасалар,
Араб жігіттерінің ортасында тұрып қалар.
Осында Әбу Жәһіл біраз тұрып,
Халықты соғысқа қыздырып тұрар.

Әбдірахман бин Ауф хазіреттері,
Әбу Жәһілді тұрған орнын ол көштірді.
Баяғы екі жігіт сахабадан
260 Әбу Жәһілді атынан жұлып алды.

Мағаз, Мағұз екеуі бұлар мұнда,
Әбу Жәһілді ұстадылар бұлар мұнда.
Мағаз қылышыменен шапқанында,
Әбу Жәһіл пара-пара болды мұнда.

Шапқанда Әбу Жәһіл бір айтыпты:
—Құрайыштан біреуі өлтірсе,—депті,
Жақсы көрер едім мен осында,
Аһ, енді Мәдине аһлындан өлдім,—депті.

Осылайша Әбу Жәһіл қышқырады,
270 Пайғамбар хабарды бір сұрады.
Абдолла бин Масудты бұ орында,
«Хабарды алып кел» деп бұйырады.

Хазірет Абдолла бара жатса,
Әбу Жәһіл бір жерде құлап жатыр.
Осында Әбу Жәһілдің сақалынан,
Тұтып алып мойнынан мініп баса.

Абдолла айтыпты:—Ей, Алланың дұшпаны,
Кесемін басыңды мұнда енді.
Осылайша айтқанда Әбу Жәһіл
280 Көзін ашып бір көрді бұл халды.

Осында айтыпты Әбу Жәһіл:
—Ей, рағы, алғаным бұ орның жоғары-дүр.
Қайсы жақ күшті болды бұ орында?
Айт-сәна,—деп сұрайды Әбу Жәһіл.

Осында ибн Масуд жауап айта:
—Исламдар әскеріңізді бір қырмақта.
Осында Әбу Жәһілдің ол басын,
Қылышпенен мойнынан бір кеспекте.

Осында басты кесіп алып,
290 Пайғамбардың қасына келді алып.
Расул айтты:—Бұл үмбеттің перғауыны*,
Өлгеннен қалыпты жақсы болып.

Әбу Жәһіл осылайша бір өліпті,
Мүшіріктер мұнан соң қысылыпты.
Осында бытырап баршалары,
Исламдардан тым қатты жеңіліпті.

Осында мүшіріктердің кейбіреуі
Исламдар қолына тұтқын түсті.
Бұлардан бұл соғыста кейбіреуі
300 Шыдамай бір жаққа қашып кетті.

Құрайышта Үммәйе менен ұғлын
Асир етті Әбдірахман хазіреттері.
Үммәйе хазірет Хамза соғысқанын,
Көре салып «Бұ арыслан кім-дүр?» деді.

* Перғауын—1) көне Мысыр патшаларының титулы (фараон); 2) бұл жерде Мұхаммед пайғамбар Әбу Жәһілді мұсылмандардың дұшпаны перғауынға теңеп отыр.

Осында Ибн Ауф жауап берген:
—Хамза-дүр соғысқан бұл арыслан.
Осында Үммәйе ойбай салып,
Айтады:—Осы екен біздерді һәлак қылған.

310 Айтайын Үммәйенің сипаттарын,
Меккеде исламдарға жәбір қылған.
Азаншы хазіреті ол Біләлді
Үммәйе Меккеде аза қылған.

Хазіреті Біләл Үммәйені
Осындай халде көріп еді.
Куффарның фужресі Үммәйені
«Өлтіріңіз жылдам» деп айқай салды.

Мұнан кейін Мағаз бенен бір ансары
Келе салып, өлтірді Үммәйені.
Осында ақылдасып бұл екеуі
320 Және де өлтірділер ұғлыны.

Осында құрайыштың әскерлері
Жеңіліп, баршалары бір бытырады.
Аз ғана қалған басқалары
Меккеге қашарға рауан болды.

Осында исламдар насрат тапты,
Бәдірдің қариясында тұрып қалды.
Осында милләт ислам тарқысы,
Күннен күн артарға бір басланды.

Айтыпты көп кісі яхудиден:
330 «Бұл Мұхаммед—пайғамбары ақырзаман».
Осылайша инанып баршалары,
Пайғамбардың қасына келіп мұсылман болған.

Мүшіріктер қайтқан соң ол Бәдірден,
Қарасалар көп кісі өліп қалған.
Осында жыласып баршалары,
Бәдірге барғанға өкініп қалған.

Бұл заман Меккеде екен Әбу Лаһап,
Осыдан тұрыпты қайғылы болып.
Бір жұма шыдай алмай Әбу Лаһап,
340 Жаны жаһаннамға кеткен қойып.

Жарандар, енді келдім бұ орынға,
Ойладым қысқа ғана бір жазарға.
Жазсам да қысқа ғана бұ кітапты,
Қарадым тахқиқпенен сөйлегенге.

Кітапты жазушы Кашафидин,
Ұстазы Маржани Шаһафидин.
Насибатта айтады «сулуки» деп,
Қарқаралы келіп еді Қазан жақтан.

Енді болды алты жылдар келгеніне,
350 Балаларға дәріс-сабақ бергеніне.
Асыл жәдидесі тәртіпті екен,
Қуанды балалар білгеніне.

Кашафтың оқытқаны балаларға,
Біліңіз, қайда туды Расул Алла.
Айтайын туған жерін бұ Хабибтің,
Мекені шаһары-дүр Арабстанда.

Айлардан бұ Хабибтің туған айы,
Рабиғ әл-әууәлінің он екінші күні.
Мың жылдан күні-түні жанып тұрған,
360 Балауыз шам бұл күнде сөніп қалды.

Туған күні Расулдың дүйсенбі күн,
Атасы Абдолла жазып айтам.
Анасы Әмина Уаһап қызы
Опат болғаш, Халима сүт емізген.

Расул Алла қырық жасына келіп еді,
Бір күні Жәбірейіл келіп көрді.
—Жаратқан Алла Тағалам айтты сәлем,
«Халықты иманға үнде,» — деді.

Пайғамбар болған соң бұ дүниеде,
370 Жиырма үш жыл тұрыпты бұ дүниеде.
Бұл жиырма үш жылдың заманында,
Құран еніп Расулға тамам болды.

Бұл Құранды Пайғамбар ей, жарандар,
Құрметті сахабаларына үйреткенлер.
Сахабалар үйретті бұл Құранды,
Кім болса да, үмбеттен білмегендер.

Және де жазайын көптер айтты,
Бір кеш Расул Алла миғраж ұшты.
Меккеде уақытында бір кеште,
380 Жәбірейіл періштеменен Құддыс барды.

Құддыстан бұл екеуі аспан ұшты,
Алла Тағала тілеген барын көрді.
Тез заман ішінде бұл екеуі
Осылайша жүріп көріп Мекке қайтты.

Мұнан кейін баян етті халықтарға,
Хақ ислам дінін қабыл қыла.
Осылайша жас келді алпыс үшке
Мұнан кейін көшіп кетті дарулбақиға.

Расул айтты:—Жақсы кісі пейіш кірер,
390 Пейіште арғымаққа бұлар мінер.
Тілесе тамақтан қандай керек,
Бөрісін бір-бірден жеп жүрер.

Адамнан кім болса да ізгілерден,
Рахатты көрер анда көз көрмеген.
Кісінің құлағы һәм естімеген,
Қызығы адам көңіліне бір келмеген.

Пайғамбарлар баршасы уағыз қылған,
Ізгілікке әр бірісі айтып кеткен.
Баруды біздердің жанымызға,
400 Рахаттық ләззатты талап еткен.

Осылайша жаратты Алла Тағалам,
Ізгілерге бұ жұртты ұжмақ деген.
Мүбәда қылсаңыз ізгі амал,
Кілерсіз бұл жұртқа мәңгі болған.

Бұл дүние үш күндік өтер-кетер,
Бәрімізге бір ажал келіп жетер.
Жаратқан Иләһымға қылың құлдық,
Қылсаңыз ізгілікті қабыл етер.

Мүбәда біреу болса жаман кісі,
410 Жаратқан Аллаға жүрсе қарсы.
Оған да жаратты Алла Тағалам,
Орнын етеді тозақ оты.

Бұл жұртты айтады көп кітаптар,
Қараңғы, уытты жыланы, шаяны бар.
Осында зұбанылар ол жаманды
Қазанда қайнатып азап етер.

Жарандар, айтайын және сөзді,
Әр түрлі ілімнен зинһар оқы.
Ғылымның турасында Расул айтқан,
420 Қытайда болса да естіп оқы.

Қырық нәрсе, жарандар, зиммамызға,
Илһам парыз еткен бұл дүниеде.
Оның да бірісі ілім оқымақ,
Ілім шарифатты білгеннен соң.

Өнерден-санаидтан оқың бәрін,
Және де фәләкиат қарасаңыз,
Анықтан білерсіз Алла барын,
Оқымаған түседі баяғы жұртқа.

Және де білсеңіз хият ілімін,
430 Осыныңменен боларсыз ғалым болған.
Ғазали айтады хият ілімін,
Білмеген саналы ғанин болған.

Қараңыз таснифатын Ибн Сина,
Қалай болған ілімменен бұл дүниеде.
Осылайша көтереді ілім деген,
Мәртебесін білгеннің бұл дүниеде.

Және де келейік Еуропаға,
Өртүрліден оқиды медреседе.
Осылайша оқып шыққаш медреседен,
440 Өр түрлі өнерден біліп ала.

Жарандар, оқыңыз ғылым әллісан,
Оқысаңыз білерсіз мағнаи Құран.
Құранның мағынасын білмейінше,
Қалайша болады амал қылған.

Құранда айтады осы жерді,
Жүреді дүниеде, тоқтамайды.
Байқасақ болмай ма осы сөзден,
Уахисыз Расул Алла қайдан білді.

Өрине айтыпты уахименен,
450 Пайғамбарлық дәлеліне осы да болған.
Бұл заман біледі микроскоппенен,
Бұл жердің жүргенін әрекетпенен.

Илһам бұл жерге бұл дүниеде,
Қиашты мәркөз еткен, біліп қара.
Жер менен қиаштың арасын,
456 Отыз үш миллион шақырым деп біреу жаза.

قصه زینب ایلان زایدنیک واقیغه سی

Қисса Зейнеп пен Зайдтың уақиғасы

Жұрт тыңдар сөзім жақсы болса тамам,
Күлісер қатесі көп болса жаман.
Осы күнгі халыққа кім ұнайды,
Қатесіз жалғыз өзі Хақ Тағалам.

«Халі келмес қалыңға кіреді» деп,
Халайық әр түрлі сөз айтар маған.
Ықтияр, не десе де мойынға алдық,
Біз түгіл Расулды да ғайбаттаған.

Надандықтың зұлматы адасқандай,
10 Өз көңілі раушан жолмен таласқандай.
Ғайбат, өсек Расулды қылғаннан соң,
Біздерге не десе [де] жарасқандай.

Тәубе қылып дауасын іздеу керек,
Зұлматтан құтылатын халас қандай.
Наданға жай сөзің де сұрағандай,
Білгенменен таласар тұра қалмай.

«Білем» дер көңіліменен пасық адам,
Жауабы биік жерден құлағандай.
Ғалымның тілін алып тиылмаса,
20 Надандықтың ақыры жылағандай.
Пайғамбарды өсекке байлаған соң,
Не десе де біздерге ұнағандай.

Наданның заһары көп шаяндайын,
Пәтуасыз, айлалы аярдайын.
Білімсізім білініп кете ме деп,
Атасызды атақ қып жая алмаймын.

- Расулдағы өсекті тыңдасаңыз,
Хал-қадар білгенімше баяндайын.
Тәпсірден көзім көрсе, соны жазам,
30 Дәлелсізге паналап таянбайын.

Хаққа жақтың халыққа ұнасаңыз,
Күнә ғафу—ықыласпен жыласаңыз.
Бір Аллаға сиынып айтып көрем,
Пайғамбардың ғайбатын сұрасаңыз.

Шаһуәли Рахматулла айтқан мұны,
Расулды жамандай ма Құдай құлы?
Өсектеп ғайбат қылған мұнафиқтың
Қор болып, екі жұртта кеткен пұлы.

- Пәтуасыз айтқан сөзге көңілім толмас,
40 Өсекші мұнафиққа болар жолдас.
Бұлбұлың бар шағында сайрау керек,
Бір ұпса, қайта айналып қолға қонбас.

Он сегіз мың ғаламға шапағатшы,
Расулды жамандаған адам оңбас.
Үлкен тәпсір иесі Шаһуәли,
Иншалла, сөзінде жалған болмас.

- Тәпсірге жазып кеткен сөзін айтам,
Қисықты түзеп кеткен тезін айтам.
Расулдың мәселесі толып жатыр,
50 Тұһматқа байланған кезін айтам.

Шаһуәли Рахматулла айтқан бұлай,
Олар да тағат қылған жылай-жылай.
Құраннан көріп ғибрат жазып кеткен,
Ахзаб сүресінде айтқан Құдай.

Олар қылмас риуаят жалған сөзді,
Жазған шығар аяттан алған сөзді.
Кітаптан көзім көріп тұрғаннан соң,
Мен де айтамын олардан қалған сөзді.

- 60 Хазіреті Зейнептен сөздің басы,
Олардың Хаққа түзу ықыласы.
Хажашұлы Абдулланың қызы Зейнеп,
Мұхаммедтің нағашы қарындасы.

Зейнепті сұрасаңыз асыл тектен,
Ол заманда несіп жоқ онан өткен.
Таза қылып жаратып нәсіл шарифін.
Құдайым ол тұқымға нұрын төккен.

- 70 Расулдың Зейнеп туған тағасынан,
Нәпсінің олар алған жағасынан.
Зейнеп разы Алла анһу туған екен,
Расулдың анасының ағасынан.

Олардың нәсілі артық басқа жаннан,
Тұқымын білген кісі қайран қалған.
Көрсетіп шарифаттың жолын ашып,
Пайғамбар талайларға үлгі салған.

Зейнептің заты шариф, жүзі нұрлы,
Ғешкімге әшкере қып шашпас сырды.
Қандай көркем құлқы бар, өнері көп,
Лұғатпен сөз сөйлер һәрбір түрлі.

- 80 Шамшаттың ағашындай сұлу сырты,
Бағасы миллион теңге, жүз-жүз жылқы.
Сөйлесе аузын ашып дүр төгілер,
Амалы Хаққа лайық, түзу құлқы.

Олардың нәмахрамды көрмес көзі,
Алдында көрулі тұр тұрған тезі.
Тағы бір басқа жерден кеңес келсін,
Бұл жерде тоқтай тұрсын Зейнеп сөзі.

- Пайғамбар дін исламға болған тіреу,
Расулға ерген махшарда болмас жүдеу.
Арабтың* Заид деген бір баласын,
90 Меккеге алып келіп сатқан біреу.

Бір залым ұрлап алып сатып кеткен,
Заид бала он жасқа сонда жеткен.
Хадиша сол залымнан сатып алып,
Хазіреті Расулға һайба еткен.

Хадиша сатып алып һайба қылған,
Пайғамбарды құрметтеп сыйға қылған.
Расулға ықыласымен қызмет етіп,
Жолына шыбын жанын пида қылған.

- Расулға ұғыл болды Заид бала,
100 Ерінбейтін қызметші болды және.
Пайғамбарды көрмесе тұра алмайды,
Махаббатын түсірді Хақ Тағала.

Деп жүрер:—Мұхаммедтің баласымын,
Меккедегі асхабтың сарасымын.
Атам Расул—ғаламның сәруары,
Басқалар тон болғанда жағасымын.

- Пайғамбар да шүбһасыз «балам» дейді,
«Үйретіп жақсы жолға салам» дейді.
«Парыз, уәжіп, шарифат жолын біліп,
110 Халыққа әдепті бол тамам» дейді.

Шарифат үйретеді күн-күн сайын,
Үйреніп халал-харам білді жайын.
Расулға махаббатты болғаннан соң,
Һәр нәрсе кеудесіне болды дайын.

Расулға бала болды бөтені жоқ,
Заидтың ішпей-жемей көңілі тоқ.

* Бәдәуи араб мағынасында қолданылған.

«Расулға біз де бала болмадық» деп,
Басқаның көкірегіне қайнайды шоқ.

120 Заидтың көңіліне жоқ ешбір арман,
Құрмет-сый көргеннен соң Пайғамбардан.
Мұхаммедте бір бала бар дегенді,
Заидтың ата-анасы хабарланған.

Естіп ата-анасы сандалады,
«Баламыз тірі екен» деп зарланады.
«Біз барып Мұхаммедтен сұрайық» деп,
Заидтың ата-анасы қамданады.

130 «Расулға барып сұрап жалынайық,
Жаяулап бейнет тартып барылайық.
Пайғамбар мархабат қып бермесе егер,
Баласыз бұ дүниені не қылайық.

Көп өтініп Расулдан сұрайық біз,
Көл қылып көздің жасын бұлайық біз.
Бермесе үшбү жұртты талақ қылып,
Сол Меккенің өзінде тұрайық біз.

Пайғамбар шапағатты берер бізге,
Қайтарар сұрап барсақ өзімізге.
Зорлық қып баламызды бермей қалса,
Тентіреп біз өлейік жапан түзде».

140 Бұл ниетпен Расулға келді сұрап,
Көп өтініп, жалынып тұрды жылап.
Заидтың ата-анасын көргеннен соң,
Көңілі жұмсап, зарына салды құлақ.

Расулдың көңілі жұмсақ, мархабатты,
Тұрады көргеннен соң аяп қатты.
Заидты атасына берді Расул,
Көп айтып ғибрат, қылып мінәжатты.

- Қуанды ата-анасы келгеніне,
Баласын сау-саламат көргеніне.
Расулды ата-анадан артық көріп,
150 Заид риза болмайды бергеніне.
- Заидты ата-анасы сұрап алды,
Расулдың бергеніне бек шаттанды.
Пайғамбарға ықыласы артық болып,
Ата мен анасына ермей қалды.
- Қасына еріте алмады баланы алдап,
Расул да бар демейді сөзін аңлап.
Өз баласы қасына ермеген соң,
Ата-анасы еліне қайтты зарлап.
- Пайғамбар бар демейді көңілін біліп,
160 Зарланып ата-анасы кетті жүріп.
Ренжіп кеткенімен жұмысы жоқ,
Заид жүр қайғысы жоқ, ойнап-күліп.
- Қуанады онда бармай қалғанына,
Жеттім деп көңілдегі арманына.
Жоғалып кеткенімен тұрмады деп,
Жүдейді хабар естіп барғанына.
- Бар дейді сол жердегі жиылған көп,
Бар десе көкірегін күйдіретер шоқ.
Өлтіріп өлімтігін әкетпесе,
170 Айрылар Расулдан ниеті жоқ.
- Ал енді сөз басына келсін Зейнеп,
Расулға Заид шапан, Зейнеп көйлек.
Тыңдаушы ерінер деп ұзай тартсам,
Қиссаны тамамдайын қысқа сөйлеп.
- Зейнептің ата-анасын алды жиып,
Бөрі қабыл көрер деп көңілі сүйіп.

Хазіреті Зейнепті ренжітіп,
Заидке қоспақ болды некаһ қиып.

Оңбайды Расулменен қуысқаны,
180 Ренжітсе бөлені уыстайды.
«Тегі араб, сатылған құл еді» деп,
Зейнептің тең көрмейді туысқаны.

Сонда да білдірмеді Пайғамбарға,
Сіздерді тең емес деп шаһариарға.
Қайтарып «тең емес» деп айта алмады,
Расул ұнатқан соң амал бар ма.

Бұл Заид тең емес деп айта алмады.
Расулдың айтқан сөзін қайтармады.
Зейнептің ренжіген қайғысынан,
190 Үйіне туысқаны қайта алмады.

Пайда жоқ мехнаттанып қайғы жеуде,
Неге талап қылмайды көңіл кеуде.
Құр ойлап көңіліменен ұнатпады,
Расулға бата алмады берме деуге.

Зейнеп те қайғы жеп жүр бергеніне,
Заидқа қатын болып ергеніне.
Расулға амалы жоқ үндемеді,
Онан дағы риза өлгеніне.

Зейнепті некаһ қиып берді сонда,
200 Зейнеп лайық еді ғой мұнан зорға.
Жылайды күндіз-түні қайғыланып,
Шықпастай шырмалдым деп темір торға.
Қасіреті көбейді қапаланып,
Мұнан да кірмедім деп қазған орға.

Зейнепті Заид алды бақыт қонып,
Зейнеп оған жүрген жоқ риза болып.
Сарғайып құсаменен өлер болды,
Зейнептің кеудесіне қайғы толып.

- Зейнепті қайғы-қасірет жүдетеді,
210 Пендені шаттық кірсе түлетеді.
Күндіз аз дамыл алып отырады,
Түн болса ұрыспенен күн өтеді.
- Зейнеп жылап жүреді күнде зарлап:
— Қасірет Қап тауындай болды салмақ.
Расул ықтиярсыз некаһ қиды,
Заидты жаратқандай маған арнап.
- Зейнепте дамыл, рахат бір болмады,
Әуелде көңілінде кір болмады.
Өзі араб сатылып келгеннен соң,
220 Заидты бояса да дүр болмады.
Екеуін теңдес қой деп некаһ қиды,
Пайғамбарда жасырын сыр болмады.
- Екеуінің қосылмады ынтымағы,
Заидтан көп зиада Зейнеп бағы.
Зейнептің көңілі тоқтап орнықпады,
Қанша жұрт насихаттап айтса дағы.
- Түн болса ұрыс-талас машақатта,
Зейнеп көңілі бір теңдес жақсы затта.
«Менсінбей алған байын бұзылды» деп,
230 Зейнеп тағы байланды жаман атқа.
- Әйтеуір не қылса да шаттығы жоқ,
Бір құлға бергеніне арманы көп.
«Жан болып келмегенім артық еді,
Осымен өтіп кетсе бұ дүние боқ.
- Қызы едім Абдулланың—Зейнеп атым,
Халыққа мағлұм еді инабатым.
Түнде мехнат тартамын жанжалменен,
Болмады осы күнде рахатым.
- Өлсем де бұл Заидқа бахыл болман,
240 Нәпсіден өлсем дағы жақын болман.

Пайғамбар өзі біліп айырмаса,
Тірлігімде еркіммен қатын болман».

Әуелде шаттықпенен алды Заид,
Жүре-жүре бөлеге қалды Заид.
«Осыған талақ беріп құтылам» деп,
Бір күні Пайғамбарға барды Заид.

—Мұны алсам бір бөлеге тұтыламын,
Бойдағы бар ақылымнан сытыламын.
Қатынсыз өмірімше өтсем дағы
250 Тақсыр-ау, бұл Зейнептен құтыламын.

Өлмеспін Зейнеп кетіп қалғанменен,
Маған неш қызметі жоқ барғанменен.
Күндіз-түн жанжалменен күнім өтті,
Бір рахат көрмедім алғанменен.

Тақсыр-ау, не қылсаң да құтқар менен,
Зейнептен қорыққанымнан шошыр денем.
Айырсаңыз рахмет жүз мың қабат,
Қатынсыз жүргеніме қайғы жемен.

Арым кетіп барады күн-күн сайын,
260 Бір қызметсіз қатынды не қылайын.
Мені көрсе шошиды есі қалмай,
Мен, тақсыр, біле алмадым Зейнеп жайын.

Расул айтты: —Бұл сөзді аузыңа алма,
Зейнептен айырылып ғапыл қалма.
Жіберме талақ беріп өз еркіне,
Айырылсаң сүйегіңе болар таңба.

Сүйікті жақсы қатын жар емес пе,
Зейнептің һәр білімі бар емес пе.
Тірідей қатыныңнан айырылғаның,
270 Өзіңнің сүйегіңде ар емес пе?

— Айырсаңыз жолыңа жаным құрбан,
Ал деген сөзіңізге мойным бұрман.
Қалай қатын болады тақсыр маған,
Мені көрсе зарлайды құдай ұрған.
Зейнепті қатын қылып алмақ түгіл,
Сіздің осы мекенде бірге тұрман.

— «Айырылам» деп сөйлеме жаның қинап,
Ар емес пе өзіңе, жұртты жимақ.
Өзімді құрметтеп, көңілім сақтап,
280 Әуелде барған саған мені сыйлап.

Мен үшін көріп еді сені қабыл,
Қылмадың бой тоқтатып сен де сабыр.
Көңілінде махаббаты болмаған соң,
Зейнепте болмады һешбір дамыл.

Екеуін қойды Расул жарастырып,
Ұрыс-талас, жанжалдан халас қылып.
Пайғамбардың алдынан кеткеннен соң,
Зейнепті қайғы кетер адастырып.

Зейнеп жүр «болмады, — деп, — өзім теңді»,
290 Шаттығын сол себепті қайғы жеңді.
Жақсы ниет, көркем құлықпен тұрса екен деп,
Расул ықыласымен қоса берді.

Екеуінің ықыласы оңалмады,
Ұшқан көңіл айналып қона алмады.
Расул қанша өсиет айтса дағы,
Зейнепте бір рахат бола алмады.

Заидке Зейнеп бермес ықыласын,
Жататын матлық харам қылып қасын.
Бірі бай, бірі қатын болмақ түгіл,
300 Жанжалы күннен-күнге болды басым.

Зейнепке болып жүр ғой кең дүние тар,
Таба алмады өзі теңді бір жақсы жар.
Егер де Заид талақ қылса мұны,
Расулдың шаттандырар ниеті бар.

Расул жұрттың қамын жеп ойлайды,
Екеуінің бір тұруын көп ойлайды.
Өзімнің некаһыма бір кіргізіп,
Зейнепті шаттандырсам деп ойлайды.

310 Талақ қылса, сертімнен тая қалман,
Жалған сөзді халыққа жария қылман.
Қайғыменен сарғайып жүдеген соң,
Зейнепті айтты Расул аяғаннан.

Бұ Зейнеп тимек түгіл жаннан безді,
Көрсө де түзелмеді құрған тезді.
Жұртқа сөйлеп Пайғамбар папш қылмады,
Көңілінде ойлады үшбу сөзді.

Қасіреті бүгін көп кешегіден,
Жоламас шошығандай төсегінен.
Пайғамбар үшбу сөзді айтса дағы,
320 Жұрттың және қорқады өсегінен.

Расул істің кірмес батылына,
Алыс пен бірдей болған жақынына.
Заид үшін Зейнепке некаһ қиып,
Көп кірді бір тұрудың ақылына.

Тәкаппар не ақылына жоламайды,
Пенденің шапағатты пақырына.
Зейнепті қуантамын деп айтады,
Дүниенің кірмес Расул ғапылында.

Жанын пида қылғандай рақымы көп,
330 Жамандықтан тиылған мақұлында.
Мұнафиқ қызықты деп өсек қылар,
Өзінің ұлының қатынына.

Осыны тағы ойлады айтса дағы,
Зейнеп мехнат өмірінше тартса дағы.
Заидке жақсы қатын болып жүрмес,
Ұнамсыз бұл пиғылдан қайтса дағы.

Заидке Зейнеп көңілі тынар емес,
Қайғысы көкірегінен шығар емес.
Зейнептің жабық көңілін ашық қылмақ,
340 Онан басқа қатынға құмар емес.

Зейнептің көңілін хош қып жүргізуге,
Түзу жол ізгі амал білгізуге.
Азуаж матһараттың замрасына,
Халалдық некаһ илә кіргізуге.
Құт басып, қасірет тартып қайғы жеген,
Зейнептің өлген көңілін тіргізуге.

Хош латиф раушан қылмақ жабық көңілін,
Зейнептің шатандырмақ ғаріп көңілін.
Пақырлықтан құтқарсам сауап көп деп,
350 Аллаһу ағлам осы деп анық көңілін.

Қатынды не қылады онан басқа,
Хасадтық ойламайды дос пен қасқа.
Неше күн екеуіне уағыз айтты,
Түзулік кіре ме деп ықыласқа.

Низағысы көбейді дамыл алмай,
Расулдың насихатын қабыл алмай.
Жанжалменен көбейтті күнәларын,
Үстіне тәубе тонын жаба салмай.

Расулдың неге тілін алмайды екен,
360 Тілін алған тамұқта қалмайды екен.
Заидке қатын болып тұрмақ түгіл,
Маңына Зейнеп жақын бармайды екен.

Тағы жанжал көбейді күннен-күнге,
Екеуі де көнбейді айтқан тілге.

«Хазірет мені құтқар осыдан» деп,
Тағы да Заид келді Расулға:

—Тақсыр-ау, аясаңыз айыр мені,
Жаныма бек батады айтқан лебі.
Мен сізге несін айтып баядайын,
370 Мағлұм өзіңізге сөздің теңі.

Хазірет, мен ойлаймын жанның тынышын,
Зейнеп қайда барса мейлі білсін.
Дүниеден мал-перзентсіз өтсем дағы,
Тақсыр-ау, бүйтіп алған қатыны құрсын.

Айырыңыз сауапты ойласаңыз,
Қайғыменен көзімді жоймасаңыз.
Қаңғырып мен өлейін, азаттық бер,
Тағы да қосамын деп қоймасаңыз.

Мен сіздің арқаңызбен шықтым төрге,
380 Балаңыз боп отырдым биік өрде.
Басқа ісіңнің бөріне разымын,
Зейнепті тағы да ал деп айта көрме.

Қостың тақсыр әуелде некаһ қиып,
Екеуі бір тұрсын деп көңілің сүйіп.
Қатын алып рахатта болмақ түгіл,
Мінезіне барады ішім күйіп.

Жақсы заттан бір қатын алып бердің,
Дедіңіз дәрежемді болсын биік.
Алланың рахматы болсын сізге,
390 Айырсаңыз көзімнің жасын иіп.
Онан басқа сөзім жоқ бөтен айтар,
Талақ хат жаздырыңыз жұртты жиып.

Хазірет, өз алдында болсын байлау,
Пендеге уәжіп еді серттен таймау.
Саламат талақ беріп айырылсам,
Төбем қыстау болады, төсім жайлау.

Зейнепті жұрт алдында қылды талақ,
Тамашалап халайық тұрды қарап.
Зейнеп судай тасиды қуанғаннан,
400 «Тілегімді берді, — деп, — Құдай қалап».

Зейнепті бұрын қайғы жеңіп жүрді,
Көңілі майдай жұмсап еріп жүрді.
«Мұнафиқ жауыз сөйлеп, өсектер» деп,
Көңіліне Пайғамбардың келіп жүрді.

Зейнептің ақылын бұрын жүрген өлшеп,
«Алсам дұшпан сөзіне келеді дөп.
Алам деп көңілімменен уағда қылғам,
Бұ қалай болады» деп ойлайды көп.

«Алмасам уағдама болар хилап,
410 Алсам жүр айтар сөзін дұшпан жинап.
Қош қылып қайғысынан тазартуға,
Аллаһу ағлам Зейнепті айттым сыйлап.

Аламын деп жүргем жоқ қызыққаннан,
Зейнеп өңді болып па барша жаннан.
Көңілімнің ақтығы досыма аян,
Ешбір жан ғайбат қылмас мұсылманнан».

Олар жүрген дұшпанның басын кесіп,
Кіруге нәпсі дұшпан таппайды есік.
Мұнафиқ тұһматтар деп көп ойлады,
420 Өз ұлының қатынын алды десіп.

Мұнафиқ сөз қылады оңбаған соң,
Кеудесін шайтан қамап торлаған соң.
Қысылса аятпенен тазартады,
Бөле жоқ Тәңірім жар боп қорғаған соң.
Шаһариар, сахабалар ұнатады,
Хақиқи өз баласы болмаған соң.
Расул некаһына кіргізеді,
Ұнатып жолдастары зорлаған соң.

Пайғамбар істің кірмес бұрысына,
430 Арланбас Хақтың түзу жұмысына.
Жәбірейіл арқылы аят келген,
Күнәһі жоқ деп некаһтің дұрысына.

Не нәрсе табылады қумаған соң,
Нәжісті тазара ма жумаған соң.
Балам деп айтқанменен бала болмас,
Асылында өзінен тумаған соң.

Сол үшін некаһ дұрыс арасына,
Кірмейді істің жаман, қарасына.
Аят келіп некаһты дұрыс қып тұр,
440 Нәсілі басқа асыранды баласына.

Мұнафиқ не десе де айта берсін,
Бұрынғы түзу жолдан қайта берсін.
Алланың аятымен талас қылып,
Жазасын махшар күні тарта берсін.

Мағлұм жақсы-жаман тыңдаған соң,
Сөз бетімен кетеді бұрмаған соң.
Білімпаздың сөзінен ғалат шықпас,
Сыйғамен сөзін тартып сымдаған соң.

Расулдың некаһына кіргізіпті,
450 Шарасыз Заид талақ қылғаннан соң.
Мұны да мұнафиқтар тұһмат қылды,
Бұрынғы ислам дінде тұрмаған соң.
Мұнафиқ ақыретте ұжмақ көрмес,
Әуелде істің басын былғаған соң.

Хас мүмін тағатымен жетіледі,
Дозаққа құлқы жаман кетіледі.
Құтпасыз Хақ Тағала өміріменен,
Байланып некаһтары бекіледі.

Алланың достысы жоқ Пайғамбардай,
460 Бір сағат тұрмас ғапыл хабар алмай.

Алланың өз әмірімен байланыпты,
Еш заһыр некаһына қажет қылмай.

Оларға қысылғанда Құдайым бар,
Мұнафиққа қылады дүниені тар.
Ахзаб сүресінде көзім көрді,
Үшбу сөз жалған болмас, Құранда бар.

Заидты Зейнеп әуел көрген хақыр,
«Сатылған араб, құл деп өзі пақыр,
Бұл менімен қалайша тең болады,
470 Көркем фағил, ...* жоқ деп ақыл».
«Уа кәна лимуин уа лә муминат»
Бұл аят сонда келіп болған нақыл.

Келген соң Құран сөзін жиып еді,
Батылды жаман жолдан тиып еді.
Пайғамбар бұл аятты дәлел қылып,
Заидке әуел некаһ қиып еді.

Аяттан Зейнеп әуел аса алмаған,
Расулдың әмірінен қаша алмаған.
Жүре-жүре Заидты хақыр көріп,
480 Қасіреттен аяғын баса алмаған.

Айттым ғой талақ болды аяқ жағы,
Заидпенен қосылмай ынтымағы.
Расулдың некаһына кіргеннен соң,
Ашылды кәмілденіп Зейнеп бағы.

Мұнафиқ оларды да өсектеген,
Не жапа Пайғамбарға көрсетпеген.
Олар сондай болғанда бізге не жоқ,
Көңіліміз біреудікін жесек деген.

Кімде-кім ақ пендені ғайбаттаса,
490 Хал келсе ату мүмкін кесекпенен.

* Бір сөз танылмады.

Кей пенде өз жаманын тығып қойып,
Біреудің зәредейін есептеген.

Нақақ бір мазлұмды жамандаймыз,
Қатені өз бойымыздан таба алмаймыз.
Жаман менен жақсыны парық қыла алмай,
Шамалап өз бойымызды баға алмаймыз.

Бадағат мүфсад іске құстай ұшып,
Дін десе қадам баспай табандаймыз.
Сауап жаққа бармауға көңіл сонша,
500 Он салса бір жортпайтын шабандаймыз.

Ғайбатпенен өсекті осы қуып,
Ақырында жазаға арандаймыз.
Ақылсызға оймен тең сары белдер,
Ақырында жазаға арандаймыз.

Пайғамбарлар өсекке таңылған деп,
Мұны да қайрат қылар пайымы кемдер.
Оларды тұхмат қылған себебінен,
Мұнафиқ болған мардуд қандай ерлер.

Күнәні білу керек атқан оқ деп,
510 Ғайбаттың ақырын жанған шоқ деп.
Расулды өсек қылған мұнафиққа,
Көріне нешбір жаза болған жоқ деп.

Алдында біле алмайды азап барын,
Арандар шарияттың білмей халін.
Нақақтан біз пендені тұхмат қылса,
Махшарда көре алмайды Хақ дидарын.

Кәлам Алла сөзімен тиылмаса,
От пенен азап қылар шыбын жанын.
Жазалы бұл дүниеде болып барса,
520 Не қылсын зұбаны қысылғанын.

Кей пенде мұны білмей ғайбат сөйлер,
Белбеуге түйіп беттің арын.
Өлгенде қараңғылық зұлматында,
Тірілгенде сөндірісе көңіл шамын.

Ассаламуаләйкум дін қарындас,
Өмірге аз ғана күн болмайық мас.
Ғибадат, құлдық қылу тіршілікте,
Мүмін болған пенденің бәріне қас.

Амалдан сұралады өлгеннен соң,
530 Тіпті жолдас болмайды мал менен бас.
Қыла алмас уасуаса шайтан малғұн,
Бекітсек жамандықтан көңілді тас.

Қылайық насұқ тәубе ықыласпенен,
Жалғанда пайда бермес опасыз жас.
Ажарсыз мақрұм болып пенде қалмас,
Бар болса таза құлық, түзу ықылас.

Сөлем хат баспашының сахибына,
Көзіңізді салыңыз уақиғима.
Арман жоқ бейтулланы тауап қылып,
540 Тән қалса ол жаннат әлбақида.

Ал дұға баспашының иесіне,
Сөзімнің көз салыңыз жүйесіне.
Мархабатыңды естіп болдым құмар,
Бақшаның қызыққандай шиесіне.

Оқ орнына қол жетпес сермегенмен,
Һешкімнің мінгім келмес түйесіне.
Һәркімнің сыбағасын жазған Тәңірім,
Өзімнің ризамын тиесіме.

Кімде-кімнің жоқ болса қанағаты,
550 Күнәнің кірленеді күйесіне.
Бақытыма қой келсе ризамын,
Көз салмаймын ат пенен биесіне.

Шырмалған талай сұңқар темір торға,
Батырлар талай түскен қазған орға.
Алланың өміріменен не болмайды,
Пенденің оң дегені шығар солға.
Қисық іспен табамыз бұзақылық,
Ешбір нақыс болмайды түзу жолда.
Шүкіршілік қыламын, Хаққа тәубе,
560 Жазғаным жүріп жүрсе қолдан-қолға.
Пайғамбар өз Зейнебін құлға берді,
Деп бақыс қылып жүрді кейбір молда.

Сол айтып жүрген Зейнеп осы болар,
Түзу кәлам көңілінің хошы болар.
Кеңесті ажарлауға жалған айтса,
Ақырында Ібілістің досы болар.

Білмей бақыс қылудың түбі қорлық,
Көз көрмей кинайамен қылып зорлық.
Жастықтағы өмірді желге өткеріп,
570 Ғапыл жүріп бұл күнде жасқа толдық.

Тоқтамай қырық тоғыздан аса көшіп,
Орта жер елуге кеп биыл қондық.
Қағаз ысырап болмаса, еңбек зая,
Он бесінші августа жазып болдық.

Хұсайыновқа тапсырып жазған сөзім,
Тамамдап бас-аяғын көрсін көзің.
Жасымнан осындайды жаза бермей,
Өншейін лағу сөзбен жүрдім өзім.

Ұнамды ұнам сөзін біле алмаймын,
580 Көргем жоқ жүйріктердің құрған тезін.
Ұнамаса ысырап болды қағаз,
Қатені ғапу қылар Сұбхан Ізім.
Сөзімді ұнатсаңыз хабар жібер,
Хал-қадар тағы жазам келсе кезім.

Жазушы—Иазид атым ибн Қонай,
Естілмеген сөз бізге болмады оңай.
Оқу аз, ақыл дағиф, қуат кем боп,
Шыға алмай биік тауға, кездім тоғай.

Бұл күнде шаруа қуып, бала оқыттым,
590 Ылаж жоқ болғаннан соң заман солай.
Олардай болмаса да қарап тұрмай,
Бермеген жүйріктер көп топтан торай.

Шабатын жүйріктер көп құмды теңдеп,
Менменсінген талайын жүрдік емдеп.
Бір Алла кеше гөр деп қылдық тәубе,
Бір күнде жастықпенен жүрдік желдеп.

Сөзім ұнап тағы да жібер десең,
Жаңадан қисса жазып қылам ермек.
Сіз секілді дариядан үміт етіп,
600 Алыс жерден жатырмын қолым сермеп.

Не берсеңіз соныға ризамын,
Мен сізден сұрамаймын соны бер деп.
Хұсайынов құмармын көрмесем де,
Бастырыңыз неш нәрсе бермесең де.

Еңбегімді берер деп үміттімін,
Бұрын кәсіп мұндайдан термесем де.
Мен сіздің ғашықтандым есіміңе,
Жомарттық тегіс кірген жемісіңе.

Кітабымды бассаңыз қуанамын,
610 Бір себеп бола ма деп кәсібіме.
Бұрын бір жіберіп ем жөнімді айтып,
Хал-қадар білгенімше қалам тартып,
Тағы да жіберуге күтіп тұрмын,
Сол кітабым баспа боп келсе қайтып.

Мүмінге дәйім шаттық заман болсын,
Мехнаттан екі жұртта аман болсын.
Сөз көбейсе жасыққа ауыр болар,
618 Бұл қисса осыменен тамам болсын.

مالك اجدر

Қисса Мәлікаждар

Әуелі сөз бастайын «аузубилла»,
Мұхаммед—Құдай досты, Хабиб Алла.
Бастаймын қиссасын Мәлікаждар,
Тіліме медет бергіл, Қадір Алла.

Сөз тыңда әй, жарандар, салтанатты,
Бұ сөзім тыңдасаңыз балдан тәтті.
Жер еді екі арасы сегіз күндік,
Бар еді бір падиша Қарис атты.

- Сахиптық қылып жүрді Әли Хайдар,
10 Тар жерде қолдағушы хақ Пайғамбар.
Палуан үш ұғылы сол Қаристың,
Кенжесі асқан палуан Мәлікаждар.

Пайғамбар сөзін тұтқан сахабалар,
Қасында жан жолдасы төрт шаһариар.
Сегіз жүз батпан шоқпармен ойнайды екен,
Сол кезде сегіз жасар Мәлікаждар.

- Мәліктің үлкендік бар ойларында,
Олардың сауыт-сайман бойларында.
Мәліктің екі ағасы палуан екен,
20 Шоқпары жүз батпандық қолдарында.

Ойлайды біз сапарға барайық деп,
Қолына қылыш, найза алайық деп.
Мәліктің екі ағасы кеңес құрып,
Керуенді жолда тосып талайық деп.

Екеуі осылайша ой қылады,
Керуенді жүрсе жолмен талап еді.
Екеуінен қорыққаннан ей, жарандар,
Керуені Мәдиненің жүрмей қалды.

30 Қорқысты керуендері қылып налыс,
Керуенге қаһар қылды кәуір Қарис.
Керуендер бұ сөзді сөге айтты,
Есітіп Әли Арыслан қылды намыс.

Есітті Әли Арыслан үшбу күнде,
Мінеді қаһарына Әли сонда.
Керуенді бұ азаптан құтқармасам,
Тұрмайын хақ Расулдың мәжілісінде.

Болады жөнелмекші фатиха алып,
Зұлпықарды Дүлдүл мініп қолына алып:
—Жүктеріңді арт дағы жөнеле бер,
40 Мен оны жайратайын бұрын барып.

Әлиге хақ Пайғамбар бата берді,
Зұлпықарын Дүлдүл мініп қолына алды.
Жер екен екі арасы сегіз күндік,
Ер Әли сағат болмай жетіп келді.

Ер Әли сағат болмай жетіп келді,
Екеуін жолда жүрген көзі көрді.
Екеуі Арыстанға жетіп келіп,
—Адамсың нағып жүрген сөйле,—деді.

—Ей, кәуір, сөйлеп тұрсың сен не,—дейді,
50 Мен келдім көрейін деп сені,—дейді.
Көңліңде арман қалмасын, өлтіремін,
Әуелі күрзіңмен ұр мені,—дейді.

Жаратқан барша жанды жалғыз Алла,
Жарандар, бұ кәуірдің сөзін қара.
Кәуірдің дінсіздігін сонан білші,
Ұмтылды Арыстанға жүзі қара.

- Екеуі біржолата Әлиді ұрды,
Сиынып бір Құдайға қарап тұрды.
Күрзінің салмағы мол күшіменен
60 Дүлдүлі тізесінен жерге кірді.

Қиындық Әли Хайдар көрді сонда,
Жаппар Құдай Әлиді Өзің оңда.
Күрзіден сау-саламат қалғандан соң,
Сөйлейді Әли Арыстан тұрып сонда.

—Бастады көуірлерің мені ұрып,
Мен ұрсам тез қатарсың, шапшаң өліп.
Көтер де бармағыңды мұсылман бол,
Көуірлер пара-пара болмай тұрып.

- Бұ жерден керуенге жол бермеспін,
70 Арамды, сендей битті ер демеспін.
Бұ заманның арыстаны біз екеуіміз,
Көзге алып жалғыз сені қам жемеспін.

Сол жерде бір ақырды, қаһар келді,
Әлидің тасып кетті қайраты енді.
Дүлдүлге қамшы басып тақым қысып,
Екеуін жалғыз шауып екі бөлді.

- Қаристың екі бірдей палуан ұғылы
Батырдан Әли Арыстан солайша өлді.
Өлгенін екеуінің естіген соң,
80 Мұсылмандар бек шаттанып, қатты күлді.

Тозаққа екеуі өліп жаны кетті,
Екі палуан өлгенін көзі көрді.
Жанына екі басты байлап алып,
Ер Әли Мәдинеге қайта жүрді.

Жүріңіз тауфиқ қылып, иман біліп,
Аттанды Әли сонда қаһар келіп.
Жарандар, Мәдиненің дәресіне,
Қояды басын іліп алып келіп.

- Басты асты алып келіп Әли Хайдар,
90 Қуанды бек шаттанып сахабалар.
Сахабалар шаттықта болғаннан соң,
Әлиге бата берді хақ Пайғамбар.

Бұлар мұндай шаттыққа жолықты кез,
Тыңлай көр жалықпастан, жарандар, сіз.
Ер Әли тыныштық алып жата тұрсын,
Батырдан Мәлікаждар есітің сөз.

- Иманды құл өлгенде иман табар,
Мұсылман жата тұрсын әй, жарандар.
Екі ағанды Әли өлтіріп кетіпті деп,
100 Батырға Мәлікаждар берді хабар.

Шақырды Мәлікаждар ашуын сол,
Патшаның құмырсқадай әскері мол.
«Екі ағамды қайдан іздеп аламын» деп,
Мәлікаждар жиып алды екі мың қол.

Хабарсыз үйде жатыр Әли Хайдар,
Бұ сырды неш білген жоқ сахабалар.
«Жер үстінде Әлиді қоймаймын» деп,
Жөнелді сырнай тартып Мәлікаждар.

- Мәлікаждар жолыменен бара тұрсын,
110 Жолына Мәдиненің сала тұрсын.
Азырақ ер Әлиден кеңес айтып,
Жарандар, қандырайық құлақ құрышын.

Баласы ер Әлидің Хасан атты,
Бек көркем һәр нәрсеге салтанатты.
Хасан, Хүсейін жас бала аң қуарға,
Тілейді атасындан рұқсатты.
«Дұшманым көп, көріне ұшырап кетпе»
Деп, ұғылына айтады насихатты.

- Екеуін шаттандырды рұқсат беріп,
120 Қуанды жас балалар киім киіп.

Екеуіне екі атты даярлатып,
Жөнелтті балаларын бата беріп.

Жаратқан барша жанды жалғыз Алла,
Һәр қайда сақтағушы Жаппар Алла.
Екеуі шапқыласып қуанысып,
Шығыпты сахараға екі бала.

Жарандар, тыңласаңыз кітап сөзі,
Екеуі таба алмайды аң тіпті өзі.
Мәлікаждар қолыменен жеткен екен,
130 Бұларды екеуінің көрді көзі.

Екеуі қарап тұрды «бұлар кім?» деп,
Жарандар, көрсе ләшкер қисапсыз көп.
Он екі мың қолымен жеткен екен
Сол жерге Мәлікаждар, Әлиді іздеп.

Екеуі барласпай қарап тұрды,
Кәуірдің біреуі оған қарсы келді.
Сол көуір жетіп келіп тұра қалып,
—Адамсың нағып жүрген, сөйле,—деді.

—Сұрасаң аң қуалап жүрміз,—деді,
140 Сіздерді тамаша етіп тұрмыз,—деді.
Атам аты сұрасаң Шаһимардан,
Бабамыз бек сүйеді бізді,—деді.

Бабам аты—Мұхаммед, хақ Пайғамбар,
Шеріден атам аты Әли Хайдар.
Әбубәкір, Омар мен Осман қазы,
Бабамның жан жолдасы—төрт шаһариар.

Мәдине, Мекке менің шаһар қалам,
Һәр жерде қолдағушы Алла Тағалам.
Бү көп кісі нағылған кәуір ләшкер,
150 Сұраймын жайыңызды айтқыл, жалғыз адам.

Кәуірлер жиылысып қарап тұрған,
Сөз айтты, баланы алдап Құдай ұрған.
Сол кәуір екеуіне жауап берді:
—Балалар, біз де аңшымыз киік құған.

Алдады балаларды айтып жалған,
Екеуі бұ сөзіне қайран қалған.
—Мен сізді керек болса апарайын,
Киік бар біздің қолда ұстап алған.

160 Иланып екі бала ерді бұған,
Ертіп алып жүрді жолға таман.
Сол кәуір Мәлікаждарға бұрын барып,
Көргенін бастан-аяқ қылды баян.

Кәуірлер балаларды келді алып,
Қарады Мәлікаждар аң-таң қалып.
«Екеуі екі ағама татиды» деп,
Қуанып жар шақырды бек шаттанып.

—Екеуін зынданыма қырық күн салсам,
Андан соң өлтіріп мен өшімді алсам.
Бек қатты той қыламын, ей жарандар,
170 Үйіме сау-саламат есен барсам.

Туған адам қалыспас бәрі де өлмей,
Уақытсыз неш жан өлмес ажал жетпей.
Екеуін Мәлікаждар алып кетті,
Атасы Шаһимардан қалды білмей.

Атасы білмей қалды Әли Хайдар,
Бұ сырды неш білген жоқ сахабалар.
Екеуін бір түйеге артып алып,
Жол жүрді бір күн, бір түн Мәлікаждар.

180 Жаратқан барша жанды жалғыз Алла,
Һәр қайда сақтағушы Жаппар Алла.
Бір күн, бір түн жүрген соң бек сусайды,
Кәуірден су сұрайды Хасан бала.

Хасанға бір кесемен суды берді,
Сусыны су ішкен соң қанады енді.
Хасан, Хүсейін жас бала көуірлердің
Кресін мойнындағы көзі көрді.

Жаратқан барша жанды жалғыз Алла,
Һәр жерде құдіреті кең Хақ Тағала.
«Қолынан дағы су ішпейік,
190 Мойнында кресі бар, Хасан аға»

—Көуірлер, сөз сөйлейміз сізге,—дейді,
Салып тұр құлағыңды бізге,—дейді.
Көуірлердің қолынан су ішпейміз,
Су берме өлсек дағы бізге,— дейді.

«Көуір» деп екі бала зар жылайды,
Жад қылып Мұхаммед пен бір Құдайды.
Көуірлер бұ сөзіне ашуланып,
Екеуін бір түйеге тең қылады.

Жарандар, Хасан бала көміл еді,
200 Екеуін артып алып жөнеледі.
Көуірлер баланы алып бара тұрсын,
Тыңлаңыз, Зәйтүн ерден сөз келеді.

Жарандар, біразырақ есітің сөз,
Көуірлер таусылмайды, сірә, һәр кез.
Зекетін бар жиюшы Зәйтүн атты,
Қолына Мәлікаждар жолықты кез.

Келді тыңдасаңыз Зәйтүн сөзі,
Ер Зәйтүннің бұларды көрді көзі.
Көуірге тұтылғанын біліп сонда,
210 Батырдың Зәйтүн Сары іші күйді.

Батырдың Зәйтүн Сары іші күйді,
Қолына қаһарланып күшін жиды.
«Не болсам да болайын бала үшін» деп,
Зәйтүн ағаң бұларға жетіп келді.

Зәйтүн ағаң бұларға жетіп келді,
Бала танып Зәйтүнге сәлем берді.
«Біздер мұнда көуірге тұтылды» деп,
Зәйтүнге бала шағып жылайды енді.

220 Сөйлейді Зәйтүн сонда бала сөзін,
Қайрады тастай тітіреп өзі-өзін.
—Бір ұрыспай көуірменен үйге барып,
Көре алман Пайғамбардың алтын жүзін.

Кетейін бұ көуірді қойдай қырып,
Қылыш шауып, шоқпармен бәрін де ұрып.
Көуірлер екеуіңізді ап барады,
Кетейін нағып қашып көре тұрып.

—Зәйтүнеке жалғызсың шамаң келмес,
Уақытсыз ажал жетпей адам өлмес.
Соғысып бұ кезден өліп кетсең,
230 Біздерден атам Әли хабар білмес.

Көуірден өліп кетсең естен кетпес,
Түбіне бұ жалғанның адам жетпес.
Бір жолы ашуыңызды бізге беріп,
Бабама ұрыс қылмай хабар жеткіз.

—Бабаң да келер, балам, есен болса,
Қайтейін тіліңді алмай олай болса.
Не бетіммен барамын Фатимаға,
Қайтайын жаралы боп, тым болмаса.

240 Жарандар, тыңласаңыз кітап сөзі,
Жүйріктің сөз сөйлеуге келді кезі.
Зәйтүнді тек деме, ей, жарандар,
Бір мыңдық батыр екен жалғыз өзі.

Қияйын деп ойлайды шыбын жанды,
Көуірмен соғысуға оңтайланды.
«Мен Әли қазір келдім, көуірлер» деп,
Зәйтүнекең нағыра тартып айқай салды.

- Ақырып қалды Зәйтүн араласып,
Болады-ай астын-үстін кәуір сасып.
Даусынан аңыратты тітіресіп,
250 Жиылып Мәлікаждарға барды қашып.
- Жиылып тұра қалды кәуір қолы,
Жарандар, жақсы болды Зәйтүн жолы.
Білген соң соғысарын екі бала,
Өтініп бір Аллаға дұға қылды.
- Асасын Зәйтүн Сары қолына алып,
Тұрады жекпе-жекке жалғыз барып.
Күндей күңіреніп бір кәуір жетіп келді,
Шоқпарын, найза, қылыш қолына алып.
- Кәуір келіп найзамен салып қалды,
260 Балалар Зәйтүн ерге аң-таң қалды.
Айналайын, тақсыр-ай, шапшаңдықпен,
Найзасын салған шақта тартып алды.
- Жұлып алып найзамен өзін салды,
Жаны жаһаннамға барып қалды.
Бір-бірге келгенде Зәйтүн Сары,
Кәуірден көп кісіні қырып салды.
- Зәйтүн Сары кәуірге ойран салып,
Қылыш шауып найзасын қолына алып.
Кәуірлер бірме бірге келмеген соң,
270 Сөйлейді Зәйтүн сонда айқай салып.
- Кәуірлер, жоқ-ақ екен арың,—деді,
Өлсең кетер жаһаннамға жаның,—деді.
Бір-бірге келуге қорқып тұрсың,
Жабылың бірдей маған бәрің,—деді.
- Кәуірлер осы сөзден болады мат,
Жаратқан жатсы* қылып оларды Хақ.

* бөтен, өзге

Осы сөзді айтқан соң бәрі көуір,
Жабыла Зәйтүн ерге қояды ат.

280 Жарандар, құмырсқадай көуірлер көп,
Қараңғы болды шаңмен жер менен көк.
Көуірді кіріп Зәйтүн қойдай қырды,
Ақырып «иә Алла, иә Расул» деп.

Зәйтүн кірді көуірді қойдай қырып,
Қылыш шауып, шоқпармен бәрін де ұрып.
Көуірлер су шетінде қырғын тапты,
Қисапсыз палуанды салды қырып.

Көуірлер қырғын тапты осы жолда,
Зәйтүнді, Жаппар Құдай, өзің қолда.
Кісілер өлгеніне шыдай алмай,
290 Сөйлейді Мәлікаждар тұрып сонда.

Өлгенге кісілері іші күйді,
Ойлайды Әли ме деп Зәйтүн ерді:
—Әли болса шығайын ұрысына,
Жарандар, әбден таны енді мұны.

Бір қайратты бастайын бұған енді,
Әли болса ұрысуға шығам енді.
Жат біреу боп масқара біз болмайық,
Ол болмаса бармақ ар маған енді.

Сөйлейді көп ішінде көуірлері,
300 Қалай таң-тамаша жұрт нетер бәрі.
—Һәр елден зекет жиып жүруші еді,
Жарандар, мен танысам Зәйтүн Сары.

—Жарандар, Зәйтүн болса оқпен епте,
Кісіден он екі мың осы көп пе.
Оқтан жаңбыр жаудыр да амалдап бақ,
Осымен ұрысуға маған еп пе.

- Құйылды оқтан жаңбыр қисапсыз көп,
Қараңғы болды шаңмен жер, аспан, көк.
Зәйтүнге жетпіс жерден жара тиіп,
310 Құшады атының жалын, «иә Алла» деп.

Жығылды Зәйтүн батыр оқтан талып,
Етіне жетпіс жерден жара салып.
Пайғамбардың Зәйтүн құрметі үшін,
Ат шықты жалын төсеп жаудан алып.

Келеді Зәйтүн қаны атын жуып,
Кәуірлер жабылады атты қуып.
Хасан, Хүсейін Зәйтүннің халін көріп,
Жылайды бір Алла[ға] зары қылып.

- Жаратқан барша жанды жалғыз Алла,
320 Һәрқайда қолдағушы Өзің ғана.
Хақ Пайғамбар бабамның құрметі үшін,
Зәйтүнді, Жаппар Құдай, Өзің қолда.

Қолдай көр, тақсыр бабам, хақ Пайғамбар,
Бере көр жәрдемшілік Әли Хайдар.
Әуелі әнбиелер жәрдем беріп,
Кәуірден құтқара көр, шаһариарлар.

- Балалар дұға қылып жылап тұрған,
Кәуірлер қоймай тұрды Құдай ұрған.
Дұғасы балалардың қабыл болып,
330 Жарандар, қап-қараңғы болды тұман.

Қиындық Зәйтүн Сары көрді сонда,
Зәйтүнді, Жаппар Құдай, өзің қолда.
Құтылды кәуірлерден сау-саламат,
Жарандар, аты келіп түсті жолға.

Жәбірейіл атты келіп жолға салып,
Келеді Зәйтүн Сары оқтан талып.
Ат келді Мәдинеге есен-аман,
Кәуірлер балаларды алды қалып.

Бұ хабарды білмеді жұрттың бөрі,
340 Әлидің баласы-ды ынтызары.
Зираттың тап түбіне барғанында,
Атынан құлап қалды Зәйтүн Сары.

Құдай медет береді барша жанға,
Кәуірлер ат кеткен соң қалды таңға.
Үсті-басы боялған қып-қызыл қан,
Зәйтүннің аты келді мәсжид тамға.

Зәйтүннің аты келді мәсжид тамға,
Жолында қарамайды һеш бір жанға.
Пайғамбар, сахабалар атты көріп,
350 Баршасы есі кетіп қалды таңға.

Зиратта қалып еді Зәйтүн талып,
Ат келді мәсжидке тура салып.
Жиылған жамағат пен Пайғамбарды
Ат жүрді зиратқа бастап алып.

Ат жүрді зиратқа бастап алып,
Келеді сахабалар аң-таң қалып.
Үсті-басы боялған қып-қызыл қан,
Зәйтүнді тауып алды, жатыр талып.

Келеді сахабалар атпен еріп,
360 Қарап тұр Пайғамбарым көзі көріп.
Сөйлерісе тілі жоқ Зәйтүн ердің,
Жаны бар құр шықпаған, жатыр өліп.

Бұ іске таң қалады сахабалар,
Қарап тұр қайран қалып Әли Хайдар.
«Жаппар Ие, Зәйтүнге тіл бергіл» деп,
Достынан тілек қылды хақ Пайғамбар.

Дұғасы Пайғамбардың қабыл болды,
Зәйтүн ер өліп жатқан тілге келді.
Зәйтүнге тіл біткен соң хақ Пайғамбар:
370 —Не көрдің Зәйтүн Сарым, сөйле,— деді.

—Сөйлесем, жығылып әләм көп оқ тиіп,
Бір сізден халас болдым жәрдем тиіп.
Кәуірге Хасан, Хүсейін тұтқын бопты,
Мен келдім, Хақ Расул, соны көріп.

Ап кетті Мәлікаждар көрдім, — деді,
Сазасын кәуірлердің бердім, — деді.
Балаларды көрген соң шыдай алмай,
Осындай соғыс қылып болдым, — деді.

380 «Балалар зар еңіреді ұрыспа» деп,
Кәуірлер он екі мың қисапсыз көп.
Аз ғана Құдай үшін ұрыс қылдым,
Хақ Расул алтын жүзін көре алман деп.

Һәр жерде қолдағушы Алла жарым,
Сол жерде балада болды ынтызарым.
«Бабама сәлем айт» деп, көп тапсырды,
Деп айтты «дұға қылсын» балаларың.

Құлақ сал, әй, жарандар, үшбу сөзге,
Пайғамбар шапағатшы тақсыр бізге.
Өлтірер деп қорқамыз кәуірлерден,
390 Тапсырды «тез келсін» деп, Әли, сізге.

Бұ сөзге таң қалады сахабалар,
Қарап тұр қайран қалып хақ Пайғамбар.
Сөзіне баласының іші күйіп,
Жөнелді атқа мініп Әли Хайдар.

Мінеді Дүлдүліне «иә, Алла» деп,
«Баламды сау-саламат қолға бер» деп.
Келеді құстай ұшып Шаһимардан,
Сөзіне баласының іші күйіп.

Білмейді бұ хабарды жұрттың бәрі,
400 Әлидің баласы-ды ынтызары.
Ер Әли ашуланып кетіп қойды,
Жарандар, ұмыт қалды зұлпықары.

Кетіпті солардан да дүние өтіп,
Хас жүйрік өлең айтар екпіндетіп.
Шаһарына қалғанда бір күншілік,
Арыстан құстай ұшып келді жетіп.

Ер Әли нағыра тартты жетіп келіп,
Кәуірлер өті жарылып қалды өліп.
Астын-үстін болады кәуір сасып,
410 Ер Әли бір айқайлап салды бүлік.

Ер Әли сиынады бір Құдайға,
Салауат көп айтады Пайғамбарға.
Дауысын Арыстанның есіткен соң,
Жүгірді Мәлікаждар балаларға.

Қылышын Мәлікаждар қолына алды,
Кәуірлер бұ айқайға аң-таң қалды.
«Кім де болса артыма қоймайын» деп,
Жүгірді өлтіруге балаларды.

Жүгіргенін көреді екі бала,
420 Жылайды «сақтай көр» деп бір Құдайға.
—Өлтіруге келеді Мәлікаждар,
Тұрайық иман айтып, Хасан аға.

Інісіне айтыпты Хасан сөзді,
Жанынан жас балалар үміт үзді:
—Хақ Пайғамбар бабамның құрметі үшін,
Бір Алла құдіретіңмен сақта бізді.

Жылайды екі бала бір Тәңірге,
Жараттың құдіретіңмен Өзің ғана.
Әулие, әнбиеден түк тастамай,
430 Екеуі осылайша қылды дұға.

Қылышын Мәлікаждар салды қалып,
Аяды балаларды Жаппар Халиқ.
Қылышын Жәбірейіл қағып қалды,
Қылышы түйе мойнын түсті алып.

«Өлді» деп, жүре берді Мәлікаждар,
Қылыштан аман қалды жас балалар.
Ренжітпей баламды шапшаң бер деп,
Тағы да бір ақырды Әли Хайдар.

Сөйлейді Мәлікаждар тұрып сонда:
440 —Әй, Әли, менім айтқан сөзімді аңла.
Өлтірдім балаларың әлде қашан,
Менің де екі бірдей ағам қайда!

Бұ сөзге іші күйді Әли Хайдар,
Қолдай көр Арыстанды хақ Пайғамбар.
Мықты болсаң мені де балама ұзат,
Күрзімен ұрып қара, Мәлікаждар.

Қолдай көр Арыстанды пайғамбарлар,
Әуелі отыз үш мың сахабалар.
«Ұр» деп, рұқсат берген соң, ей жарандар,
450 Сөйлейді сонда тұрып Мәлікаждар.

—Қуатың мың кісідей бар деуші еді,
Алдыңды көуірлерге тар деуші еді.
Дұшпаныңды шапқанда өзі ұратын,
Бір қылыш кереметті бар деуші еді.

Көрсетші сол қылышты, Әли, маған,
Көруге ынтық едім көптен соған.
Қылышыңды тамаша қып көрген соң,
Бастайын қайратымды мен де саған.

—Әбубәкір, Омар мен Оспан жарым,
460 Мәлікаждар, көрерсің менде барын.
Баламның ашуымен ішім күйіп,
Асығып үйде қалды зұлпықарым.

—Әбубәкір ол қайда Оспан жарың,
Аяп қалма, ер Әли, қолда барың.
Қылышты бұ сапарда көре алмадым,
Асығып үйде қалды зұлпықарың.

- Мен Арыслан, адамнан жолым бөлек,
Ашулансам тілермін бөлек-бөлек.
Қылышты үйде қалған алдырамын,
470 Көруге, Мәлікаждар, қылсаң керек.
- Қылышың кетірмейді тастан ағып,
Мен тұрмын сенің айтқан сөзің бағып.
Бір сағат енді болмай ұрысамыз,
Келесің қылышыңды қайдан алып?
- Һәр жерде қолдағушы Жаппар Аллам,
Қыла алмас мендей қайрат жалғыз адам.
Қылышты бір сағатта жеткізетін,
Үйімде кереметті бар-ды бабам.
- Тек демейін деп тұрмын биік жарды,
480 Аяспайын деп тұрмын бойда барды.
Үйінде кереметті бабаң болса,
Алдыршы бір сағатта зұлпықарды.
- Қойыпты көуірлерді Құдай ұрып,
Ер Әли ойланады қарап тұрып.
Мәлікаждар айтқан соң мына сөзді,
Қарайды Мәдинеге мойнын бұрып.
- Ер Әли көуірлерді жүрген қырып,
Біледі Пайғамбарым қарап тұрып.
Сол жерде қышқырады хақ Пайғамбар,
490 — Қарадың не себептен мойның бұрып?
- Пайғамбар өзге жаннан артық зерек,
Салауат, ей жарандар, қылсаң керек.
— Мәлікпен ұрысатын уақытым жетті,
Зұлпықар, тақсыр бабам, болды керек,
Кетіппін зұлпықарды үйден алмай.
— Әй, балам, Мәлік тұр ма тілің алмай.
Қылышты бір сағатта жеткізейін,
Тұра-тұр оған шейін ұрыс қылмай.

Сол жерде хақ Пайғамбар дұға қылды,
500 Жәбірейіл пәрменменен Хақтан келді.
Расулды арқасына салып [алып],
Әлиге көз жұмғанша алып келді.

Әлиге зұлпықарды келді алып,
Қарады Мәлікаждар аң-таң қалып.
Ер Әли зұлпықарды қолына алды,
Керді Мәлікаждар көзін салып.

Қылышты көріп алды Мәлікаждар,
Қарап тұр қайран қалып хақ Пайғамбар.
Шоқпарын Мәлікаждар қолына алды,
510 Мәлікке ашуланды Әли Хайдар.

Сол жерде төбелесті айқай салып,
Найзасын, қылыш шауып қолына алып.
Қанша шапты зұлпықар һеш кеспеді,
Ер Әли қарап тұрды қайран қалып.

Шоқпар ұрды ер Әли, «иә, Алла» деп,
Бойында Арыстанның қайраты көп.
Мәлікаждар күрзімен ұрғанында,
Болыпты қап-қараңғы жер менен көк.

Батыр Әли көрген жоқ мұндай ерді,
520 Қанша қару қылса да бой бермеді.
Мәлікаждар күрзімен ұрғанында,
Дүлдүлі тізесінен жерге кірді.

Жолықты Шаһимардан мұндай ерге,
Ер Әлиге болмайды бірме-бірге.
Екеуі бір күн, бір түн ұрыс қылды,
Күл-күл боп қылыш, найза түсті жерге.

Ер Әлиге болмайды Мәлікаждар,
Қарап тұр тамаша ғып хақ Пайғамбар.
Қарудан һешбір пайда болмаған соң,
530 Сөйлейді сонда тұрып Әли Хайдар.

—Түспейді зұлпықарым сені кесіп,
Тұр сонда кеспеген соң көңілің өсіп.
Мәлікаждар сөзімді қабыл көрсең,
Екеуіміз алысайық жаяу түсіп.

Кетіпті солардан да дүние өтіп сұм,
Қуанды Мәлікаждар тағы да тым.
Ер Әли күреседі—жыға алмайды,
Екеуі алысады бір күн, бір түн.

540 Көріп тұр Пайғамбардың алтын жүзін,
Жарандар, тыңдап отыр кітап сөзін.
«Бір көуірге тұтылып қор болдым» деп,
Қайрайды Әли Арыслан өзі өзін.

Ер Әлиге көуірден берген нәсіп,
Оқиын бұ қиссаны желдей тасып.
Сол жерде ашуындан Шаһимардан,
Шығыпты сауытынан түгі тесіп.

Қаһарланып қолына күшін жиды,
Әлиге бір Құдайдан жәрдем тиді.
Мәлікаждар батырды Әли Арыслан,
550 Көтеріп, «иә, Алла» деп жерге ұрды.

«Түспейді зұлпықарым сені ұрып,»
Мінеді кеудесіне алып ұрып.
Пайғамбар бек шаттанды, әй, жарандар,
Қайратын ер Әлидің көзі көріп.

Ер Әли кеудесіне мініп алды,
Барша жұрт мұны көріп аң-таң қалды.
«Мұсылман бол, болмаса өлтірем» деп,
Ер Әли зұлпықарын қолына алды.

560 «Мұсылман бол» деп, айтты Әли Хайдар,
Қасына жетіп келді хақ Пайғамбар.
Пайғамбар «сабыр қыл» деп Әлиге айтты,
Сөйлейді сонда жатып Мәлікаждар.

—Жығылдым сенен, Әли, нағып жүріп,
Күшіңе қайран қалдым көзім көріп.
Көрсетші кереметті осы жерде,
Болайын хақ мұсылман дінге кіріп.

Тыңдай көр бұ сөзімді, әй жарандар,
Қарап тұр қайран қалып хақ Пайғамбар.
—Уағда айтқан сөзіңнен айнымасаң,
570 Сұрайсың қандай керемет, Мәлікаждар.

—Оңдасын Құдай Тағала жолымыздан,
Керемет келер болса қолыңыздан.
Бір үйдей қара тас бар шарбағымда,
Жарылсын сол тас келіп оңымыздан.

Қырып жүрсің көуірді алдыңа айдап,
Мен жатырмын шалқамнан түсіп жайрап.
Сол тас жарылып ішінен бір құс шығып,
Ақық жауһар жүні боп тұрсын сайрап.

Тамаша қып тұрайын құсты көріп,
580 Бойымды шын берейін көңлім ұрып.
Іс қылсаң осылайша, батыр Әли,
Боламын хақ мұсылман дініңе еніп.

Ер Әли сиынады бір Құдайға,
Әулие отыз үш мың сахабаға.
Осы сөзді айтқан соң Мәлікаждар,
Қарайды мойнын бұрып Пайғамбарға.

Хақ Расул қайран қалды бұ балаға,
Өтініп дұға қылды бір Аллаға.
Нұр Мұхаммед дұғасы қабыл болып,
590 Жәбірейіл жетіп келді Пайғамбарға.

Жәбірейіл келді:—Құдайың айтты сәлем,
Айтқанын айта келдім мен де саған.
Достыңның айтқан сөзін айта келдім,
«Құдіретім тамаша қып көрсін тамам.

Бес жүз жыл бұрын жараттым айтқанысын,
Достыма айт қуаныш қылып дұға қылсын.
Айтқанынша сол құсы сайрап шығар,
Батырдың Мәлікаждар көңлі тынсын».

600 Сол жерде дұға қылды хақ Пайғамбар,
Оныңмен тас келіпті, әй, жарандар.
Айтқанынша сол құсы сайрап тұрды,
Бұ іске таң қалады Мәлікаждар.

Құс сайрайды бір жүні ақық,
бір жүні гауһар болып.
Халайық таң қалады мұны көріп.
Құдайым көптен бұрын жаратыпты,
Мәліктің осы айтатын сөзін біліп.

Тыңдай көр бұ сөзімді, әй, жарандар,
Қарап тұр қайран қалып Әли Хайдар.
Иман келіп көңліне толып қалды,
610 Болыпты хақ мұсылман Мәлікаждар.

Мәлікаждар көңліне иман толды,
Көуірдің ол қолының бөріне де.
Пайғамбардың аяғын құшақтасып,
Көп көуір иман айтып дінге кірді.

Мұнша қол дінге кірді иман айтып,
Шаһарына кіреді сырнай тартып.
Мәлікаждар мұсылман болғандарын,
Қойыпты атасына біреу айтып.

620 Әли Хайдар мінеді қаһарына,
Олардың жан шыдамас заһарына.
Қапқасын бек бекіп ұрыс қылды,
Бұларды кіргізбеді шаһарына.

Сөйлейді Мәлікаждар сонда тұрып:
—Кісіні тауыспайық бекер қырып,

Атама өзім барып сөйлесейін,
Келейін, Хақ Расул, хайла қылып.

- Сол жерде рұқсат берді хақ Пайғамбар,
Қарап тұр қайран қалып Әли Хайдар.
Атасыны алдауға, әй жарандар,
630 Кіреді шаһарына Мәлікаждар.

Тұрады Мәлікаждар жетіп барып,
Көреді Қарис патша көзін салып.
—Пайғамбар мен Әлиді өлтіруге,
Мен келермін, жан ата, алдап алып.

- Бұ сөзге патша нанып қылды тойды,
Қанша көп шаттықпенен малын сойды.
Тыста қалған Әли мен Пайғамбар
Ақылмен ұрыс қылмай сөйтіп кірді.
Пайғамбар мен Әлиді алып барып,
640 Сөйлейді атасына Мәлікаждар.

—Жан ата, шаһарыңыз алдық кіріп,
Ислам маған бол дінге кіріп.
Ер Әли мен Пайғамбар мынау тұрған,
Құшақта аяқтарын ғұзыр қылып.

Жаратқан барша жанды жалғыз Алла,
Жарандар, бұ көуірдің сөзін қара.
Бұ бір жәдігөй сиқыршы ғой деп,
Атасы ашуланды жүзі қара.

- Атасын лақтырды аспанға алып,
650 Көзінен халайықтың болды ғайып.
Сүйегі күл-күл болып жерге түсті,
Жаны ту жаһаннамға қалды барып.

Халайық бөрі түрды таңға қалып,
Зынданға балаларды қойған салып.
Пайғамбар мен Әлиді Мәлікаждар
Жөнелді зындан жаққа бастап алып.

Екеуін алып келді жетіп барып,
Үшеуі қарап тұрды көзін салып.
Бір айдаһар зынданды шырқ айланып,
660 Құйрығын жатыр жылан тістеп алып.

Қарап тұрды зынданға Расул келіп,
Мәлікаждар қайран қалды мұны көріп.
Хасан, Хүсейін баланы көуірлерден,
Сол жылан сақтар үшін жатыр келіп.

Біраз ғана сөйлейін аттай желіп,
Жыланға нұр Мұхаммед келер күліп.
Пайғамбардың келгенін білді дағы,
Сол жылан сақтар үшін жатыр келіп.

Жылан тұрып сөйлейді, әй жарандар:
670 —Балаңыз сау-саламат осында бар.
Сақтадым жалғыз сенің құрметің,
Маған енді разы бол, хақ Пайғамбар.

Жыланды Пайғамбарым жақсы көрді,
Бір кереметті қылғанын енді білді:
—Жақсы қызмет қылыпсың, қабыл болсын,
Қылайын не деп дұға, жылан, енді.

Құлақ сал, әй, жарандар, үшбу сөзге,
Пайғамбар шапағатшы тақсыр бізге.
Таңда махшар күнінде Тәңір алдында,
680 Дұға қыл үмбет бол деп, Расул, бізге.

Пайғамбар дұға қылды бір Аллаға,
Дұғасы қабыл болды Хақ қасында.
Қуанып жылан кетті өз бетімен,
Сол жылан үмбет болды Пайғамбарға.

Мәлікаждар зынданға өзі кірді,
Тағзыммен балаларды алып келді.
Баласын сау-саламат көрген соң,
Көрісіп, құшақтасып қалады енді.

Қуаныш қылып шаһарда қылды тойды,
690 Суреттің шоқынатын бәрін жойды.
Мәсжид, медресе салдырып, дін үйретіп,
Батырды Мәлікаждар патша қойды.

Әлидің жолы болды осы жолда,
Әлиді Жаппар Құдай өзің қолда.
Жиылған жамағатқа, әй, жарандар,
Сөйлейді Мәлікаждар тұрып сонда.

—Қинадым балаларды азап салып,
Тілейін Фатимадан мойным салып.
Фатима кешер ме екен жаяу барсам,
700 Төбеме балаларды салып алып.

Баланы төбесіне салып алды,
Барша жұрт мұны көріп аң-таң қалды.
Жер екен сегіз күндік екі арасы,
Шаһарға сағат болмай алып келді.

Шаһарға сағат болмай алып келді,
Әлидің Мәлік батыр үйіне енді.
«Қылғанымды балаңа кеше көр» деп,
Жалынып Фатимадан тілепті енді.

Қасында бірге келді Әли Хайдар,
710 Фатима жауап берді, әй, жарандар:
—Атама үмбет, ерімнің досты болғаннан соң,
Мен кештім не қылсаң да, Мәлікаждар.

Тыңдай көр бұ сөзімді, әй, жарандар,
Қуанды бек шаттанып Мәлікаждар.
Барша жұрт разы болғаннан соң,
Қол жайып фатиха берді хақ Пайғамбар.

Шулайды дұға қылып барша елі,
Әлидің жолдасының болды бірі.
Ер Әлимен осылайша төбелесіп,
720 Мұсылман Мәлікаждар болған жері.

Бұ қисса осылайша болды тамам,
Жад қылған халін білмей мен бір надан.
Ер Өлимен осылайша ұрысыпты,
Жарандар, Мәлікаждар неткен палуан.

Мұнымен Мәлікаждар болды тамам,
Жазғаным қолыма ұстап темір қалам.
Тағы да көп әңгіме болса керек,
Келмейді ұзартуға менім шамам.

Шығарған өлең қылып Сыздық ақын,
730 Көшіріп мұны жазған Ахмет атым.
Болған атым Ахмет, өзім ноғай,
Айтады мұрат елі деп оның затын.

Рақым деген мұның өзін берді маған,
Жібер деп баспашыға, келсе шамаң.
Берген соң аманат тоқтау бар ма,
Ағалар, риза бол енді маған.

Қалам ұстап жазғаным қара сия,
Яушев сұрасаңыз фамилия.
Көңліме иман, өзіме тауфиқ беріп,
740 Мұратыма жеткіз, Жаппар Ие.



ҒЫЛЫМИ
ҚОСЫМШАЛАР



ТОМҒА ЕНГЕН МӘТІНДЕРГЕ ТҮСІНІКТЕМЕ

ҚИССА СЕЙІТБАТТАЛ

Дастан алғаш рет 1879 жылы Қазан қаласы Коковина ба-спасында басылып шықты. Ел арасынан жинап, жөндеп, редакциялаған Мәулекей Жұмашұлы. Кейінірек осы нұсқа 1883, 1888 жылдары қайта жарияланды.

Дастанның бас кейіпкері Сейітбаттал—палуан, ер жүрек, әскер басы[сәруар]. Бір күні Сейітбатталдың балалары—Башир, Әли, Нәзір әкесінен жұмалық сұрайды—өздерін оқытып жүрген молдасына жұма күні беретін сыйлық. Сонда ештеңе таппаған Сейітбаттал шапаны мен сәлдесін береді. Әйелі Гүлөндам кедейлігін бетіне басады. Сейітбаттал Пайғамбардың, оның ағасы Хамзаның, пайғамбардың күйеу баласы хазірет Әлидің де дүние-мал жинамай кедей болып өткенін айтып, «Енді бізге мал жимақ харам екен» дейді. Сонда әйелі байлықпен даңқы шыққан падиша Омарды мақтайды. Әйеліне ашуы келген Сейітбаттал Омар патшаның қызы айдай сұлу Фатиманы қалыңмалсыз аламын дейді де үйінен шығып патшаға барады. Омар Сейітбатталға қызын беруге қарсы емес. Бірақ «Өзі жарлы, малы да жоқ, пұлы да жоқ, һәр жерде, жүрген жерде қатын алар» деп әйелі қарсы болады.

Ақырында Омар әйелінің «Малы жоқ, көп сұрасаң малдан қашар» деген кеңесімен қызға көп қалыңмал сұрайды. Дегенмен Сейітбаттал қаймықпайды. «Бір жылда келермін» деп, уәде беріп алыс сапарға шығады.

Сонымен, Сейітбаттал ертегі, батырлық эпос кейіпкері секілді қалыңдығы үшін жолға шығады. Бірақ ол қызды ата-аналары жас кезінде атастырған емес, я Сейітбаттал қызды түсінде көріп, не сырттан естіп ғашық болған жоқ және оның әйелі, үш

ұлы бар. Бұл қызды алу—Сейітбаттал үшін өзінің дәрежесін көтеру, кедей болса да патша Омар үшін сыйлы екенін әйелі мен өзіне дәлелдеу. Мұны Сейітбатталдың Омар патшаға айтқанынан анық көруге болады:

Сейітбаттал сәруар, ғазы мен емес пе?!
Шаһымыз әмір Омар сен емес пе?!
Ол қызың маған берсең нешік болар,
Ол қызыңа мен өзім тең емес пе?!

Демек, бұл дастанда сюжеттік байланыс (завязка) қызметін хикаялық мотив атқарып отыр, ал ондай мотивтер қалалық феодализм қарым-қатынастарының негізінде пайда болып қалыптасады.

Қалың мал іздеген Сейітбаттал көп ерлік көрсетеді, қарсы тұрған дұшпандарын тізе бүктіреді. Пұт параст пен зәңгілерді мұсылманға айналдырады, перілерді, Рұм патшасы—қайсарды жеңеді, сегіз патшаның қызын тұтқынға алған диюды өлтіріп қыздарын босатады. Олар зор қуанышқа бөленіп, Сейітбатталға керек дүние-мал береді. Ақырында Сейітбаттал Омар қызы Фатиманы алады. Басқаша айтқанда, дастан қаһармандық үйлену сюжетін арқау еткен.

Сейітбатталдың көмекшілері—қазақ фольклорында образы жиі кездесетін, ертегі, эпос кейіпкерлеріне үнемі жәрдем беретін Қызыр әулие мен ислам діні кең қанат жайғаннан соң көптеген фольклорлық шығармалардың тұрақты кейіпкеріне айналған Мұхаммед пайғамбар. Дастанда олармен қатар Библия мен Құранда, ежелгі аңыз, әңгімелерде есімдері аталып, тарихтары баяндалатын бірнеше персонаждар кездеседі, мысалы, Жүніс пайғамбар, Сүлеймен пайғамбар, Шаддад патша. Ал баяндалатын оқиғалар Түркия жерінде орналасқан Малатия мен Қазақстанның Түркістан қаласында өтеді, бірақ екі қаланың арасында ұлы мұхит орналасқан делінеді. Демек, мұнда тарихи анахронизммен қатар, географиялық дәлдік те сақталмаған.

Сейітбаттал—анадол түріктері фольклорының қаһарманы. Оны дәріптейтін аңыз, әңгімелер Түркия жерінде туып, көлемді эпосқа дейін дамыған, кейін басқа түркі халықтарына ауысқан.

Сол эпостың қазақ версиясы—«Ғазауат Сұлтан» деген атаумен Қазан төңкерісіне дейін араб әрпінде жарияланған. Ол нұсқа «Бабалар сөзінің» 13-14-томдарында жарияланды. Осы томда жарияланып отырған мәтінде жиырма жеті тараудан тұратын «Ғазауат Сұлтан» дастанының он бесінші тарауында суреттелетін оқиғалар ғана көрініс тапқан, яғни Сейітбатталдың көптеген ерліктерінің бірнешеуі ғана баяндалады. Ол әлем әдебиетінде жиі кездесетін құбылыс. Мысалы, «Шаһнаманың» кей кейіпкерлеріне, олардың жеке ерліктеріне арналған жеке шығармалар аз емес.

Бұл нұсқаны жариялаушы М.Жұмашұлы мәтінді Аллаға мадақ айтумен бастап, өзі туралы мәлімет береді. Ол «Қазақта он екі жыл бала оқытып» жүргенін айта келіп, «Жұмашық ұғлы Мәулекей болар атым, Бұ қиссаны қазақтан көріп алдым» дейді.

Демек, М.Жұмашұлы 1879 жылы басып шығарған нұсқаны Бөкей ордасында жинап, жөндеп редакциялаған.

«Қисса Сейітбатталдың» мәтінін 1879 жылы араб әрпінде жарияланған кітаптан кирилл әрпіне көшірген Т. Әкімова.

Томға ұсынылып отырған мәтін 1879 жылғы кітаптан еш өзгертусіз дайындалып, кирилл әрпінде алғаш жарияланып отыр.

Әзібаева.Б.

ҚИССА НАУШАРУАН

Мәулекей жариялаған бұл қисса алғаш рет 1888 жылы Қазан қаласында басылған. Атауы «Наушаруан» болғанымен, мұндағы оқиға желісі Наушаруанның өзіне емес, оның қызына қатысты өрбиді. Жырлаушы Омар халифа тұсындағы арабтардың Иранды жаулап алғандығы жайлы баяндағанымен, дастан ішіндегі кейіпкерлердің кейбірі сол кезеңге жанаспайды. Мысалы, Хосрау Анушируанның [мәтінде—Наушаруан] патшалық дәуірі—531-579 жылдар. Ал арабтар Иранды 637 жылдан 642 жылдар аралығында жаулай бастады. Ол кездегі Иран патшасы Иездигерд III болатын. Дастан—фольклорлық сюжетке құрылған: патша қызының бойжеткен шағында халықты жинап өзіне жар таңдауы—ана еркі дәуірінде қалыптасып, көптеген халықтардың ертегілері мен эпостарында ұшырасатын мотив.

Дастанның тілі жатық, баяндалу барысында шұбалаңқылық, орынсыз қолданылған кірме сөздер көп кездеспейді.

Мәулекей бұл қиссаны екінші рет 1889 жылы Қазанда бастырған. Одан кейін ол 1908 және 1913 жылдары Қазанда қайта басылып шығады. Бұл үш нұсқа да ОҒК-ның Қолжазба қорында сақталған. Дастан 1888 жылы және 1902 жылы басылғаны жайлы нақты дерек болғанымен, ол нұсқалар кітапхана қорында жоқ. Сондықтан біз 1889, 1908, 1913 жылғы басылымдармен жұмыс істедік.

Бұдан бөлек ОҒК-ның Қолжазба қорында Қоңқабай ақын жырлаған «Қисса Нушраун» деген нұсқа бар. Жазып алып, қорға 1946 жылы өткізген Ысқақ деген кісі. Ысқақ өз анықтамасында мәтінді Қоңқабай ақыннан 1909 жылдары жазып алғанын айтады. Қоңқабай нұсқасы:

Ғаділ Омар мінеді қаһарына,
Асхабтың ойыса берді баһарына.

Пайғамбар айтып кеткен сөзі бар-ды,

Аттаныңыз Наушаруан шаһарына,—деп, бірден оқиғадан басталады. Екі нұсқаны салыстырғанда, арасында айтарлықтай айырмашылықтар көзге түспеді, Қоңқабай ақынның нұсқасы Мәулекей нұсқасымен бірдей екендігі анықталды. Демек, бұл мәтін М.Жұмашұлы бастырған нұсқаның көшірмесі.

Томда жарияланып отырған мәтін 1913 жылғы басылымнан дайындалды.

ЖУҢҮДТІҢ БАЛАСЫ ПАЙҒАМБАРҒА

ҒАШЫҚ БОЛҒАНЫ

Дастан Қазан қаласындағы М.А.Чиркова балаларының ба-спаханасында Шәмсидин Хұсайыновтың бастыруымен 1896 жылы және оның балаларының жариялауымен 1908, 1913, 1914 жылдары жарық көрген. Басылымдардың барлығын өзара салыстыру барысында алғаш жарық көрген мәтінге еш өзгеріс енгізілмегені анықталды. Яғни, аталған жарияланымдардың барлығы 1896 жылғы кітаптың қайталанған басылымдары.

Шығарманы жинап, жөндеп, жариялаған ақын—Мәулекей Жұмашұлы. Мұхаммед пайғамбардың есімі яһудилердің

(жүһүдтердің) қасиетті кітабы Тауратта кездеседі деген аңыз дастанға арқау болған.

Дастан Мұхаммед пайғамбардың шапағатына бөлену үшін тек сыртынан есімін естудің өзі жеткілікті екенін яһуди баласының ғашықтығы арқылы көрсетеді. Бұл Мұхаммед пайғамбардың құдіреттілігін уағыздау іспеттес болып табылады. Шығарманың мазмұнын қысқаша төмендегідей: яһудидің баласы әкесі оқып отырған кітаптан Пайғамбардың атын естіп ғашық болады. Мұхаммедтің соңынан іздеп бармақшы болғанына әкесі қанша бөгет жасағанымен, бала үйінен безіп, құла түзді кезіп кетеді. Жол бойында Меккеге бара жатқан керуенге жолығып, соларға еріп Пайғамбардың еліне барады. Онда Мұхаммедтің үш күн бұрын дүниеден өткенін естіп, құсадан өзі де қайтыс болады.

«Жүһүдтің баласы пайғамбарға ғашық болғаны» мәтінін 1913 жылы араб әрпінде жарияланған кітаптан кирилл әрпіне көшірген Қ. Алпысбаева.

Бұл мәтін 1913 жылы Қазанда басылған кітаптан еш өзгертусіз дайындалды.

Әбжет Б.

ҚИССА КӨДЕК БАЛАНЫҢ ХИКАЯТЫ

Яһудидің баласының Мұхаммед пайғамбарға ғашық болуы туралы аңыздың ізімен жырланған тағы бір дастан—«Қисса Көдек баланың хикаяты». Дастанды жөндеп, редакциялап жариялаған ақын Жүсіпбек Шайхысламұлы. Дастан 1898, 1901, 1908, 1914 жылдары Қазан қаласындағы Университет баспаханасында және 1912 жылы Ш.Хұсайынов балаларының жариялауымен Б.Л.Домбровский баспаханасында жарық көрген.

Ж. Шайхысламұлы жариялаған дастан Мәулекейдің нұсқасын сюжеті жағынан түгелдей қайталағанымен, ақын өз тарапынан бір эпизод енгізген: әкесінің сөзін тыңдамаған бала қамауға алынады, кейін ол Алла Тағала жіберген Жәбірейілдің көмегімен қамаудан босайды. Сонымен бірге Ж.Шайхысламұлы нұсқасында бала Таураттан Мұхаммедтің атын естіп ерекше қызығушылық танытқан соң, әкесі бірнеше рет Пайғамбардың есімін өшіріп қоятын және өшірген күннің ертеңіне Мұхаммедтің аты алтын әріптермен қайта қалпына

келіп отыратын эпизод түсіп қалған. Осындай бірен-саран айырмашылықтар болмаса, екі дастанда да сюжеттің дамуы біркелкі өрбіген. Әрине, белгілі ақын Ж.Шайхысламұлы редакциялап жариялаған нұсқа тілдік, көркемдік тәсілдердің өрнектелуі жағынан өзіндік тұрғыдан ерекшеленеді. Дастан 11 буынды қара өлең ұйқасымен жазылған.

«Жүһүдтің баласының пайғамбарға ғашық болуы», «Көдек баланың хикаяты» сынды дастандардың сюжетіне жазылған шығарма кітаби ақын Шәді Жәңгірұлында да кездеседі.

Томға ұсынылып отырған мәтін 1914 жылы Қазанда басылған кітап бойынша еш өзгертусіз беріліп отыр.

*Жұмәділова М.,
Әзібаева Б.*

ҚИССА ГҮЛЖӘМИЛА ҚЫЗДЫҢ ХИКАЯСЫ

Дастанды алғаш рет Жұмашұлы Мәулекей 1896 жылы Қазанда бастырған. Сол мәтінді Жүсіпбек Шайхысламұлы «Қисса фершіл қыз һәм хикая Гүлжәмила» деп, яғни тақырыбын сәл өзгертіп 1903 жылы өз атынан жариялайды. Екі басылымды салыстырып қарағанымызда, Жүсіпбек Шайхысламұлы өз атынан жариялаған мәтіннің Жұмашұлы Мәулекейдің нұсқасынан айтарлықтай айырмашылығы жоқ екені анықталды. Жүсіпбек Шайхысламұлы тек кейбір өлең ұйқастарын өзгерткен және кітап соңында келтірілген Мәулекейдің өмірбаянын алып тастап, оның орнына өзінің «Қисса Жүсіпбек қожаның қанағатсыздарға шарият қылып жазған назым хикаясы» атты өлеңін кіргізген.

Дастанның көлемі шағын, сюжеті қызық, діни аңыздар негізінде жырланған. Мұнда екі бірдей тақуа, таза, дінге адал екі жастың қосылғандығы баяндалады. Алайда екі жастың бір-біріне деген сүйіспеншілігі, махаббаты сөз болмайды.

Діни аңыздардың, әсіресе сопылықты дәріптейтін әңгімелердің қазақ арасында кең тарағандығы мәлім. Соның бірі—Сәбит әл-Банани атты тақуа туралы айтылатын аңыз: «Сәбит әр күні кеште Құдайға жалбарынып күніне үш жүз рақағат намаз оқитын болған. Бір күні көзінің нашарлап кеткендігі жайында жақын бір жердегі емшіге арыз айтады. Сонда емші: «Егер бір нәрседен тиылсаңыз, көзіңіз орнына келеді»,—деп кеңес береді. Сәбит:

«Ол не?»—деп сұрайды. Емші: «Егер түнімен жылауыңызды қойсаңыз»,—дейді. Сонда Сәбит: «Егер жыламайтын болса, онда көздің не керегі бар?»—деп жауап береді. Мүбәрак ибн Фазалидің айтуы бойынша, Сәбит көбіне түнде Құдайға жалбарынып, күндіз ораза ұстауды әдетке айналдырған. «Кешке қарай Құдайға жалбарынуудан артық ләззатты бұл дүниеден кездестірмедім» дейді екен сопы.¹ Осы секілді діни аңыздар шығармаға арқау болған. Дастанда мұнан да бөлек сопылық [мысалы, «шам мен көбелек», «шам мен нан»] мотивтер кездеседі.

Томға ұсынылып отырған мәтін 1896 жылы Мәулекей Жұмашұлы бастырған нұсқадан еш өзгертусіз дайындалды.

ДИУАНА ШЕЙХ БҰРҚЫ

Дастан алғашқыда 1879 жылы Мәулекей бастырған «Қисса Сейітбаттал» дастанымен бірге жарық көреді. Екінші рет 1888 жылы еш өзгеріссіз, сол қалпында тағы басылып шығады.

Шығармаға Аллаға шын берілген диуана Бұрқының Құдайға қырық күн жасаған құлшылығы мен Алланың берген сыйынан бас тартуы, бұл дүниенің қызығынан баз кешуі өзек болған.

Мұндағы Аллаға қырық күн мінежат ету мотиві сопылық ұғымға сай келеді. Ондай сарындар Қожа Ахмет Иассауидің «Диуани Хикметінде» де кездеседі. Басқаша айтқанда «Диуана шейх Бұрқы» дастаны сопылық сарында, сопылық қағидаларды уағыздайтын шығарма.

Шығарманың көлемі өте шағын, ұйқасы жақсы, қазақтың он бір буынды қара өлеңі негізінде жырланған.

Мәтін ОҒК-ның Қолжазба қорында сақталған, 1879 жылы Қазанда басылған кітаптан еш өзгеріссіз дайындалды.

ҚОЖА БАҒАУИДИН ХАЗІРЕТІНІҢ ҚИССАСЫ

Дастан кейіпкері Баһауидин тарихта болған кісі. Толық аты—Нақышбанди Баһауидин бин Бурханад-дин Мұхаммадәл-Бұхари. Ол 1318 жылы туылып, 1389 жылы қайтыс болған. Нақышбанди Касри Хиндуван аулында төжік қолөнершісінің отбасында

¹ Сәбит әл-Банани хижраның 123 жылында Иракта қайтыс болған: Дехода сөздігі. «Даншигаһ-е Тегран» баспасы.—Тегеран, 1995.—360-б.

дүниеге келген. Оның әкесі тоқымашы әрі нақыштаушы зергер болған. Баһауидин әкесінің кәсібін жалғастырады. Нақышбанди атауы әкесінің, өзінің кәсібіне байланысты шыққан. Шығарма мазмұнында Баһауидиннің осы кәсібі арқау етілген:

Мұхаммед—қойған аты әуеліде,
Бек ұста деп айтады бір қолы да.
Өзінің өнерімен безек салып,
Бір бөрік тіккен екен жеті жылда.

Баһауидин жеті жылда тоқыған бөрігін Алладан келген періштеге алты тозаққа айырбастап, бүкіл адамзатты тозақ отынан сақтап алғысы келеді. Көлемі шағын шығарманың бар мазмұны осы. Демек, жырлаушысы Шәкіржан әл-Хамиди Баһауидинге байланысты айтылатын аңыздардың бірін өлеңге айналдырған.

Дастан 1902 жылы Қазанда араб әрпінде жарық көрген. ОҒК-ның Қолжазба қорында жалғыз нұсқасы ғана сақталған. Оның қайта басылғандығы жайлы деректер біздің қолымызға түспей отыр, халық арасында тараған нұсқалары жайлы да деректер беймәлім.

Томға ұсынылып отырған мәтін 1902 жылғы басылымнан еш өзгертусіз дайындалды.

Әбжет Б.

ҚИССА ХАЗІРЕТ ӘЛИДІҢ САРАҢБАЙДЫ ЖОЛҒА САЛҒАНЫ

Дастанды жариялаған ақын Жүсіпбек Шайхысламұлы. «Қисса хазірет Әли разы Алла анһудың шаһ Барбарға құл болып сатылғаны» атты дастанмен бір кітаптың көлемінде жарық көріп, кейінгі жарияланымдарда да осы қалпын сақтаған.

Қиссаның мазмұнында дүние-мүлікке алданып, малына зекет, басынан қайыр бермей сараңдыққа душар болған бір байды Әлидің ауыр сынақ жүргізу арқылы шариғатқа келтірген оқиғасы баяндалады.

Дастан ислам әлеміне әйгілі Әлидің батырлығын, тапқырлығын, әділдігін дәріптейтін шығармалардың бірі. Әли өз заманында дінге кірмеген, шариғатты тұтпаған адамдарды күшпен, я

болмаса, ақыл-айласының арқасында иманға келтіріп отырғаны діни дастандардан белгілі. Шариғат бойынша, дәулетті адам малынан, дүние-мүліктен зекет беріп қоғамдағы әлеуметтік тепе-теңдікті сақтау қажет. Әр мұсылманның түсінігінде Алла Тағала берген мол несібені көппен бөлісу керектігі баршаға аян.

Мәтін 1913 жылы Қазан қаласында шыққан кітаптан еш өзгертусіз дайындалды.

ҚИСАА ХАЗІРЕТ ӘЛИ РАЗЫ АЛЛА АНЪУДЫҢ ШАҒ БАРБАРҒА ҚҰЛ БОЛЫП САТЫЛҒАНЫ

Дастан Қазан қаласындағы М.А.Чиркова балаларының баспаханасында 1896, 1901, 1907, 1916 жылдары және 1913 жылы Университет баспаханасында жарық көрген. Бұл жарияланымдардың барлығы ОҒК-ның Қолжазба қорында сақтаулы. Басылымдарды өзара салыстыру барысында бұл мәтіндердің барлығы 1896 жылғы кітаптың қайталанған басылымдары екені анықталды. Дастанды жариялаған ақын Жүсіпбек Шайхысламұлы.

Дастанда хазірет Әлидің мұсылман жұртына аңыз болып тараған түрлі қасиеттері—жомарттығы мен мейірімділігі сипатталады. Жұртқа жүз тіллә қарыз болған мүсәпірдің қарызын өтеу үшін Әли шағ Барбарға құл болып сатылады.

Дастанда Әлидің батырлық тұлғасын ерекше сомдау мақсатымен әр қилы көркемдеу тәсілдері пайдаланылады. Мысалы, Әлидің орасан зор дауысы жер-жаһанды дүрліктіреді деп, ал оның атақты қылышы жердің бетіндегіні қақ жармақ түгіл жерді ұстап тұрған көк өгізге дейін жетеді деп асыра мақталады.

Мәтін Қазан қаласында 1913 жылы шыққан кітаптан еш өзгертусіз дайындалды.

ХАЗІРЕТ ӘЛИДІҢ ЖАНӘДІЛ ШАҒАРЫНДА ТӨБЕЛЕСКЕНІ

Дастан Қазан қаласындағы М.А.Чиркова балаларының баспаханасында Ш.Каримовтардың қаражатымен 1899 жылы жарық көрген. ОҒК-ның Қолжазба қорында қиссаның өзге нұсқалары немесе қайталанып басылған көшірмелері кездеспеді. Дастанды жариялаған Кашафидин бин Шаһмардан.

Дастан ислам дінінің көрнекті қайраткері, халық аузында есімі аңызға айналған хазірет Әлидің ерлігін суреттеуге бағытталған діни аңыздардың негізінде жырланған. Шығарманың мазмұны өте қызықты: Жанәділ шаһарының падишасы Әлидің басын алуға Қабыл атты палуанды жібереді. Оған жолшыбай Ахтам деген сахаба жолығып, Әлидің орнына өз басын құрбан етеді. Кейін Әлидің Жанәділ шаһарына келіп Қабылдан кек алуы, осы жерде көрсеткен түрлі өнері ертегі, жырларда кездесетін эпизодтармен сарындас келеді.

Дастан 11 буынды қара өлең үлгісінде жырланған.

Томға ұсынылып отырған мәтін 1899 жылы Қазанда жарық көрген кітаптан еш түзетусіз дайындалды.

Жұмәділова М.

ҚИССА ХАЗІРЕТІ ОСПАН РАЗЫ АЛЛА АНЪУДЫҢ ҚОНАҚҚА ШАҚЫРҒАНЫ

Дастан алғаш рет 1901 жылы Қазанда басылған. Кейін 1912, 1914 жылдары қайта жарыққа шыққан. Бастырған Жүсіпбек Шайхысламұлы. Көлемі шағын бұл қисса белгілі бір тарихи оқиғаға немесе фольклорлық сюжетке құрылған деу қиын. Мұхаммед пайғамбардың хадистерінде сахабалардың Алланың елшісін қонаққа шақырғаны туралы айтылады. Жырлаушы хадистерге сүйене отырып, өз қиялынан толықтырып жырлағаны көрініп тұр. Мысалы, дастанда былай делінеді:

Дүниенің көзі жетті тұрмасына,
Қарашы Арыстанның мырзасына.
Дүлдүлді сояйын деп тысқа шықса,
Фатима намаз оқып тұр екен құжырасында.

Шындығында арабтардың жылқы етін жемейтіні, қонағына жылқы соймайтындығы белгілі. Жырлаушы бұл жағын есепке алмастан, Әлидің мырзалығын көрсету үшін ол астындағы жалғыз атын соймақ болды деп қазақи түсінікке жақындатады. Жалпы қиссаның негізгі идеясы—қолы ашық, жаны жомарт адамның ісі әрқашан да оңға басады, жаны жаннатқа барады, Құдайға шын беріліп құлшылық еткен жанды Жаратушы да жарылқайды де-

ген қағиданы уағыздау. Жырдың соңында «дұғасы Фатиманың қабыл болып, тағамы сегіз ұрмақ көшкен екен» делінеді.

Жырлаушының тілі жатық, сөздері ұғынықты, әрі араб-парсы сөздерін орынсыз көп қолдана бермеген, бас-аяғы шағын дүние.

Дастанның ОҒК-ның Қолжазба қорында Нысанбайұлы Нұралыақын жырлаған «Молда Оспан» деген нұсқасы сақтаулы. Оны 1948 жылы Амантаев Қысыраубек жазып алып, қорға өткізген. Қолжазбаның көлемі 10 бет. Нұралы бір сөзінде бұл қиссаны 67 жасында жырладым дейді. Салыстыру нәтижесінде екі мәтіннің сюжеті өте жақын екендігі, Нұралы ақынның нұсқасы Жүсіпбек Шайхысламұлы бастырған дастанның ізімен жырланғаны анықталды. Сонымен қатар айырмашылықтары да жоқ емес. Мысалы, Нұралы ақын жырдың басында алдымен өзін таныстырады, неше жасында жырлағандығын баяндайды, сосын барып негізгі жырға көшеді және мұнда «Сәдуақас» дастанының біраз жолдары қосылып кеткен. Қолжазбаның жазуы қиын, көп жерлері түсініксіз.

Томға ұсынылып отырған мәтін ОҒК-ның Қолжазба қорында сақталған, 1914 жылы Қазанда жарық көрген нұсқа бойынша дайындалды.

*Жұмәділова М.,
Әзібаева Б.*

ҚИССА СӘДУАҚАС

Шығарманың бас кейіпкері Сәдуақас—діни дастандардың бірқатарында аты аталатын тарихи тұлға, Мұхаммед пайғамбардың ең жақын сахабаларының бірі. Халифаларды тағайындайтын алты адамдық кеңестің мүшесі. Өмірінің соңғы кезіне дейін Куфаның әкімі болған. Хижраның 55 жылы Мәдине қаласында дүние салған. Діни аңыздарда жұмаққа сұрақсыз тікелей кірген деп айтылады. Ол өте бай кісі болған екен. Сәдуақас жайлы ұлы Абай да өзінің 38-қара сөзінде былай деп келтіріп өтеді: «Бірақ әулиелердің де бәрі бірдей төркі дүние емес еді, ғашәрән-мүбәшәрәуан қазірет Ғосман, Ғабдурахман бин Ғауф уа Сағид бин Әбудқас үшеуі де үлкен байлар еді. Бұл төркі дүниелік: я дүние ләззатына алданып ижтаһадым шала қалады деп, бойына сенбегендік! Я хирс дүниеліктен қауымның көңілін суытпақ

үшін, ренжуге сабыр етіп, өзін фида қылып, мен жаныммен ұрыс қылғанда, халық ең болмаса нәпсісімен ұрыс қылып, һәуа һәуастан әрбір арзу нәпсіден суынып, ғадаләт, мархамат, махаббатына бір қарар болар ма екен деген үмітпенен болса керек. Олай болғанда о да жұртқа қылған артық махаббаттан хисап».¹

Дастанның күллі кейіпкері тарихтан есімдері белгілі діни тұлға болғанымен, Алла Тағала мен Жәбірейіл оқиғаға тікелей қатысқанымен, шығарманың сюжеті хикаялық дастандар жанрына жататын «Қасым Жомарт», «Хатымтай Жомарт» дастандарына өте жақын келеді. Атымтай Жомарт қонағы келгенде астындағы жалғыз тұлпар атын сойып тастаса, Сәдуақас қонағының көңілін қимай жалғыз баласын құрбан етуге дайын. Әрине, баяндалып отырған оқиғаның қаншалықты шындыққа жанасатыны бізге беймәлім. Сонымен бірге Алла Тағаланың араласуының арқасында баланың аман (тірі) қалуы Ыбраһымның баласы Ысмайылды құрбандыққа шалуға дайын болғанын, бірақ Алла Тағала олардың сыннан өткендерін ескеріп, құрбандыққа шалу үшін аспаннан көк қошқар түсіргенін еске түсіреді.

Жырдың тілі жеңіл, шұбалаңқылыққа бой алдырмаған. Кірме сөздер де көп емес. Буын жолдары да біркелкі келіп отырады.

Шығарма алғаш рет 1880 жылы Қазан қаласында басылған. Ел арасына тараған нұсқалары мен Қазаннан қайта басылғандығы туралы деректер әлі кездеспей отыр.

Кітапқа енгізілген бұл мәтін ОҒК-ның Қолжазба қорында сақталған 1880 жылғы нұсқасы бойынша еш өзгертусіз дайындалды.

*Әбжет Б.,
Әзібаева Б.*

ҚИССА ТАМИМДЕР

Қисса алғаш рет 1866 жылы Қазанда жарияланған. Одан соң 1882, 1896, 1908, 1913, 1914 жылдары қайта басылды. Дастанды жинап, өңдеп бастырған—Мәулекей Жұмашұлы.

Ислам тарихында бұл оқиға хазіреті Омар халифа кезінде өткен деп айтылады. Тамим—Мұхаммед пайғамбар тұсында және одан кейін де өмір сүрген сахаба. Тамим Тажал мен Жа-

¹ Абай. Алматы: “Жазушы” – 1995. – 200-201 б.

сусты көріпті деген аңыз мұсылман елдері арасында кең тарап, біраз әдеби және фольклорлық шығармаларға негіз болған. Дастанның сюжеті туралы шығыстанушы ғалым И.Ю.Крачковский былайша түсінік береді: «Впоследствии она была перенесена в эпоху после смерти Мухаммеда и приобрела другую форму, в которой уже нет речи о реальном путешествии по морю. Тамима ночью из собственного дома в Медине похищают джинны, он пролетает через разные неведомые страны, заселенные фантастическими существами, так что встреча с Даджалом и Джассасой оказывается только одним из многочисленных эпизодов».

«Қисса Тамимдерде» бірнеше ертегілік мотив, сюжеттер кезтеседі: Тамимнің перілер мекеніне сапар шегуі; оны әлдеқашан өлді деп есептеп жүргенде танымастай өзгеріске түсіп, қайта өз үйіне оралып, әйеліне қосылуы; Тамимнің су жағасына барғанда оны перінің арбап алып кетуі; аспан әлемінде мұсылман перілері мен көпір перілердің соғысуы т.б.

Жырлаушының сөздері жеңіл, тілі шұрайлы, оқырманды жалықтырмайды. Дастан бастан-аяқ тосын, шытырман оқиғаларға ұласып отырады.

«Қисса Тамимдердің» мәтінін 1913 жылғы араб әрпінде жарияланған кітаптан кирилл әрпіне көшірген Қ. Алпысбаева. Томға ұсынылып отырған мәтін ОҒК-ның Қолжазба қорында сақталған 1913 жылғы кітап бойынша еш өзгертусіз дайындалды.

Әбжет Б.

ҚИССА ҮХҮД

«Үхүд» дастаны 1897 жылы Қазан қаласындағы Чирков баспаханасында Шәріпжан Каримовтың қаражатымен жарық көрді. Жариялаған—молда Кашафидин бин Шаһмардан.

Дастанның сюжеті мұсылмандар тарихында болған шыннайы оқиғаға құрылған. Хижраның 2-жылы Бәдірде Мұхаммед пайғамбар Меккеден шыққан керуенді тоқтатып, оларға соғыс ашады. Себебі, ол керуенді бастаушы мұсылмандарға қарсы топтың жетекшісі саудагер Әбу Суфиан еді. Ал соғыстың Бәдірде болу себебі—ол Мәдине қаласы мен негізгі керуен жолының тоғысқан жерінде орналасқан. Мұсылмандар меккеліктерді осы жолы жеңгеннен кейін, келесі жылы мүшіріктер кек алу үшін

және өздерінің керуендері жүретін жолды кедергілерден тазарту ниетімен Үхүд тауына орналасып, мәдинеліктердің егіндіктерін тонап соғысуға мәжбүр етеді.

Соғыста мәдинеліктер үстем болғанымен, кейін құрайыш Халид оларға тойтарыс береді. Мәдине қаласына жеткенде құрайыштар ішке кіруге бата алмағандықтан, олардың осы соғыста жеңгені, болмаса жеңілгені анық емес.

Ал мұсылмандар жеңімпаз ретінде сипатталғанымен, соңында олардың жеңіске жеткені сөз болмайды. Тарихи деректерге қарағанда, мүшіріктер оларды Мәдинеге дейін қуып келген. Жырлаушы мұсылмандарды үстем етіп көрсеткенімен, оқиға барысын бұрмаламай, сол қалпында баяндаған.

Дастанның көркемдік стиліне келетін болсақ, ақын он буынды өлең шумағының бір жолында он екі, келесісін он төрт буынды етіп жырлаған тұстары ішінара кездеседі. Осының салдарынан кейде өлең ырғағы мен интонациясы қиындап, оқуға кедергі тудырады. Нақты тарихи шындыққа негізделген шығармада жырлаушы тарапынан қосылған эпизод, мотив әсірелеу де жоқ емес. Олар Әлидің батырлығын, әсіресе оның жауларын аспанға атуын суреттейтін, пайғамбардың өткір қылышын баяндайтын эпизодтарда кездеседі.

Томға ұсынылған мәтін 1897 жылы Қазан қаласында жарық көрген кітаптан дайындалды.

ҚИССА БӘДІР

«Қисса Бәдір» алғаш рет Кашафидин бин Шаһмарданның жіберуімен 1897 жылы Қазан қаласындағы Чиркова баспаханасында араб әрпінде басылып шыққан.

Сюжеті хижраның алғашқы жылдарындағы мұсылмандар мен пұтқа табынушылар арасында болған қақтығыстарға құрылған. Мұндағы соғыс негізінен Бәдір аймағында өтеді. Бұл оқиғаның Мәдине қаласының маңында болғаны тарихтан белгілі. Ислам тарихында—«Бәдір шайқасы» деген атпен қалған осы шайқас Құран Кәрімнің «Әнфәл» сүресінде баяндалған. Бұл қақтығыс хижра жыл санағының 2-жылында рамазан айының 17-жұлдызында мұсылмандар мен құрайыш тайпасынан шыққан пұтқа табынушылар арасында болған. Бәдір шайқасы мұсылмандардың жеңісімен аяқталған еді.

Жырлаушы ислам тарихынан белгілі оқиғаны жырға айналдырған. Баяндау барысында тарихи оқиғалар мен дата-лардан аса көп ауытқымаған. Оқиға қалай болса, сол қалпында жырлауға тырысқан.

Жырды жариялаушы Кашафидин бин Шаһмардан мәтіннің аяқ жағына өзінің өмірбаяны мен дүниенің жаратылысы жайлы пәлсафалық тұжырымдарын да келтіре кеткен. Мәтінде араб, парсы, татар сөздері жиі ұшырасады.

Мәтін 1897 жылғы басылымнан еш өзгертусіз дайындалды.

*Жұмәділова М.,
Әзібаева Б.*

ҚИССА ЗЕЙНЕП ПЕН ЗАИДТЫҢ УАҚИҒАСЫ

Дастан 1910 жылы Қазанда жарық көрген. Өңдеп, бастырған—Иазид Қонайұлы. Шығармада өмірде нақты болған, ислам тарихында айтылатын, біраз дау туғызған оқиға баяндалады.

Мұхаммед пайғамбар хижраның 3-4-жылдары өзінің нағашы қарындасы Зейнепті құлдықтан азат етіп, асырап алған өгей баласы Заидке қосады. Зейнеп Заидті «құл» деп менсінбейді де, екеуінің арасындағы келіспеушілік үлкен дауға айналады. Жырлаушы «Ахзаб» сүресінде айтқан Құдай» деп, Құран Кәрімге сүйенеді. Аталған сүренің 36,37 аяттарында: «Мұхаммед (с.ә.) сол уақытта өзіне Алла да бақ берген, сен де бақ берген Зейітке: «Жұбайыңды ажыратпа, Алладан қорық!»—деуде едің; Алланың жариялайтын нәрсесін көңіліңде жасыруда едің. Адамдардан қорқасың. Негізінде қорқуға Алла лайық. Сонда одан Зейіттің жұмысы біткен (ажыраған) кезде оны саған некелендірдік; мүміндерге асырандылардан босаған әйелдерді алуда бір кінә болмауы үшін Алланың әмірі орындалады»,—делінген.

Яғни, Мұхаммед пайғамбар Заид Зейнепті талақ еткен соң, оны әйелдікке өзі алады. Бұл жәйт мұнафиқтар арасында өсекке айналады. Дастан осы сюжетке құрылған. Жырлаушы Құран Кәрімнен аяттар келтіре отырып, мұнафиқтарды кінәлайды. Жырдың сюжеті қызық, көлемі шағын, тілі жатық. Жырлаушы тарихта болған оқиғаны баяндай отырып, мәтінге уағыз, өсиеттерді жиі енгізіп отырған.

Бұл дастанның 1910 жылғы нұсқасынан бөлек халыққа тараған немесе қайта жарияланған нұсқалары туралы дерек әзірше кездеспей отыр.

Томға ұсынылып отырған мәтін ОҒК-ның Қолжазба қорында сақталған 1910 жылғы кітап бойынша еш өзгертусіз дайындалды.

Әбжет Б.

ҚИССА МӘЛІКАЖДАР

Исламға дейінгі дәуірде арабтардың басым көпшілігі пұтқа табынғаны, біразы басқа дінде болғаны белгілі. Сондықтан Мұхаммед пайғамбар Алла Тағаладан уахи [бұйрық, хабар, белгі] түскеннен соң жалғыз құдайды мойындайтын ислам дінін насихаттай бастағанда, оған қосылмаған, қарсы шыққан, ашық соғысқа барғандар аз болмаған. Сондай қақтығыстардың бірі шығарманың тарихи негізін құрайды. Бірақ фольклорлық үлгіде, көркем баяндалған бұл оқиғаның өмірде нақты болған-болмағанын кесіп айту қиын.

Шығарманың мазмұны қысқаша айтқанда, төмендегідей: қаласы Меккеден сегіз күндік жерде орналасқан Қарис патшаның үш ұлы болады, ең кенжесі—сегіз жасар Мәлік-аждар. Патшаның екі үлкен баласы жолға шығып, өтіп жатқан керуендерді тонайды. Олардан қорыққаннан «Керуені Мәдиненің жүрмей қалды» делінеді. Бұл жағдайдан хабардар болған хазірет Әли қаһарына мініп, Қарис патшаның елін шауып, патшаның керуен тонаған екі баласын мерт етеді. Бір күндері Әлидің екі баласы—Хасан мен Хұсайын аңға шығады. Ағаларының кегін алу үшін жолға шыққан Мәлікаждар оларды тұтқынға алады. Мұны білген Әли екінші мәрте Қарис патшаның еліне барып балаларын босатады да бүкіл пұтқа табынушыларды мұсылманға айналдырады.

Дастанның бас кейіпкері—Әли. Ол ұзақ сапарға бірінші рет Мәдинеден шыққан керуендерді қорғау мақсатымен шықса, екінші рет балаларын тұтқыннан босату үшін шығады. Демек, мұнда хазірет Әли тек дін уағыздаушысы, найзаның ұшымен ислам дінін орнатушы, қоғам қайраткері ғана емес, ол балаларын жанындай жақсы көретін, олар үшін өзін құрбан етуге дайын мейірімді әке бейнесінде көрінеді. Оның образы батырлық эпостың кейіпкері

іспеттес сомдалған: оның жан серігі, сегіз күндік жолды бір күнде алатын, қиын жағдайда жәрдем беретін, айтқанды түсінетін тұлпары—Дүлдүлі бар, тау-тасты қақ жаратын, «дұшпанды шапқанда өзі ұратын» қылышы бар, Әлидің дауысы жер-жаһанды дүрліктіреді, дауысын естіген дұшпандары есінен танады т.б.

Ал Әлидің қарсыласы Қарис патшаның кенжесі, эпикалық батырлар секілді сегіз жасар Мәлікаждар, ол Әлидің өзіне парасар келетін нағыз батыр. Ол Әлиден жеңілгенде былай дейді:

—Жығылдым сенен, Әли, нағып жүріп,
Күшіңе қайран қалдым көзім көріп.
Көрсетші кереметті осы жерде,
Болайын хақ мұсылман дінге кіріп.

Мәлікаждардың өтініші Алла Тағаланың көмегімен орындалады да Мәлікаждар ислам дініне кіреді, ал кірген соң дінге адалдығын, берілгендігін көрсетеді—мұсылман болғысы келмеген әкесін еш күмәнсіз өлтіреді т.б.

Шығармада біраз ертегілік мотивтер кездеседі, мысалы, Хасан мен Хұсайынды қорғаған жылан, бес жүз жыл бұрын жаратылған құстың сайрауы т.б.

Атап өтетін нәрсе—мұнда Алла Тағала мен Жәбірейіл періште дастан кейіпкері іспеттес көрініс тапқан, олар кез келген қиын жағдайда Әли батырға, оның балаларына, басқа да мұсылмандарға жәрдем береді.

Жыршы дастанды «аузубилладан» бастап, «Тіліме медет бергіл, қадір Алла» деп сұрап, Алланың бірлігін, барлығын, құдіреттілігін, мейірімділігін дәріптеп, имандылықты уағыздайды.

Мәтіннің соңғы жолдарында айтылғандай, дастанды «Шығарған өлең қылып Сыздық ақын», ал көшіріп, кітап етіп жариялаған Ахмет Яушев.

«Қисса Мәлікаждардың» мәтінімен бірге 82 жолдық «Биырзаның өлеңі біраз ғана» деген атаумен имансыз, надансыз бір адамның өлгеннен кейінгі жағдайын баяндайтын шағын өлең қосыла басылған. Ол өлең жарияланбады.

Томға ұсынылып отырған мәтін 1915 жылғы кітаптан дайындалды.

Әзібаева Б.

МӘТІНДЕРДЕ КЕЗДЕСЕТІН ТАРИХИ ЖӘНЕ ДІНИ ЕСІМДЕР

Алла (Аллаһ) — ислам дінінде бүкіл ғарышты, тіршілік дүниесін және қиямет қайымды жаратушы, баршаға бірдей, жалғыз және құдіреті күшті Құдай есімі.

Құран Кәрімде айтылғандай: «Ол Алла біреу-ақ, Алла мұңсыз (әр нәрсе Оған мұқтаж). Ол тумады да, туылмады. Әрі Оған ешкім тең емес»^{*}.

Мұсылмандардың түсінігі бойынша, Алла Тағала әлемді, жерді, өсімдіктерді, жануарларды және адамды жаратты. Ол адамдардың тағдыры—жазмышты белгілейді. Қияметте Алла барлық өлгендерді тірілтеді де, пәнидегі істерін таразылап, біреулерін—жұмаққа, енді біреулерін—тозаққа жібереді. Адамдарды дұрыс жолға түсіру үшін Алла Тағала оларға мезгіл-мезгіл пайғамбарларды жіберіп тұрған. Мұхаммед (с.ә.с.)^{**}—Алланың адамдарға жіберген соңғы Елшісі; оған Алланың Құраны Жәбірейіл періштенің дәнекерлігімен жиырма үш жылда толық түсті.

Алланың нақты бейнесі жоқ және ол бейнеленуге тиіс те емес. Намаз оқып, сәждеге бас қою арқылы ғана оған берілгендікті білдіруге болады. Ал табынудың басты орны—Меккедегі Қағба, онда аспаннан Алла жіберді деп есептелетін қасиетті қара тас бар.

Алла Тағаланың құдіреттілігін, әділеттілігін, қайырымдылығын, т.с.с. өзіне ғана тән қасиеттерін оның тоқсан тоғыз есімі көрсетеді. Мысалы: Акбар (ең ұлық), Тағала (ең жоғары), Кәрім (жомарт), Рахман (мейірімді), Рахым (рақымды), Халиқ (жаратушы), Шәріп (қасиетті), Ахад (жалғыз), Самад (мәңгі), Жаппар (құдіретті), Ғафұр (кешірімді) т.б.

^{*} Құран Кәрім. 112-«Ыхлас» сүресі.

^{**} (с.ә.с.)—салла Аллаһу әләйһи уассалам /а/—Алланың оған жақсылығы мен жарылқауы болсын.

Алланың атын зікір ету рәсімі Аллаһу акбар деген мадақ сөзді отыз төрт рет, Өлхамдулилла, Сұбхан Алла сөздерін отыз үш реттен айтып, тәсбих тастарын санамалау арқылы жүзеге асады.

Аббас—Мекке маңында өмір сүрген хашимилер руына жататын әрі Мұхаммед пайғамбардың ағасы болып келетін белгілі тұлғаның есімі. 750-1258 жылдар арасында араб халифатына билік жүргізген өулет Аббастың атымен аталған.

Айуб—Құран Кәрімде аты аталған ежелгі пайғамбарлардың бірі. Інжілдегі Иов. Айуб (ә.с.)* Хаурандағы бай, адамгершілігі мол адам болған. Алла сынайын деп оған шайтанды жібереді. Шайтан жіберген аурудан Айубтың денесіне іріңді жара қаптап кетеді, ол әйелі екеуі адамдардан оқшау тұруға мәжбүр болады. Шайтан жіберген неше түрлі жаңа қырсықтарға қарамай, Айуб Алланың рақымына сенімін жоғалтпайды. Оның көмек сұрап жалбарынғанынан кейін, Жәбірейіл оған «аяғыңмен жерді теп» деп бұйрық береді, ол тепкен жерден бұлақ суы атқылайды да, Айубтың жарасын жазып, шөлін қандырады.

Фольклор мен әдебиетте Айуб сабырлық пен төзімділік, шыдамдылықтың символы ретінде қастерленеді.

Акаша—Мұхаммед пайғамбарымыздың сахабаларының бірінен саналады. Расул Алланың арқасындағы «қасиетті мөрді» алғаш көріп, куәлік еткен адам осы Акаша. Оның есімі көптеген діни аңыздар мен хикая-дастандарда құрметпен аталып, ол фольклор кейіпкеріне айналған.

Әбу Суфиан—бұл есім Құран кәрімде кездесді. Меккенің тұрғылықты саудагері, Мұхаммед пайғамбарға қарсы күрескен адам.

Әбубәкір—Мұхаммед (с.ә.с.) қайтыс болғаннан кейін тағайындалған алғашқы халифа. Ол құрайыш руынан шыққан, Меккедегі ықпалды саудагерлердің бірі еді. Мұхаммед (с.ә.с.) исламға кіруге шақырғанда руластары мен үлкендердің арасынан бірінші болып мұсылман болды.

Әбубәкір—Расул Алланың «төрт шаһариар» аты берілген сенімді серіктерінің бірі. Мұхаммед (с.ә.с.) қайтыс болғаннан кейінгі дүрбелеңге толы қиын кезеңде Әбубәкір араб-

* (ә.с.)—әләйһиссалам /а/—оны Алла жарылқасын деген тілек сөздің қысқартылған түрі. Мұхаммедтен (с.ә.с.) өзге пайғамбарлардың атына жалғаса айтылып жазылады.

мұсылмандардың басын біріктіре білді. Өзі халифатты басқарған жылдары Мұхаммед пайғамбарға (с.ә.с.) түскен Құран аяттарының жинағын құрастырды.

Әзірейіл—діни ұғым бойынша, Аллаға жақын періштелердің бірі, жан алғыш періштенің есімі. Адамды жаратар алдында Алла жердің әр тұсынан саз әкелуге періштелерін жұмсайды. Жер оларға қарсылық көрсетеді. Жәбірейіл де, Мекайыл мен Ысрапыл да жерден бір шөкім саз үзіп ала алмайды. Бұл шаруаны Әзірейіл ғана атқара алған, осы қаталдығы үшін ол жан алғыш бас періште болып тағайындалған. Адамға ажал мезеті жеткен кезде Алла Тағаланың жанында өсіп тұрған ағаштан әлгі адамның есімі жазылған жапырақ үзіліп түседі. Әзірейіл қырық күн мерзім ішінде сол адамның жанын алуға тиіс.

Әли—Оспаннан кейін билік басына келген төртінші әділетті халифа. Хазірет Әли—Мұхаммед пайғамбардың «төрт шаһариар» аты берілген сенімді серіктерінің бірі, немере інісі, әрі оның Фатима атты қызын алған күйеу баласы. Мұсылман елдерінің ауыз әдебиетінде Әли—орасан алып күш иесі. Жаулары Әлидің айғайынан-ақ өліп, талып қалатын болған-мыс. Фольклорлық туындыларда оның зұлпықар, қамқам, самсам деген үш қылышы болғаны айтылады. Әлидің есімі көптеген шығыс шығармаларында, оның ішінде діни дастандарда жиі ұшырасады. Әдетте, хазірет Әли сол дастандардың басты кейіпкері, жеңілмейтін батыр, халықтың қамқоршысы, мұсылмандардың қорғаны, бетке ұстар қаһарманы ретінде көрінеді. Дастандарда Әли өткен замандарда атақты Рүстемнің өзі жеңе алмаған жауларды жеңген деп дәріптелген.

Хазірет Әлидің атына «Шаһимардан», «Қайдар», «Арыслан», «Шері», «Мұртаза» сияқты бірнеше теңеу, эпитеттер тіркесіп отырады. Әлидің астындағы аты Дүлдүл де ауыз әдебиеті үлгілерінде кең тараған ұшқыр, жүйрік, ақылды пырақ-аттың нышанына айналған.

Әли ұрпақтары мен оның жақтаушылары кейін шииттік ағымның көсемдеріне айналды. Олардың ұрпақтары қазіргі Иран, Ирак және Орта Азияның кейбір аймақтарында өмір сүреді.

Білал—эфиоптық тайпаларынан шыққан тұңғыш мұсылмандардың бірі. Ол—Мұхаммед (с.ә.с.) пайғамбар ислам дінін уағыздаған кезде жаңа дінді алғаш қабылдағандардың бірі.

Мұсылман халықтары Біләлді дін жолындағы тақуа және алғаш азан айтушы—муазин ретінде таниды.

Ғазали—әл-Ғазали Әбу Хамид Мұхаммед б. Мұхаммед ат-Туси (1058-1111)—аса ірі теолог, философ және факих. Тус қаласында (Хорсан) туылған.

Дәуіт—Құран кейіпкері, пайғамбар, Сүлеймен пайғамбардың әкесі.

Жәбірейіл—діни ұғым бойынша, Аллаға жақын періштелердің бірі, Алла мен пайғамбарлар арасында жүріп, оларға Алланың аянын айтушы. Ол Алла Тағаланың әмірімен Мұхаммедке (с.ә.с.) келіп Құран аяттарын жеткізген. Жәбірейіл Адам атаға пейіштен қуылғаннан кейін де қамқор болған, Нұхтың құтылуына көмектескен және оның ұлы Ыбраһымды құтқарған. Жүсіпке көп тіл үйреткен, Дәуітті сауыт жасауға баулыған, сонымен қатар Сүлейменге көмектесіп, Зәкарияға Жақияның қашан дүниеге келетінін болжап берген.

Жүніс—пайғамбар, сондай-ақ сахиб әл-хут және зуннун деп аталады, Құранның бір сүресі оның атымен аталған. Аңыздарға қарағанда, Жүністің Ирактың солтүстігіндегі Найнауада бір құдайға сиынушылықты уағыздауы сәтсіз болған көрінеді. Ол өз ісінің қиыншылықтарына шыдай алмай, кемеге жасырын тығылып, қашуды ойлайды. Бірақ кеме орнынан қозғала қоймайды, ол кемеді қашқынның бар екендігінің белгісі еді. Жеребе көрсеткендей, бар кінә Жүністе болғандықтан, оны теңізге тастайды. Суда үлкен балық Жүністі жұтып қояды. Киттің құрсағында аман қалған Жүніс Алла Тағалаға сенімсіздік білдірген кінәсін мойындап жалбарынады да, аман қалады. Жағада қалып, әбден жүдеген Жүністі шөл далада бөкен қоректендіреді. Құранда Жүністің есімі бірден аталмайды, оның алдында сахиб әл-хут, зуннун сияқты суреттеме ескертпелер аталады. Әңгіменің сипаты, яғни әңгіме желісінің қысқаша баяндалуы бұл хикаяның тыңдаушыларға өте танымал екендігін көрсетеді. Бұл жөнінде Құранда берілген ерекше түсініктеме де куә бола алады. Бұл аңыз тікелей Мұхаммедті шыдамдылық танытуға үгіттейтін нақты мысал ретінде пайдаланылады, яғни «құдіреттің шешімін күте тұр, киттің серігі сияқты болып жүрме!» дегенге саяды.

Қазіргі кезде Иракта, Мосул қаласының қасындағы көне Найнауа қалдықтарында орналасқан Жүністің «қасиетті» бейіті кең танымал болып отыр.

Заид—Пайғамбардың асырап алған баласы, әрі оның немере қарындасына үйленген күйеу баласы. Зейнеп пен Заидтың некесі тұрақсыз болып, ақыры екеуі ажырасып кетеді.

Ибн Сина [Әбу Әли Хусейн ибн Абдолла]—Орта Азиялық ғұлама ғалым, энциклопедиялық білімді дәрігер, философ, астроном, жаратылыстанушы, ақын, орта ғасырда араб тілінде қарыштай дамыған медицина ғылымының негізін салушы, шығыстық аристотелизмнің өкілі. Туған жері Бұхара өңірі. Ибн Сина ең негізгі еңбектерін Бұхара мен Үргеніште бітірсе де, шығармалары араб тілінде жазылғандықтан, батыстықтар оны араб ғалымы деп санаған және есімін Авиценна деп транскрипциялаған.

Оның ең күрделі туындысы—«Дәрігерлік ғылымның каноны» («Китаб әл-канун фи-т-тибб»). Бұл көлемі 200 баспа табақ, 5 кітаптан тұратын медициналық энциклопедия. Күллі Шығыс пен Батысқа Ибн Сина осы кітап арқылы бес-алты ғасыр бойы медицина ғылымының дара жетекшісі, дәрігерлердің ұлы ұстазы болды, «медициналық ханзада», «Шейх-ур-райс» деген ұлы есімге ие болады.

Қыдыр баба (Хызыр)—көптеген шығыс халықтарының, сондай-ақ қазақтардың да мифтерінде, фольклорында, діни аңыздарында жиі кездесетін, аты аңызға айналған архаикалық образ.

Оның генезисі, тұлғалық сипаты өте күрделі, әлі толық зерттеліп айқындалмаған. Бір ғалымдар Қыдыр бейнесін көне архаикалық түсінік, көзқарастармен байланыстырып зерттесе, кейбір ғалымдар—тек ислам ықпалымен пайда болған деп түсіндіреді. Қыдыр туралы әрбір халықтың ғасырлар бойы ұстанып келе жатқан түсінігі бар.

Қазақ фольклорында Қыдыр баба [Хызыр]—ел аралап жүрген ақ киімді, ақсақал кейпіндегі әулие, адамға қамқоршы, бақыт, дәулет беруші, әр түрлі қиындықтардан қорғаушы.

Мұса—Құран кейіпкері, пайғамбар, Алла Тағаладан кітап жіберілген төрт пайғамбардың бірі. Інжіл бойынша Моисей.

Аңыз бойынша Мұса (ә.с.)—Алла Тағаламен тілдескен және онымен жүздескен бірінші пайғамбар (Адам атадан соң).

Алғаш рет Алла Тағала Мұса (ә.с.)-ға Мысыр маңында «от» болып көрінеді. Оны перғауынға (фараон—Мысыр патшасының атағы, титулы) өзінің елшісі етіп жіберетінін, перғауын елінде

бір Алланың жолын уағыздауы тиісті екенін білдіреді, көмекші етіп, оның бауыры Харонды қосады...

Алла Мұсаға «Өз халқыңды Мысырдан түн жамылып алып шық» деп бұйырады. Мұса таяқ сермеп қалғанда теңіз қақ жарылып, ашылады. Израилдықтар сол жолмен өтіп шығады. Перғауын мен оның қалың қолы жеткен кезде теңіз тұтасып кетеді де, олар суға батып өледі. Тек күнәсін мойнына алған перғауын ғана кешірім алып аман қалады. Мұса өз халқын бастап, шөл далаға шығады. Сол жерде таяғының құдіретімен он екі бұлақтың көзін ашады. Алла Тағала оның тілегін қабыл алып, адамдарына азық береді.

Мұса Алла Тағаламен екінші рет Синай тауында кездеседі. Алла Тағаламен сөйлескендіктен, Мұса пайғамбарды Мұса Кәлим (Алламен тілдесуші) деп дәріптеген.

Мұхаммед [Мұхаммед ибн Абдулла Әбул Қасым]—ислам дінінің және болашақ араб халифатының негізін салушы, тарихи тұлға. Мұсылмандардың сенімі бойынша, ол—Алла Тағаланың адамдарды тура жолға салу үшін жіберген Елшісі, ең соңғы пайғамбар.

570* жылы Мекке қаласында дүниеге келген. Пайғамбардың әкесі Абдулла Мұхаммед өмірге келместен екі ай бұрын қайтыс болған. Ал анасы Әмина Расул Алла алты жасқа толғанда дүниеден өтеді. Мұхаммед Мұстафа (с.ә.с.) алғашында сүт анасы Халиманың, онан соң атасы Ғабдулмүтәліптің, ол қайтыс болған соң ағасы Әбутәліптің тәрбиесінде болған.

Алла Тағаланың алғашқы бұйрық, жарлықтары [уахи] рамаа зан айында хазірет Мұхаммед Меккеден үш шақырым жердегі Хира үңгірінде ғибадат етіп отырған түні таң алдында түскен. Мұхаммед (с.ә.с.) Алланы, яғни бір Құдайға табынатын дін—исламды 610 жылы 40 жасында уағыздай бастайды.

Мұхаммед (с.ә.с.) ислам дінін жария еткенде арабтардың басымы көпшілігі пұтқа табынатын. Олар ислам дініне қарсылық білдіріп, түрлі қастандық жасады. Сондықтан б.д. 622 жылы Мұхаммед (с.ә.с.) өзінің жақтастарымен бірге Меккеден Мәдине қаласына қоныс аударады. Бұл жыл ислам жыл санауының басы

* Кейбір деректерде Мұхаммед пайғамбардың туған жылы 571 жыл деп көрсетіліп жүр. Зерттеушілер әлі бір пікірге келмегендіктен, біз қалыптасқан пікірді ұстандық.

деп есептеледі. Оның арабша атауы — «хижра», яғни «қоныс аудару» деген сөз.

Мұхаммед Мұстафа (с.ә.с.) бин Абдулла 633 жылы Мәдине қаласында қайтыс болды.

Мұхаммед пайғамбардың «Мұстафа» (таза, нұрлы, сипатты), «Расул» (елші), «Хабибулла» (Алланың сүйіктісі), «Сағидулла» (Алланың көмекшісі) т.б. эпитет есімдері бар.

Нақышбанди—Ходжа-и бузурук және Шахи-и Нақышбанд атымен кең танымал болған Нақышбанд Баһауидин бин Бурхан ад-дин Мұхаммад әл-Бұхари (1318-1389)—XIV ғасырдағы ортаазиялық сопылық ағымның ірі өкілі. Отырықшы халық психологиясына лайықты қалыптасқан нақышбандия сопылық ағымының ықпалы Оңтүстік Қазақстанда соңғы ғасырларда Қоқан хандығының үстемдігіне орай күшейген сияқты.

Омар—Әбубәкірөлгенненкейін(634ж.)мұсылманқауымына басшылық жасаған екінші әділетті халифа, исламның алғашқы кезеңіндегі ірі дін қайраткерлерінің бірі. Омар хазірет Мұхаммед пен Әбубәкір Сыдықтан соң мұсылмандықты одан әрі насихаттап, оны араб елдерінен тысқары өлкелерде таратуға көп күш жұмсады. Омар хазірет басшы болған он жыл ішінде ислам діні Ирак, Сирия, Египет және Ливия жерлеріне орнықты.

Омар халифа тұсында араб-мұсылман иеліктерінде дінге негізделген әкімшілік хұқықтың төртіптері және алым-салық жүйесі құрылды.

Ол сондай-ақ мемлекеттегі шарифат жолының үлесін күшейту мақсатында өзінің халифа лауазымына «Әмір әл-муминин» дәрежесін қосты.

638 жылы хазірет Омардың сахабалары Иерусалимді тізе бүктіріп, қаладағы қасиетті Сүлеймен храмының ішінде намаз оқыды. VII ғасырдың аяқ шенінде үмйя халифасы Әбд әл-Мәлік хазірет Омар намаз оқыған жерге «Куббат ас-сахара» деп аталатын күмбез тұрғызды.

Оспан—араб-мұсылман тарихындағы үшінші әділетті халифа. Ол—Мұхаммед пайғамбардың жолын ұстаған алғашқы сахаба-серіктерінің бірі, Расул Аллаға шын берілген үмйя әулетінен шыққан бай саудагер. Хазірет Оспан әуелі Пайғамбардың қызы Ұрқияға, ол қайтыс болған соң Расулдың екінші қызы Үммігүлсімге үйленген. Сол себепті мұсылмандар Оспанға Зун Нурайн (екі шамшырақтың иесі) деген құрметті атақ берген.

Сүлеймен— Құран кейіпкері, Дәуіт пайғамбардың баласы, Інжілдегі Соломон. Шамамен б.д.д. 965-928 жылдары бұрынғы Иудей патшалығын билеген деп есептеледі. Сүлеймен Иерусалим қаласындағы Яхус храмын салдырған.

Аңыз бойынша, Дәуіт пайғамбардың отыз ұлы болған. Бір күні Алла Тағаланың әмірімен әлгі ұлдардың бәрі де бірдей қаза болыпты. Сонда Дәуіт еш абыржымай, сабыр сақтап, Алла Тағалаға одан сайын ғибадат еткен. Осыған разы болған Жаратқан Ие Дәуіт пайғамбарға «отыз ұлға татитын» бір ұлды, яғни Сүлейменді береді. Сүлеймен мұсылман елдерінің ертегі, дастандарында «аң мен құстың, пері мен жынның, жан-жануар, құрт-құмырсқаның тілін білген» деп дәріптеледі.

Талқы— Мұхаммед пайғамбардың ең сүйікті сахабаларының бірі. Алты адамдық кеңестің мүшесі. Хазіреті Әли халифа болып сайланған кезде Мұхаммедтің сүйікті жары Айшаның партиясын жақтап, «Жангул жамал» соғысында Әлиге қарсы соғысады, осы соғыста Талқы мен Зүбейір қатар өледі.

Талим— Мұхаммед пайғамбардың сахабаларының бірі, көзі тірісінде Тажал мен Жасусты Пайғамбардан кейін көрген адам дейтін діни аңыз бар.

Фатима (635 жылы қайтыс болған)— Мұхаммед пайғамбардың қызы, төртінші халифа Әлидің әйелі, Хасен мен Хұсайынның анасы, мұсылман әлемінде ерекше қадір тұтатын тұлға. Пайғамбар қаза болғанда қасында болып, әкесін арулап көмген, аза тұтқан адал перзенті де осы Фатима хазірет. Бұл кісі тек халал жар, Расул Алланың қызы ретінде ғана емес, Әли қайтыс болғаннан кейін мұсылмандардың басын қосуға, шариғат істерін одан әрі дамытуға біраз еңбек сіңірген дін қайраткері. Фатимаға табыну, шамасы, X-XII ғасырларда, содан тарайтын әл-фатимийун әулиетінің ықпалы күшеюіне байланысты туып, қалыптасса керек. Фатима— шииттердің діни хикаяларының ең басты қаһармандарының бірі. Көптеген мұсылман елдерінде алақанды белгілейтін ежелгі нысана «Фатиманың қолы» деген атақ алған. Оның небір үмітсіз ауруларға да ем қондырып, дәру дарытатын қасиеті бар деп саналған.

Қазақ әйелдері басқа мұсылман қыздары секілді Фатиманы өздеріне қамқоршы—пір, қолдаушы—қыдыр деп санаған. Көбінесе, оны Бибі Фатима (Бибі Бәтима) деп атайды.

Хадиша— Мұхаммед пайғамбардың сүйікті әйелі. Хазірет Хадиша ана Мекке маңындағы христиан әулетінде дүниеге келген. Әкесі Хууайлид секілді жастайынан саудагерлікпен шұғылданып, араб қалаларының көбінде болады. 595 жылы Мұхаммед пайғамбарға тұрмысқа шығады. Бұл кезде ол қырық жаста екен. Хадиша мен Пайғамбардың некесін қиғандардың бірі—оның немере ағасы Уарақа ибн Нәупіл. Хазірет Хадишаның бұрынғы күйеуінен екі ұл, бір қызы бар еді. Соған қарамастан, Мұхаммед пен Хадишаның арасындағы жарасты махаббаты жұрт аңыз қып айтады. Хадиша Мұхаммедті қоршаған адамдардың ортасында бірінші болып оның пайғамбарлығына сеніп, жаңа дін—ислам жолындағы күрестің өте-мөте қиын алғашқы кезеңінен бастап-ақ, Мұхаммедті қолдауға күш-жігерін де, қаражатын да аяған жоқ. Мұхаммед те Хадишаны қатты сыйлап, зор құрмет тұтты. Хадишамен бірге өткізген жиырма бес жыл ғұмырында басқа бірде-бір әйелге үйленбеуі осы сыйластықтың белгісі болса керек.

Хазірет Мұхаммедпен некелескеннен кейін Хадиша ана тағы да екі ұл, төрт қыз табады. Екі жасында қайтыс болған үлкен ұлының есімі Қасым еді. Ежелгі араб дәстүрі бойынша, Мұхаммед Әбул-Қасым (Қасымның әкесі) деген құрметті атқа ие болды. Екінші ұлы Абдаллах та сәби кезінде дүниеден қайтты. Ал Зейнеп, Ұрқия, Үммігүлсім және Фатима деген төрт қызының тек соңғысы ғана оның ұрпағын жалғастырушы болды.

Хамза—діни дастандарда есімі жиі ұшырайтын ислам қайраткері, Мұхаммед (с.ә.с.) пайғамбардың немере ағасы. Расул Алла қуғынға түсіп жүрген кездері оған қамқоршы болып, көп жәрдемі тиген. Көптеген шығыстық аңыз-хикаяларда Әмзе—батыр, әскербасы ретінде көркем образға айналған кейіпкер.

Хасан—Мұхаммед пайғамбардың қызы Фатимадан туған, Әли ибн Әбу Тәлибтің баласы, шииттердің екінші имамы. Әли 661 жылы қаза тапқаннан кейін Хасан Иракта халифа болып жарияланды. Әкесімен бірге, басқа бауырлары секілді, ол да ислам болашағының беріктігі үшін күрескен тарихи тұлға. Ислам елдері, әсіресе шииттер аса қадірлейтін дін қайраткері. Олар, Хүсейін сияқты, Хасанды да «ұлы азап шегуші» деп санады. Хасан ибн Әли 669 жылы Мәдинеде қайтыс болды.

Кейбір аңыз-деректерге қарағанда, оған қарсыласы халиф Мағауия адамдары қастандық жасап, у берген.

Хүсейін—Мұхаммедтің қызы Фатимадан туған Әли ибн Әбу Тәлибтің кіші баласы, шииттердің үшінші имамы. Діни әңгімелерде Хүсейіннің есімі Хасанмен бірге аталады. 669 жылы Хасан өлгеннен кейін Әли ұрпақтарына басшылық етеді.

Алайда 680 жылы халифа Мағауия қайтыс болғаннан соң, Иракта үмийалықтарға қарсылық күшейеді. Осы кезде куфалық халифа Иазидтың белсенділігі де арта түсті. Оның адамдары Хүсейіннің немере інісі Мүслімді дарға асып өлтіреді. Куфаға келе жатқан Хүсейін қайғылы хабарды естісе де, сапарын жалғастыра береді. Оның Кербала шөлінде ат суытқанын білген Иазид Хүсейінге қарсы төрт мың әскерін қарсы аттандырады. 680 жылдың 10-қазанында күші басым жаумен ерлікпен айқасқан Хүсейін жолдастарымен бірге ұрыс даласында шейіт болады.

Имам Хүсейін қайтыс болғаннан кейін Кербала шииттер табынатын қасиетті орынға айналады. Ал оның өлген күнін барша шиит қауымы аза тұтып, құрметпен еске алады.

Шаддад—оңтүстік араб елдерінің жартылай аңыздық, жартылай тарихи билеушісі. Құран хикаяларының бірінде айтылғандай, ол жер бетінде жұмақ орнату мақсатын көздеп, Ирамбақ деп аталатын керемет бау-бақшалар мен сарайлар салғызды. Құдіреті күшті Алла оны қиратты, себебі жер бетінде жұмақ болмайды, жұмақ Алланың иелігінде ғана.

Ібіліс—діни ұғымда көктен қуылып, адамдарды Алланың ақ жолынан тайдыратын, күнәға ұшырататын перінің есімі. Ібілісті басқаша—шайтан, «Алланың жауы» немесе жай ғана «дұшпан» деп атайды.

Құран Кәрім бойынша, Ібіліс Алланың тілін алмаған, Адам атаның алдында тізе бүгуден бас тартып, «мен одан артықпын; сен мені оттан, оны топырақтан жаратқансың» деп қарсы шыққан. Міне, осы әрекеті үшін ол көктен қуылып, тозақ отқына түсуге ұйғарылды. Алайда Ібіліс Алладан жазасын қиямет қайымға дейін кешіктіруін жалбарынып сұрады және ол өзіне іштей Аллаға жерде қастық істеуге және адамдарды теріс жолға азғыруға уәде берді.

Ражим—«таспен атқыланған» (күнәлі немесе ақ жолдан тайған)—Құранда жиі кездесетін Ібіліске байланысты

қолданылатын эпитет.

Ілияс (Илияс, Илья)—көне иудей, христиан аңыздарында Ілиястың есімі әулие ретінде аталады. Оның аты ежелгі иудей құдайларының бірінен шыққан дейтін пікір де бар. Исламда Ілияс, пайғамбардан гөрі, әулиеге жақын.

Түркі халықтарында Ілиястың есімі Қыдыр әулиемен байланыстырылып, «Қыдыр-Ілияс» деп те атала береді. Кейде оны «Қызыр» деп атайды. Қазақ фольклорында Ілиястың есімі жиі ұшырасады. Әдетте, ол адамдарға Қыдыр әулие (ақсақал) түрінде көрініп, әр түрлі қиындықтардан қорғап жүреді. Кейде Ілиястың жанында «шілтендері», яғни қырық көмекшісі еріп жүреді. Олар ғайыптан пайда болып, фольклорлық шығарманың басты кейіпкеріне (әсіресе, батырлық жырлар мен ертегілерде) қол ұшын береді. Қазақтар «Қыдыр дарып, бақ қонсын» деп баталасады. «Қырықтың бірі—Қыдыр» деген мақал да бар.

СӨЗДІК*

Азиз болу /а/—қиын жағдайда болу

Азуаж /а/—күйеу, әйел

Ақырет, ахират, ахирет /а/—ақырет күні. Мұсылмандардың ұғымы бойынша, бұл күні қияметтің болуы, Алладан өзгенің жоқ екендігі, өлгеннен кейін сұрақтың қойылатындығы анық сезіледі. Пенделер тірі кезінде істеген күнәларына жауап беретін күн. Ары таза, күнәсі жеңіл болса, Алланың жақсылығын сезіп, ауыр болса, қабір азабын тартатын күн; о дүние деген ұғым; ақырзаман, дүниенің соңы.

Аллаһу ағлам /а/—Аллаға аян

Аллаһу акбар /а/—Алла ұлы

Анда— онда

Андан— одан

Ансар /а/—Мұхаммед пайғамбардың мәдинелік сахабалары.

Ара қылып жылау—зікірдің бір түрі

Арсал /а/—аттандыру, жіберу

Аршы Күрсі, Ғаршы Күрсі /а/—[ғаршы /а/—тақ; ғарыш; аспан; күрсі /а/—орындық; орын; тақ]—мәтінде ауыспалы мағынада қолданылған: жеті қат көк

Асад /а/— арыстан

Асан /а/—жеңіл

Асир /п/—тұтқын, құл, күң

Ассаламуаләйкум /а/—сізге амандық тілеймін

Асхаб, сахаба /а/—серіктер, жолдастар. Мұхаммед пайғамбармен бірге ислам дінін қабылдап, мұсылман мемлекетін құруға атсалысқандар. Мұхаммедтің істері мен сөздері туралы хадистер асхабтардың айтулары бойынша жазылып алынған.

* Басқа тілдерден енген сөздердің бірнеше мағынасы болуы мүмкін, сондықтан мәтін мазмұнына байланысты беріп тұрған мағынасын ғана сөз етеміз.

Асы, ғасы /а/—күнөһар, шариятқа қайшы істер жасаған кісі.

Асық болу /а/—ғашық болу, ынтызар болу

Атағат /а/—тыңдау; құрмет

Аузубилла /а/— Алланың атымен сақтанамын

Ахзаб сүресі— Құранның 33-сүресі.

Аһл, әһл /а/—қауым, адамдар, халық, жұрт. Мыс: Мекке аһлы—Мекке тұрғындары.

Ашқарат /п/—торы түсті ат

Аят /а/—белгі; ғажайып; өлең; Құран сүрелерінің ең шағын бөлігі.

Аятул kursi—Бақара сүресінің 155-аяты

Әзел /п/—ежелгі, әуелгі

Әйлау /т/—ету; жасау

Әләм /а/—азап

Әлбақи /а/—мәңгі; о дүние

Әлбәхил лә йадхулл жаннат, ләу кәна зәһидан—сараң тақуа болса да, жұмаққа кірмейді.

Әлем /а/— халық, көпшілік; мұсылман заңдарының білгірі

Әллисан /а/—тіл

Әлхамду /а/—(Аллаға) мадақ

Әлхамдулла, әлхамдулилла /а/—Даңқтың бәрі Аллаға! Бұл сөз тіркесі «Аллаға шүкір» деген мағынада да қолданылады.

Әлік /а/—тура мағынасы «өзіңе», «саған»; амандасу

Әмирул мүминин /а/—мұсылмандардың өміршісі

Әмма /п/—бірақ, алайда; оның үстіне...

Әммі /а/—аға, көке

Әнбия /а/—пайғамбарлар

Әуара /п/—әуре-сарсаңға түсу

Әулад /а/—ұрпақ

Әулие /а/—қамқоршы, уәли сөзінің көпше түрі

Әууәл мин /а/—алғашқылардың бірі

Бағланұр /т/—байланар

Бадағат мүфсад—жамандықтың немесе жаман істің басталуы

Бақыс /а/—талқылау, зерттеу

Батин /а/—ішкі, жасырын

Батпан, батман—ежелгі шығыс елдерінде қабылданған салмақ өлшемі. Әр елде өлшем әр түрлі. Көне Бұхарада бір батпан 8 пұтқа тең, ал кейбір жерде 4 пұтқа тең. Ферғанада—2

пұт деп саналған. Қазақ өлшемінде—ауыр салмақ, үлкен, көп деген мағынада қолданылады.

Бахил /п/— сый, сыйлық

Бахыл /а/— кешірім, келісу

Баһар /а,п/—аса жоғары; ғажайып; көктем

Бәлі /а/—иә, солай

Бейтулла /а/— Құдай үйі; әдетте Қағба мағынасын береді.

Бек /т/—өте, аса, тым; феодал, ел билеуші бай

Бен—мен

Бизауал /а/— қас қарайған уақыт

Билә, билән, білән, бірлә, бірлән, илән /т/—мен, бен, пен; бірге

Билла— Алламен, Құдаймен

Бисмилла /а/—Алланың атымен. Мұсылмандар әрбір игі істі, әрекетті осы сөзбен бастайды.

Бихамдилла /а/—Аллаға шүкір, Алланың көмегімен

Биһүш /п/—көңілсіз; ессіз болу, естен танып қалу

Бұнлар—бұлар

Бір уа Бар—мәтінде Алла Тағалаға қатысты айтылған теңеу.

Ғазы /а/—сарбаз, күрескер, ар-ождан жолында күресуші; қасиетті соғыс—ғазауатқа қатысушы мұсылман; діни соғыста ерекше ерлік көрсеткен адамға берілетін құрметті атақ.

Ғайбаттау /а/—жамандау, өсектеу

Ғайт /п/—соңы, ақыры

Ғалаб, ғалып /а/— жеңу, үстем болу

Ғаламат—ғажайып, таңғажайып; керемет; пәле

Ғалат /а/—қателік, жаңылыс, теріс

Ғалиб /а/—жеңілу

Ғалмәлік /а/—сүйікті, қымбатты патша

Ғам /п/—қайғы, мұң

Ғанимат /а/—пайда, үлес, олжа

Ғанин /а/—әлсіз

Ғауға /а/—айқай-шу

Ғаяр /а/—айлакер, қу

Ғиззат /а/—ұлылық, атақ, даңқ

Ғұзыр— кешірім сұрау, ақталу; өтініш

Ғұсыл ету /а/—жуу, жуыну, суға түсу

Дағиф /а/—әлсіз, аз

Дағы /а/—шақыру; талап ету

Дарулбақи /а/—о дүние

Дахи — дағы

Дахыл — бөтен; араласу

Дәуи /а/ — ұрыс-керіс, кінәлау, айыптау, соттасу, төбелесу

Дәре /п/ — есік, қақпа

Дәрқд /п/ — сәлем

Дегеш /т/ — деген соң

Дие — деді

Дирхем — араб елдерінің орта ғасырдағы күміс ақшасы.

Диуана — ризығын Алладан тілеп, кәсіпсіз жүретін адам; дәруіш

Дыр — асыл тас

Еріштіру — көбейту, ұлғайту

Ерішсе /т/ — кездессе

Есім шариф — маңызды, құрметті, қадірлі, ұлық есім

Жадулық /т/ — сиқыршылық

Жаллад /п/ — жендет

Жаппар /а/ — құдіретті, күшті; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі.

Жәдігөй /п, т/ — дуалаушы, сиқыршы

Жәмиғ /а/ — жиналу

Жәһіл /а/ — надан, оқымаған, білімсіз

Жүмлә /а/ — бөрі, баршасы

Жүһүд — еврей, Мұса пайғамбардың үмбеті.

Зағыпыран — сары түсті гүл; мәтінде ауыспалы мағынада қолданылған: сарғайып зағыпырандай...

Заказной /о/ — тапсырысты

Замима /а/ — кіріспе; қосымша; ұсыныс

Замра /а/ — топ

Зарурат, зарури /а/ — қажеттілік, зәрулік

Заһид /а/ — діндар, сопы

Заһыр /а/ — ашық, айқын, анық; көмек; түсінік

Зәңгі — зор, үлкен; қара түсті адам; дастандық шығармаларда қаһарманға қарсы тұратын сүйкімсіз кейіпкерлер кейде зәңгі аталады.

Зекет /а/ — мал-мүліктің қырықтан бірін алатын салық.

Зиада /а/ — жоғары, артық, көп

Зимма /а/ — ар-ұят; жауапкершілік

Зинһар /п/ — кешірім, мейірім, пана; сақтық, сақтану

Зина /а/ — нәпсіқұмарлық, жезөкшелік; неке бұзушылық

Зинат /а/—көркем

Зипа /а/—көрікті, сұлу, мүсінді

Зифаф /а/—үйлену тойы

Зұбаны /а/—шайтан; қатал; ақыл-есі кем, ақымақ

Зұлпықар /а/—сермегенде жетпіс құлаш жерге жетеді деп суреттелетін Әлидің қылышы.

Зікір /а/—белгі; уағыз, насихат; көбінесе Алла Тағаланы еске алып, жалбарыну мағынасында қолданылады. Зікір жүректен [көңіл], сөзбен және дене қимылы арқылы, яғни үш түрлі жолмен орындалады.

Иақин /а/—ақиқат, анық

Иглау /т/—жылау

Изһар /а/—таныту, көрсету

Ила—айла, амал, әдіс

Илә /т/—мен, бен, пен

Иләһ /а/—Құдай; Иләһи—Құдайым

Иләһи әламин /а/—әлемнің Құдайы, Жаратушы

Илһам /а/—сырласу (Құдаймен), ашылу

Имам /а/—діни жетекші, мұсылман қауымының басшысы.

Иман /а/—ислам дінінің бес парызының бірі, діни наным; адам бойына тән ізгілік, адамгершілік; белгілі бір іс-әрекетпен байланысты серт, уәде, үміт.

Инану /т/—сену, нану

Инғам /а/—жақсылық, құрмет

Интиқам /а/—кек

Иншалла /а/—[ин шаа Алла: ин—егер, шаа—қалау] Алла қаласа, Алла ұнатса

Ишан—дін басшыларының жоғарғы атақтарының бір атауы.

Инфисал /а/—маусым, бөлім, бөлшек

Ислам /а/—ислам діні; мұсылман

Ихсан /а/—қайырымдылық, жақсылық

Ихтибарлы /а/—хабарлы

Карам /а/—үлкен, ұлы

Кари /п/—қайраткер; ер жүрек

Кәлам /а/—әңгіме, гөп, сөз

Кәлам Алла /а/—Алланың сөзі

Кәлима таухид /а/—[Кәлима /а/—сөз; таухид /а/—Алла Тағаланың бар екенін, ол бүкіл әлемнің жаратушысы әрі бір

екенін, яғни Алла Тағала Бар уа /және/ Бір екенін білу, оған берік сену] Алланың барлығын, бірлігін білдіретін сөз, түсінік.

Кәміл /а/—толық, аяқталған, толықтырылған

Кәпір, кәуір /а/—Құран Кәрімде яһуди [жүһүдтер] мен христиандар жазба жұрты, кітап иелері [аһлул кітаб] деп аталған, ал көпқұдайшылдар, яғни түрлі пұтқа—қолдан жасалған мүсіндерге, я отқа, тасқа, тауға, суға, т.с.с. басқа да жаратылыстарға табынып құлшылық етушілер, шындықты мойындамағандар кәпір делінген. Соңғы дәуірлерде ислам дінін ұстанушылар бүкіл мұсылман еместерді кәпір деп атаған.

Кетіру— келтіру

Кинайа /а/—белгі, ишарат; бір нәрсені меңзеу

Ките /т/—бекіту, толықтыру, нақтылау

Куффар /а/—дінсіз, құдайсыз; кәпір

Кіре— жебені садақтың адырнасына салып тартқанда кіргізетін кертік.

Қабила /а/—тайпа

Қадары /а/—сан, мөлшер, көлем

Қадір /а/—құдіретті, күшті; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі.

Қалға /а/—қамал, қорған

Қапу, қапус /т/—қақпа, дарбаза

Қарар /а/—жарлық, бұйрық; шешім

Қария /а/—ауыл

Қаст /а/—мақсат

Қатыл /а/—өлтіру

Қиаш /п/—күн

Қобал /т/—өлген адамға арнап тігілетін киім.

Құдауанда /п/—Құдай, жаратушы

Құдірет /а/—керемет күш, ғажайып қасиет; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі.

Құжыра /а/—бөлме

Құл һуа Алла /а/—Айт: ол Алла.

Құрайыш— араб тайпаларының бірі. Мұхаммед пайғамбар осы тайпадан шыққан.

Құран /а/—мұсылмандардың ұғымы бойынша, Алла Тағаланың сөзі жазылған, ислам дінінің негізгі ереже, уағыздары толық көрініс тапқан ең басты қасиетті кітап.

Құтпа /а/—уағыз

Құтпан /п/—түн намазы

Лә фатти иллә /а/—тек ғана

Латиф /а/—нәзік

Лә йадиғ аджр әл-мұханина /а/—иілгендердің (намазға жығылғандардың) сыйы кемімейді.

Лә иләһа илла Алла, Мұхаммед расул Алла /а/—Алладан басқа Тәңір жоқ, Мұхаммед Оның елшісі, бұл—мұсылмандарда иман білдіретін куәлік сөз.

Ләшкер /т/—әскер

Лұғат /а/—тіл

Мағлұб /а/—жеңілу, күйреу

Мағлұм /а/— белгілі

Мағнаи Құран /а/—Құран мағынасы

Мазлұм /а/—әділетсіздікке тап болған, қиянатқа ұшыраған

Мақам /а/— болу; мекен, тұрақ

Мамур /а/—шенеунік, бастық, бұйрық беруші

Мардуд /п/—жолы болмаған; қарғысқа ұшыраған

Матам тұту /п/—қайғы тұту

Матлық харам /п/—тып-тыныш, шексіз тыныштық

Матһарат /а/—тазалайтын орын

Махфуз /а/—сақталған, жадында ұсталған; тағдыр, пешене; Құран Кәрім бойынша адамдардың тағдыры жазылып тұрған орын; Лаухул Махфуз [лаух /а/—тақта]—Құранның 85—«Буруж» сүресінің 22-аятында көрсетілгендей Жерде болған және болашақта болатындардың бәрі жазылған, барлық қасиетті кітаптардың түп негізін сақтаған жазба, тақта.

Машғұл /а/—шұғылдану, іспен айналысу

Махалла /а/—квартал; орын; жер

Махкам /а/—бекем, мығым

Махшар /а/—адамдардың о дүниеде жаза күніне жиналатын орны.

Мәлүл /а/—зерігу; қайғыру

Мәліктену /а/—иелік ету

Мән раббук? /а/—Сенің Құдайың кім?

Мәңкүр, Нүңкүр—о дүниеде, қабір ішінде адамнан сұрақ-жауап алатын періштелер.

Мәркәз /а/—орталық

Мәсжид /а/—мешіт

Мейіл—пейіл

Миграж /а/—көкке көтерілу

Милләт /а/—халық, ұлт

Мислә /а/—секілді, сияқты

Михраб /а/—мешіттің ішіндегі орны, құбылаға бет түзеу

Мұддаға /а/—тілек, өтініш; себеп

Мұқам /а/—орын, тұрақ

Мұнаууар /а/—сәулелі, нұрлы

Мұнафиқ /а/—сырттай мұсылман, ішінен ислам дініне қарсы екі жүзді адам.

Мұртаза /а/—мәмілегер; төртінші халифа хазірет Әлидің әпитеті.

Мұстажап /а/—елену, ескерілу

Мұхажирин /а/—жер аударушы, эмигрант

Мүмін /а/—мұсылман

Мүшірік /а/—пұтқа табынушы

Нағра /п/—барабан төрізді музыка аспабы; дауыс, айғай

Назым /а/—өлең; поэзия; нәзік сезімді, наз түрінде, шығыстық дәстүрде жазылған өлең түрі.

Нақыс /а/—жетіспеушілік, кемшілік

Налыс /т/—қайғы-қасірет, мұң-шер

Насибат /а/—туысқандық; байланыс; қатысты, салыстырмалы түрде

Насрат /а/—жеңіс, жеңу

Насұқ /а/—шынайы, шын көңілмен

Нахуа /а/—грамматика

Нәдамат /п/—өкініш, өкіну, қайғыру

Нәджат—құтылу, босану; бүтіндік, түгелдік; көмек, қолдау

Нәдір /а/—сирек; әдеттен тыс құбылыс

Нәжіст /п/—дәрет, денеден бөлінген артық заттар

Нәзір /а/—сый-сияпат

Нәмахрам /п/—бөтен, басқа; тыйым салынған

Некаһ /а/—неке

Нидә /т/—айқай, шу; шақыру

Низағ /а/—талас, егес, айтыс, дау, күрес

Никар /п/—әдемі, сұлу

Ноха /п/—қайғы

Нурани /а/—сәулелі, нұрлы, иманды

Нығмет /а/—қайыр, байлық, сый

Оқышы /т/—аян; хабар; хабаршы

Ошал—осы

Паймал /п/—тапталу, мыжылу

Пәруана /п/—түнде ұшатын көбелек. Шығыс әдебиетінде пәруана бейнесі поэтикалық образ ретінде қолданылады.

Пәруардигар /п/—Құдай

Перғауын (фараон)—көне Мысыр патшаларының атағы, титулы

Печат /о/—мөр; баспа

Пияда /п/—жаяу

Почтальон—хат тасушы

Пұт параст—пұтқа табынушы

Пір—қолдап-қорғаушы; мәтінде сыйлы, сенімді, дін адамы деген мағынада қолданылады.

Раббы /а/—жаратушы

Рабиг әл-әууәл /а/—ай күнтізбесі бойынша, үшінші ай атауы.

Рагы /а/—мылжың

Разы Алла анһу /а/—Алла оған разы болсын

Рамазан айы—адамдарға тура жол нұсқаушы, ақ пен қараны айырушы, бекем тұтылатын жолбасшы ретінде Құран түсіріле бастаған ай. Құран Кәрімнің, «әл-Бақара» сүресінің 185-аятында рамазан айы туралы былай делінген: «Рамазан айы сондай бір ай, ол айда адам баласына тура жол және (ақ пен қараны) айыратын дәлел түрінде Құран түсірілді. Сендерден кім рамазан айында болса, ораза ұстасын. Ал біреу науқас не сапарда болса, басқа күндерде санын толтырсын. Алла (Т.) сендерге оңайлық қалайды, ауыршылық қаламайды».

Расул /а/—елші

Рауан /п/—жүру, қозғалу, жылжу

Раушан—анық, ашық

Рахмат /а/—рақым, мейірім

Руаят /а/—әңгіме, аңыз

Рахматулла аләйһи /а/—оған Алланың рақымы жаусын

Руза, рузе /п/—ораза

Рұми—рұмдық

Сақыпқыран—сайыпқыран

Салауат /а/—дұға; жалбарыну; тілек, өтініш

Санаид /а/—өнер, шеберлік

Санжаби /а/—ақшыл; сұр түсті

Сахаба әл-асхаб /а/—сахабалардың сахабасы

Сахиб /а/—дос, жолдас; ие, қожайын

Сәжде /а/—мойынсұну, табыну; Құдайға құлшылық етіп, намаз оқығанда жерге басын қою.

Сәйір /п/ — жол жүру, сапар шегу

Сәна—қайғы; тілек-өтінішті білдіретін -шы, -ші орнына қолданылатын жұрнақ: бар-сәна [баршы].

Сәруар /п/—басшы, жетекші

Сулуки /а/—этика, мораль; мінез-құлық

Сұбхан Алла /а/—Аллаға мадақ! (Құран Кәрімде бұл мадақ 93 мәрте кездеседі)

Сүннет /а/—жол, дәстүр

Сыйға /п/—грамматикалық форма.

Та /п/—дейін, шейін

Табағиат /а/—ізбасар, замандас, азаматтық

Табагин, табагинан /п/—азамат; табынушы, ізінен еруші, шәкірт

Таға /т/—нағашы

Тағала /а/—өте жоғары; Алланың 99 есімінің бірі.

Тағриз /а/—мүдделі болу, қызығушылық білдіру; ұмтылу

Тарқы /а/—даму, жақсару

Таснифат /а/—шығарма, классификация, жүйелеу

Тахайыр /а/—таңдау, сұрыптау

Тахқиқ /а/— тексеру, іздену, мұқият тексеру

Тахриз /а/—айдап салу, арандату

Тахсин /а/—жақсылық

Тауаккалту алә Алла /а/— Аллаға тәуекел еттім.

Тауап /а/—Қағбаны айналып тағзым ету.

Таурат—Тора. Мұсаның Бестармақты кітабы, діни ұғым бойынша, Құдайдан түскен қасиетті жазба.

Тауфиқ /а/—мойынсұну; жәрдем, келісім, көмек; табыс, бақыт

Таһарат /а/—дәрет алу, тазалану. Құран Кәрімді оқырда, намазға жығылар алдында жасалынатын бірден-бір шарт—тазалану, яғни дәрет алу. Сумен үсті-басты, денені ғана жуып қоймай, рухани ойды тазалау. Әдепшен, толық құрметпен аңсарынды тазыққа аудару, яғни Алланы ойлау. Біле тұра немесе білместікпен істелінген күнәларың үшін Алладан кешірім сұрау, шапағат тілеу.

Таһлил /а/—мадақтау, дәріптеу; лә иләһа иллә Алла (Алладан басқа құдай жоқ) сөзін айту.

Тәжбир /а/—Аллаға мадақ айту.

Тәңір /т/—Құдай

Тәпсір /а/—түсінік

Тәсбі, тәсбих /а/—33 моншақ тастан тұратын тізбек. Тәсбі тарту—моншақ тастарды тере отырып 34 рет «Аллаһу акбар», 33 рет «Сұбхан Алла», 33 рет «Әлхамдулилла» деп Алла Тағаланы мадақтап сиыну. Бұл ерекше көркем сөздерді Мұхаммед пайғамбарымыз (ө.с.) қызы Фатима анамызға үйреткен; кейіннен мұсылман әлемінде нұр сәулелі Фатиманың тәсбісі деп аталып, әр намаз сайын айтылатын болған.

Тәсір /а/—әсер

Тұхфа /а/—сыйлық

Тұһмат /а/—өсек

Түрлік /т/—түрлі

Тіллә—алтын ақша; кейде алтын, зер мағынасында да қолданылады.

Тірік /т/—тірі, жанды

Уа /а/—және

Уа аләйкумассалам /а/—сізге де амандық тілеймін

Уақиғ /а/—оқиға

Уалләйл сүресі—Құранның 92 сүресі.

Уасил /а/—келу, жету

Уассалауат уассалам /а/—намаз уағында Аллаға, Мұхаммедке (с.ә.с.) сәлем беру.

Уассаффат сүресі—Құранның 37-сүресі.

Уасуаса /а/—шайтанның азғыруы.

Уахи /а/—хабар, белгі; бұйрық

Уәжіп /а/—парыз, міндет

Үмбет, үммет /а/—ел, қауым, жамағат, жол; Мұхаммедтің үмбеттері, мұсылмандар мағынасында қолданылады.

Үмітуар /п/—үмітті, үміті бар, сенетін

Үшбу /т/—осы, мына

Ғагил /а/—іс, амал, әрекет

Ғазыл /а/—артық, артықшылық

Ғариад /п/—айқай; жылау,

Ғатиха /а/—беташар, кіріспе; Құранның 1-сүресі; бата

Ғаһым /а/—пайым, түсінік

Ғәләкиат /а/—аспан әлемі, астрономия

Ғужре /а/—жексұрын, малғұн

Хабиб, хабиби /а/—сүйікті

Хабиб Алла /а/— Алланың сүйіктісі

Хадим /п/—қызметші

Хадис /а/—әңгіме; хикая; Мұхаммед пайғамбардың айтқан қасиетті сөздері, өсиеттері.

Хазірет /а/—жоғары мәртебелі; пайғамбарлардың, имамдардың, белгілі әулиелердің есіміне қосылып айтылатын құрметті атақ.

Хайыр /а/—жақсы; жақсылық; садақа; қайырымды

Хайыр-ахсан /а/—көркем мінез, жақсылық, ізгілік

Хал-қадар /а/—жағдайынша, әл-құдіретінше

Хақ /а/—шындық, күмәнсіз, ақиқат; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі.

Хақиқи /а/—ақиқат, шын

Хақын опа ету /а/—құрмет көрсету ретінде парызын өтеу.

Хақыр /а/—жеккөру, жақтырмау

Халал /а/—шариғат заңы бойынша ұлықсат берілген; таза, адал; некелеп алған; жарамды

Халалзада /а,п/—таза, пәк адам, тектіден туған

Халас /а/—құтылу, бос болу, арылу, құтқарылу; құтқару, тыю

Халбүкі /а/—ғажайып, сүйкімді

Халиқ /а/—жаратушы; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі.

Халиф, халифа /а/—Ислам орнағаннан XIII ғасырға дейін араб елдерінде дін мен үкімет билігін бір қолға ұстаған мемлекет билеушісі.

Хамду /а/—мадақ, мақтау

Хамду сәна—Аллаға мадақ айту.

Хамла /а/—шабуыл, жорық

Хараб /а/—бұзылу, қирау, жойылу; жоқ болу, апатқа ұшырау

Харам /а/—шариғат бойынша тыйым салынған, яғни ішіп-жеуге, қолдануға жарамайтын нәрсе [Құран Кәрімде бұл түсінік 71 жерде қолданылған]; заңсыз, таза емес

Харс /а/—қарауыл, сақтаушы

Хасад, қасад /а/—қастық; ниеттену

Хасам /а/—ант, сөз беру

Хасыл /а/—нәтиже, жүзеге асу

Хатаб /а/—сөз; дұға оқу

Хатир /а/—ой, сана, ес

Хатта /а/—тіпті, не болмаса

Хатым Құран /а/—Құранды бастан-аяқ оқу.

Хижра, хижрат /а/—мұсылманша жыл санауы. 622 жылы мұсылмандардың Меккеден Мәдинеге көшкен жылынан басталады.

Хилап /а/—қайшылық; жалған

Хият /а/—тіршілік, жаратылыстану

Хош бой /п/—жұпар иіс

Хошлану — көңілдену, қуану

Хүжім /а/—шабуыл

Һайба /а/—құрмет, бедел, ықпал

Һауа— ауа, аспан

Һәлак /а/— жан тапсыру; қирау; әлек болу

Һәмма— бөрі, барлығы

Һинди—үнділік

Һұшыға келу—өз-өзіне келу, есін жию

Число /о/—уақыт, күн; сан

Шаригат /а/—заң, хартия

Шариф, шәріп /а/— текті, қасиетті; Мұхаммед пайғамбардың немересі Хасаннан тарағандарға берілген атау.

Шарых /а/—түсіндіру, мағынасын ашу

Шаһариар—[шаһар /п/—төрт, жар /т/—жар,серік]—Мұхаммед пайғамбардың төрт серігі: Әбубәкір, Омар, Оспан, Әли. Кейде төрт жар, төрт шәрі деп те айтылады. Араб халифатын билеген бұл төрт әділетті халифа тарихта «ал-хулафа ар-рашидун» деген атпен белгілі болған.

Шаһид /а/—шейіт, дін жолында жан беру

Шаһимардан /п/—батырлардың патшасы. Дастандарда, көбіне халифа Әлидің эпитеті ретінде қолданылады.

Шәрр /а/—жаман, сұмдық; қаһар

Шоруг /а/—бастау

Шұһрат /а/—атақ-даңқ

Ізім /а/—азим (ұлы) сөзінің фонетикалық өзгеріске түскен түрі.

Яһуди—еврей, Мұса пайғамбардың үмбеті.

ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ

Бағдат—1921 жылдан қазіргі Ирак мемлекетінің астанасы. Тигр өзенінің екі жағасын бойлай салынған.

Қаланы «Мадина́т ас-Салам» (Бейбітшілік қаласы) деген атпен халифа Мансұр 762 жылы салдырған. Бағдат—орта ғасырларда араб әдебиеті мен мәдениетінің орталығы болған қалалардың бірі. Осында бірсыпыра шығыс ғалымдары [Насреддин Туси, Әл-Фараби т.б.] оқып, білім алған.

Бәдір—Мәдине қаласының жанындағы тұщы бұлақ шығатын әрі сауда орталығы орналасқан жер. Хижраның екінші жылы Меккеден Сирияға жол тартқан Әбу Суфианның керуені үстінде болған соғыста Мұхаммед пайғамбардың қолы жеңіске жетеді. Ол тарихта «Бәдір» соғысы деген атпен қалған.

Бұхара—(санскритше вихара—монастырь)—б. з. I ғасырында іргесі қаланған, Зарафшан өзенінің төменгі ағысында орналасқан, Орта Азиядағы көне қалалардың бірі. Қазірде Өзбекстан Республикасының осы аттас облыс орталығы.

Димашық (Дамаск)—Сирия астанасы. Орта ғасырларда сауда, мәдениет дамыған араб қалаларының бірі. Сондықтан бұл атау ертегілер мен дастандарда жиі кездеседі.

Еуропа—Еуразия құрлығының батысын алып жатқан дүние бөлігі.

Куфа—ортағасырлық Ирактағы қала. VII ғасырдың басында Евфрат өзені жағалауында пайда болып, умиялықтар [омейядтар] тұсында ірі сауда және мәдениет орталығына айналған. Бағдад қаласы салынғаннан кейін бірте-бірте құлдырай бастады, қазір жоғалған.

Қазан—Ресей Федерациясы құрамындағы Татарстан автономиясының орталығы, Еділдің сол жағасында орналасқан қала.

Қап тауы—Құран аңыздары бойынша, жер жүзін қоршап тұрған тау тізбегі. Бұл таулар аспан түстес зүбәржаттан құралған, ал ең биік шыңында вулкан орналасқан. Жер бетіндегі барлық таулар Қап тауымен байланысты, Алла Тағала осы таулар тізбегіндегі шыңдардың біріне қолын тигізсе, жер сілкінісі болады. Қап тауының ар жағын йәжүж бен мәжүж деген қорқынышты халықтар мекендейді, олар әр түн сайын тауды егеу сияқты тістерімен кеседі, бірақ күндіз тау бастапқы қалпына қайта келеді, сөйтіп бұл халықтар жер бетіне шыға алмайды. Шығыс халықтарында Қап тауларымен байланысты көптеген аңыздар бар.

Қарқаралы—Қазақстанның байырғы қалаларының бірі. Қарағандыдан оңтүстік-шығысқа қарай 220 шақырым жерде.

Құддыс—қазіргі Израиль мемлекетінің астанасы, Иерусалимнің ежелгі аты. Бұл шаһар әлемдік діндердің шығу тарихымен байланысты зор құрметке ие болған. Онда иудей, христиан және Ислам діндерінің қатар табынатын қадірлі діни ескерткіштері баршылық. Осы арада мұсылмандардың қасиетті орындарының бірі—«Әл-Ақса» (Бәйтул Мұқаддас) мешіті бар. Құран Кәрімдегі «Мифраж» сүресінде және басқа да діни аңыздарда баяндалатын Мұхаммед (с.ә.с) пайғамбардың «Көкке көтерілу» (Алла Тағаламен дидауласу, яки оның құзырында болу) сапары осынау мешіттен бастау алады делінеді.

Мәдине—арабша «қала» деген сөз. Меккеден кейінгі екінші қасиетті қала саналады. Исламның негізін қалаушы Мұхаммед пайғамбардың 622 жылы Меккеден осында қоныс аударуына байланысты, Хижаздағы Ясрибке мұсылмандардың берген атауы. Мұсылмандардың жыл санауы осы қоныс аудару жылынан (хижра) басталды. Мұсылман мемлекетінің негізі қаланғанда Мәдине оның алғашқы астанасы болды.

Мекке—мұсылмандардың қасиетті қаласы. Онда бас мешіт әл-Мәжид әл-Харам мен Қағба орналасқан. Исламның негізін қалаушы Мұхаммед (с.ә.с.) осы қалада дүниеге келген. Мұхаммед (с.ә.с.) Меккеден кеткенімен Мәдинедегі жаңа құлшылық ету үйін Қағбаға қарама-қарсы қойған жоқ, қайта оның есігін соған қаратты (Құбыла). Мұсылмандардың Меккені 630 ж. жаулап алуы оның діни орталық ретіндегі айрықша жағдайын қалпына келтіріп қана қоймай, одан да жоғары дәрежеге көтере түсті. Меккеге барып тәуап ету исламның бес парызының бірі болып саналады.

Омск—Ресейдегі қала аты

Рұм, Үрім—шығыс халықтары орта ғасырларда Византияны осылай атаған. Көптеген шығыс халықтарының әдеби-фольклорлық туындыларында Рұм өте алыс, ғажайып өлкенің бейнесін елестеткен.

Түркістан—Оңтүстік Қазақстан облысындағы Түркістан ауданының орталығы, Сырдарияның оң аңғарында орналасқан. 2000 жылы көне қаланың 1500 жылдығы тойланды. Арабтардың географиялық жазбаларына қарағанда IV-X ғасырларда бұл қаланың орнында Шавгар (арабша Шавагар) мекені болған, бірақ бұдан із қалмаған. XII-XIV ғасырларда Түркістан «Ясы» деп аталған. Қожа Ахмет Иасауи ғимараты салынғаннан кейін түркілердің діни орталығына айналды.

Тобольский губерниясы—Қазан төңкерісіне (1917 ж.) дейінгі Ресей империясының азиялық бөлігіндегі губернияларының бірі.

Үхүд—Мәдине қаласының солтүстік жағында бес шақырым жерде орналасқан тау. Оның баурайында 625 жылы мұсылмандардың меккеліктермен шайқасы болды.

Фирдоус—(парсы)—дәл мағынасы: жұмақ бағы. Құран Кәрім бойынша, жұмақ бірнеше бөліктен тұрады. Біреуінің атауы—Фирдоус. Бұл сөз парсы тілінен енген, гректің «парадеисос» деген сөзімен мәндес. Бертін келе мұсылман елдерінің фольклоры мен әдебиетінде «Фирдоус» сөзі мәңгі гүлдеп тұратын мәуе бақтың символына айналған.

Шам—Сирияны арабтар осылай атаған. Теңеу ретінде «шариф» сөзі қосылып, көбінесе «Шам шариф» делінеді. Шариф арабша—құрметті, қадірлі, ұлы мәртебелі деген мағынаны береді.

ТОМҒА ЕНГЕН ДАСТАНДАРДЫ ЖЫРЛАУШЫ, АЙТУШЫ ҒӘМ ЖИНАУШЫЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

Жұмашұлы Мәулекей—XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген қиссашыл ақындардың бірі, қазақ фольклорын жинап бастырушы. 1836 жылы Тобыл губерниясында туған. Өмірбаянына қатысты басқа дерек кездеспеді. Ішкі Бөкей ордасында қазақ ауылдарында бала оқытып, ағартушылық жұмыстар жүргізген. Өзінің баспагерлік қызметін «Қисса Тамимдер» (1866) атты діни дастанды кітап етіп шығарудан бастаған. Ел арасынан қисса-дастандарды жинап, Қазан қаласынан «Қисса Жұмжұма» (1881), «Дариға қыз» (1879), «Қисса Салсал» (1879), «Қисса Сейітбаттал» (1879) секілді фольклорлық шығармалардың жеке нұсқаларын бастырып шығарған. Басқаша айтқанда, ауыз әдебиет үлгілерін жөндейтін М. Жұмашұлының еңбегі айрықша. Жоғарыда көрсетілген шығармалардан бөлек, осы томға жинаушының бастыруымен жарияланған бес дастан еніп отыр.

Қонайұлы Иазид (1860-1924)—Қазан төңкерісіне дейін халық арасына өлеңдері тараған қиссашыл ақындардың бірі. Бұрынғы Көкшетау уезі, Мезгіл болысынан.

Оның би мен болысқа, байлар мен молдаларға шығарған өлеңдерінің өзіндік ерекшеліктері жоқ емес. Сонымен бірге Қонайұлы Иазид ел арасынан жыр, дастандарды жинап, жөндеп, Қазан баспаларынан кітап етіп шығарған. Мысалы, «Балықшы илә ғифрит қиссасы», «Қисса хазіреті Айшаның тұһматы», осы томға еніп отырған «Қисса Зейнеп пен Заидтың уақиғасы».

Қонайұлы Иазид мұраларын жинап, ОҒК-ның Қолжазба қорына тапсырған Қ.Қаңтарбаев.

Шайхысламұлы Жүсіпбек (1857-1937)—ақын, ауыз әдебиетін жинаушы. Оңтүстік Қазақстан облысы, Арыс ауданы,

Қожатоғай аулында, қожа өулетінде дүниеге келген. Нағашылары—Ұлы жүз, Албан руынан. Жасында мұсылманша оқып, білім алған. Жүсіпбек қожа Жетісуда тұрып, ел арасынан жыр-дастандарды, айтыстарды т.б. жинап, редакциялап, Қазан қаласындағы Хұсайыновтар баспасына жіберіп отырған. Оның қазақ фольклоры шығармаларын жинап, бастырудағы еңбегі ерекше. Мысалы, осы томға Ж. Шайхысламұлы жинап, жөндеп жариялаған төрт том еніп отыр. Өмірінің соңғы жылдарын Шығыс Түркістанның Іле аймағында өткізіп, сонда қайтыс болды.

Шаһмарданұлы Кашафидин—XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында өмір сүрген ақын, ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, жөндеп жариялаушы. «Қисса Хатым: тай жомарт» дастанын Қазан қаласында 1897 жылы жарыққа шығарған. Сондай-ақ «Қисса халуа фаруш», «Қисса әдепті бала» және осы томда жарияланып отырған «Қисса Бөдір», «Қисса Үхүд» т.б. дастандарды жариялаған. Қазіргі Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданында мұғалім болған.

Яушев Ахмет—Қазан төңкерісіне дейін қазақтың ауыз әдебиет үлгілерін жинап, жөндеп жариялаушы. Осы томға еніп отырған «Мәлікаждар» дастанын кітап етіп шығарған.

ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУЛАР

ӘӨИ—М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

ОҒК—Орталық Ғылыми кітапхана

ҚҚ—Қолжазба қоры

Ш—шифр

дөп—дөптер

/а/—араб

/о/—орыс

/п/—парсы

/тат/—татар

/т/—түркі, көне түркі

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1917 жылға дейін араб әрпінде жарық көрген кітаптар

1. Қисса Сейітбаттал.—Қазан, 1879.
2. Қисса Наушаруан.—Қазан, 1913.
3. Жүһүдтің баласы пайғамбарға ғашық болғаны.—Қазан, 1913.
4. Қисса Көдек баланың хикаяты.—Қазан, 1914.
5. Қисса Гүлжәмила қыздың хикаясы.—Қазан, 1896.
6. Диуана шейх Бұрқы.—Қазан, 1879.
7. Қожа Баһауидин хазіретінің қиссасы.—Қазан, 1902.
8. Қисса хазірет Әлидің Сараңбайды жолға салғаны.—Қазан, 1913.
9. Қисса хазірет Әли разы Алла анһудың шаһ Барбарға құл болып сатылғаны.—Қазан, 1913.
10. Хазірет Әлидің Жанәділ шаһарында төбелескені. Қазан, 1899.
11. Қисса хазірет Оспан разы Алла анһудың қонаққа шақырғаны. Қазан, 1914.
12. Қисса Сәдуақас. Қазан, 1880.
13. Қисса Тамимдер. Қазан, 1913.
14. Қисса Үхүд. Қазан, 1897.
15. Қисса Бөдір. Қазан, 1897.
16. Қисса Зейнеп пен Зайдтың уақиғасы. Қазан, 1910.
17. Қисса Мәлікаждар. Қазан, 1915.

*Зерттеулер мен энциклопедиялар, фольклорлық
жинақтар, сөздіктер*

1. *Азибаева Б. У.* Казахский дастанный эпос.—Алматы, 1998.
2. *Әзібаева Б.* Әлқисса: Діни дастандар // Қазақ әдебиеті.—2004.—№ 30.
3. *Бартольд В. В.* Ислам. Т.2.—Москва, 1918.
4. *Г. Э. фон Грюнебаум.* Классический ислам.—Москва, 1988.
5. *Мұхаммед Хейкал.* Хайатул Мұхаммад.—Каир, 1947. (қазақ тіліндегі аудармасы).
6. *Крачковский И. Ю.* Избранные сочинения. Москва—Ленинград. АН СССР. 1957.
7. *Массэ А.* Ислам. Очерк истории. Перевод с французского—Москва, 1963.
8. Деһода сөздігі. «Данишгаһ-е Тегран» баспасы.—Тегран, 1995.
9. Ислам: Энциклопедия. Бас. ред.: *Р. Н. Нұрғалиев.*—Алматы: ҚЭ, 1995.
10. Құран Кәрім: қазақша мағына және түсінігі. Аударған *Халифа Алтай.*—Мәдине, 1991.
11. Абай. —Алматы: Жазушы, 1995.
12. *Қасқабасов С. А.* Жаназық. Таңдамалы.—Астана: Аударма, 2002.
13. Древнетюркский словарь.—Ленинград: Наука, 1969.
14. Арабско-русский словарь. Составитель *Баранов Х. К.*—Москва, 1968.
15. Персидско-русский словарь. Под ред. *Ю. А. Рубинчика.* I-II т.—Москва, 1970.
16. Қазақ тілінің сөздігі.—Алматы, 1999.
17. Татарско-русский словарь. Москва, 1966. Изд-во «Советская энциклопедия».

РЕЗЮМЕ

Институт литературы и искусства им. М.О.Ауэзова Министерства образования и науки РК продолжает работу по подготовке и изданию томов стотомного Свода казахского фольклора «Бабалар сөзі», выполняемого в рамках Государственной программы «Мәдени мұра» («Культурное наследие»). Уже издано девять томов нод веллистических и шесть томов религиозно-нравственных дастанов.

Предлагаемый вниманию читателей шестнадцатый том Свода также посвящен дастанам религиозного содержания. Это завершающий том серии религиозно-нравственных дастанов, то есть всего их будет семь томов.

В данный том включено семнадцать произведений: «Қисса Сейітбаттал», «Қисса Наушаруан», «Жүһүдтің баласы пайғамбарға ғашық болғаны», «Қисса Көдек баланың хикаяты», «Қисса Гүлжәмила қыздың хикаясы», «Диуана шейх Бұрқы», «Қожа Баһауидин хазіретінің қиссасы», «Қисса хазірет Әлидің Сараңбайды жолға салғаны», «Қисса хазірет Әли разы Алла анһудың шаһ Барбарға құл болып сатылғаны туралы», «Хазірет Әлидің Жанәділ шаһарында төбелескені», «Қисса хазіреті Оспан разы Алла анһудың қонаққа шақырғаны», «Қисса Сәдуақас», «Қисса Тамимдер», «Қисса Үхүд», «Қисса Бәдір», «Қисса Зейнеп пен Заидтың уақиғасы», «Қисса Мәлікаждар».

Лейтмотив этих произведений достаточно традиционен: расказами о праведной жизни и деятельности рядовых и видных последователей Мухаммеда, восхвалением их чисто человеческих достоинств и благородных поступков побуждать верующих к благочестию и приверженности таким общечеловеческим ценностям, как милосердие, справедливость, доброта, прощение, любовь к ближнему и т.д.; знакомить с историей, традициями и мировоззренческими принципами ислама.

Тематика дастанов разнообразна: Например, в том включен дастан о подвигах Сейтбаттала, героя фольклора анатолийских турок, произведения о известных суфиях, о пророке Мухаммеде, о благородных поступках первых праведных халифов, о военных противостояниях между сторонниками и противниками пророка Мухаммеда и т.д.

Сюжетную основу их составляют реальные события первых годов хиджры, знаменательные эпизоды из жизни суфиев и известных деятелей ислама, мусульманско-коранические легенды, архаические сказочно-эпические сюжеты и мотивы и т.д. Например, все действие дастана «Қисса Наушаруан» основано на древнем, восходящем к эпохе матриархата сюжете о выборе невестой жениха, а «Қисса Сейітбаттал» имеет своей основой сюжет героического сватовства. Пять произведений тома посвящены последнему из «четырех праведных халифов», зятю и соратнику пророка — Али Муртазе ибн Абуталибу. В одном из них — в «Қисса хазірет Әли разы Алла анһудың шаһ Барбарға құл болып сатылғаны туралы» — рассказывается о том как Али ибн Абуталиб соглашается быть проданным в рабство за долги безвестного бедняка, чтобы спасти того от пожизненной кабалы. По идее и тематике этот дастан очень схож с дастаном «Бозторғай», где Али оставляет собственных детей под залог для освобождения кедея [бедняка], попавшего в лапы ростовщика¹. Безусловно, эти поступки Али ничуть не уступают по своему героизму и величию его же богатырским подвигам. В «Қисса Мәлікаждар» Али — заботливый и любящий отец. Он очень эмоционально реагирует на пленение своих сыновей и готов пожертвовать жизнью ради спасения их.

Али ибн Абуталиб — участник почти всех военных походов Мухаммеда, заслуживший репутацию храброго воина, блестящий оратор. Он — наиболее популярный и известный герой фольклорных и религиозных произведений многих мусульманских народов. В многочисленных дастанах, хикаятах и преданиях Али — богатырь, храбрейшей из храбрых, ревностный распространитель ислама. А в вышеупомянутых произведениях Али — заступник слабых, обездоленных и незащищенных, он благороден и великодушен, щедр душой.

¹ «Бозторғай» был опубликован в 11-томе Свода «Бабалар сөзі». — Астана: Фолиант, 2005

Сюжетную основу дастанов «Жүһүдтің баласы пайғамбарға ғашық болғаны» и «Қисса Көдек баланың хикаяты» составляют бытующие в народе предания о том, что рождение и пророческая миссия Мухаммеда были предсказаны еще в Библии. У нас этот сюжет облечен в форму красивой, эмоционально рассказанной истории о том, как сын некоего иудея узнал из Библии о пророке Мухаммеде, заочно полюбил его и отправился в Мекку для встречи с ним. Перенеся много лишений, он наконец прибывает в Мекку, навстречу ему движется траурная процессия. Мальчик узнает, что Мухаммед, к которому он стремился всей душой, скончался три дня назад. От горя мальчик умирает. Герой дастана «Қожа Баһауидин хазіретінің қиссасы» — известный среднеазиатский суфий Накышбанди Бахауидин бин Бурханаддин Мухаммед ал-Бухари [1318-1389]. Произведение основано на одной из легенд, посвященных знаменитому суфию: в нем повествуется о том, что Бахауидин спил изумительную по красоте тюбетейку, распил ее золотом и драгоценными камнями. Он трудился семь лет с целью обменять продать её ангелу, посланному Аллахом за семь кругов ада, чтобы грешников некуда было отправлять. Достаточно занятно описывается торг между ними. Наконец суфий соглашается отдать тюбетейку за шесть кругов ада. Надо же оставить Всемогущему Господу хотя бы один круг ада, чтобы отправлять туда самых больших грешников!

Многотомный свод «Бабалар сөзі» — научное издание. Публикуемые тексты даются в первоначальном, адекватном первоисточнику виде, то есть исключается любое вмешательство в текст.

Том снабжен научными приложениями, которые включают в себя: сведения о публикуемых текстах и их вариантах; краткий историко-фольклористический и текстологический анализ текстов; данные об исторических и религиозных деятелях, имена которых встречаются в текстах; словарь древнетюркских, арабских и персидских слов, терминов и понятий религиозного характера, а также географических названий; сведения о сказителях, собирателях и публикаторах; список использованной литературы; резюме на русском и английском языках.

Все дастаны, публикуемые в данном томе, были изданы в период с 1879 по 1915-год на арабской графике в г.Казани. Для данного издания тексты подготовлены с казанских изданий адекватно оригиналам. На кириллице публикуются впервые.

Объем тома — 20,5 п.л.

SUMMARY

M. O. Auezov Institute of Literature and Art, Ministry of Education and Science, Republic of Kazakhstan is continuing activities on preparation and publishing of the volumes of the hundred volume Collection of Kazakh folklore «Babalar sozi» implemented within the framework of the State Program «Madeni mura» («Cultural heritage»). Nine volumes of novelistic and six volumes of religious-moral dastans have been already published.

The sixteenth volume of the Collection proposed for the readers attention is also dedicated the dastans of religious content. This is the concluding volume of the series of religious-moral dastans i.e. total number includes seven volumes.

This volume includes seventeen works: «Kissa Seitbattal», «Kissa Nausharuan», «Zhuhidtin balasi paigambarga gashik bolgani», «Kissa Kodek balanin khikyati», «Kissa Guljamila kizdin khikayasi», «Diuana sheih Burki», «Kozha Bahauidin haziretinin kissasi», «Kissa haziret Alidin saran baidi zholga salgani», «Kissa haziret Ali razi Alla anhudin shakh Barbarga kul bolyp satilgany turaly», «Haziret Alidin Zhanadil shakharynda tobeleskeni», «Kissa hazireti Ospan razi Alla anhudin konakka shakirgani», «Kissa Sadu-akas», «Kissa Tamimder», «Kissa Uhud», «Kissa Badir», «Kissa Zeinep pen Zaudtin uakigasi», «Kissa Malikazhdar».

The leitmotif of those works is traditional enough: the stories about righteous life and activities of the common and prominent successors of Mohammed, eulogy of their human merits and honorary deeds to induce the believers to piety and devotion to such common humanity values as mercy, fairness, kindness, forgiveness, love to the neighbor etc.; familiarize with the history, traditions and philosophic principles of Islam.

The themes of the dastans is diverse. For example, the volume includes the dastan about the feats of Seitbattal the hero of folk-

lore of Anatoly Turkish people, works about famous Sufi, prophet Mohammed, noble deeds of the first righteous caliphs, military fighting between the supporters and opponents of the prophet Mohammed etc.

The plot is based on real events of the first years of Hidjr, the famous episodes taken from the life of Sufi and prominent Islam figures, Moslem-Koran legends, archaic tale-epic plots and motives etc. For example, the whole action of the dastan «Kissa Nausharuan» is based on the ancient plot originated from the matriarchy epoch about the bride who chose the bride groom for herself. «Kissa Seitbattal» is based on a plot about heroic matching. Five works of the volume are dedicated to the last from «four righteous caliphs», son-in-law and partner of the prophet—Ali Murtaza ibn Abutalib. One of them—«Kissa khaziret Ali razi Allah anhudin shah Barbarga kul bolip satilgani turali»- tells about how Ali ibn Abutalib agrees to be sold to slavery for the debts of one poor man and to save him from lifetime debt-slavery. The idea and the theme of this dastan are very similar to dastan «Boztorgai» where Ali leaves his children as collateral for releasing the keddei (poor man) who was captured by money-lender. Of course those Ali's actions can be characterized as heroic and great as his bogatyr deeds. In «Kissa Malikazhdar» Ali is a careful and loving father. He reacts very emotionally to the capturing of his sons and is ready to sacrifice his life to save his children.

Ali ibn Abutalib is a participant of almost all military trips of Mohammed who gained the reputation of the brave warrior and brilliant speaker. He is the most popular and well known hero of folklore and religious works of many Moslem peoples. In many dastans, khikayats and legends Ali is a bogatyr, the bravest from the bravest, earnest disseminator of Islam. However in the above mentioned works Ali is the defender of the weak people, poor and vulnerable, he is noble and generous person.

The plot of the dastans «Zhuhudtin balasi paigambarga gashik bolgani» and «Kissa Kodek balanin khikayati» is based on the legends about the birth and prophet mission of Mohammed were predicted in Bible. This plot is given in form of a beautiful emotional story about how the son of some Jew learnt about prophet Mohammed from Bible, fell in love with him and left to Mecca to meet him. Having experienced a lot of hardships he at last reached Mecca, the

funeral procession was moving in front of him. The boy learns that Mohammed whom he was eager to meet died three days ago. The boy dies from sorrow. The hero of dastan «Kozha Bahaudin haziretinin kissasi» is a well known Central Asian Sufi Nakishbandi Bahaudin bin Burhanaddin Mohammed al-Bukhari (1318-1389). The work was based on one legend devoted to the famous Sufi: it tells about how Bahaudin has sewed a beautiful hat, embroidered with gold and precious stones. He was working during seven years aiming at selling it to the angel sent by Allah to seven circles of hell in order that the sinners would not have place to be sent. The description of their bargain is very interesting. At last Sufi agrees to give the hat for six circles of hell. At least one hell circle should be left for the Mighty God to send their the most big sinners!

Multi volumes collection «Babalar sozy»—is a scientific edition. The published texts are presented in the original, adequate versions, i.e. any interpretation of the text is excluded.

The volume has scientific supplements which include the following: data on published texts and their versions; reference data with vocabulary, names, explanation of various foreign terms and notes concerning the names of the religious figures; information on the collectors and performers of the works; list of used literature; summary in Russian and English.

All dastans published in this volume were published during the period 1879 till 1915 in Arabic graphics in Kazan. For this edition the texts were prepared from Kazan publication adequate to the originals.

Size of the volume is 20,5 p.p.

МАЗМҰНЫ

Құрастырушылардан	5
-------------------------	---

Мәтіндер

Қисса Сейітбаттал	9
Қисса Наушаруан	53
Жұһүдтің баласы пайғамбарға ғашық болғаны	72
Қисса Көдек баланың хикаяты	81
Қисса Гүлжәмила қыздың хикаясы	88
Диуана шейх Бұрқы	101
Қожа Баһауидин хазіретінің қиссасы	105
Қисса хазірет Әлидің Сараңбайды жолға салғаны	110
Қисса хазірет Әли разы Алла анһудың шаһ Барбарға құл болып сатылғаны	126
Хазірет Әлидің Жанәділ шаһарында төбелескені	143
Қисса хазіреті Оспан разы Алла анһудың қонаққа шақырғаны	156
Қисса Сәдуақас	163
Қисса Тамимдер	172
Қисса Үхүд	200
Қисса Бөдір	209
Қисса Зейнеп пен Заидтың уақиғасы	224
Қисса Мәлікаждар	245

Ғылыми қосымшалар

Томға енген мәтіндерге түсініктеме	271
Мәтіндерде кездесетін тарихи және діни есімдер	288
Сөздік	299
Жер-су атаулары	312
Томға енген дастандарды жырлаушы, айтушы һәм жинаушылар туралы мәлімет	315
Шартты қысқартулар	317
Пайдаланылған әдебиеттер	318
Резюме	320
Summary	323

Научное издание

БАБАЛАР СӨЗІ

16 том

РЕЛИГИОЗНО-ПРАВСТВЕННЫЕ ДАСТАНЫ

(на казахском языке)

Утверждено к печати Ученым советом Института литературы и искусства
им. М. О. Ауэзова

Шығаруға жауапты *Р. Тұрлынова*

Редакторы *Ұ. Тілегенова*

Техникалық редакторы *Г. Бектібаева*

Компьютерде терген *З. Дуабаета*

Компьютерде беттеген *М. Ноғайбаева*

Дизайнын әзірлеген «Баур» баспасы

ИБ № 1968

Теруге 04.07.05 жіберілді. Басуға 21.07.05 қол қойылды. Пішіні 60х90¹/₁₆.

Қаріп түрі «Мектептік». Офсеттік қағаз. Офсеттік басылыс.

Шартты баспа табағы 20,5. Таралымы 3000 дана. Тапсырыс №320.

«Фолиант» баспасы

473000, Астана қаласы, Қазақ көшесі, 87/1

«Регис СТ—Полиграф» ЖШС баспаханасында басылды

473000, Астана қаласы, Қазақ көшесі, 87/1

ISBN 9965-35-020-5

